Ә. Байділдаұлы «Жаңа әліппе тарихынан» атты мақаласында араб және латын әліпбилеріне салыстыру жүргізе отырып келесілерді айрықшалайды: «1) Бір дыбысты белгілеу үшін әртүрлі таңбалар қолданылады (бас, орта, соң, жеке) және соның өзінде де тіліміздің дыбыстарын түгел таңбалауға жетпейді; 2) Араб әріпінің көбі бір түсті, бұларды бір-бірінен астындағы я үстіндегі нүктелер болмаса, үздік-создық сызықшалар, иректтер арқасында ғана айыруға болады. Әйтпесе, бірінен-бірін айыру тіпті қиын. Міне, бұл да оқыту, оқу, жазу жөнінде толып жатқан ауырлық келтіреді; 3) Осы күнгі әріптеріміз жазғанда, оқығанда, оңнан солға қарай жазамыз, оқимыз да, цифрларға келгенде солдан оңға қарай қайта ораламыз; 4) Араб әріпінің біркелкі болмай бірі үлкен бірі кішкене болуы да оның бірсыпыра кемшілігі барлығын көрсетеді; 5) Алгебра, геометрия, физика сықылды білім кітаптарында түрлі пән белгілері бар. Олардың бәрі қай жұртта болсын латын әріпімен жазылған басқа әріппен жазуға қолайсыз болады; 6) Араб әріпін музыкада қолдану қиын; 7) Араб әріпінің баспа жұмысы жөніндегі кемшіліктері санап бітіргісіз; 8) Араб әріпінің тағы бір кемшілігі, оның өнерлі жұрттар, өзге елдермен жақындасуға және ол елдердің мәдениет табыстары мен пайдалануға жарамсыздығы. Бұл да айрықша ескерерлік нәрсе...» [17, 28-30-б.], дей отырып В.В. Бартольдтың «Ескі әліппе мәселесі» атты мақаласынан келесі сөздерді келтіреді «Латын әріпі деген аты болмаса, бұл әріп қазір де түрік нәсілді елдердің жаңа әліппесі болып отыр. Бұл туралы жоғарыда көрсетілген мақаласында Бартольд былай дейді: «Латын әліппесін алу керектігіне маңызды бір себеп: бұл әліппе Батыс Еуропа мәдениетінің әліппесі. Еуропа мәдениеті әлі көпке шейін жер жүзінің мәдениет жарысында бәйгенің алдын бермеуі анық; сондықтан, бір әліппе бүтін жер жүзіне әсерін тигізеді десек, сол әліппе латын әліппесі болуға лайығы бар»» деп қорытындылайды [17].

Т. Шонанұлы бірде шарасыздық білдіріп, дегенмен, латын әліпбиінің қабылдануына ұйысады және оны комитет жұмысының шешімдермен дәлелдейді: «Жиылыс Орта Азиядағы түрік елдерінің жаңа әліпбиінің негізін шешті. Ол негіздер мыналар: 1. Жаңа әліпби үндестік заңына бағындырылып алынсын, өйткені бұл заң күш, техникке жағынан көп күтімталық келтіреді.

2. Жаңа әліпби латын негізімен алынсын, латын әріптерінің түрі, дыбысы өзгертілмесін. Латын әріпі түрік дыбысына жетпеген я үйлеспеген бірен-саран жерде латын негізімен әліпби ұстап отырған Ағылшын, Франсы, Италия сияқты елдерден әріп алынсын. 3. Бір дыбысқа бір әріп қана алынсын, қоса әріп болмасын. 4. Латынның түбірінде болмаса, әріпке жаңадан тоқтап, үст сияқты таңбалар қойылмасын. 5. Түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын. 6. Үлкен әріп алынбасын, техникке қолайсыз келмеген жерде әріптің жазба-баспа түрлері бір-бірден жақындау болсын. Латын әліпбиіне жаңадан әріпті қолдан келгенше кірістірмеуге тырысылсын» [17].

Алғашқы қазақ арабтанушыларының бірі, кәсіби дипломат, саяси қайраткер Н. Төреқұловтың латындастыру саласындағы зерттеулері іргелі. Ол барлық себеп-салдарды егжей-тегжейлі талдай отырып, қазіргі күнге дейін мәселе шешімінің мақсат-міндеттерін құраған дәйектерді мысалмен, зиялы қауым өкілдерінің алаңдаушылық сұрақтарына сыни тұрғыдан жауап беріп «Бізге қандай әліппе керек?» атты мақаласында келтіреді: «1) Оқыту жағынан көрінген міндері. 2) Жазудағы қолайсыздық. 3) Медицина, саулық жағынан айыбы. 4) Санмен қатар келгендегі қолайсыздық. 5) Білім кітаптарын жазудағы ыңғайсыздықтар. 6) Музыкада қолданып болмағандығы. 7) Баспа ісінде бұл, әріптің жарамағаны. 8) Жазу мәшинесі мәселесі. 9) Еуропаның баспахана-баспа ісіне кіргізетін жаңалықтары. 10) Еуропа тілдерін үйрену» [17].

1939 жылғы Халхын-гол шайқасы мен 1940 жылғы Кеңес-фин соғысының тәжірибесі көрсеткендей, әлем геосаяси тұрғыдан жаңа бір дүние жүзілік соғыс қауіпінің алдында тұрды. Бұл жағдайға дайындық ретінде И. Сталиннің бастамасымен Кеңес Одағындағы барлық халықтардың жазу жүйесін бірегейлендіру мақсатында кириллендіру саясаты шұғыл қолға алынды. Қазақ әліпбиін кирилл қарпіне көшіру жөніндегі жұмыс С. Аманжолов бастаған ұжымға тапсырылды. ХІХ ғасырда шоқындырушы миссионерлер тарапынан қолданылған жобаны (В.В. Катаринский [20], Е.А. Алекторов, Я. Лютш [21]) және біршама бейілді

ағартушы-ғалымдардың (В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский, Ы. Алтынсарин) ізденістерін негізге ала отырып, С. Аманжоловтың тобы бұл тапсырманы соғыс қарсаңында аяқтады. Алғашқы кирилл қаріпті қазақ әліппесі соғыс жылдарында халыққа біраз көмегін тигізді. Сол кезеңдегі әдебиеттердің ішінде ерекше қажеттілікке ие болған анықтамалықтар мен сөздіктер [22] еді. «Улы Сталин» оқиғасы сияқты бірқатар кемшіліктерден кейін, алғашқы кирилл қаріпті қазақ әліппесі 1950 жылдарда түзетіліп, І. Кеңесбаев, М. Әуезов, Н. Сауранбаев, С. Жиенбаев, Е. Смайылов, Ғ. Мұсабаев және т.с.с. тілтанушы және әдебиетші ғалымдар еңбегінің арқасында әлі күнге дейін қолданыста жүр. 1940-1950 жж. аталмыш тұлғалардың және ұлы ғалым Қ. Сәтбаевтың ықпалымен қазақтың өз Ғылым академиясы мен Тіл білімі, Өнер және әдебиет, Тарих және этнология институттарының негізі қаланып, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Ы. Алтынсарин, М. Әуезов, Ө. Марғұланның ғылыми ізденістеріне ізбасарлары қолға алынған жұмысты қарқынды жалғастырып, қазақ ғылымының іргесін одан сайын нығайтып, қазақ тіл білімі саласында бірқатар жетістіктерге жеткен. Бір емес, бірнеше дәуірдің ұрпақтары қазақ тіл білімінің түрлі салаларын (ономастика, стилистика, диалектология, тіл тарихы, әдеби тіл тарихы, лексикология, терең грамматика және т.с.с.) бөліп қарастырып, өзінің іргелі еңбектерін дүниеге әкеліп, дүние жүзі бойы мәшһүрлікке ие болды.

Соңғы жылдардағы ел Президенті Н. Назарбаевтың ««Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауы, Қазақстан халықтарының Ассамблеясында сөйлеген сөзі және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында латынға негізделген қазақ әліппесін енгізу мәселесі айналасындағы жұмыстар қарқынды жүріп келе жатқаны белгілі. 2017 жылы «Қазақ әліпбиін латын негізіндегі әліпбиге көшіру туралы» Қаулыға да қол қойылып, сол жылы мен биыл латын негізді қазақ әліппесінің жобалары да бекітілген болатын.

2017-2018 жж. қолданыла бастаған бірінші жобада қабыл алынған апостроф, екінші жобада қабылданған акут белгілері А. Байтұрсыновтың қолданған дәйекше (арабша – хамза) белгісі арқылы дауыстылардың жұмсаруында, үндестік заңының сақталуында өз дұрыстығын көрсете білгенімен, «бір дыбысқа – бір таңба белгісі» ұстанымының бұл тұрғыда әлі ақсап, диграф белгілерінің кемшіліктерін байқатып, «умлаут», «бравис», «тильда», «седиль», «циркумфлекс» сияқты қосымша диакритикалық белгілердің кірістірілу қажеттілігін, «х» белгісін таңбалау үшін «икс» таңбасының қосылу керектігін көрсетіп отыр. Қазіргі күні бұл жобалар заңдық тұрғыдан қарармен бекітіліп, қолданысқа берілгенімен, ортақ түркі әліпбиі ұстанымдарынан алшақтамай, дыбыс белгілері халықаралық фонетикалық әліпбиімен салыстырыла-салғастырылып қайта қаралуды талап етеді. Түркия мен Өзірбайжанның латындастыру саласындағы 1900 жылдардан басталған зерттеулерінің тәжірибесі әлдеқайда мол болғанымен, бұл елдердің тілі түркі тармағының оғыз тобына жататындығын есепке алып, сонымен қоса қырымтатар және гагауз әліпбилерінің тәжірибесін де қолданған жөн. 2018 жылғы акутты әліпбиіміздің 2017 жылғы қарақалпақ тілінің латын әліпбиімен жақындығын байқауға да болады. Осы ұстанымның дұрыстығын ескеріп, жаңа қазақ латын әліпбиінің қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ, қарақалпақ, ноғай және қырғыз-қыпшақ тобындағы қырғыз тіліне ортақ бола алатындығына, сол арқылы осы халықтарды мемлекеттік деңгейде мәдени, рухани, саяси тұрғыдан ортақтастырып, ықтималынша біріктіруші рөлге иемденетіндігіне сенуге болады.

Әйтсе де, бүкіл тарихи тәжірибемізді есепке алғанда да бұл мәселе әлі де өткен ғасырдағыдай пікірталастардың негізіндегі әр саладағы зерттеушілердің іргелі де ауқымды деректік зерттеулерін қажет ететіні сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Radloff W.F. Proben der Volksliteratur der türkischen Stämme Süd-Sibiriens. – Sankt Petersburg, 1866-1904.
2. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.
3. Радлов В., Мелиоранский П. Сборник трудов Орхонской экспедиции. IV. Древне-тюркские памятники в Кошо-Цайдаме. – Санкт-Петербург, 1897.
4. Ақар А. Түркі тілінің тарихы. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2017. – 232 б. – ISBN 978-601-06-4777-0.

5. «Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» атты республикалық конференциясының материалдары. Алматы қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту басқармасы, 29 қыркүйек 2017 ж. – Алматы, 2017. – б. 72-80.
6. Культура и письменность Востока. Книга 6-ая. – Баку, 1930. – 227 с.
7. Агамали-оглы С. В защиту нового тюркского алфавита. – Баку, 1927. – 85 с.
8. Поливанов Е.Д. Проекты латинизации тюркских алфавитов. К Тюркологическому съезду 1926 г. – Ташкент, 1926. – 16 с.
9. Поливанов Е. За марксистское языкознание. Сборник популярных лингвистических статей. – Москва, 1931. – 182 с.
10. Поливанов Е.Д. Введение в языкознание для востоковедных вузов. – Ленинград, 1928. – 220 с.
11. Первый Всесоюзный Тюркологический съезд 26 февраля-5 марта 1926 г. (Стенографический отчет). – 550 с.
12. Басымұлы Қ. Жаңа әріп пен жаңа емле және дыбыстарымыздың жіктері. – Алматы, 1932. – 36 б.
13. Бұйрық. №43 23-ші мартта 1923 жылда. Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссары, Қазақ-қырғыз Білім комиссиясының 1923 жылдың 23 мартындағы Қазақ емлесі (жазуы) тақырыпты жаңа ережелерін бекітіп Түркістанда қолдауға бұйырады. Түркістан Республикасының Халық ағарту комиссары: С. Қожанов. – Ташкент, 1923. – 6 б.
14. Майлин Б. Жаңаша оқы, жаз! – Алматы, 1931. – 16 б.
15. Сауырбаева Қ. Елдес Омарұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы. «Аударма теориясы мен тәжірибесінің және салыстырмалы әдебиеттанудың өзекті мәселелері» Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары.– Алматы, 2007. – 200 б.
16. Ижанов З. Әліпби туралы архив не дейді? //Қазақ әдебиеті. – № 7. – 2000. – 2-3 б.
17. Тоқтабаев К., Мұрзин М. Жаңа әліппе жолында. – Қызылорда, 1927. – 103 б.
18. Әліппе айтысы. – Қызылорда, 1927. – 79 б.
19. Байділдин Ә. Жаңа әліппе туралы. – Қызылорда, 1928. – 203 б.
20. В.В. Катаринский. Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. – Оренбург, 1906. – 217 с.
21. Я. Лютш. Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы Туркестанского края. – Ташкент, 1883. – 251 с.
22. Орысша-қазақша әскери сөздік. – Алма-Ата, 1942.

МРНТИ: 03.20

М.С. Ибраимова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.,
 mayra_isa_1972@mail.ru

АСТАНА-ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘЛЕУЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

ASTANA – PROSPECTIVE IMAGE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Астананың 20 жылдығы ел өміріндегі аса ірі тарихи оқиға, Қазақстан халқының мерейлі мерекесі. Көркі мен келбеті келіскен Астана қаласының бүгінгі көрінісі қараған адамның көңіліне қуаныш ұялатып, жүрегіне мақтаныш сезімін толтырады. Иә, Алаш жұртының асқақ айбары, қазақ ұлтының ұлы тұғыры – Астанаға 20 жыл!

Қалай болғанда да, осы уақыт өлшемінің ішінде Қазақстан халқының ерен еңбегінің нәтижесінде әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарастырып, көркімен де, көлемімен де бой таластыра алатын қазақ жұртының жас та бас қаласы қалыптасты. Біздер қазақстандықтар Астананы асқақтату арқылы дүниежүзіне өзімізді - келешегі кемел, әлеуеті қуатты мемлекет екенімізді таныттық.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған жаңа «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында: «2018 жыл – елордамыз Астананың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамамыздың ортақ

мақтанышымыз», деп атап көрсетті. Осыған байланысты, бас қаламыз – Астананың 20 жылдық қалыптасу және қарышты даму кезеңі жан-жақты қарастырылып, саралануда. Астана – Қазақ елінің болашағы, мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Астана – тәуелсіз Қазақстанның заманауи, қарқынды дамып жатқан еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің елордасы.

Астана қаласы туралы айтқанда, бүкіл қазақ халқының тарихы, дәстүрі, арман-мұраты, болмыс-бітімі ойымызға оралады. Өйткені, соның бәрі Астанада орын алған. Есілдің жағасынан бой көтерген жаңа қала ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен әсем безендірілген символикалық ғимараттарымен ерекше көз тартады. «Ақорда» резиденциясы, Назарбаев университеті, «Бейбітшілік және келісім сарайы», «Ел анасы» монументі, «Конгесс Холл», «Тәуелсіздік сарайы», Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, «Астана – Арена» спорт кешені, халықаралық әуежай, «Ханшатыр», «Пирамида» орталықтары, осы заман талабына сай жаңа архитектуралық негізде салынған көз жауын алатын тұрғын үй кешендері мен мөлтек аудандар бой көтеруде және қаланың бас символы «Бәйтерек» кешені сәулет өнерінің бірегей туындысы. Сонымен қатар жаңадан ашылған көшелер мен даңғылдар және түрлі нысандардың атауы тарихи маңызға ие. Мысалы, «Бәйтерек» – қазақ мифологиясындағы самұрық құс туралы көне аңызды білдірсе, ежелгі ордалар Тұран, Сарайшық, Сығанақ, Түркістан мен ұлы тұлғалар Абай мен Шәкәрімнің, ұлы үш биіміздің, батырларымыз Кенесары хан, Қабанбай батыр, Қонаев қазақ үшін аса қадірлі есімдер. Жас елорданың келбеті күн санап жасарып, көркейіп, гүлдене түсуде. Ол жаңаша қарқын алған құрылысымен ғана емес, соңғы технологиялар негізінде салынып жатқан гүлзарларымен, аллеяларымен сырттан келушілердің назарына ілініп, шетелдіктерді таң қалдыруда.

Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғашқы стратегиялық шешімдердің қатарында тұр. Бұл мәселені Президент Н. Назарбаев тұңғыш рет 1992 жылы көтерген болатын. Жоғарғы кеңестің елорданы көшіру туралы шешімі елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып белгіленді. Депутаттар алдында жасаған тарихи баяндамасында Елбасы Ақмола қаласының тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып таңдалуының 32 негізгі өлшемін көрсетіп берді. Ол біздің республикамыздың дамуы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың және барлық қазақстандықтардың жеткен жетістіктері мен Қазақстан Республикасының әлеуетік көрінісін бейнелейді. Астана – тек біздің ғана емес, дүние жүзіне зиялылық нұрын төгетін тоғыз жолдың торабындағы Еуразияның сәулетті қаласына айналып отырған ғажайып шаһар. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Президентіміз алысты болжайтын көрегендігімен, арыдан ойлайтын іскерлігімен үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Астанамыздың Қазақстанның орталығында болуы қай жағынан алып қарасаңда дұрыс шешім еді. Елорданы Қазақстанның орталығына көшіру Нұрсұлтан Әбішұлының кереметтей көрегендік саясаты болды. Оның қандай стратегиялық маңызды екендігіне күннен күнге көзіміз жетіп отыр. Түрлі тарихи себептермен мемлекеттің негізін қалаушы халықтардың селдіреп қалған аймақтарға, еліміздің тұрғындары тығыз қоныстанған өңірлерінен отандастарымыздың таралып қоныстануына кең мүмкіндік берді. Бұл процесс бүгінде жалғасын табуда. Елбасының осы қадамы еліміздің қауіпсіздік мүддесі тұрғысынан алғанда аса қажетті шешім болды.

Ресей, Нидерландия Германия, Пәкстан, Түркия, Бразилия және тағы басқа елдердің астана ауыстырудағы тәжірибелерін мысал ретінде келтіруге болады. Ұлы Ататүріктің жаңа демократиялық Түркия астанасын елдің орталығы Анкара қаласына ауыстыруы тегін шешім емес. Болашақ астана ретінде Анкара қаласы түрік мемлекетінің негізін қалап, ғасырлар бойы ұлт бірлігін сақтап келеді және әкімшілік орталық ретінде түрік туын асқақтатуда. Сол кездегі дана Ататүрік шешімінің ұлт мүддесіне сай келгенін тарихтың өзі дәлелдеді.

Бүгінгі таңда еліміздің Астанасы көптеген келісімдер жүзеге асқан әлемнің бейбітшілік қаласы ретінде әйгілі болды. Бұл Нұрсұлтан Назарбаевтың орасан зор тәжірибесі мен іскерлігінің, көшбасшылық қасиетінің арқасы екені даусыз. Біз Елбасымыздың ерен-жігерімен Астананы тұрғыздық. Халқымыз «Астана – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерлігі» дейді. Шынында да, елінің бір күндігін емес, халқының 100 ғасырлық бірлігін ойлап, тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа астанасын қалыптастыру – тұңғыш Президентіміздің мемлекетті одан әрі нығайту жөніндегі саяси стратегиясының жемісі. Сондықтан, Нұрсұлтан Назарбаев – елорданы көшіру және Астана қаласын салу идеясының авторы және бас сәулетшісі деп толықтай айтуға негіз бар. Бұл жөнінде Елбасы: «XXI ғасырдың табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз

туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайық болайық» – деген еді. Ертеден Ер бабамыз Едігеден бастап, айбынды Абылайға дейінгі хандарымыздың бәрі осы Есіл бойында орда тіккендері тіптіде тегін болмаса керек. Ата-бабаларымыздың ту көтеріп, туырлық тігер құттыхана шаңырағының уығын шаншар жұмақ мекен таңдауы тегіннен тегін болмаған. Асан Қайғы атанған бабамыздың жаһанды кезіп, халқына құт мекен болатын жерұйықты іздеуінде де үлкен сыр жатыр емеспе. Әр елдің болашақ тағдырын айқындайтын тарихи кезеңдері болады. Сондай кезеңдердің бірі – астанамыздың Сарыарқа төсіне қоныстануы болды. Кеңес дәуірі кезінде астанамыздың қазығын бірде Орынбор, бірде Қызылордаға қадап, одан жасыл желекті Алматыға тұрақтануы кеңестік идеология пәрменімен болған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін елорданың қай жерде болуын таңдау мүмкіндігіне Елбасы ие болды.

20 жыл ішінде Астана Қазақстанның тек саяси, экономикалық және мәдени орталылығы ғана емес, халықаралық даму мен бітімгерлік мәселелері талқыланатын жаһандық алаңға айналып үлгерді. Астананың әлемдік аренаға шығуына Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қосқан үлесі зор. Себебі, Елбасының қолдауымен Астанада халықаралық маңызы бар түрлі форумдар мен шаралар өтті. Атап айтсақ, 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының Саммиттің өтуі, жетінші Қысқы Азияданың өтуі, «Діндер терроризмге қарсы» халықаралық конференцияның өтуі – осының айғағы. 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесі Жер-жаһанның ортақ мүддесін бір арнаға тоғыстырып, Астана қаласында өтуі бас қаламыздың жемісінің бір көрінісі емес пе? Осындай әлемдік деңгейдегі шаралардың Астанамызда өткізілуі Астананың мәртбесін биіктете түседі.

Қорыта айтқанда, Жоғарыдағы дәлелдер Астананың бірнеше жыл ішінде халықаралық деңгейге көтеріліп, Қазақстан Республикасының күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығы мен әлеуетін көрсетеді. Астана қаласы қалыптасу жолында да өзіндік қиыншылықтардан өтті. Десе де, Елбасының бастауымен кедергілер мен қиындықтарды жеңе білдік. Соның нәтижесінде бүгінгі күні Есіліміздің бойында еңсесін тік ұстап Астанамыз биік тұр.

Ол келешекте бүгінгіден де құлпырып, көркейе беретіндігіне сенеміз. Жайнай бер, Мәңгілік елдің – Мәңгілік қаласы-Астана!

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Еуразия жүрегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Астана-отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі»
3. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
4. Жағыпарұлы Ж. Астананы асқақтатқан 20 жыл // Егемен Қазақстан. 2018 ж. наурыз

FTAMP: 06.61.53

Ж.А Абылкасимова, Л.Б.Габдуллина

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.,
econombiznes@mail.ru

АСТАНА – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҢА ДАМУ БАҒЫТЫНДА

ASTANA IN THE DIRECTION OF NEW ECONOMIC DEVELOPMENT


Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында «2018 жыл – Елордамыз Астананың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамыздың ортақ мақтанышымыз», деп атап көрсетті [1].

Сары арқа төсінде қазақ елінің тәуелсіздігінің нышаны іспеттес бас қаламыз Астананың бой көтергеніне 20 жыл толып отыр. Осынау аз ғана уақыттың ішінде елордамыздың жер жаһандағы дәулеті тасып, сәулеті асқан сұлу шаһарлардың біріне айналып үлгерді. 1997 жылы 20 қазанда елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Ақмола тәуелсіз қазақ елінің астанасы болып жарияланды. Ал 1998 жылы әлем картасында пайда болған жаңа Астананың Халықаралық тұсаукесері өтті. Міне осы сәттен бастап тұтас бір мемлекет қалыптасып жатқан кезеңде әлем елдерінің қай елдерімен болса да иық тіресердей шаһардың экономикасы күн санап дамып, гүлдене түсті.

Иә, қазақ ұлтының ұлы тұғыры, Алаш жұртының асқақ айбары – ару Астанаға 20 жыл! Тарих үшін қас-қағым сәт. Осындай тығырықты сәттерде Елбасы ерен ерік-жігер танытты. Мемлекет басшысы үлкен аудиторияларда, үкіметтік кездесулерде, ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында астананы көшіру идеясының стратегиялық, экономикалық, жалпыұлттық маңызын жан-жақты ашып, ел мүддесі, ұрпақ болашағы үшін бұл бастаманың баламасыз екендігін алға тартты. Бүгінгі елордамызды қол жеткізген жетістігі Елбасының көрегендігінің айғағы. Депутаттар алдында жасаған тарихи баяндамасында Елбасы Ақмола қаласының тәуелсіз мемлекетіміздің астанасы болып таңдалуының 32 негізгі өлшемін көрсетіп берді. Олар: әлеуметтік-экономикалық, геосаяси, көлік инфрақұрылымы, инженерлік-коммуникациялық, құрылыс, еңбек ресурстары және басқа да қолайлы мүмкіндіктер еді. Құдіретті уақыт Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған осы 32 артықшылықтың нақты өмір ақиқаты екендігін дәлелдеді. 20 жыл ішінде еліміздің бас қаласы – Астана төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін жерұйық іспеттес [2].

Астана қаласы экономикалық өсуімен қатар территориясы да өсуде. 20 жылда Астананың аумағы 3 еседен аса өсіп отыр.

Осы жылдар ішінде қала халқының саны үш есе артып, 300 мың адамнан 1 миллион 325 мың адамға жетті. Қала халқының табиғи өсімі 4,5 есе артып отыр.



Сурет 1 – Астана қаласының халық саны, мың адам

Астана ең алдымен, жастар қаласы. Елорда тұрғындарының санын еліміздің барлық аймақтарынан білімге талпынып, арман қуып келген жастар еселеп өсіруде. Жылдар өткен сайын Астана халқының орташа жасы ұлғаймай, керісінше жасара түсуде. Астананың бүгінгі ажарын жастардың кескін-келбеті, бет-бейнесі, өмір салты, армандарымен салыстыруға болады. Екеуіне де жастық жігер, албырттық, талпыныс, жаңаша ойлау еркіндігі, сұлулық пен сымбат тән.


Бүгінде қала экономикасы жан басына шаққанды 30 есе артты. 20 жылда жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім көлемі 5 млн 273 мың теңгеге өскенін көреміз.

Сонымен қатар Астана қаласы жалпы ішкі өнім бойынша ең жоғары көрсеткішке жетті. Бүгінде қала өзін толық ақтап отыр және өсу қарқыны жоғары

Өнеркәсіп – Қазақстанның халық шаруашылығының жетекші саласы. Ол республикадағы қоғамдық өнімнің жартысын береді.

Сондай-ақ экономикалық өсімге құрылыс, ауыл шаруашылығы мен көлік саласы және өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс оң әсер етті.

Технологиялық және инфрақұрылымдық тұрғыдан дамудың жаңа кезеңіне тың серпін берілді.



Сурет 2 – Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млн.тенге

Астана – тек мемлекеттік қызметкерлердің ғана емес, кәсіпкерлердің де ордасы. Екі онжылдықта иен дала бизнес мегаполиске айналды. Қазір елордада 100 мыңнан аса шағын және орта кәсіп иесі тіркелген. Ал 1997 жылы небәрі 4,5 мың болғанын ескерсек, нәтижесі таңдай қақтырады. 2017 жылы Астанада салық түсімі 1 трлн теңгеге жетті, үштен бірі – осы бизнестің үлесі. Сол 1 трлн теңгенің 78%-ы республикалық бюджетке бағытталды. Яғни салықтан түскен табыс елорданың да, елдің де пайдасына жаратылуда. 20 жылда салық түсімі 70 есе артып, қаланың қоржынына 1 трлн теңге түскен.

Бүгінде Қазақстан арқылы бірнеше трансконтиненталды коридор өтеді. Жалпы, Қазақстан арқылы өткен жүк транзиті 2018 жылы жүк айналымы 221 есе, жолаушылар айналымы 49 есе өсті [3].

Елбасымыз Транзиттен түсетін жыл сайынғы табысты 2020 жылы 5 миллиард долларға жеткізу міндеті тұр.

Заманауи технологиялар жылдам өсіп келе жатқан мегаполистің проблемаларын тиімді шешуге жол ашады.

Астана қаласы – еліміздің саяси басқару орталығы ғана емес, Отанымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыт-бағдарын анықтап отырған әлеуетті экономикалық көшбасшы. Яғни, толағай табыстың тасқыны да елордадан бастау алатыны анық.

20 жылда Астана миллионнан астам тұрғыны бар мегаполиске айналды. Енді елорда 2050 жылға дейін әлемнің үздік 10 қаласының бірі атанбақ. Оған жетудің бір ғана жолы – қажырлы еңбек. Адамның еңбегі пен мемлекеттің ұмтылысы ұштасқанда, ұлы міндеттер оңай орындалмақ.

Соңғы бес жылдың ішінде еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 13,5 пайыз артып отыр. Күні кеше өткізілген ЭКСПО-2017 көрмесі бұл көрсеткішті еселей түсті. Өткен жылы тәуелсіз Қазақстанның биік беделін төрткүл дүниеге тағы да паш еткен айтулы оқиға – ЭКСПО-2017 көрмесі болғанын әлем мойындады.

Шындығын айтар болсақ, Елбасының ғажайып жобасымен дүниеге келген Астана 20 жыл бойы ең басты ұлттық идея ретінде халқымызды өркениет биігіне бастап келеді. Елордамыз бүгінде жаһандық саяси үдерістер мен бітімгершілік бастамалардың белді қатысушысы ретінде әлем картасынан ойып тұрып орын алды. Аз уақыт ішінде Астана дүниежүзіне ұлтаралық татулықтың алтын бесігі ретінде танылды. Бүкіл әлемді бейбітшілікке шақырған халықаралық форумдардың ұйытқысына да айналып үлгерді. Әлемге әйгілі инвесторлардың қызығушылығын оятқан бас қаламыз шын мәнінде ірі қаржы орталығына айналып, халқымыздың ұлттық бренді болып қалыптасты. Аса зор табыспен өткізілген ЕХРО – 2017 халықаралық көрмесі де Астананың инновациялық әлеуетін айқын көрсетіп берді [4].

Астана – Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры. Еліміздің елордасы Ақмолаға қоныс аударғаннан бергі өткен 20 жыл мемлекетіміздің қауіпсіздігін, геосаяси еркіндігін,

территориясының мызғымастай беріктігін, ел экономикасының қарқынды даму стратегиясын қамтамасыз еткен тәуелсіз Қазақстан тарихындағы бетбұрыс кезең болып табылады. Жиырма жыл ішінде Астана Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі мен егемендігін паш еткен мемлекеттік орталық болып танылды. Болашақта да елдіктің ерен елордасы – Астанада ғасырлар бойы Қазақстан халқының азат ойы мен мүдделері, асқақ арманы мен мақсаттары іс жүзіне асырыла беретін болады.

Елордамызда ЕХРО көрмесінің өткізуі Астананың әлемдік аренадағы абыройын одан әрі асқақтата түсті. Міне, осындай тамаша жетістіктер мен жеңістерге толы 20 жыл ішінде Ұлы даланың қақ кіндігі – Сарыарқа төсінде ХХІ ғасыр ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала бой көтерді.

Сан түрлі салада дамуы қарқын алған елордаға қарап, қазір Қазақстанның өзге қалалары да бой түзеп заман ағымымен ілесе дамуда. Басқаларға үлгі болатын бас қаламызға қандай мадақ айтылса да, нендей жырлар арналса да жарасымды, өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы жақсарып қана қойған жоқ, бір кездері қол жетпес армандай көрінген асулар алынып, белестер бағындырылды.

Есіл жағасында бой көтерген, жоғары технологиялық болашаққа ұмтылған, өз елін мақтаныш тұтатын көп ұлтты халқы бар әсем де мейірлі Астанамыз тәуелсіздікті тұрақтандыру жолында гүлденіп, мәңгі жасасын!!!

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», Астана, 2018
2. Жылқыбай Жағыпарұлы, «Астананы асқақтатқан 20 жыл», <https://egemen.kz/article/163551-astanany-asqaqtatqan-20-zhyl>
3. Астана қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы, <http://astana.gov.kz/kk/modules/material/category/98/page/2>
4. Әбдіжапар Сапарбаев, Астана – еліміздің экономикалық дамуының басты катализаторы, <http://economics.kazgazeta.kz/p=10561>

МРНТИ: 10.09

Е.Е. Татиев

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, injuerke@mail.ru

ЕЛБАСЫ ИДЕЯСЫНЫҢ ӘЛЕМДІК САЯСАТТАҒЫ ОРНЫ

PLACE OF ELBASY NURSULTAN NAZARBAYEV'S IDEAS IN THE GLOBAL POLITICAL SYSTEM

Армызсыздар құрметті университеттің профессорлық-оқытушылар ұжымы, әріптестер және қонақтар қайырлы күн! Бүгін міне университет шаңырағында екі күнге созылған Астана қаласының 20 жылдығына арналған «ҰЛЫ ДАЛА АСТАНАСЫ» атты ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ өтіп жатыр, құтты болсын дегім келеді.

Менің сіздердің алдарыңызға алып келген баяндаманың тақырыбым – «Елбасы идеясының әлемдік саясаттағы ролі».

Баршамызға белгілі болғандай Қазақстан, тәуелсіздік алған уақыттан бері еліміз, мемлекетіміз және әлем үшін игілікті істер атқарып келе жатқанына білеміз және осындай толағай, өлшеусіз еңбектерге елбасымыздың Н.Ә.Назарбаевтың ролі орасан зор.

Кез-келген мәселеге ғылыми тұрғыдан пайымдау, талдап сараптама жасау қажетті мөлшерде маңыздылық әкелмек. Баяндамамыздағы «Елбасы идеясының әлемдік саясаттағы ролі» дегендегі «Әлемдік саясат дегеніміз не? Оның маңыздылығы қаншалықты?» Осы жағдайларға назар аударсақ.

Өткен ғасырдың 50 жылдарында саясаттану ғылымында аса елеулі ғылыми жаңалық орын алды. Ол саясаттану ғылымының аясынан саяси мәдениет арқылы салыстырмалы саясаттану ғылымынан бөлініп шығып, пайда болуы болатын. Аталған елеусіздей болып көрінетін салыстырмалы саясаттану саяси өмірдің практикалық жағын қамтып,

мемлекеттердің бір-бірімен өзара байланысын, мәдени-экономикалық жетістіктерін, артықшылықтарын сараптайтын ілім саласы болатын. Ал осы салыстырмалы саясаттану баяндамама арқау болып отырған және қазіргі уақытағы жаһандану жағдайында қалыптасқан әлемнің жаңа саяси жүйесін зерттейтін «әлемдік саясаттың» өмірге келуіне толықтай әсер еткен.

Бүгінгі күнде әлемдік саясат әлем мемлекеттерінің әлем сахнасына шығып, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, әлемдік татулық пен саяси тұрақтылықты көздейтін ойлар мен идеяларды, экономикалық, мәдени техникалық және технологиялық дамуларды жүзеге асырудың негізгі орталығына айналған. Жалпы әлемдік саясат мақсаты мемлекеттерді ғаламшарлық ортақ мәселелерді ұжымдық шешуге ұйымдастыру, олардың арасында бейбітшілік пен татулықты сақтау, адамзаттың өмір сүруіне жағдай жасау арқылы, оның тіршілігін қамтамасыз ету.

Енді Елбасы идеясының әлемдік саясаттағы ролі атты тақырыпқа оралып бірқатар маңызды мысалдармен қорытындыласақ:

Халықаралық қатынастар мен халықаралық ұйымдар негізімен байланысқан әлемдік саясат арнасында БҰҰ орны бөлек және оған Қазақстан Елбасы басшылығымен 1992 жылдың 2 наурызында Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылданған болатын.

Халықаралық ұйым өз қызметінде келесі 4 мақсатты көздейді екен:

- бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау;
- ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту;
- халықаралық мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру мен адам құқығын құрметтеуді қолдау;
- осы мақсаттарға қол жеткізуде ұлттардың бірлесіп әрекет ететін орталығы болу.

Мақсат міндеті айқын аталмыш БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев, екі маңызды ұсынысты алға тартқан екен. Оның біріншісі – барлық үкіметтердің ізгі ниет білдіру тәртібімен “бір+бір” формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерінің қорын құруды бастау. Бұл формула әрбір мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінен бір пайыз бөліп, жыл сайын оны бір пайызға ұлғайтып отыруды көздейді. Нәтижесінде он жылдан соң бітімгершілік сомасы он есеге өскен екен.

Екінші ұсынысы – Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК) шақыру. Әсіресе Азиядағы Өзара Ықпалдастық және Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес идеясы рөлі аса маңызды. Қорытындысында Қазақстан және Қазақстан басшысы Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ықпалды әрі әмбебап құрылымын қайта құруға мұрындық болған.

Әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау ісі, ядролық қарудан бас тарту, Азияда сенім шараларын орнату, Еуразия кеңістігінде интеграциялық үрдістерді нығайту, өркениеттер мен діндер диалогын шақыру – осының бәрі біздің мемлекет басшысының идеялық көрінісінен байқалған болатын.

Өткен жылы 2017 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан алғаш рет БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде оның "Шиеленістерді алдын алу және бейбітшілікті сақтау" тақырыбы аясында аясында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қауіпсіз, әділ және гүлденген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайтуға қазақстандық тұжырымдамалық көзқарас" атты саяси жолдауын таныстырып өтті.

Аталған прагматикалық саяси жолдау жеті бөлімнен тұрады:

- I) ядролық қарусыз әлемді жақындату;
- II) жаһандық соғыс қатерін болдырмау және жергілікті жанжалдарды реттеу;
- III) өңірлік қауіпсіздік пен ынтымақтастықты нығайтуда Орталық Азияның мүдделерін ілгерілету;
- IV) терроризмге қарсы күрес;
- V) Африкадағы бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері;
- VI) қауіпсіздік пен орнықты дамудың арасындағы ажырамас байланыстарды қамтамасыз ету;
- VII) Қауіпсіздік Кеңесі мен бүкіл БҰҰ жүйесін XXI ғасырдың қауіп-қатерлеріне бейімдеу.

ПЛАТФОРМА 1: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

ҒТАХР: 14.25.01

А.К.Айткалиев, Г.С. Искакова

«№49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, бейнелеу өнері және сызу пәнінің мұғалімі¹ Семей қ.

ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ӘДІСТЕМЕЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

APPLICATION OF METHODOLOGICAL TECHNOLOGIES IN TEACHING TECHNOLOGY

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес білім беру жүйесін дамыта отырып, әлемдік білім кеңестігіне ықпалдастырудағы негізгі бағдар-адамды қоғамның ең маңызды құндылығы шығармашылық әлеуетінің, танымдық біліктілігі мен мәдени құндылықтарының жоғары деңгейде дамуына, жеке тұлғасының қалыптасуына жағдай жасау.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру еліміздегі мектептерде оқыту процесінің мазмұндық болмысын жаңа әдіснамалық тұрғыдан негіздеуді талап етеді. Мұндай жаңа әдіснамалық жүйе дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгертудің қажеттігін көрсетіп, оқытудың шығармашылық қызметін дымытып, білім мазмұнының ұлттық негізде берілуін жаңа өркениеттік бағдар тұрғысынан жетілдіруді қарастырады.

Экономикасы қарыштап дамып келе жатқан елдерде телекоммуникацияның және ақпараттық технологияның өзгеруіне байланысты технологиялық революция жүруде. Сондықтан қазіргі нарықтық заман шығармашылықпен жобалау және жоспарлай білуді, жаңа технологияны қысқа мерзімде игеруді және жауапты шешімдерді жылдам қабылдауды талап етеді. Осыған байланысты жас ұрпақтың заман талабына сай бір емес. Бірнеше мамандықты игеруіне тура келеді, ал оған дайындық мектеп қабырғасынан басталуы тиіс.

Еңбекке баулу – мұғалімнің оқушыларға техникалық, технологиялық білім мен білік беретін, оқу мен еңбек үрдісін ұйымдастыратын, балаларды перспективалық технологиямен таныстырып, олардың перспективалық көзқарасын қалыптастыратын оқу үлгісі. Технологиялық еңбек сабақтарын жоспарлау оқу үрдісін ұйымдастырудағы нақтылы, бағдарламада қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға, шеберханаларды ұтымды пайдалануға, сапасы жоғары өнім дайындауды қамтамасыз етеді. Оқушылар сабақта еңбекке қатысты нақты білім мен білікті игереді. Игеру ісі мұғалім тарапынан техникалық-технологиялық мағұлмат беру белгілі бір техникалық операциялардың орындалу әдістерін көрсету кезінде жүзеге асады. Мұғалім сабаққа дайындық барысында оның мақсатын, мазмұнын, құрылымын жоспарлайды, оқытудың әдістері мен түрлерін қарастырады. Осының бәрін қамтитын сабақ жоспары мынадай элементтерден тұрады:

- Сабақтың тақырыбы (оқушыларға берілетін техникалық-технологиялық білім мен біліктің көлемін қамтиды);
- Сабақтың мақсаты (білім, тәрбие мен даму аспектілерін қамтитын міндеттердің кешенімен таныстырады);
- Материалдық-техникалық базасы (жабдықтар, саймандар, материалдар, көрнекі құралдар, технологиялық карталар);
- Сабақтың құрылымы мен мазмұны оның мақсатына сәйкес белгіленеді, әрбір элементті орындауға жұмсалатын уақытты шамамен анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде шығармашылық еңбекке, еңбек тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуде. Шығармашылық ойлау қабілеті кез келген адамда бар. Бұл әсіресе жас өспірімдерге тән қасиет. Психолог мамандар адамның бойындағы шығармашылық ойлау қабілетін бала

кезінен қалыптастыру керек деп есептейді. Технология пәні бойынша оқушыларға кең көлемде білім бере отырып, олардың қабілеттерін жетілдіре түсуге, белгілі бір кәсіпке бейімделуіне көмектеседі. Қазір көптеген мектептерде ірілі-ұсақты темір, ағаш өңдейтін станоктар бар. Оқушыларға тек оларды тиімді пайдалануды үйрету керек. Еңбекті оқушылардың білімдеріне және технология мен техника негіздеріне сүйене отырып ұйымдастырады. Сол үшін мұғалім оқушылардың физикадан, математикадан, сызудан, суреттен алған білімдерін пайдаланатынын ескереді.

Еңбекті ұйымдастырудағы мұғалімнің міндеті:

- еңбек объектілерін таңдау;
- материалдық-техникалық базаны нығайту;
- санитарлық нормалар мен қауіпсіздік техникасын сақтау;
- ұйымдастырудың тиімді түрлері мен әдістерін анықтау;
- нәтижелерді бақылау, есепке алу;
- оқушылардың өзін-өзі басқару топтарын құру;
- көрмелер ұйымдастыру.

Оқушылардың өзін-өзі басқару тәжірибесінде жұмысты топ жетекшілері атқарады. Олардың қызметі-топтың еңбек процесін ұйымдастыру, сапаны бақылау, талдау. Мұнымен бірге олар еңбек нәтижелерін бағалайды. Жұмыс барысы кезінде еңбек қауіпсіздігі мен санитарлық ережелерді қатаң сақтау жөнінде талаптар қойылады және олардың орындалуына ерекше назарда ұстау керек.

Сондықтан:

- сабақ өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- өндірістік-санитарлық еңбек қауіпсіздігіне қатысты ережелер мен нұсқамалар;
- талапқа сай аспаптармен жұмыс істеу.

Технология сабағы, оқушыларды еңбекке баулу сабағы олардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі. Оқу материалының мазмұны қазіргі заман талабына сай ғылыми-техникалық жетістіктердің даму деңгейіне жақындатылған болуы тиіс. Оқу материалы оқушыға түсінікті болуы тиіс. Ол үшін әртүрлі әдістемелік құралдарды жиі қолдану керек. Оқушылардың жүктемесін олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып берген дұрыс әрі ол қарапайым болғаны дұрыс.

Еркін тақырыптағы сарамандық жұмысты орындау кезінде оқушыларды қабілеттеріне байланысты үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін жақсы білетін, жаңа тапсырмаларды орындауға қызығушылықпен кірісетін және алғашқы қиындықтардың өзінде-ақ ешбір қысылмастан мұғалімнен көмек сұрайтын оқушылар жатады. Бұл топқа сурет салуға, жалпы өнерге бейімділігі бар оқушылар жатады.

Екінші топқа, өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін сенімсіз бағалайтын оқушылар жатады. Аздаған қиындықтардың өзінде-ақ олар көмек сұраудан қысылады және не істерін білместен жұмыстарын тоқтатады. Мұндай оқушыларға көбірек көңіл бөліп, оларға өз күштеріне деген сенімділік ояту керек. Олардың еңбегін бағалау кезінде тіпті ең шағын жетістіктерін атап өтіп, жұмысқа деген құлшынысын ояту керек. Оларға ауық-ауық көмекке келіп, олардың жұмыстарының сәтті орындалып келе жатқандығын айтып, көңілдерін көтеріп отыру керек.

Үшінші топқа, өз мүмкіндіктерін бағалай алмайтын оқушылар жатады. Олар өз мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Олар кез келген жұмысқа белсенді және сеніммен кіріседі.

Алайда алғашқы қиындықтардың өзінде бұл қиындықтардан қалай өтуге болатыны туралы ойламастан тоқтайды. Мұғалімнен көмек сұрамастан, өздеріне басқа жұмыс беруін өтінеді. Егер мұғалім басқа жұмыс бермесе, жұмыс істеуін тоқтатады. Бұл жағдай жұмыс істеп жатқан басқа оқушыға кесірін тигізуі мүмкін. Сондықтан мұғалім оларға өздері сұраған жұмысты беріп алғашқы қиындықтар кездескенде мұғалімді шақырулары тиіс екендігін түсіндіреді. Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың үш тоқсан бойы алған білімдерінің және төртінші тоқсанда орындаған шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін қорыту. Мұғалім оқушылардың бойына еңбек сүйгіштік қасиетін және еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Мұғалім оқушыларды еңбектенуге, алға қойған мақсатына қол жеткізуге және өз еңбегінің нәтижелерін көре білуге үйретуі тиіс. Мұғалім оқушыларды ептілікке, аспаптармен жұмыс істей білуге, бірлесіп жасаған еңбекті бағалауға үйретеді. Жұмыс кезінде бір-біріне көмектесу керетігін түсіндіреді. Технология сабағында оқушылардың эстетикалық талғамдарын арттыру басты орын алады. Неге десеніз, әрбір

жасалған бұйым сапасы жағымен қоса эстетикасы жағынан да тартымды болуы тиіс. Мұғалімнің басты міндеті-оқушыларды шығармашылық жұмысқа дайындау және оларды қызықтыру. Оқушыларды тапсырмаларды орындауға дайындау үшін педагогикалық ұйымдастыру, техникалық-экономикалық дайындық пен психологиялық-педагогикалық талаптар сияқты шарттар орындалуы тиіс.

Ұйымдастыру кезеңінде мұғалімге қойылатын талаптар:

- еркін тақырып бойынша оқушылар тандап алған жұмыс процесін басқару;
- жұмыстың ұжымдық, топтық және жеке түрлерін жолға қою, оқушыларды қауіпсіз еңбекпен қамтамасыз ету;

- жұмыс орындарында санитарлық-гигиеналық нормалар мен қауіпсіздікті сақтау;
- оқушылардың ой-өрісін үнемі кеңейтіп отыру.

Басты талап материалдық-техникалық базаны дайындау болып табылады:

- еңбек құралдарын, өңделетін материал мен оның технологиялық процесін оңтайлы таңдау;

- оқушы еңбегін тиімді жабдықтау;

- жұмыс орнын тиімді жабдықтау;

- оқушы еңбегінің мазмұны.

Мұның бәрі жобалық оқытудың шығармашылық элементтеріне жатады.

- еңбекті ұйымдастыру формаларын таңдау;

- еңбекке үйрету әдістері мен жолдары;

- оқушылар еңбегін ұйымдастыру.

Мұғалім сарамандық жұмысты оқу-әдістемелік материалдардың көмегімен өткізуі тиіс. Бұл үшін ол қосымша әдебиеттерді, бағдарламаларды пайдалануы және әртүрлі ғылыми негіздер мен еңбекке үйрету бағдарламасы арасындағы өзара байланысты есепке алу керек.

Технология пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу көзделеді. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Негізгі мақсатымыз – Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеттілік – еңбек ету. Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі. Қол өнер шеберлігіне меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірмен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезіп, қабылдауға үйретеміз.

Әдебиеттер

1. Жексембекова В. Қазақстандағы этникалық қарым-қатынастар: прогресс үшін бірігу // Саясат, 2002, № 11. 30-32 б.
2. Борисова Б.М. Даралық және кәсіп. – М: Білім, 1991. 116 б.
3. Қысқаша психологиялық сөздік. / ред. А.В. Петровский. Ростов Н/Д: «Феникс» баспасы, 1998. 81-82 б.

МРНТИ: 14.25.09

А.Т. Байделинова

Школа – сад №14, г.Семей, baize_alf@mail.ru

ПРИЕМЫ И МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ МУЗЫКИ

THE METHODS OF TEACHING IN MUSIC LESSONS

*«Музыка – одно из сильнейших
орудий воспитания каждого человека»
Д.Д. Шостакович*

Музыкальное искусство в обществе содействует его гуманизации и участвует в эстетическом наполнении общественной жизни. Эмоциональные переживания человека всегда связаны с его нравственными ценностями, с тем, что он почитает за добро и зло. Творчески мыслящие люди отличаются от тех, кто способен только усваивать знания и выполнять привычную, хорошо налаженную работу, богатством внутренних переживаний, их тонкостью и глубиной. Высокоразвитая эмоциональная сфера помогает им обращаться в сложных ситуациях к подсознанию и находить решения поставленных задач. То, как человек воспринимает мир, зависит не только от свойств наблюдаемого объекта, но и от психологических особенностей самого наблюдателя, его жизненного опыта, темперамента, состояния в данный момент. Музыкальные интересы человека составляют одно из звеньев его общей духовной культуры. Для развития личности человека необходимо восприятие музыки различных жанров. В наше время дети слушают музыку разных жанров. Но не может не тревожить, что дети мало знают классическую музыку, а порой совсем ее не воспринимают. А ведь классическая музыка – это лучшее, отобранное временем наследие человечества. Осмысленное прослушивание музыки, изучение значимых музыкальных произведений активизируют мышление, память, внимание; развивают чувственное познание – ощущение и восприятие; укрепляют психическое здоровье детей. Это давно доказано музыкальной психологией, которая как наука зародилась в недрах философии. Еще античные мыслители, размышляя о законах устройства миропорядка и общественной жизни, сделали ряд важных наблюдений и выводов, касающихся роли и значения музыки в общественной жизни. Любить музыку – значит испытывать потребность в общении с ней, переживать радость, волнение, печаль, слушая ее. Понимать музыку – значит воспринимать ее сознательно, отдавая себе отчет в ее содержании. Действительно, существует тесная связь между этими понятиями; «понимать» и «любить», **воспринимать** сознательно и эмоционально, чтобы глубже переживать и чувствовать музыку. Исследователи подтверждают благотворное влияние слушания классической музыки не только на умственные способности человека, но и на развитие его мозга в целом. Люди, которые слушают классическую музыку в детстве, имеют отличную память и способность к языкам. Кроме того, ученые обнаружили, что мозжечок у музыкантов на 5% больше, чем у людей, не имеющих отношения к этой профессии. Именно этот участок мозга, отвечающий за координацию движений, «слушает» и чувствует музыку! Музыкальная психология предлагает использовать музыку в оздоровительных целях, предлагая ее как для слушания, так и для исполнения и творчества. Способность музыки непосредственно влиять на эмоциональное состояние человека обеспечивает глубокие переживания **в процессе ее восприятия** и исполнения. Высшая цель школьного музыкального образования заключается в передаче положительного духовного опыта поколений, сконцентрированного в музыкальном искусстве. Практика музыкального воспитания показывает, что глубокое проникновение в идеи произведений искусства достигается только в том случае, если ученик сможет увидеть в нем нечто значимое для себя, то, что отвечает его внутренним потребностям и надеждам, когда удастся достичь соотнесения содержания произведения, написанного давно, с духовным мироощущением слушателя сегодняшнего дня. Этой возможностью обладает классическая музыка. На музыкальных занятиях школьники встречаются с произведениями не только специально написанными для детей, но и выходящими за пределы детского репертуара – с сочинениями классическими и современными, отечественных и зарубежных композиторов, а также с музыкальным фольклором разных народов. При этом способность школьников к эмоционально - непосредственному и в то же время основанному на размышлении, осмысленному восприятию музыкальной классики, свидетельствует о степени их музыкального развития, музыкальной культуры. Музыка, выполняя множество жизненно-важных задач, призвана решать самую главную – воспитать в детях чувство внутренней причастности к духовной культуре человечества, воспитать жизненную позицию школьников в мире музыки. Поэтому

воспитание эмоциональной культуры ребенка – важнейшее условие для оптимизации художественно развитой творческой личности. Это только некоторые формы, методы и приемы общения детей с музыкой, которые направлены на развитие творческого воображения, на развитие восприятия музыкального образа, а через него – на восприятие разных сторон жизни.

Одна из наиболее перспективных технологий в области музыкального обучения – это развитие процесса музыкального восприятия на уроках музыки.

Восприятие музыки – это процесс музыкального мышления, целостное, эмоционально – осознанное познание содержания, смысла музыкального произведения. Основой воспитания у школьников музыкального вкуса являются художественно ценные произведения и активная музыкальная деятельность, направленная на их освоение. Правильно организованное слушание музыки, разнообразные приемы активации восприятия (например, через движение, игру на простейших музыкальных инструментах, а также вокализацию тем) способствуют развитию интересов учащихся, формированию их музыкальных потребностей. Музыкальное восприятие – сложный процесс, в основе которого лежит способность слышать, переживать музыкальное содержание как художественно-образное отражение действительности. Музыка воздействует комплексом выразительных средств. Это – ладогармонический склад, тембр, темп, динамика, метроритм. Они передают настроение, основную мысль произведения, вызывают ассоциации с жизненными явлениями, с переживаниями человека. Восприятие музыкальных образов происходит благодаря своеобразной творческой деятельности слушателя, так как включает его собственный опыт (музыкально-слуховой и жизненный). В результате идея произведения воспринимается как нечто сокровенное. Именно поэтому музыковеды утверждают, что слушать музыку так, чтобы слышать ее – это напряженная работа сердца, ума и особое творчество. В первую очередь важно привить детям элементарные навыки восприятия музыкальных структур, так как для слушателя, лишенного чувства восприятия формы, не ощущающего ее в данном сочинении, музыка «не оканчивается, а прекращается». Иначе, анализ музыкальных произведений углубляет их эмоциональное восприятие. Воздействуя, музыка способна волновать, радовать, вызывать к себе интерес. Радость и печаль, надежда и разочарование, счастье и страдание – всю эту гамму человеческих чувств, переданную в музыке, учитель должен помочь детям услышать, пережить и осознать. Педагог создает все условия для проявления эмоционального отклика учащихся на музыку. Только потом он подводит их к осознанию содержания произведения, выразительных элементов музыкальной речи и комплекса выразительных средств. Благодаря этому произведение оказывает более сильное воздействие на чувства и мысли детей. У них формируются навыки культурного слушания, умения рассуждать о музыке, то есть давать эстетическую оценку ее содержанию. Учитель разными средствами стремится внести радость в общение детей с музыкой. Это во многом зависит от используемых на уроке произведений. Они должны быть художественно ценными, образно-увлекательными близкими детям по содержанию, доступными по языку и вместе с тем должны удовлетворять потребность учащихся в общении с прекрасным.

Музыкальному восприятию свойственны:

эмоциональность

целостность

образность

осмысленность

ассоциативность

Развить процесс музыкального восприятия – значит научить слушателя переживать чувства и настроения, выражаемые композитором с помощью игры звуков, специальным образом организованных; включить слушателя в процесс активного сотворчества и сопереживания идеям и образам. Для умения слушать серьезное музыкальное произведение необходимо иметь достаточный уровень развития специальных музыкальных способностей – слуха, памяти, мышления, воображения. Все они развиваются в процессе целенаправленных музыкальных занятий, как-то: пение в хоре, ритмика, прослушивание одних и тех же музыкальных произведений, разучивание мелодических тем, которые встречаются в прослушиваемом произведении, изучение биографий композиторов и особенностей их творческого пути. Развитие восприятия предполагает умение вычленять из

общей ткани отдельные средства музыкальной выразительности – мелодию, гармонию, фактуру, темп, ритм и другое; освоение принципов творческого преобразования и отражения действительности в звуках музыки; выявление ассоциаций, которые вызваны тем или иным средством. Когда слушатель воспринимает музыкальное произведение и оно глубоко захватывает его, в идеальном случае происходит то, что Л.С. Выготский называл чудом искусства, а американский психолог А. Маслоу – «пиковым переживанием». В момент переживания «пикового» опыта человек, согласно А. Маслоу, испытывает свое единение с Вселенной. Он выходит за границы собственного Я и ощущает мир как свое естественное продолжение. В момент «пика» человек приобретает особое восприятие – он видит вещи как бы впервые, в их единственности, неповторимости. Такие переживания вызывают стремление к творчеству и способствуют росту личности человека.

Процессы восприятия музыкального произведения зависят от индивидуальных особенностей ребенка-слушателя, его общего и музыкального развития, жизненного опыта, интересов, от социального окружения и статуса их семьи, который определяется уровнем образования родителей и родом их занятий. Слушая, например, пьесу П.И. Чайковского «Песня жаворонка» и не зная еще ее названия, а воспринимая лишь спокойный, светлый характер мелодии, дети, даже имеющие одинаковую подготовку, будут переживать и мыслить по-разному. У одних может возникнуть представление о картине природы, о птицах. Другие могут почувствовать лишь характер изложения: «тихая, легкая, нежная». У третьих появятся приятные чувства, которые ассоциируются с определенными жизненными явлениями. Педагог должен словесными пояснениями вызвать конкретные переживания и направить внимание детей на особенности средств музыкальной выразительности, – которые придают произведению светлый, мечтательный характер и создают образ поющего жаворонка. Педагог поощряет правильные реакции детей на музыку. Большое значение для воспитания интереса к восприятию музыки имеют создание эмоционально благоприятной обстановки и эмоционально положительное отношение к музыке самого педагога, пример которого для детей весьма важен. Кроме того, особую роль в формировании эстетического восприятия музыки играет разнообразие форм занятий.

Восприятию любого произведения должна предшествовать **установка**. Установка на восприятие это готовность человека воспринимать какое-либо явление. Установка имеет организационные и методические моменты.

Организационные моменты: слушать музыку в тишине, создать атмосферу концертного зала.

Методические моменты – это методически грамотное слово учителя перед прослушиванием музыкального произведения. Словом предвосхитить содержание музыкального произведения.

Подготовка школьников к эмоциональному восприятию музыки может осуществляться разными методами и приемами.

Метод (от греч. *metodos* – путь к чему-либо) в образовательном процессе выполняет роль связующего звена между целью и конечным результатом, т.е. метод является способом, который позволяет достичь намеченную цель и представляет завершённое действие. Метод имеет двухсторонний характер, проявляя себя с внешней и внутренней стороны. Внутренняя сторона определяет правила, на основе которых осуществляется его движение, действия. Внешняя сторона связана со средствами его осуществления. Каждый из методов организует определенным образом деятельность учителя и учащихся. Он определяет как направление их действий, так и правила по которым они осуществляют свою деятельность на урок

Приемы по отношению к методу, носят подчиненный характер. Прием представляет единичное действие, шаг, ведущий к намеченной цели, прием отличается незавершенностью. Прием имеет односторонний характер. Ориентация на результат, ради которого был выбран тот или иной метод, является условием выбора приемов. Одни и те же приемы могут быть использованы в разных методах. И наоборот, один и тот же метод в практике его реализации может включать различные приемы.

Итак, конструируя урок музыки, учитель точно должен определиться в своем понимании педагогических категорий «метод» и «прием». Выделим те их признаки, на основе которых они будут использоваться в дальнейшем изложении:

Метод призван урегулировать способы взаимосвязанной деятельности учителя и учащихся, направленные на достижение педагогической цели. В выборе методов для урока ведущая и направляющая роль остается за учителем.

Метод определяется на основе его двустороннего проявления. Внутренняя сторона определяет правила, на основе которых осуществляется его движение, действия. Внешняя сторона связана со средствами его осуществления.

Методы обучения, используемые на уроке музыки, характеризуются на основе трех признаков: направленности (для решения какой задачи они используются), системности (каждый метод есть совокупность элементов, входящих в его структуру), характера взаимодействия субъектов обучения (учителя и учащихся).

В состав метода входят приемы как отдельные элементы метода, они характеризуют глубину его осуществления. Так же, как и метод, приемы направлены на решение какой-либо задачи, имеют состав элементов, но отличаются своим односторонним действием.

Выделяя конкретные методы, мы будем исходить из того, что они связаны с достижением дидактических целей обучения и решением учебных задач на основе взаимодействия учителя и учащихся. Деятельностная сущность является основой этих методов, их содержание позволяет организовать субъект-субъектное взаимодействие на уроке, а их эффективность связана с изменениями, происходящими во внутреннем мире ребенка.

Метод моделирования необходимо включать в учебный процесс с раннего школьного возраста. Это универсальный и общий для искусства метод. Он требует самостоятельности в добывании и присвоении знаний (которые при прохождении пути композитора не отчуждаются от ребенка), творчества (когда школьник, в опоре на музыкальный опыт и на воображение, фантазию, интуицию, сопоставляет, сравнивает, преобразует, выбирает, создает и т.д.), развития способности к индивидуальному слушанию и творческой интерпретацией. Метод моделирования художественно-творческого процесса направляет мышление учащихся в русло выявления истоков происхождения изучаемого явления.

Проблемный метод подчеркивает важность самостоятельного принятия детьми решений: «Учитель должен стремиться к тому, чтобы учащиеся как можно чаще сами отвечали на возникающие по ходу урока вопросы, а не довольствовались получением от учителя готовых ответов истин, которые им остается лишь запомнить». Надо сделать все возможное, чтобы до правильных ответов учащиеся додумывались *сами*... Важно, чтобы решение новых вопросов приобретало форму кратких собеседований учителя с учащимися. В каждом таком собеседовании должно наглядно ощущаться три неразрывно связанных момента:

- Первый – четко сформулированная учителем задача;
- Второй – постепенное, совместно с учащимися, решение этой задачи;
- Третий – окончательный вывод, сделать который и произнести (всегда, когда это возможно) должны сами учащиеся”.

Метод «музыкальный театр» направлен на постижение целостного музыкального содержания. Средства – звук, жест, танец, слово, литературный сюжет, стихи. Особенностью является то, что определяемые учителем средства, должны быть реализованы в синтезе, например звук + жест. Этот метод помогает ребенку сделать музыку зримой, осязаемой, что очень важно на начальном этапе взаимодействия с музыкальным искусством, когда дети еще не могут говорить о музыке.

Метод погружения – позволяет осознать ценностно-смысловое значение музыкального произведения в жизни человека. Средством реализации данного метода являются различные жизненные ситуации, содержание которых могло бы быть связано или было связано с тем или иным произведением. Эти ситуации конструируются на основе реальных событий, взятых из литературных источников или специально придуманных.

Метод «пластическое интонирование» – направлен на освоение способов «активного слушания». Особенностью данного метода является целостное восприятие музыки, через моторику своего тела.

Этот метод связан с именами таких педагогов, как Д.Б.Кабалевский, Т.Вендерова, В.Коэн. Средства реализации метода – музыка, жест.

Метод проектов – позволяет учащимся проявить как свои знания, умения в самостоятельной работе с информацией, так и волевые качества, интересы и предпочтения. Проект – это способ достижения цели, через детальную разработку имеющейся проблемы. Круг проблем может быть связан с творческими портретами композиторов, событиями музыкальной жизни страны, историей создания музыкальных сочинений и т.д.

Метод «синквейн» – является одним из методов развития критического мышления. Помогает научиться доказательно и логично строить свои высказывания о музыке. Метод основан на дедуктивном структурировании процесса осмысления музыкального произведения. Перевести музыку на язык слов очень сложно. Необходимо не только научиться подбирать адекватные звучанию музыки слова, но и выражать их в словесной форме. Данный метод представляет определенную конструкцию высказывания, которое основано на алгоритме действий, состоящих из 5 шагов. Средства: слова, алгоритм основных действий. Приемы соответствуют действиям по алгоритму:

- 1 – сформулировать основную мысль, звучащего произведения (не более двух слов);
- 2 – двумя глаголами дополнить характеристику выделенной мысли;
- 3 – охарактеризовать ее с помощью трех прилагательных;
- 4 – в одном предложении выразить собственное отношение к основной идее произведения;
- 5 – одним словом сделать вывод-итог, акцентировав ценностно-смысловое значение произведения.

Метод – «цифровой диктант». Этот метод позволяет за очень короткое время проверить и оценить знание музыкального содержания. Учитель формулирует задание и предлагает выбрать один из ответов (да или нет). Каждый ответ имеет определенную цифру: Да – 1, Нет – 0. Учащиеся в своей тетради должны записать только цифру выбранного ими ответа. Данный метод позволяет учащимся наглядно оценить уровень своих достижений. Средством являются формы тестовых заданий с двумя и более ответами. Возможно использование компьютерного варианта представления заданий.

Метод – «викторина». Метод, широко используемый в практике музыкального воспитания. Позволяет проверить и оценить знания, связанные с музыкальным содержанием. Средствами являются вопросы и ответы. Учитель формулирует вопрос, учащиеся дают на него ответ. Вопросы и ответы могут быть составлены в форме тестовых заданий, с выбором ответа, на дополнение, на установление соответствия. Возможны задания со свободным ответом. Такие задания требуют точного определения критериев для их оценки.

Методический прием. Чтобы развить у учащихся восприятие музыки и сформировать у них способность следить за развитием музыкального образа поможет методический прием – составление психологического портрета героя. Разнообразные слуховые представления, полученные в активной музыкальной деятельности, осознаются детьми, обобщаются в музыкальных картинках, ярких словесных характеристиках образов. Так, благодаря приемам активизации наблюдения за развитием музыкального образа, создаются условия для усвоения знаний о музыке, полученные знания помогают ребятам осознанно воспринимать музыку, высказывать о ней свои суждения.

Существует **прием цвет-настроение**. Он позволяет детям принять новое слово и в игровой форме высказываться о характере музыки. Действительно, одно из форм процесса обучения – игра – по сей день является самой занимательной, увлекающей, доставляющей удовольствие ученикам в овладении знаниями. Это прием так же помогает выявить реакции детей на музыку, закрепить представление о ее характере. Определенный цвет связывается с соответствующим настроением музыки: пастельные, светлые тона (голубой, розовый) – с нежным, спокойным характером музыки; темные, густые тона (темно-коричневый, темно-синий) – с мрачным, тревожным характером; интенсивные, яркие тона (красный) – с решительным торжественным характером. Необходимо развивать представления ребят о выразительности цвета, обсуждать вместе с ними, какие рисунки соответствуют характеру музыки и почему. Воображение у ребят младшего школьного возраста, как правило, яркое, живое, и “музыкальные картинки” они слушают с удовольствием. Их зрительные ощущения реализуются в рисунках, отражающих настроения, навеянные прослушанной музыкой, которые они рисуют прямо на уроке или дома.

Прием Кластер – в переводе «гроздь», во главу ставится ключевое слово. Помогает научиться доказательно и логично строить свои высказывания о музыке, т.е. перевести музыку на язык слов.

Учиться слушать музыку учащиеся должны непрерывно на протяжении всего урока: и во время пения, и во время игры на инструментах, и в моменты, требующие наибольшего внимания, сосредоточенности и напряжения душевных сил, когда они выступают в роли слушателя. Понимая проблему развития музыкального восприятия, педагог на протяжении всего занятия побуждает детей прислушиваться к звучащей музыке. Только тогда, когда дети будут чувствовать и осознавать характер музыки, выражать его в своей творческой деятельности, приобретенные навыки и умения пойдут на пользу их музыкального развития. Творчество детей базируется на ярких музыкальных впечатлениях. Слушая музыку, ребенок всегда слышит не только то, что в ней самой содержится, что заложено в ней композитором (и, конечно, исполнителем), но и то, что под ее влиянием рождается в его душе, в его сознании, то есть то, что создает уже его собственное творческое воображение. Так, прослушанное произведение рождает в нем сложный сплав объективного содержания музыки и субъективного ее восприятия. К творчеству композитора и к творчеству исполнителя присоединяется творчество слушателя! Музыкально-слуховые представления не рождаются на основе природных задатков. Процесс творчества есть процесс переживания и создания смысла, процесс же восприятия есть сопереживание и понимание этого смысла. Эстетическое сопереживание и связанный с ним процесс сотворческого восприятия искусства становятся основой для самостоятельной созидательной деятельности школьников. Поэтому воспитание эмоциональной культуры ребенка – важнейшее условие для оптимизации художественно развитой творческой личности. Это только некоторые формы, методы и приемы общения детей с музыкой, которые направлены на развитие творческого воображения, на развитие восприятия музыкального образа, а через него – на восприятие разных сторон жизни.

Литература

1. Методика музыкального воспитания в детском саду: «Дошк. воспитание»/ Н.А. Ветлугина, И.Л. Дзержинская, Л.Н. Комиссарова и др.; Под ред. Н.А. Ветлугиной. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: Просвещение, 1989. – 270 с.: нот.
2. Гогоберидзе А.Г. Детство с музыкой. Современные педагогические технологии музыкального воспитания и развития детей раннего и дошкольного возраста: Учебно-методическое пособие / А.Г. Гогоберидзе, В.А.Деркунская. – ООО «ИЗДАТЕЛЬСТВО «ДЕТСВО- ПРЕСС», 2010 . – 656 с.
3. Каплунова И. Праздник каждый день: программа музыкального воспитания детей / И.Каплунова, И. Новооскольцева. – СПб.: Композитор, 1999.– 63 с.
4. Педагогическая психология / Н.В.Клюева [и др.]. – М. Изд-во ВЛАДОС-ПРЕСС, 2006. – 399 с.
5. Слостенин В.А. Педагогика: учебник по дисциплине «Педагогика» для вузов по педагогическим специальностям / В.А. Слостенин, И. Ф. Исаев, Е.Н. Шиянов; под ред. В.А. Слостенина. – М.: Академия, 2008. – 576 с.

ҒТАХР: 14.25.01

Т. Сембаева, А.Т. Дүйсенбаева

«№35 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, бастауыш сынып мұғалімдері, Семей қ.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ – ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

UPDATED EDUCATION – NEW REVIEW

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында (17 қаңтар, 2014 жыл) белгіленген «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек; мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс, оларды оқыту

нәтижесі сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деген міндетін орындауда мұғалімдердің біліктілігі қашанда бірінші орынға шығады.

XXI ғасыр-жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) курс барысында меңгереді.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Ең жоғары балл 60 ұпай, орташа балл 48 ұпай деп белгіленеді. Баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Дәстүрлі бес балдық бағалау жүйесі жойылады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында қазақ тілі пәнінің берілу жайы да өзгеше. Бағдарлама оқушының төрт тілдік дағдысын: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым жетілдіруге бағытталған. Бұл төрт дағды оқу жоспарында «Шиыршық әдісімен» орналастырылған және бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп.

Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстандық білім беру жүйесін жақсарту үшін, ең алдымен ұстаздардың мәртебесін арттыру, біліктілігін дамыту бағытына үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар мұғалімнің өткені мен бүгіні, келешегі мен болашақ жайлы ойланып, жаңа идеялармен жұмыс жасауға негіз болады. Елбасымыздың жолдауында айтқандай: Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін – білім. Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой-толғаныс кезеңдерінен түзеледі.

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Негізгі мектеп үшін, барлық мектептердегі оқыту стандарттарын Назарбаев Зияткерлік мектептерінің деңгейіне дейін жақсарту қажет. Жоғарғы мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп шығулары тиіс. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Қазіргі мемлекеттік бағдарламаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру- саналы түрде жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Заманауи мектептердің мақсаты -жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұрғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зертеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқыту идеясын Я.А.Коменский: «Бір-бірімен байланысы бар заттар, сол байланысты көрсетіле отырып оқытылуы қажет», – деген болатын. Қазіргі таңда кіріктірілген бағдарламалар оқу-тәрбие процесін технологияландырудың бірден-бір шарты болып табылады.

Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Ата-бабамыз «Оқу – инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді.

Қорыта айтқанда, мұғалімдердің міндеті ауыр, мақсаты айқын. Отандық іс-тәжірибе негізінде әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа ала отырып, функционалды сауаттылығымызды арттыру үшін сыни тұрғыда ойлай алатын мұғалімдер қатарын көбейтсек, жақсы нәтижеге жететініміз сөзсіз деп ойлаймын.

Мысалы, бастауыш сыныптарда барлық пәндер бойынша 8 “өтпелі” тақырып оқытылады. Барлық пәндер бойынша сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы, олардың функционалды сауаттылықты меңгеруі, жан-жақты дамуы үшін өзекті болатын осы “өтпелі” тақырыптардың түрлі аспектілерін ашу үшін пайдаланылады. “Өтпелі” тақырыптарды пайдалану әр пән аумағының білімдерін кіріктіруге және сол арқылы алған білімдерін функциялауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдің орындылығын көрнекті қазақ ағартушысы Ж.Аймауытов та атап өткен. Ол өз сөзінде: “Қазіргі балалар бізден тірі білімді және барлығы бір-бірімен өзара байланысқан әлемнің біртұтас бейнесін күтеді”, – деген болатын.

Функционалды сауаттылықтың индикаторларының бірі – тілдерді меңгеру. Жаңа оқу бағдарламалары бойынша тілдерді оқытудың негізіне коммуникативтік тәсіл қолданылады. Оның ең маңызды функциялары: коммуникативті, ойлау, танымдық, реттеуші. Сөйлеу қызметінің төрт түрін дамыту – тыңдалым, сөйлеу, оқу, жазу; халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет, ғылыми-танымдық мәтіндерді оқу арқылы іске асады.

Жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын міндетті талап, сабақта белсенді оқыту әдістерін пайдалану және оқушыларды танымдық

үдеріске тарту болып табылады. Мұндай тәсілді пайдалану кезінде, оқушы білімді дайын түрде алмай, білімге, өзіндік оқу-танымдық қызметінің үдерісінде ие болады.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
2. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011
3. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010

ҒТАХР: 14.25.01

Г. Сиқимбаева, А.С. Құмарбекова

«№35 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, өзін-өзі тану пәнінің мұғалімдері, Семей қ.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ МАЗМҰНЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

INDIVIDUAL VALUES IN THE CONTENT OF "SELF-DETERMINING"

Өзін-өзі тану пәнін оқытуда оқыту үдерісіндегі ұтымдылық көрсететін оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдалану білім сапасының қажетті деңгейіне жетуге негіз болады. Ол өзін-өзі тану пәні мен өзге оқу пәндерінің инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы өзара сабақтасып, ықпалдасуын қажет етеді. Оқу пәндерінің өзара ықпалдасуы пәнаралық байланысты дамытуды ғана емес, ол сонымен қатар әр пәннің өзіндік мақсаты мен міндетінің айқындала, толығы түсуін де қамтамасыз етеді. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан бастау алып, үздіксіз білім беру жүйесін тұтас қамтитын және болашақ 12 жылдық білім беру жүйесіне негізгі пәндердің бірі ретінде ендірілгелі отырған «Өзін-өзі тану» мен мазмұндық өзегі өзара өрімделген пәндерін ықпалдастыру тиімді деп санауға болады. Қазіргі кезде көп айтылып жүрген интеграция яғни салалас пәндердің өзара ықпалдасуы олардың мазмұндық, құрылымдық, ғылыми-теориялық, лингво-семантикалық және жалпыпедагогикалық аспектілерінің кірігуімен ерекшеленеді.

Қай пән болмасын кіріктірілген сипатта қызмет ете алатындықтан «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын өзге пәндермен ықпалдастыруда пәнаралық, пәнішілік байланыстар мен оқушының іс-әрекеттік қызметін арттыруға баса назар аударылады.

Біртекес гуманитарлық білім аяларын құруға негіз болатын дидактикалық құрылым ретінде бұл пәндердің адамгершілік қағидалары негізге алынады. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұндық құрылымы ана тілі, әдебиет, тарих, философия, психология, педагогика, мәдениеттану, валеология, әлеуметтану, әдеп, эстетика ғылымдарының іштей кірігуімен ерекшеленіп, тақырыптық жүйе оқушылардың өзін-өзі жетілдіруіне ықпал ететін жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағытталады. Аталған пәндердің мазмұндық құрылымына әдеби көркем шығармалар негіз болатындықтан білім мазмұнын құрастыруда жалпыадамзаттық құндылықтар туралы ұғымдар жүйесі мен олардың адам өміріндегі көрінісін ескеру қажет.

5–7-сыныптар аралығындағы «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұны ретіндегі оқу мәтіндерін сұрыптауда жеке тұлғаның өмірлік дағдыларын, әлеуметтік белсенділіктерін дамытуға ықпал ететін көркем шығармалар таңдап алынып, жалпыадамзаттық мұраттар мен ұлттық рухани құндылықтардың өзара сабақтастығының тұтастығын сақтау басты бағдар болды. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының дамытушылық және тәрбиелеушілік міндеттері әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатын қабілеттерін жетілдіруді көздейтіндіктен әдеби көркем туындыларды сұрыптауда қазақ халқының өрелі өрісінің түп төркіні халық ауыз әдебиетінің үлгілерін егемен елдің бүгінгі әдебиетімен сабақтастыру қарастырылды.

Бұл сыныптардағы рухани-адамгершілік тұрғыда берілетін білім мазмұнында ұлттық руханиятымыздың өзегін құрайтын қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда,

тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, әдеби ертегілер, аңыздар, эпостық, лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, айтыс өнері мен шешендік сөздердің кейбір таңдаулы үлгілері беріледі. Халық ауыз әдебиетіндегі адамзаттық мүддені қорғайтын, өмірге бейімдейтін, әртүрлі әдептілік, әсемдік, әділдік, және шыдамдылыққа да жетелейтін құндылықтарды оқып-үйрену арқылы оқушылар халқымыздың ділін, дүниетанымын, мәдениетін танып, олардан тәлім алатын болады. Батырлар жырындағы бабалардың елін, жерін қорғаудағы ерліктері; лиро-эпостық жырлардағы сүйіспеншілік пен мөлдір сезім, салт-дәстүр; айтыс өнеріндегі ой тереңдігі, тапқырлық, суырыпсалма ақындықтан көрінетін даналық балалардың өз халқына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін асқақтата түседі.

Сонымен қатар бұл сыныптарда адам мүмкіндіктерінің шексіздігі, әр адамның бойындағы даралық қасиеттер мен қабілеттер және адамның ішкі дүниесі мен сыртқы келбетінің, сөзі мен ісінің үйлесімді болуы туралы да сөз болады. Берілген оқу мәтіндері бойынша оқушылар сыйластық, қайырымдылық, кеңпейілділік, жанашырлық, бауырмалдық тәрізді адамгершілік құндылықтардың адамдардың өзара қарым-қатынас жасаудағы мәнділігін ұғынады. Еліміздегі ынтымақтастық, өзара келісім, бірлік, тәуелсіздік, бостандық, достық, ұлтжандылық сияқты құндылықтарды түсініп, олардың қоғамдағы рөлі туралы оқып, үйрену де осы сыныптар аралығында қамтылады. Оқушыларға табиғатқа ізгілікті қарым-қатынас, қоршаған ортаның орны, денсаулықты сақтау мен нығайтуды үйрету және адамға кері әсерін тигізетін жағымсыз іс-әрекеттерден аулақ болудың жолдарын ұғындыруда көбінесе қазіргі замандық әдеби туындылардағы ізгілік мұраттары таңдалды.

Әр тақырыптың мазмұнын ашатын ата-баба өнегесі, әке мен бала қатынасы, ана мен әке қатынасы, қоршаған орта, күнделікті тіршіліктегі сыйластық пен мейірім, ар-ождан, қайрат, ақыл, жүрек, ерік, жігер, намыс, жан мен тән сұлулығы, т. б. құндылықтардың адам өміріндегі қажеттілігін сезініп, пайымдай алғанда ғана толық адам ретінде қалыптасуға мүмкіндік туады. Ол үшін адам өзіне не қажет екендігін дұрыс сезінуі керек. Ежелгі грек философы Демократ адам өміріндегі қажеттіліктер олардың өзіндік ішкі мүмкіндіктері мен тілек-мақсаттарынан және сыртқы әсерлерден туындайтынын айта келіп, «Қажеттілік адамды барлығына да үйретеді», – деген екен. Олай болса, адам өмірінде қандай қажеттіліктер болады? Олардың бір-бірінен қандай айырмасы немесе қандай ұқсастықтары бар? Күнделікті тұрмыстағы қажеттілік дегеніміз не? Адам өміріне орай әртүрлі қажеттіліктерді саралай отырып, барлық пәндерді ықпалдастыруды ойластыруға болады. Мысалы, биологиялық қажеттілік адам ағзасының дамуын қамтамасыз етсе, әлеуметтік қажеттілік адамның қоғамдағы орнын, мәнін анықтайды. Рухани қажеттілік – парасаттылық, танымдық, эстетикалық моральдық ізденістен туады. Әлемді тану, табиғат әсемдігін, үндестілігін, үйлесімін, өнер жетістіктерін жүреппен қабылдап бағалай алу, өзі өмір сүріп отырған ортаның заңдарын, ұлттық құндылықтарды қастерлей білу, махаббатты, сүйіспеншілікті, қайырымдылық пен имандылықты құрмет тұту тәрізді қажеттіліктерді өзін-өзі тануда ықпалдастық арқылы жеткізуге болады. Тәрбие ең алдымен адам жүрегіне жол табумен ерекшеленеді. Тәрбиенің әдістемелік негізін философиялық, психологиялық, педагогикалық тұрғыдағы баланың өзіндік қабілеті, белсенділігі, шығармашылығы, тұлғалық дамуы сияқты аспектілердің жиынтығы құрайды. Қазақ халқының ұлағатты өнегесі арқылы адамгершілікті тәрбие төңірегінде қаншама құндылықты ойлар айтылған. Сонау халықтық педагогикадан бастап, бүгінгі заманауи құндылықтардың бәрі де адам үшін қызмет етеді. Рухани-адамгершілік мазмұндағы әдеби көркем мәтіндердің ішінде Абай мен Шәкәрім шығармаларының алатын орны ерекше. Екеуі де адамзат баласын, адам әлемін сезіне, сүйе білуге шақырып, ізгілік еліне сара жол салады. «Абай шығармаларының алтын арқауы болып Адам тұрады, адамға деген махаббат тұрады. Ұлы ақын нағыз адам, толық Адам қандай болуы керек? – деген мәңгілік сұраққа жауап іздейді, әрі оған жауап береді де», – деп Қ. Бітібаева айтқандай пейілі кең, ойы орнықты, талғамы терең, сезімі сергек, санасы жоғары, ең бастысы жүрегі жылы адамның рухани байлығы да мол болады. Абай айтқан жылы жүрек, ыстық қайрат, нұрлы ақыл адам баласын бақытқа бөлеп, өмірін өркендете түседі. Біздің өзін-өзі тану пәні рухани білім берудегі басты мақсатымыздың өзін осы Абай айтқан адамгершілік қағидаларын оқушы жүрегіне жеткізе білу деп ойлауға әбден болады. Әдеби тұрғыдан келгенде Абай мен Шәкәрім, Мағжан мен Мұқағали шығармаларының көркемдік ерекшеліктері айшықты оралымдардан көрінеді, ал бізге қажеттісі – олардың жан дүниесінің сұлулығы. Олар іздеген үйлесімдік пен ізгілік, махаббат пен достық, пейіл мен ықылас

жарасымын адам бойындағы құнды қасиеттер деп бағалай отырып, біз әдеби-көркем туындылардағы мазмұн арқылы болашақ ұрпақты еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеуді нысана тұтамыз.

Өзін-өзі тану пәнінің 6-сынып оқулығында берілген Абайдың «Он жетінші» қарасөзін оқып түсіну арқылы оқушылар қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысын талдап, олардың адам үшін артықшылығы неде, адамның мәнді де мағыналы өмір сүруі үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін қалай ажыратқаны жөн, не нәрсеге мән беріп, нені басшылыққа алғаны дұрыс екенін байыптайды. «Жүрекке билету» деген сөздің мағынасын түсіне отырып, оқушылар тағы қандай қасиеттерді «жүрекке билетуге» болатыны жөнінде ой толғайды.

Ал, Ш.Құдайбердіұлының «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек», – деген нақыл сөзде айтылған адамның жақсы өмір сүруіне негіз бола алатын адами қасиеттердің мәнін ұғыну оқушылардың өз бойларындағы адамгершілік қасиеттерді дамытуына ықпал етеді.

Адамның пейілі таза, көңілі кең, мейірімі мол, әр нәрсені қанағат ынсап тұта алу қасиетінің көптігі ниетке байланысты екендігін Шәкәрімнің «Мейірім, ынсап, әділет, шыдам, шыншыл характер – түп қазығы ақ ниет», – деген нақыл сөзі дәйектей түседі. Мейірімді, қайырымды, сезімтал адам әрдайым жақсылық жасауға дайын тұрады. Ақ ниетпен жақсылық жасау адамның ішкі дүниесінің байлығын, жан сұлулығын көрсетеді.

Өмірде кездесетін әр түрлі жағдайларда басқаларға зиян келтірмей, ой мен істің бірлігін сақтай отырып, байыпты шешім қабылдай алу да жақсылықтың нышаны. Олай болса, адамды бойдағы жақсы қасиеттер мен жаман қасиеттерді ажырата білуге үйрету үшін С.Аронұлының «Жақсы мен жаман адамның қасиеттері» атты өлеңіне адамгершілік құндылықтар негізінде талдау жасалады. Жақсылық та, жамандық та әркімнің өзіндік сенімінің қаншалықты мықты екендігіне байланысты болғандықтан балаларға қиындықпен бетпе-бет кездесуден қорықпай, жеңіл жол іздемей, сеніміңе үміт артып, әрқилы кедергіні де жеңуге ұмтылады. Сөйтіп, оқушылардың ойы адамның өзіне-өзі сенімді болуының басты көрсеткіші болып табылатын батылдық, табандылық, адалдық сияқты қасиеттері айналасында шоғырланады. Осы орайда оқушылардың сенім туралы, оның түрлі қырлары жөніндегі түсініктерін кеңейту мақсатында М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңіндегі қайратты, айбынды, көздерінде от бар, сөздерінде жалын бар, арлы, мінезі жұмсақ, жүрегі ақ, иманды және т. б қасиеттерге сипаттама беріледі. Мысалы, Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін әдеби және адамгершілік білім беру ықпалдастығында қарастырып көрейік. Өлең мазмұнындағы әдебиеттік мазмұн ғылым, білім алуға үндеп, оқушыларды бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болуға, ғылымға берілу жолдарын іздестіруді мақсат етеді. Ал өлеңнің адамгершілік сипаты адамды босқа шаттанбауға шақырады. Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ тәрізді бес жағымсыз қылықтардан адамды аулақ ұстап, оларды керісінше талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сияқты жақсылыққа жетелейтін қасиеттерге баулиды. Адамгершілік қағидаларды көрсететін әдеби көркем мәтіндер оқушының интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерін, логикалық ойлауын, дамытып, елестете алу, қиялдай білу дағдыларын қалыптастырады. Шығармашылық көңіл күй оқушының басқа пәндерді де құлшыныспен оқуына әсер етеді. Көркем шығарма мазмұнындағы елжандылық, әсемдік, рухани-адамгершілік құндылықтар басқа пәндермен пәнаралық тығыз байланыста болғанда ғана оңай шешіледі. Мысалы, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беруде жарасымды қарым-қатынас жасау, қасындағыларға көмек беру, туыстары мен жақындарына қамқорлық көрсету, өзімен және қоршаған ортамен үндестікте өмір сүру, әр істе белсенділік, азаматтық таныту және өз ойы, сөзі мен ісіне жауапты болу тәрізді түйінді құзіреттерді дамыту арқылы жеке тұлғаның жан-жақты қалыптасуын қарастырады. Олай болса, әдеби көркем шығармалар өзін-өзі тану бағдарламасының мазмұндық өзегін құрай отырып, жасөспірімдердің адамгершілік құндылықтарын жетілдіруге бағытталады деп тұжырымдауға болады. Түптеп келгенде, бұл оқыту үрдісіндегі барлық пәнге ортақ міндет. Алайда, әр пәннің өзіндік ерекшелігіне орай бұл мақсат әр қырынан қиюласқанда ғана қисынын табады. Сондықтан пәнаралық ықпалдастыруды әр пәннің мазмұндық ерекшеліктеріне орай ойластыру қажет.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым – қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез – келген мектептің міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына «Өзін – өзі тану» пәні зор ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Бала тәрбиесі № 2, 2006 ж., № 4 2008 ж.
2. «Өзіндік таным» № 2, 2007 № 5-6 2006 ж.
3. Бастауыш мектепте оқыту № 4, 2007 ж.

ҒТАХР: 14.25.09

А.С. Құсайынова, Н. Манасқызы
«№35 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ, Семей қ.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МУЗЫКА ПӘНІНЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

BASIC COURSES MAIN DIRECTIONS FROM THE MUSIC ESTIMATE

Мектепте эстетикалық тәрбие оқушылардың сыныптан тыс тәрбие жұмысының жүйесінде кеңінен пайдаланылады. Эстетикалық тәрбиенің өмір елегінен өткен көптеген формалары бар. Шығармашылық үйірмелер – олар әдебиет, музыка, хореография, бейнелеу өнері т.б.

Балалардың шығармашылық жұмыстарының басты формаларының бірі – көрмелер, сайыстар. Көрмеде оқушылардың бейнелеу өнері, қабырға газеттері, қолжазба журналдары көрсетіледі. Сайыста жақсы лирикалық, эстрадалық әндер, әңгімелер орындалады. Сайыс оқушыларды қуанышқа бөлейді, келешекке үмітін тұтындырады.

Мектепте музыка, кескіндеме және әдебиет кештері өткізіледі. Онда оқушылар тыңдаушыларды өз шығармалары және әндерімен таныстырады, пікір алмасады, ұсыныстар айтылады.

Шығармашылық конференцияларда оқушылардың зерттеу жұмыстары туралы баяндамалары, рефераттары талқыланады. Олардың жұмыстары жөнінде құнды пікірлер айтылып, ұсыныстар беріледі.

Мектеп және сынып бойынша алдын-ала жасалған жоспарларға эстетикалық саяхат өткізіледі. Саяхаттың негізгі объектілері көркем галерея, мұражай, театр, кинотеатр, түрлі көрмелер.

Көркемөнерпаздар үйірмесі оқушылардың өнерге әуестігін, қызығушылығын, талғамын дамытуда үлкен роль атқарады. Көркемөнерпаздар үйірмесі сынып, сыныпаралық және мектеп бойынша ұйымдастырылады. Үйірмеге ән салуға, билеуге машық, музыка аспаптарында ойнай білетін қабілетті оқушылар қабылданады.

Эстетикалық тәрбие жұмысына көмектесуде мектеп кітапханасының көп мүмкіншіліктері бар. Кітапхана бейнелеу өнері, кескіндеме, музыка және өнердің басқа түрлеріне байланысты кітаптар көрмесін ұйымдастырады, әдебит тізімдерін дайындайды, әңгімелер өткізеді, мұғалімдермен бірігіп, сыныптан тыс оқулықтарды, оқырмандар конференциясын өткізеді, басшылық жасайды.

Сыныптан тыс эстетикалық жұмыстың барлық түрлері оқушылардың еріктік, қызығушылық, бейімділік принциптері негізінде іске асырылады.

Мектепте оқушылардың эстетикалық мәдениетіне басқа факторлар әсер етеді. Мысалы, жарық сынып бөлмесі, әдемі мектеп мебельдері, демалыс бөлмелері, қолайлы жұмыс орны оқушылардың эстетикалық танымын, белсенділігін көтереді.

Көп түрлі эстетикалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру оқушылардың эстетикалық дүниетанымының негізгі көзі болады.

Басты мәселе, күнделікті өмірдегі әсемдіктің адам мен табиғаттың бірлескен әрекетінің күшімен пайда болғанын ұғындыру. Осының негізінде ғана оқушы өз еңбегінің пайдалы екенін және оның сұлулығын көре білетін, осыдан өмір сұлулығын жасайтын адам екенін түсінеді. Мұны жүзеге асыруда көпшілікке хабар тарату құралдарын және баспасөз материалдарын кең пайдалануға болады.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет.

Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады.

Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектің және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбиенің құралдары ретінде қызмет етеді. Халқымыздың әндері жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылады.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлілігі таң қаларлықтай (домбыра, шертер, асатаяқ, шаң қобыз, ұран, мүйіз сырнай, жетіген, үскірік, қамыс сырнай, дабыл т.б.). Олар бос уақытта пайдаланылып жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті.

Эстетикалық тәрбиенің күрделі мәселелерін айқындауда біз халықтың жинақтаған педагогикалық білімі мен тәрбие тәжірибесіне сүйенуіміз қажет.

Жеке адамның жалпы мәдениеті үйелменде, қжымда, жұртшылық арасында байқалады. Сондықтан күнделікті өмірдегі оқушының жеке басының эстетикасына ерекше көңіл аудару мұғалімдер мен ата-аналар алдындағы кезек күттірмейтін басты мәселелердің бірі болып саналады.

Оқушылардың жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манера (өзін ұстай білу), дене қимылы т.б. А.С.Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген.

Қатынас эстетикасы. Үйелменде ата-аналармен, мектепте оқушылар мен мұғалімдермен, басқа адамдармен қатынас жасау эстетикалық тәрбиенің іргетасы. Мұндай қатынас балалардың күнделікті өмірінде, іс-әрекетінде қалыптасады, эстетикалық сезіміне үнемі әсер етеді. А.С.макаренконың айтуы бойынша: адамдармен жылы шырайлы қарым-қатынас, көршілерге қайырымды, сенімді дос және өнегелі болу – осының бәрі моральды эстетиканың басты салалары.

Үй-жағдай эстетикасы. Әрбір үйелмен өз үйіне жайлы жағдай жасауға тырысады. Әр түрлі үй дүние-мүліктерінің өз орнына әдемі, ыңғайлы тұруын ойластырады. Жұмыс істейтін және демалатын бөлмелерді өте қолайлы жабдықтайды. Үйелменде балаларды үй ішінде өзінің жеке заттарын, нәрселерін ретке келтіріп ұстауға, кетуге, үйді жинауға, тазалықты сақтауға үйретеді. Осындай жұмыстардың барлық түрлеріне балаларды қатыстыру әке мен шешенің, ересек үйелмен мүшелерінің басты міндеттері.

Тыңдауды неден бастау керек? Бұл – музыка тыңдауға үйретудің күрделі де маңызды мәселесінің бірі. Жалпы, қабылдау процесі жөнінде О.Апраксина: «...кез келген қабылдау күрделі процесс, оған түрлі сезім мүшелері қатысады, нәтижесінде күрделі шартты рефлекторлық байланыстар жиынтығы түзіледі. «Музыкалық қабылдау – оның мәні шындықтың көркем бейнесін музыкалық шығармадан ести алу және оның мазмұнын көркемдік бірлік ретінде сезіне отырып бастан кешіре білу қабілеті» - деп атап көрсетті. Музыкалық шығарманы қабылдау процесі үстінде оқушы оны толық тыңдайды, бірақ толық түсінбеуі немесе мүлде түсіне алмауы мүмкін. Бұл оның музыка тыңдаудағы тәжірибе ауқымына байланысты қабылдайды. Музыкадағы барлық оқиға желісі музыка үнінің құдіретті тілі арқылы жеткізіледі. Егер, оқушы күрделі мазмұнға құралған байланысы бар кесек туындыларды тыңдай білмесе, шығарманы толық түсіне білу қиын. Сөз жоқ, ішкі мазмұны музыка тілі арқылы берілетін күрделі шығармалардың негізгі өзегі оның әуені болып табылады. Ал, тыңдаушы музыкалық білімнің, әсіресе тыңдау қабілетінің аздығынан сол әуеннен ештеңені сезіне алмай, музыканы шала ұғып, эстетикалық әсерленуі ойдағыдай болмайды. Кейде соның салдарынан музыкалық шығарманы түсінбей де қалады. Бұдан басқаны қабылдау үшін оны тек тыңдап қана қою жеткіліксіз екенін аңғарамыз.

Музыкалық шығарманы талдап, тыңдаудың екінші жағы – музыканы ойнап көрсету. Мұғалім шығарманы өзі орындайды немесе ұнтаспадан тыңдатады. Бастауыш сыныптарда музыкалық шығарманы мұғалім өзі орындап көрсеткені тиімді. Бұл сыныптарда өтілетін музыкалық шығармалардың көлемі шағын болғанымен, орындауы үлкен шеберлікті қажет етеді. Бір шығарманы әртүрлі аспапта ойнап көрсету, мәнерлі орындау. Ойнатуда мұғалімнің мүмкіндігі жетпеген жағдайда музыкалық шығармадан ұнтаспадан тыңдатылады. Оны қалай түсінуге болады? Күрделі шығармадан үзінді орындаған симфониялық оркестрдің құрамындағы сан қырлы аспаптардың бояуын ешқандай да орындау ауыстыра алмайды.

Ортатория, кантата, опера, симфониядан алынған үзінділерді ұнтаспадан тыңдатқанда ғана сабақ мақсатына жетеді. Музыка сабағында нақты мақсат қойылу арқылы оқушының сезімін (эмоция) ояту. Оқушылардың сабақ үстіндегі эмоциялық өзіндік іс-әрекеттері бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады.

Сезімді (эмоция) ояту үшін қабылдауда белсенділік мақсаты қойылады.

Бірінші мақсат: а) музыкалық шығарманың мазмұнын оқушылармен бірге талдау; ә) музыка-дидактикалы ойындар ұйымдастыру; б) тиімді әдісті таңдап ала білу; в) оқушылардың жас ерекшеліктері мен музыкалық даму ерекшелігін ескере отырып, музыкалық шығарма таңдау арқылы жүзеге асырылады. Екінші мақсат – музыканы саналы түсінуге баулу. Саналы түсіну үшін белгілі бір деңгейде музыкалық білім болуы керек. Сондықтан, бұл міндетті жүзеге асыру үшін, нота сауатын меңгеру мақсаты қойылады.

Нота сауаты: а) музыканың көркемдік құралдарының (екпін, саз, ырғақ, әуен, тембр, гармония, өлшем, т.б.) музыкалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін түсіндіру; ә) әнді нотамен орындау; б) түрлі көрнекіліктер пайдалану; в) ырғақтық қимылдар жасау (нота биіктігін көрсету, қолды ырғақпен шапалақтап ұру) арқылы меңгертіледі.

Әдебиеттер

1. Дуйсембінова Р.К. Музыкалық білім беру педагогикасы: оқу құралы. – Талдықорған, 2006. – 216 б.
2. Балабеков Е. Қазақтың музыкалық фольклоры: Оқу құралы. – Алматы, 2006. – 157 б.
3. Қоңыратбай Т. Қазақ халқының музыкалық фольклоры //Музыка әлемінде. 2004, № 2. – 34-38 б.

ҒТАХР: 14.23.07

Ғ.3. Таубаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., galiya_63@bk.ru

БІЛІМДІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК – КӘСІБИ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТЫ САПАСЫ

EDUCATIONAL COMPETENCE – BASIC QUALITY OF PROFESSIONAL SPECIALIST TRAINING

Бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған өзгермелі кезеңде жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да күшейіп отыр. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық дамыту жолдарын, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», – деп көрсетілген. [1].

Қоғамның жаңа элеуметтік мәдени жағдайында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өздігімен дербес тиімді педагогикалық жолдарды таба білетін, білімді де қабілетті, ұлттық құндылықтарымыз бабалар дәстүрлерін сақтай отырып, тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытатын білікті кәсіби маман даярлау ісіне деген сұраныс жылдан-жылға өсуде. Бұл міндеттің мәні ұлттық дәстүрлер мен өркениет жетістіктерін сабақтастыра дарытатын, кәсіби құзіреттілігін арттыратын, әрі патриот, әрі ізгі ұрпақ тәрбиесімен айқындалмақ.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында «... білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген [2].

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарның «дүниеге жауапкершілікпен қарайтын инновациялық, шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол, білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру» [3], шебер сөйлейтін, шешен мамандар дайындау.

Осы ретте мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары алдында үлкен де салмақты міндеттер тұр. Бұл міндеттердің шешімі студенттерге мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламаларына сәйкес ғылым салаларынан білім берумен ғана шектелмейді, студенттер болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан, жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді өз ойларын жүйелі, түсінікті етіп, шебер сөйлеу үрдісіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандары терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан маман болуы тиіс.

Основная цель обучения – ребенок, его идеи и мысли, а не стандартизированные программы и навыки. Возвращается из забвения древнейшая теория интереса – ребёнку требуются развивать собственные идеи и выбрать виды деятельности, которые ему интересны. Так осуществляется индивидуализация и дифференциация обучения, которая основывается на различии способностей, склонностей и темпов обучения детей и различии и представляет собой широкий спектр мероприятий, состоящих не только в выявлении потенциальных умственных способностей, но и в решении социальной и коммуникативной компетенций индивида. Проблема развития способностей – одна из самых актуальных. Что такое способности? Под способностями обычно подразумевают индивидуальные особенности человека, которые являются условиями успешного выполнения – деятельности. Наша задача обнаружить – выявить, – раскрыть индивидуальные способности каждого ребенка. У термина “способности” довольно много синонимов. Один из них – “уровень развития”. Дети различаются разным уровнем гибкости мыслительной деятельности – одни быстро находят ответы, другим нужно основательно подумать, чтобы прийти к правильному заключению. Разным темпом усвоения знаний – один быстро схватывает и запоминает, другим нужна длительная работа и повторения, чтобы усвоить новый материал. В разном темпе формируются и навыки: один ребёнок выполняет действия автоматически после десятка повторений, у других это число повторений удваивается и утраивается, и только тогда действие становится автоматизированным. Воспитатель организует работу с детьми с учётом их индивидуальных особенностей. Если бы он занимался со всеми дошкольниками одинаково, то одни успешно справлялись бы с материалом, а другие постепенно всё более и более отставали бы. Неправильно, если педагог в своей работе опирается только на детей, знающих материал, тогда активно работают одни и те же ребята, а какая-то часть остаётся пассивной. Не успевая мыслью за активными детьми, они постепенно отстают в развитии и усвоении знаний. Дифференцированный подход в обучении требует от воспитателя определённой гибкости: дать более сложное задание сильному ребёнку, поставить перед ним более трудный вопрос, поручить больший объём работы – это будет поддерживать его интерес к учебной деятельности. В то же время добиваться, чтобы все дети выполнили поставленные перед ними задачи, спросить и тех, кто не отвечает, оказывать своевременную помощь более слабым, подбирать им индивидуальные задания в пределах их индивидуальной «зоны ближайшего развития». Задавать им доступные вопросы, дать почувствовать, что они тоже способны усвоить материал. Какой же выход из этой ситуации? Дифференцированный подход в воспитании и обучении на основе представлений педагога о личностных возможностях воспитанника, анализа представления способностей детей к обучаемости. Дифференциация в переводе с латинского обозначает разделение, расслоение целого на части, формы, ступени. Дифференцированное обучение – это форма организации учебного процесса, при которой педагог работает с группой детей, составленной с учетом наличия у них каких либо значимых для учебного процесса общих качеств (гомогенная группа).

Обучение детей имеет наглядно – действенный характер и основывается на обучающей роли взрослого. В ходе объяснения мы обращаемся как ко всем, так и конкретно к ребёнку в отдельности. Присутствие детей с разным уровнем развития даёт возможность подходить к индивидуальному обучению ребёнка, значительное внимание уделять младшим. Большое значение имеет и то, как дети сидят на учебной деятельности. Двое легко возбудимых детей, сидящих рядом, могут мешать не только друг другу, но и всем остальным. Если же рядом с легко отвлекающимся ребёнком находится спокойный, уравновешенный сверстник, то и первый ребёнок ведёт себя более организованно. Под особый контроль берём детей робких, неактивных, а так же упрямых. Робкого ребёнка следует похвалить за старание. Если же малыш упрямится и не хочет выполнять указания воспитателя, просьбу – его внимание лучше переключить на другой объект. Так с помощью разнообразных приёмов и методов создаётся положительно – эмоциональная атмосфера. Многие дети не могут сформировать свои желания в учебной деятельности по замыслу. Тогда воспитатель, предлагает вспомнить какие-то яркие моменты отдыха, прогулки, праздника. Ребёнок охотно начинает заниматься самостоятельно. Большинство детей, как правило, испытывают технические затруднения при выполнении заданий. Для этого в группе создан уголок, в котором ребёнок может выбрать шаблон, трафарет для рисования, лепки. Есть дети, которым необходима постоянная помощь взрослого. В работе с такими пассивными детьми даю им возможность самим выстраивать последовательность своих действий, проговаривать их, чтобы появилась самостоятельность и уверенность в своих действиях. Дети очень чувствительны к оценке со стороны взрослого. В ходе учебной деятельности всегда должна присутствовать оценка деятельности индивидуально: «правильно провёл линию, хорошо ответил на вопрос». Дети младшего возраста склонны к подражанию, в основе которого лежит наглядный образ. Степень подражания у разных детей неодинакова. Одни быстро и легко повторяют за взрослым слова, предложения, различные действия, другим всё это даётся по разным причинам трудно. В таких случаях наряду с наглядным показом, воспитатель переходит к непосредственному руководству действиями ребёнка индивидуально. Так если ребёнок затрудняется держать правильно карандаш, кисть – воспитатель помогает ему удержать предмет и водит его рукой. У ребёнка появляется навык и желание заниматься, он начинает чувствовать уверенность в себе. Самостоятельная двигательная активность детей также требует от воспитателя дифференцированного подхода. Всегда видно, кто из детей более активен, а кто подолгу занят однообразной деятельностью. Наша задача выбрать ту или иную игрушку, поиграть вместе, ввести ребёнка в группу играющих детей, предлагаем роль в игре, создавая тем самым доброжелательную обстановку. Так же следим за самочувствием детей и их взаимоотношениям. Робким, застенчивым, малоподвижным детям помогаем выполнить упражнения (берём за руку, подбадриваем ласковым словом). Внимательное отношение воспитателя, участие в игре, своевременная помощь всё это даёт возможность детям быстро стать активным участником подвижных игр. Поддерживаем доброжелательное отношение, которое способствует положительному эмоциональному фону в коллективе. Особое внимание уделяем так называемым «тихим детям». В работе с такими детьми создаём условия, которые развивают активность детей, укрепляют их веру в свои силы. Используем как в повседневной жизни, так и в учебной деятельности художественные произведения, сказки, потешки, хороводные игры, где дети раскрывают свои творческие способности. Обыгрывая сказку, потешку ребёнок не только развивает свою речь и память, но и получает навыки общения со сверстниками, взрослым, перестаёт быть замкнутым. Также используем в работе с капризными или непослушными детьми игровой приём сравнения их с героем сказки. Например, ребёнок не в настроении, вредничает: «Ты, сегодня такой сердитый как папа Мишутки – Михайло Потапыч, расскажи на кого ты сердисься». В ходе организованной учебной деятельности обеспечиваем активную познавательную деятельность детей, используем различные формы ее организации: фронтальную, коллективную и индивидуальную. Организуя индивидуальную работу с детьми при выполнении различных упражнений, решении задач, для формирования отдельных умений и навыков позволяет нам видеть те трудности, с которыми сталкиваются дети, и своевременно оказывать им необходимую помощь в учебной работе. «Современные исследования показывают, что нет необучаемых детей и даже самых тяжёлых можно чему-то научить, используя специфические методы, приёмы и средства обучения, глубокую дифференциацию и индивидуализацию обучения». С

целью формирования познавательной активности может быть организована элементарная поисковая деятельность детей, которая выражается в том, что воспитатель выдвигает перед ними познавательные задачи, которые затем решаются в процессе непосредственного активного наблюдения, участия малышей в элементарных опытах, эвристических беседах, проводимых воспитателем. Например, в морозный день перед детьми ставится задача: «Как вы думаете, можно ли сегодня лепить снежки? Почему нельзя? Что надо сделать со снегом, чтобы из него было легко лепить?» Чтобы ответить на эти вопросы, дети рассматривают снег, пробуют слепить снежки, высказывают свои суждения, почему это трудно сделать. Затем вносят снег в тёплое помещение и снова лепят из него. На основании проведённых наблюдений и экспериментов дети приходят к выводу, что свойства снега зависят от температуры воздуха. В результате элементарного «исследования», в котором они участвовали, полученные знания будут осознанными и прочными.

В процессе дифференцированного подхода мы изучаем, анализируем, классифицируем различные качества личности и их проявлений у детей, выделяя наиболее общие, типичные черты, характерные для определенной группы воспитанников, и на этой основе определяем стратегию своего взаимодействия с группой и конкретные задачи воспитания, формы включения детей в общую деятельность и коллективные отношения. При этом ребёнок в меньшей степени чувствует себя объектом воспитания, так как основные воздействия педагога направлены на группу в целом, а не на него. В нашем понимании «дифференцированное обучение» – это создание наиболее благоприятных условий для развития личности воспитанника как индивидуальности. Отсюда следует:

- дифференцированное обучение – не цель, а средство развития индивидуальности;
- проведение (внедрение) дифференцированного обучения невозможно без знания индивидуальности каждого ребенка как данности, с присущим только ему личностными особенностями;
- только знание индивидуальных особенностей каждого обеспечивает построение личностно-ориентированной системы воспитания и обучения.

Следовательно, исходный пункт в организации такой системы – раскрытие индивидуальных особенностей (возможностей) каждого воспитанника в развитии. Именно дифференцированный подход в обучении создает благоприятные условия для этого.

МРНТИ: 14.23.09

Т.Л. Гончарова

КГКП «Ясли-сад № 9 «Айгөлек», г. Семей, aigolek9@mail.ru

ОРГАНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ И АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКАМ ПОСРЕДСТВОМ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ЛИНГВОСТУДИИ

ORGANIZATION EDUCATION KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES THROUGH TEATRICAL ACTIVITIES IN THE LANGUAGE STUDIO

В Послании Президента (Астана, 28 февраля 2007 года), Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире» в целях обеспечения конкурентоспособности страны и ее граждан предложена поэтапная реализация культурного проекта «Триединство языков», согласно которому необходимо развитие трех языков: казахского как государственного языка, русского как языка межнационального общения и английского как языка успешной интеграции в глобальную экономику.

В ходе интерактивной лекции в стенах Назарбаев Университета Нурсултан Назарбаев дал поручения правительству по развитию в Казахстане дошкольного образования и триязычия: "Первое – на основе передового международного опыта внедрить современные методы обучения в дошкольных воспитательных учреждениях, они должны быть инновационными, с образованием технологии и креативности. Второе – детально разработать системное предложение на предмет охвата дошкольным образованием детей. Третье – на уровне дошкольного образования обеспечить повсеместное внедрение триязычия. Так мы можем построить логическую систему овладения языками. Азы будут

изучать на уровне детского сада, в школе базовый уровень, в университете или в колледже - профессиональный язык по специальностям". По сообщению сайта TengriNews.

В раннем детстве ребенок без особых усилий усваивает и один, и два языка, поскольку это происходит с помощью одного и того же механизма в мозгу. Языковая способность человека нейтральна в отношении того, какой язык и сколько языков (в разумных пределах) усваиваются ребенком. Языковая способность человека рассчитана на то, чтобы он стал двуязычным. При исследовании и сопоставлении мозга билингов и монолингов не выявлено никаких различий. Главной системой организации мышления, по мнению многих ученых, является не язык, а семантические категории. Поэтому владение несколькими языками не означает существования нескольких мышлений. Каждый следующий язык усваивается ребенком быстрее, чем предыдущий.

Знание родного и изучение иностранного языка расширяют кругозор личности, содействуют ее многогранному развитию, способствуют формированию установки на толерантность и объемное видение мира. У детей развиваются способности самостоятельно и творчески решать разнообразные задачи и проблемы, по-разному уметь выражать свои мысли и чувства.

Роль иностранного языка на ранней ступени обучения особенно неопределима в развивающем плане. Язык для ребёнка – это, прежде всего, средство развития, познания и воспитания. Иностранный язык на ранней ступени рассматривается как средство формирования интеллекта ребёнка и развития его способностей; как средство осознания собственного «Я» и самовыражения; средство социального взаимодействия, с помощью которого ребёнок овладевает социальным миром.

Богатейшее поле для полиязычного и поликультурного развития детей представляет театрализованная деятельность. Она решает важные задачи эстетического воспитания, формирования у детей эстетических интересов, потребностей, эстетического вкуса, а также творческих способностей.

Театр воздействует на ребенка комплексом художественных средств: применяется художественное слово, наглядный образ, музыкальное сопровождение. Сказки, спектакли пользуются у детей неизменной любовью. Ребенок проигрывает много ролей, что заставляет его сопереживать персонажам. Для реализации данных задач была разработана программа полиязычного обучения детей среднего дошкольного возраста посредством театрализованной деятельности

Новизна предлагаемой программы заключается в том, что она содержит межпредметную интеграцию, подготовлена мультидисциплинарной командой педагогов: преподаватели казахского и английского языков, музыкальный работник.

Понятие "Интеграция" происходит от латинского integer – цельный, что подразумевает восстановление некоего единого образовательного пространства, в данном случае – пространства русского, казахского и английского языков и театрализованной деятельности.

Цель программы полиязычного обучения посредством театрализованной деятельности:

- создать коммуникативные условия, обеспечивающие социально - личностное, познавательное – речевое развитие дошкольников через изучение казахского и английского языка, активизации их творческой деятельности посредством театрализованной деятельности.

Задачи программы полиязычного обучения посредством театрализованной деятельности:

- реализация творческих потребностей дошкольников с учетом их индивидуальных возможностей;
- формирование речевых навыков и умений;
- формирование первичных навыков диалогической и монологической речи на казахском и английском языках;
- развитие речевого слуха, языковой памяти, внимания, творческого воображения, логического мышления;
- развитие речевой и коммуникативной культуры (общения);
- воспитание интереса и уважения к культуре других народов.

В основе программы полиязычного обучения детей дошкольного возраста посредством театрализованной деятельности лежат следующие **методические принципы**:

- интеграция основных речевых умений и навыков (на трех языках);
- комплексной реализации целей: коммуникативная, развивающая, воспитывающая;
- коммуникативная направленность заданий и дидактического материала;
- осознанное владение языками, применение полученных умений и навыков в театральной деятельности и в жизни.

Каждый из перечисленных принципов направлен на достижение результата обучения, овладение детьми казахским, английским языками на элементарном уровне, как средством общения.

Программа составлена с учетом реализации интеграционных связей между образовательными областями.

Ожидаемые результаты реализации программы:

Развитие мыслительных процессов:

- проявляют интерес к изучению языков и театральному искусству;
- сформированы способности анализировать героев сказок, делать простейшие обобщения;
- дети умеют применять в спектаклях инсценировках полученные знания о различных эмоциональных состояниях и характере героев, используют различные средства выразительности речи; сформировать первичные навыки диалогической и монологической речи на казахском и английском языках.

Развитие речевых умений:

- проявляют умение взаимодействовать и ладить со сверстниками в не-продолжительных инсценировках или драматизациях;
- умеют делиться своими впечатлениями с воспитателями и родителями;
- пересказывают содержание произведения с опорой на рисунки в книге, с использованием настольного театра; используют навыки элементарной диалогической и монологической речи на казахском и английском языках;
- могут исполнить небольшую роль в инсценировках или драматизациях при помощи взрослого.

Развитие двигательных навыков:

- способны выразительно и эмоционально передавать игровые и сказочные образы;
- могут самостоятельно выполнять танцевальные движения под плясовые мелодии;
- умеют выполнять движения, передающие характер изображаемых животных.

Реализация программы осуществляется в **форме лингвостудии «Звездочки»**.

Работу студии организует мультидисциплинарная команда педагогов, которая работает по единому перспективному плану. Каждый педагог на своем занятии решает предметные задачи образовательного стандарта по заданной теме перспективного плана.

Музыкальный и языковой материал в перспективном плане распределен с учетом возрастных особенностей детей.

Лингвотеатрализованная деятельность в студии базируется на принципах развивающего обучения, на учете закономерностей развития ребенка, при этом учитывается психологическая комфортность каждого воспитанника.

Формы работы студии: подгрупповые занятия. Продолжительность занятия 20 минут.

Перспективный план работы студии содержит 36 тем. Занятия проводятся три раз в неделю педагогами казахского, английского языков и музыкальным работником отдельно, но по единой теме.

Арсенал игр упражнений и техник, используемых в студийной деятельности огромен. Он включает в себя различные виды театра, бесед, чтение сказок, разучивание стихотворений, поговорок, отгадывание загадок, фонетических упражнений (направленных на совершенствование произношения специфических звуков казахского и английского языков), методики релаксационного характера.

Основным методом обучения языку в лингвотеатральной студии «Звездочки» является лингвотеатральная игра. В такой игре дошкольнику доступна внутренняя активность сопереживания, способность действовать в воображаемых ситуациях, понимать внутренний мир персонажей. Это открывает перспективы использования лингвотеатральной

игры в нравственном развитии детей, – умении соотносить себя с положительными и отрицательными героями. Благодаря этому зарождаются социальные чувства, эмоциональное отношение к событиям и поступкам. Развитие у ребенка способности к успешному решению проблемных ситуаций в лингвотеатральной игре происходит за счет умения увидеть, проанализировать, продраматизировать ситуацию с позиций разных персонажей, выделить свойства и условия её решения.

Лингвотеатральная игра, как форма организации деятельности ребенка позволяет изучить факторы, способствующие изменению эмоциональной регуляции ребенка, выявить особенности и средства совершенствования производных эмпатических эмоций, умения отражать чувства и состояния других, поскольку в театральной деятельности быстро формируется чувство симпатии к взрослому, что обеспечивает эмоциональное благополучие воспитанника.

Появления замысла в лингвотеатральной игре связано с изучением языков, развитием творческого воображения, памяти. Развитию творческого воображения способствуют специально подобранные упражнения и этюды. При создании драматического образа у ребенка возникает необходимость самостоятельно комбинировать свои впечатления, создавать новые образы, использовать, преобразовывать прошлый опыт.

Таким образом, занятия в студии лингвотеатра «Звездочки» способствуют не только изучению казахского и английского языков, но и развивают психические функции ребенка, художественные способности, творческий потенциал, обеспечивают социально-личностное, познавательное-речевое развитие дошкольников через активизацию их творческой деятельности посредством театрализованной деятельности. Создаются прекрасные возможности для того, чтобы вызвать интерес к языковому и культурному многообразию мира, уважение к языкам и культурам других народов, развитию коммуникативно-речевого такта.

Реализация программы предполагает работу с родителями:

- анкетирование;
- привлечение родителей к работе с «рабочими страничками»;
- привлечение родителей к изготовлению костюмов и атрибутов;
- консультации для родителей;
- совместные спектакли.

«Рабочие странички» предназначены для родителей и их детей. На «рабочих страничках» размещены различные фонетические упражнения, тексты для говорения и аудирования. Имеются иллюстрации, раскраски, которые помогут малышу получить должные представления, о каком-то явлении или понятии. Все задания подготовлены в соответствии с перспективным планом лингвостудии. Задания даны по принципу от простого к сложному. Заниматься с малышом рекомендуется по 10-15 минут.

Литература

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева народу Казахстана. (Часть I) «НОВЫЙ КАЗАХСТАН В НОВОМ МИРЕ» (Астана, 28 февраля 2007 года)
2. Государственная программа функционирования и развития языков на 2011-2020 годы. – Астана, 2011
3. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан. – Астана, 2012
4. Андреева М., Конорова Е. Первые шаги в музыке М., 1991 г.
5. Щеткин А.В., Под ред. О.Ф. Горбуновой. Театральная деятельность в детском саду. Для занятий с детьми 4-5 лет. Мозаика-Синтез, 2007. – 128 с.
6. Антипина А.Е. Театрализованная деятельность в детском саду. – М.: ТЦ Сфера, 2006
7. Гончарова О.В. и др. Театральная палитра: Программа художественно-эстетического воспитания. – М.: ТЦ Сфера, 2010
8. Иванова Г.П. Театр настроений. Коррекция и развитие эмоционально-нравственной сферы у дошкольников. – М.: «Скрипторий 2003», 2006

ФТАХР: 15.41.31

А.Ж. Аяганова, Ф.Б. Рахметова

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРГЕ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ

PREVENTION OF ADOLESCENTS DEPENDENCE ON SOCIAL NETWORKS

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер қоғамда, күнделікті өмірде тұлғаның қажетті коммуникация құралдарының біріне айналып отырғаны белгілі. Әлеуметтік желілерге деген қызығушылық пен қажеттілік әртүрлі жас кезеңінде өзінің өзектілігімен алға шығуда. Сондықтан, кез-келген коммуникация құралын пайдалану тек дамытушы сипатын ғана емес, тұлғаның оған қандай да бір қатынасын туындатады.

Жоғарыда айтылған мәселелерге орай, әсіресе жеткіншектердің әлеуметтік желілерге деген қатынасы алаңдату туындатып отыр. Себебі, осы жас кезеңінде құндылықтар мен қызығушылықтар аймағы жаңа сипатқа ие болатындығын ғалымдар көрсетіп жүр [1,2].


Жеткіншектік шақ даму ұғымын және «өзгеру», «модификация», «жаңару» терминдерін талдауды қажет ететін және оны сипаттағанда әрдайым есеюдің әртүрлі аспектілерін қолдануды қажет ететін жас кезеңі болып табылады. Ғалым М. Кле көрсеткендей, жеткіншектік кезеңде ағза мәнді өзгерістерді бастан кешіреді де, биологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамудың барлық қырына әсер етеді: пубертанттық кезеңде терең дене өзгерістері жүреді; сандық және сапалық өзгерістерді бастан кешіріп, ойлау сипаты өзгереді; әлеуметтік даму екі бағыт бойынша жүреді- ата-ана қамқорлығынан босау және құрдастарымен жаңа сипатта қарым-қатынасты орнату [3]. Сондықтан айтылған мәселелерге орай коммуникацияның бір құралы ретінде кең тарап отырған әлеуметтік желінің жеткіншектерге әсерін зерттеу маңызды мәселелердің қатарынан орын алады.

Әлеуметтік желілер арқылы жеткіншектер қажетті ақпараттарды алмасып, адамдар арасында коммуникация орнату мүмкіндігін иеленеді [4]. Айта кететін жайт, бүгінгі күні әлеуметтік желілерге жеткіншектер барынша шоғырланғандықтан олардың тәуелділік жағдайының алдын алу мәселесі шығады. Осы орайда, әлеуметтік желілерге деген тәуелділіктің алдын алу мақсатында жүргізілген зерттеулер қажеттілігі туындайды.


Жлпы алғанда «Facebook», «ВКонтакте» сияқты және т.б. әлеуметтік желілердің әртүрлі топтамасына қызығатын жеткіншектер әңгімелесушінің эмоциялық қалпын ұғыну мен оны қабылдау мен сезіну қабілетінен айырылады. Сондықтан әлеуметтік желілерді шектен тыс пайдалану эмоциялық байланысты қажет ететін қарым-қатынас тәжірибесінің жеткіліксіз қалыптасу қаупін туындатуы мүмкін.

Жеткіншектердің әлеуметтік желілерге қатынасын анықтау мақсатында тәжірибиелік жұмыстар жүргізілді. Тәжірибелік жұмыс жүргізу үшін авторлық сауалнама құрастырылды. Сауалнамаға 30 жеткіншек (11-13 жас аралығында) қатыстырылды. Сауалнама нәтижелері жеткіншектердің әлеуметтік желілерге тәуелділігін алу бағытындағы жұмыстардың жүйелеуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Бірінші «Сіз әлеуметтік желілерді жиі тұтынасыз ба?» сұрағы бойынша респонденттердің 14-і «өте жиі», 47 пайызы; «жиі» деп 11-і, бұл 37 пайыз; «қажет болғанда» деп 5-еуі, яғни 16 пайызы жауап берді. Бұл әрине жеткіншектердің басым көпшілігі әлеуметтік желінің белсенді тұтынушысы болып табылатындығын көрсетеді. Екінші «Төменде көрсетілген әлеуметтік желінің қайсысын тұтынасыз (кемінде 2-еу)?» сұрағында [ВКонтакте.py](https://www.vkontakte.ru) желісінде 30 респондент, пайызы- 100; [Facebook](https://www.facebook.com)-те 12 респондент, пайызы- 40; Instagram желісінде 18 респондент, пайызы- 60; Mail.Ru-де 5 респондент, пайызы- 17. Бұл жерде әрбір жеткіншекке екі нұсқадан таңдау сұралды. Жеткіншектер арасында әлеуметтік желінің екеуін таңдау сұралғандықтан барлық жеткіншектер «ВК» желісін кеңінен қолданылатындығын танытты.



Сурет1- Сіз әлеуметтік желілерді жиі тұтынасыз ба?




Сурет 2- Төменде көрсетілген әлеуметтік желінің қайсысын тұтынасыз?

Үшінші сұрақ «Әлеуметтік желілерді қандай мақсатта пайдаланасыз?» мазмұнында болды. Бұл сұраққа респонденттер жауап беруде біршама уақыт ойланып қалды. Өзара сөйлесіп, мақсат анықтауда бір тоқтамға келе алмады. Дегенмен, жеткіншектер сұрақтардың қиындық туындатпайтынын айта отырып, өз пікіріне жақын келетінін таңдады. «Достарымның жаңалықтарын білу үшін» жауабын 4 респондент, яғни, 13 пайыз; өз жаңалықтарымен бөлісу үшін- 8 респондент, пайызы- 27; әлемде не болып жатқанын білу үшін деген жауапты 5 респондент, пайызы 17; уақыт өткізу үшін жауабын 13 респондент, пайызы- 43 берді. Өз нұсқасында жеткіншектер негізгі жауапты таңдай отырып, қосымша жазды, яғни екі таңдау. Соларға тоқталатын болсақ, «Өртістердің өмірімен танысу» үшін деп 16 респондент, 53 пайыз жауап берді, «мақсат, жоқтың қасы, барлығы да пайдаланады. Достарымнан қалғым келмейді» деп 7 респондент, яғни, 23 пайызы жауап берді.

Келесі, төртінші сұрақ «Сіз қалай ойлайсыз әлеуметтік желілердің адам өмірінде рөлі жоғары ма?» болды. Бұл сұрақтың «ия» деген жауабын 17 респондент, 56 пайыз; жоқ жауабын 8 респондент, пайызы-27; айтуға қиналамын 5 респондент, пайызы -17.




Сурет3 – Әлеуметтік желілерді қандай мақсатта пайдаланасыз?




Сурет 4 – Сіз қалай ойлайсыз әлеуметтік желілердің адам өмірінде рөлі жоғары ма?

Бесінші «Әлеуметтік желілердің Сіз үшін пайдасы бар ма?» деген сұраққа 7 респондент «пайдасы күшті», 17 пайыз; «пайдасы жоқ, бірақ тұтынамын» деп 3 респондент, 10 пайыз; «пайдасы болсын, болмасын қазір барлығы сонда шоғырланған» деген жауапты 21 респондент, пайызы- 70; өз нұсқаңыз дегенге «Бастысы қол жетімді» жауабын 1 респондент жауап берді, пайызы- 3.



Сурет5 – Әлеуметтік желілердің Сіз үшін пайдасы бар ма?

Алтыншы «Әлеуметтік желілер Сізге қоршаған ортамен қарым-қатынаста қиындықтар туындатты ма?» сұрағына респонденттердің 23-сі «Ия» деп, пайызы-77; «жоқ» деген жауапты 5 респондент, пайызы 17; «өз нұсқасын»: «Өзіңе байланысты»- 1 респондент, пайызы 3; «Кейде туындатты» -1 респондент, 3 пайызды құрайды.



Сурет 6 – «Әлеуметтік желілер Сізге қоршаған ортамен қарым-қатынаста қиындықтар туындатты ма?»

Әлеуметтік желілердің танымалдығына қарамастан жеткіншектер оның коммуникацияны шектейтіндігін, уақытын жоғалтатындығын, ересектермен қарым-қатынаста мәселелер туындайтынын түсінеді. Дегенмен, жеткіншектердің әлеуметтік желіге деген қызығушылықтары төмендемей отыр.

Жеткіншектер қоғам өзгерістеріне өте сезімтал категория. Олардың жас ерекшеліктің сипатына байланысты өзгерістер қоғамдағы жағдайлармен түйістірілгенде тұлғалық қасиеттерінің дамуында қиындықтар туындауының алғы шарты болуы ықтимал. Бұл осы кезеңді «өтпелі», «дағдарыс» кезеңі деп тұжырымдалуымен негізделеді.

Жоғарыдағы мәселелерге орай, жеткіншектің кезеңдегі дағдарыс көптеген шиеленіс себептерінің бірден бірі екені өмірлік жағдайларда дәлелденіп жүр. Сондықтан жеткіншектердің оқу үдерісіне, жалпы өмірге деген көзқарасы ата-ана мен педагогтар тарапынан қолдау нәтижесінде жүзеге асырылғанда ғана дағдарыс кезеңі жеңіл өтеді. Мұның себебі, жеткіншек шақта олардың мінез-құлықтарын түсіну қиындығы екені сөзсіз [5]. Осы бағытта ата-ана мен педагогтардың жеткіншектерге қатысты мақсаттары, ұстанымдары, қызығушылықтарымен олардың көзқарастарының соқтығысып, сәйкес келмеуіне, яғни өзара әрекет етуші субъектілер арасындағы қарама-қайшылықтың туындауына әкеліп соғады. Осындай қарама-қайшылықтардың бірі әлеуметтік желілерге деген тәуелділіктен де туындайды.

Әлеуметтік желілер жеткіншектердің басым қызығушылық танытатын ғаламтордағы виртуальді әлемі болып табылады. Осы орайда, ересектер жеткіншектердің әлеуметтік желіні пайдалану жағдайын әрдайым назарда ұстауы маңызды. Сондықтан жүргізілген сауалнама негізінде жеткіншектердің әлеуметтік желілерге тәуелділігінің алдын алу үшін төмендегідей мәселелерді назарда ұстау қажеттілігін ескертеміз:

- арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік желідегі жеткіншектерді бақылау қажет. Бұл зиянды мазмұндағы ақпараттарды сүзгіштен өткізуге, жеткіншектің қай сайтқа кіретінін анықтауға көмектеседі;
- желідегі достарына, байланысқа түсетін адамдарына ата-аналардың қызығушылық танытуы;
- жеткіншекке әлеуметтік желілердегі, жалпы ғаламтордағы қандай да бір мәселе мазалайтын болса, оны жасырмай, ересектермен бөлісу керек екендігін түсіндіру қажет;

- жеткіншекке тіркелуді қажет ететін тез арада хабарлама алмастыра алатын бағдарламаларды пайдаланғанда, чатта қарым-қатынасқа түскенде, Online-ойын ойнағанда шынайы есімін пайдаланбау қажеттігін түсіндіріп, мазмұны жеке ақпарат бермейтін атау табу қажеттігін ескерту;
- жеткіншекке әлеуметтік желіде болғанда жеке мәліметтер: мекен-жайы, телефон номері және мысалы, мектеп номері, сыныбы, демалатын орны, үйге қайту уақыты, әкесінің немесе анасының жұмыс орны және т.б. беруге болмайтындығын ескерту;
- жеткіншекке ғаламторда шынайы өмірдің жоқтығын түсіндіру;
- жеткіншектердің әлеуметтік желіде болу уақытын шектеу, бос уақытын өткізудің тиімді жолдарын ұсыну.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілер жеткіншектердің қызығушылығындағы ғаламтордағы әлем бола тұра, оны ересектер тарапынан қадағалап, пайдалану тәртібін белгілеу және оның мәдениетін дамыту маңызды жағдайлардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

1. Абрамова В.Е. Психическая регуляция нравственно-делового общения подростков: Автореф. дис. ... канд. психол. наук. – М., 2001. – С.29
2. Авдулова Т.П. Психология подросткового возраста: учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования- М.: Академия, 2012. – С. 240
3. Кле М. Психология подростка. – М: Педагогика. 1991 –С. 172
4. Леонтьев В. Социальные сети. ВКонтакте, Facebook и другие...– М.: Олма Медиа Групп, 2012. – С. 256
5. Горбунова В.С. Методика для исследования смыслового кризиса личности в подростковом возрасте // Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия "Психология". – 2012. – 1(11). – С. 77-84

FTAХР: 14.25.09

Ж.Н. Бакирова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана қ., zhanikosh2490@mail.ru

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ТҮЗЕТУ-ДАМУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ МЕДИАБІЛІМДІ ҚОЛДАНУ

USE OF MEDIA EDUCATION IN CORRECTIVE WORK WITH STUDENTS

Еліміздің құқықтық-демократиялық қоғам жағдайында дамуы бүгінгі әрбір азаматтың және өскелең ұрпақтың жоғары мәдениет пен біліктілігінің жоғары болуын қажет етеді. Осыған байланысты қоғамның адам тәрбиесіне қояр талабы да барған сайын артып, оны іске асырудың көзі болып табылатын психикалық нысандар мен оны дамытудың шарттарына деген көзқарас өзгеріп келеді. Соған сәйкес бүгінде білім беру ұғымының өзі өзгеруде және кеңеюде. Уақыт талаптарына орай көп жағдайда мектепте, жоғары оқу орнында, тіпті отбасында білім берудің педагогикалық-психологиялық негіздерін меңгерудің мазмұны мен мәні кеңейе түсуде. Жалпы адамзат баласының қай кезде де болмасын алдына қойған мұрат-міндеттерінің ең бастысы – ата-баба дәстүрін жалғастыратын саналы ұрпақ тәрбиелеу. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнері мен мәдениетінің негізіне мән беру, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көшіне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын жасау өмірдің заманауи талабының бірі болып табылады. Дәл қазіргі уақытта ұрпақты тәрбиелеудегі белгілі бір үлес бұқаралық ақпарат құралдарының үлесінде екені анық.

«Рухани мәдениеттілікті игерте отырып, бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру – барлық ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының ұстанған мақсаты. Сара сөзді салмақты бағалайтын халқымыз тілді тәрбиенің пәрменді құралы, ақыл-ойдың қоймасы деп таниды. Қазақтың айтыс өнерінде, терме-толғауларында, бесік жырларында, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтел, нақыл сөздерінде ел тағдыры, ұрпақ қамы, ар-ождан мәселелері ақыл-өсиет ретінде айтылады. Қазақ теледидары және радио бағдарламаларында осынау асыл маржанды

тарату арқылы көпшілік қауымға тәлім-тәрбие беру мәселесі басты мақсат болуы қажет»-деп К.Қабылғазина пікір білдіреді [1].

Бүгінде медиа адамзат өмірінің маңызды бір бөлігіне айналды. Әлеуметтанушылардың зерттеуінше, жетпіс бес жыл өмір сүрген «өркениетті адамның» елу жылы белсенді әрекет ету арқылы өтетін көрінеді. Және оның тура тоғыз жылын теледидар көруге жұмсайды екен. Орташа есеппен қазіргі оқушылар күніне алты сағат уақытын медиамен байланысқа арнайды. Жалпы, ХХІ ғасырда кез келген ұлттың барлық салада, әрине, білім саласын есепке алғанда, медиасыз әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарқынды дамуы да мүмкін емес. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің "Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" деген студент жастарға арнап оқығандәрісінде "Бүгінгі күн – талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік - жігері бар адамдардың уақыты" – деп атап көрсеткен болатын [1]. Мұның өзі өскелең ұрпақты жаңа технологиялар негізінде білімді де жоғары мәдениетті азамат етіп тәрбиелей отырып, олардың жеке басының тұлғалық қалыптасуына аса үлкен мән беруді көздейді. Бүгінгі күні жаңа технологиялардың қай-қайсысы да медианың мүмкіндіктерімен тығыз байланысты екендігі белгілі. Олай болса, білім-тәрбие беруде, оның ішіндежеткіншектерді түзету-дамыту іс-әрекетінде медиабілімді кірістре отырып қолдануға болады,ол үшін алдымен жеткіншектер туралы ұғымға түінік беріп кеткен жөн болады.

Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен балалардың орта мектептің 5-8 сыныптарында оқитын кезеңмен сәйкес келеді, ол 11-12 жастан 14-15 жақа дейінгі аралықты қамтиды, бірақ жеткіншектік жастың нақты басталуы оқушының 5ші сыныпқа көшуімен тура келмей, бір жыл ерте, не кеш болуы да мүмкін.Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын» кезең деген атауларында бейнеленген. Бұл атауларда осы жастарда болатын, өмірдің бір дәуірінен екіншісіне өтуімен байланысты даму процестерінің күрделілігі мен маңыздылығы айтылады. Балалық шақтан ересектікке өту кезеңдегі дене, ақыл-ой, адамгершілік-әлеуметтік дамудың барлық жақтарының негізгі мазмұны мен өзіне тән ерекшілігі болып табылады. Барлық бағыттарда сапалық жаңа құрылымдар қалыптасады, организмнің, сана-сезімнің үлкендермен және жолдастарымен қарым-қатынастың олармен әлеуметтік өзара іс-әрекет әдістерінің танымдық және оқу-әрекетінің мінез-құлқыққа, іс-әрекет пен қарым қатынасқа арқау болатын моральдық-этикалық нормалар мазмұнының қайта құрылуы нәтижесінде ересектік элементтері пайда болады [3].

Ғылыми әдебиеттерде жеткіншектердің қырсық мінез көрсетуіне, ересектер талабын оңай орындамауына негіз болатын бірнеше себептер көрсетілген. Атап айтқанда:

- балалардыңоқуданбасқаайналысатыншаруасыныңболмауы;
- радио,теледидар, басқа да ақпарат көздерінен ересектерге арналған хабарды көріп, соған еліктеуі;
- күні бойы фантастикалықжәне криминалды әдебиеттерді оқып, ондағы кейіпкерлерге еліктеуі;
- өздігінен үлкен балалармен танысып, солардың жағымсыз әрекеттеріне еліктейтіндігі [4].

Осы тұрғыда ғалымдар Б.М.Жапарова мен К.Нұрбекова былай деп көрсеткен: «Өкінішке орай, бұқаралық ақпарат құралдарының күшімен, мүмкіндігімен қоғамға ұсынылып жатқан көлемі шексіз ақпараттардың бәрі бірдей адам баласын ізгілікке, адамгершілікке, рухани тазалыққа жетелейді деп кесіп айту мүмкін емес. Өйткені жаңа замандағы мерзімді баспасөздерде де, телеарналардағы түрлі бағдарламалар да, хабарлар мен кинолар да, Интернет желісінде де адамның сана-сезіміне, мінез-құлқына кері ықпал етерлік оғаш әрі жағымсыз жаңалықтар, көріністер насихатталады. Сондықтан, «бұқаралық ақпарат құралдарының жас ұрпақ тәрбиесіне оң ықпалы бар» деген сыңаржақ ой-пікірден, ескілікті ұстанымнан арылуға тиіспіз»-дей келе, қазіргі ақпарат құралдарының тәрбие мәселесіне кері ықпалын тигізетіндігін атап өтеді [5].

Атап өтерлігі, бүгінде отбасылардың көпшілігінде жас баланың ақпарат құралдарынан нені көріп, нені оқып жатқанына тиісті деңгейде мән берілмейді. Дұрыс көңіл аудармаудың салдарынан буыны қатып, бұғанасы бекімеген, ақыл-ойы, сана-сезімі толыспаған, ақ-қараны, жақсы-жаманды әлі де болсын өздігінше айыра алмайтын жас бала көкірегіне жағымсыздықтарды да сіңіре беретіні де мөлiм.

Қорыта айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдарының жас ұрпақ тәрбиесіне ықпал етерлік мүмкіндігі аса зор, бұл туралы айтылып та, жазылып та келеді. Сондықтан оның ықпалдылық мүмкіндіктерін дұрыс пайдалана білу үшін болашақ мамандарды медиақұзіреттілікке

дайындау керек. Медиақүзіретті мұғалім медиасауатты оқушыларды тәрбиелеуде үлкен үлес қосады деп ойлаймыз. Мұның өзі жеткіншектердің тұлғалық қалыптасуына, шығармашылық жетілуіне, таным көкжиегін кеңейтуіне айқын жол ашып келеді.

Олай болса, ата-бабаларымыздың бай рухани қазынасын жастарды тәрбиелеуге жүйелі түрде пайдалануда ұлттық БАҚ-тың алатын орны ерекше.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев. "Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" студент-жастарға арнап оқыған лекциясы. 2006 ж.
2. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 1993.
3. Жарықбаев Қ. Қазақпсихологиясыныңтарихы. – Алматы, 1996
4. Қабылғазина К.«БАҚ-тың тәрбиелік функциясын арттыру мәселелері» // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы, 2010 ж.
5. Б.М. Жапарова, К. Нұрбекова. «Бұқаралық ақпарат құралдарының бала тәрбиесіндегі алатын орны» // ҚарМУ хабаршысы. Педагогика сериясы, 2008 ж.

ҒТАХР: 14.25.09

А.Е. Әскербекова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., askerbekova93@bk.ru

МЕДИАБІЛІМДІ БАСҚА ПӘНДЕРМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

FEATURES OF INTEGRATING MEDIA EDUCATION WITH OTHER SUBJECTS

Қазіргі таңда "медиа" және "медиабілім" білім беру үрдісінде жиі қолданылатын терминдердің бірі. Жалпы, медианы тек БАҚ немесе компьютерлік құралдар деп қараған дұрыс емес. Сондай-ақ медиа арқылы берілетін білімнің де күрделілігіне назар аударған жөн. Себебі, **медиабілім** (media education) – тұлғаның бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен коммуникативтік қабілеттерді, сыни ойлауын, медиамәтіндерді талдап, бағалауын қалыптастыру үдерісі болып табылады [1].

Медиабілімді тек жеке педагогиканың бір бағыты ретінде емес, оның басқа пәндерді оқытудағы мүмкіндіктерін қарастырып, оның ерекшеліктерін анықтайық. Мысал ретінде тарих пәнінде медиабілімді қалай қолдануға болатынын көрсетейік.

Тарих пәні оқушыларға көбінесе меңгеруге қиын пәндердің бірі болып табылады. Себебі, ақпарат көп, хронология көп, бір тақырыпты өткенде 10-15 бетке дейін оқуға тура келеді. Сол себепті, оқушыларды жалықтырмай, олардың қызығушылығын арттыру қажет. Медиабілім арқылы оқушыларды қызықтырып, өзінің туған елінің тарихына деген қызығушылықты оятуға болады. Әр педагог тек оқулықпен шектелмей, медиа-ресурстарды, БАҚ материалдарын, жаңа АҚТ қолданса, сабақтың қызықты әрі өнімді болатыны сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында «Біз қазір білімнің баға жетпес капиталын өсіріп, оған әр түрлі заманауи формалар беруіміз қажет» – дейді.

Тарих сабағында медиа мүмкіндіктерін қалай пайдалана аламыз? Бұл сұраққа жауап алу үшін медиа кіріктілген тарих сабақтарының типтерін қарастырайық:

- демонстративті сабақтар;
- компьютерлі-тестілік сабақтар;
- қашықтықтан оқыту, олимпиадаларға қатысу [2].

Демонстративті сабақтардың мақсаты – тарих сабағында барынша көрнекіліктерді қолдану арқылы бағдарламаны меңгерту болып табылады. Бұл жерде көрнекіліктер ретінде медиа-ресурстар мен медиаөнімдерді пайдалануға болады. Мысалы, Қазақстандағы келесі телебағдарламалар:

- «След степи»;
- «Казахстан. Хроника 20-го века»;

- «Особая папка», «Лубянка», «История одного шедевра» және т.б. арқылы педагог оқушылармен осы бағдарламаларды көре отырып, олардан сұхбат алып, оқушылармен бірге сабақты талдай алады.

Ал, «Третьяковская галерея», Орыс мұражайы» атты телеэкскурсиялар арқылы әлемнің керемет мұражайларына саяхат жасауға, және ондағы баға жетпес мұраларды үлкен көлемде жеке-жеке көруге, экспонаттарды қарастыруға мүмкіндік береді.

Деректі фильмдер:

- «Старше на 10 лет»
- «Суық соғыс»
- «Великие замки мира»
- «Жәңгірхан»
- «Обыкновенный фашизм» кинодеректері көптеген күтпеген мәліметтерді және уақыттың қосымша сипаттамасын береді.

Сабақ үстінде деректі фильмдерді қолдану берген ақпараттардың шынайылығын растауға жағдай жасайды. Яғни, педагог айтқан немесе оқулықтан алынған мәліметтерді оқушылар фильмдер көру арқылы бекіте алады.

Көркем фильмдер:

- «Сұлтан Бейбарыс»
- «Абылайхан»
- «Жамбыл»
- «Спартак»
- «Көшпенділер» фильмдерін көру арқылы оқушылар оқып жатқан тарихи оқиғалар туралы толық түсініктері қалыптасады.

Тарих сабағында педагог міндетті түрде теледидардағы хабарламаларды қолданып жүруі тиіс. Сондай-ақ Елбасы Жолдауларын немесе басқа да маңызды бағдарламаларды көру қажет. Себебі, телевидение шынайы, нақты айтып береді және болып жатқан жерде отырғандай әсер алуға болады [3].

Баспа, радио және телевидениенің аудиторияға ақпаратты беру тәсілдері әр түрлі және ерекше. Яғни, тек қана кинофильмдерді ғана емес, сондай-ақ газет, журнал беттеріндегі қызықты мәліметтерді де сабақта қолдануға болады.

Жоғарыда аталғандарды талдай келе тарих пәнін оқытудағы медианың артықшылықтарын анықтадық:

- ✓ Тарихи оқиғаларды видеофрагменттерді, тарихи фотосуреттерді көрсету арқылы таныстыруға болады.
- ✓ Белгілі суретшілердің суреттерін кең көлемде қолдануға болады.
- ✓ Графикалық материалды көрсету (кестелер, сызбалар).
- ✓ Карталарды «жандандыру».
- ✓ Әлемнің ірі мұражайларына саяхаттау.
- ✓ Тарихи әндерді тыңдау.
- ✓ Оқу үдерісін жандандыру.

Ал, медиа құралдар:

- Ақпараттың жеткіліксіздігін толықтырады.
- Желідегі олимпиадалардың, викториналардың, байқаулардың қатысушысы болуға мүмкіндік береді. Яғни, тек Қазақстан көлемінде ғана емес, шетелдерде болып жатқан олимпиадалар мен сайыстарға оқушыларды қатыстыруға мүмкіндік аламыз. Медиа құралдардың мүмкіндіктерін 1 сызбадан көре аламыз [4].

Сызба 1.



Медиа арқылы тарих сабағында орындалатын жұмыстар:

- Мәтінмен немесе суреттермен жұмыс;
- Электронды қаламдар арқылы белгілер, жазбалар құру;
- Жазылған белгілер мен жазбаларды сақтау, бір-біріне жіберу;
- Web-сайттарды ұжыммен қарау;
- Оқушылар жасаған презентацияларды таныстыру [5].

Тарих сабағындағы медиа арқылы:

- Оқытушы сабақты өзі ұйымдастырады, басқарады.
- Ақпаратты кез келген формада көрсете алуға болады (аудио, видео фрагмент, сызба, кесте және т.б.).
- Медиа сабақтағы іс-әрекет түрлерін ауыстырып отыруға мүмкіндік береді (картамен жұмыс, интерактивті тапсырмалар).
- Іс-әрекет түрлерін, әдіс-тәсілдерді ауыстырып отыру, оқушылардың қабылдауларын жақсартады, зейінін жоғарылатады, сабақтағы белсенділіктерін арттырады, шаршауды төмендетеді.
- Сабақ қызықырақ өтеді және нәтижелі болады [6].

Заманауи қоғамға білімді, адамгершілігі мол, өзін-өзі жетілдіруге және өздігінен дамуға қабілеті бар, өзі шешім қабылдай алатын және өз елінің тағдыры үшін алаңдап, жауапкершілікпен қарайтын тұлғалар қажет. Сонымен, медиабілімді сабақта және сабақтан тыс уақытта қолдану - оқытушы мен оқушыларға алдына қойған міндеттерін тиімді шешуге мүмкіндік беретін қажеттілік болып табылады.

Әдебиеттер

1. Федоров А.В. Медиаобразование: история, теория и методика. Ростов-на-Дону: Изд-во ЦВВР, 2001. – 708 с.
2. Беспалов П.В. Компьютерная компетентность в контексте личностно-ориентированного обучения//Педагогика. № 4, 2003
3. Виштак О.В. Критерии создания электронных учебных материалов // Педагогика. № 8, 2003
4. Воронин Ю.А. Компьютеризированные технологии в процессе предметной подготовки учителя// Педагогика. № 8, 2003
5. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. Как сегодня преподавать историю в школе. М., 2000
6. Мультимедийные продукты обучения // Преподавание истории и обществознания в школе. № 1–3., 2001

Ә.Ж. Жамбулатова, И.С. Мусатаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, zhambulatovaa@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

FORMATION OF RESEARCH COMPETENCIES OF STUDENTS

Жалпы білім беретін мектепте білім берудегі инновациялық тәсілдер қажетті білімді, дағдыларды және қабілеттерді саналы меңгеруге, оқушылардың шығармашылық әлеуетін белсендіруге, танымдық белсенділікті ынталандыруға, терең білім мен тұрақты зерттеу дағдыларын алуға көмектеседі. Оқушылар жоғары оқу орындарында белсенді әрі табысты зерттеу жұмыстарымен айналысу үшін мектеп бітірушілерінің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыру керек. Зерттеу әдістерін білу оларға тек университеттегі жаңа оқу жағдайларына бейімделіп қана қоймай, сонымен бірге алғашқы курстан бастап зерттеу жұмыстарының траекториясын дұрыс қалыптастыруға көмектеседі. Егер жоғары сынып оқушыларына ұсынылған зерттеу жұмысы олардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру қызметінің бағыттарына сәйкес келетін болса, онда жоғарғы сынып оқушыларын оқыту үрдісі тиімді болады.

Жалпы білім беретін мектептегі зерттеу жұмыстарының негізгі мақсаты жаңа білім алу болып табылмайды, басты мақсаты – оқушылардың зерттеудің функционалдық біліктілігін шындықты игерудің әмбебап әдісі ретінде, зерттеушілік ойлау қабілеттілігін дамыту ретінде, оқу үрдісінде субъективтік жаңа білімдерді алу негізінде оқушылардың жеке позициясын жандандыруы ретінде игеруі болып табылады [1].

Зерттеу әдістерін меңгеру арқылы оқушыларда тек әдіснамалық сауаттылық қана қалыптасып қоймайды, сонымен қатар зерттеушілік және жобалық қызметті ұйымдастырудың әртүрлі нысандарына (мысалы, шығармашылық жарыстар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар) қатысу дағдылары қалыптасады. Ғылыми және жобалық қызметтің дағдыларын білу, ғылыми ойлау қабілеттілігін қалыптастыру, ғылыми терминологияны, негізгі түсініктерді, әдістер мен тәсілдерді білу негізгі білім беру бағдарламаларын меңгеру нәтижелеріне деген талабы болып табылады.

Зерттеу – бұл зерттеудің үрдісі және нәтижесі. «Зерттеу» философиялық энциклопедиялық сөздігінде «жаңа білім берудің үрдісі, когнитивтік қызметтің түрлерінің бірі» деп түсіндіріледі және «объективтілігімен, қайталанатын қабілеттерімен, дәлелдерімен, дәлдігімен» сипатталады. Оның екі деңгейі бар: эмпирикалық және теориялық [2]. Құрылымдық компоненттері мақсат, мотив, әрекет, нәтиже болып табылатын зерттеушілік қызметтің бұл түсінігі жалпыға бірдей қызмет түсінігіне қарама-қайшы келмейді. Негізінен зерттеушілік қызмет өз құрылымында жалпыға бірдей қызметті қайталайды, оның ішінде 1) мақсат, 2) мотив, 3) субъект, 4) әрекет (операция), 5) өнім мен нәтиже сияқты құрылымдық компоненттерді қайталайды.

Білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін қалыптастыру нәтижесі ретіндегі зерттеу құзыреттілігі зерттеу жұмыстарын жемісті жүзеге асыруға дайындығын және мүмкіндігін болжайтын адамның интергративтік сапасы болып табылады. Оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігінің құрылымдық компоненттері – тұлғалық, когнитивтік және атқарушылық. Құрылымдық компоненттерді бөлу және құзыреттілікті классификациялау оқушылар арасында құзыреттілікті қалыптастыру және диагностикалау құралдарын таңдау мүмкіндігін береді.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігі құрылымдық-жүйелік және функционалдық-ұйымдастырушылық сипаттамалары бар тиісті педагогикалық модель шеңберінде қалыптасады. Құрылымдық-жүйелік сипаттамаларға мақсат, міндеттері, тәсілдері мен принциптері жатады. Функционалдық-ұйымдастырушылық сипаттамалары: зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың кезеңдері, нысандары мен әдістерін (жеке және ұжымдық ізденістер), әдістемелік және психологиялық-педагогикалық қолдауды қоса алғандағы ғылыми-зерттеу және дамыту ортасы; ғылыми-зерттеу және дамыту ортасын ұйымдастыру және жұмыс істеу үшін жағдайлары; зерттеушілік құзыреттілікті дамыту деңгейлері. Педагогикалық модельдің тиімділік критерийлері оқушыларда зерттеушілік

құзыреттіліктің құрылымына кіретін құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі; оқушылардың зерттеу қызметінің деңгейі; олардың ЖОО-да зерттеушілік қызметімен айналысуға көңіл бөлу болып табылады.

Жалпы білім беретін мектепте оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық моделін жүзеге асыру үш негізгі кезеңде тиісті негізгі формалар арқылы жүзеге асырылады:


- 1) жеке және бірлескен зерттеушілік жұмыстарына, оқушылардың шығармашылық бірлестіктеріне қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру;
- 2) өз зерттеу жұмысына рефлексиялық қарым-қатынасты қалыптастыру және оның нәтижесін-шығармашылық топ режимінде қалыптастыру;
Философские категории, имеющие место в педагогике, географии, методике обучения географии. Слова, принадлежащие философии, отражают наиболее общие черты и связи, стороны и свойства действительности, помогают понять и отобразить закономерности и тенденции развития самой педагогики и той части действительности, которую она изучает. Нельзя рассуждать, например, об объекте педагогики, не пользуясь словом «социализация», или о теории, обходясь без понятий «сущность» и «явление», «общее» и «единичное». К философскому уровню методологических знаний мы относим также категории: «противоречие», «причина и следствие», «возможность и действительность», «качество и количество», «бытие», «сознание», «практика», «знание», «наука» и проч [5].

– Философские научные теоретические знания (учения, концепции, идеи), лежащие в основе педагогических, географических научных теоретических знаний (учений, теорий и т.д.). Они могут служить руководством, ориентиром в деятельности будущего учителя географии. Итоги проведенного нами анализа существующего теоретического и практического опыта формирования методологической компетентности, результаты констатирующего этапа эксперимента свидетельствуют о необходимости создания педагогических условий, оказывающих воздействие на результативность данного процесса. В качестве таких условий

мы называем: определение содержания и структуры понятия «методологическая компетентность будущего учителя географии»; разработку содержания учебного материала интегрированного курса «Методологическая компетентность будущего учителя географии»; использование модульной технологии обучения, способствующей наиболее эффективному усвоению методологических знаний, выработке методологических умений, навыков [4].

Будущий учитель географии должен знать:

- Сущность понятий «методология», «компетентность», «методологическая компетентность».
- Структуру методологической компетентности будущего учителя географии.
- Сущность понятий философского, общенаучного, конкретно-научного уровней методологической компетентности будущего учителя географии.
- Сходство и различие методологической компетентности учителя-исследователя и учителя-практика.
- Характеристику научного исследования по основным параметрам: объект, предмет, цель, задачи исследования и т.д.
- Роль методологических знаний в практической педагогической деятельности [6].

Литература

1. Душина И.В. Методика и технология обучения географии Текст.: пособие для учителей и студентов пед. ин-тов и ун-тов. М.: Астрель, 2004. – 203 с.
2. Загвязинский В.И. Методология и методы психолого-педагогического исследования. Текст.: учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2001. – 208 с.
3. Краевский В.В. Общие основы педагогики Текст.: учеб. для студентов высш. пед. учеб. заведений. М.: Академия, 2003. – 256 с.
4. Краткая философская энциклопедия Текст. М.: Прогресс, 1994. – 576 с.
5. Любимов И.М. Общая политическая, экономическая и социальная география М.: Гелиос АРВ, 2001. – 336 с.
6. Развитие методологической компетенции студентов в области педагогической психологии на основе социального конструкционизма. 2017г. // <http://www.dissercat.com>.

МРНТИ: 14.01.80

Н.С. Газизова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, nazken_g@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

LAW KNOWLEDGE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: CURRENT CONDITIONS AND FUTURE

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы арқылы дамуымызға жаңа серпіліс беретін басымдылықтарды айқындап берді. Республика өміріндегі өзгерістер білім беру саласына соның ішінде құқықтық тәрбиелеу ісіне де әсерін тигізуде. Әлемдік білім беру кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған бағдарламасында оқушыларды адам құқығы мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу қажеттілігі басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылған. Қазақстан қазіргі таңда құқықтық мемлекет құру жолында. Аталмыш іс-шаралардың басты ұстанымдарының бірі – құқықтық білім берудің сапасын арттыру.

Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей міндетті құқықты оқытуды ұйымдастырудың шаралары» қаулысын орындау мақсатында осы жылдардан бастап, барлық білім мекемелерінде жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылуы қажет болатын. Қазақстан Республикасындағы жастардың басты борышы – азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын, міндеттерін оқып үйрену, орындау, заңды құрметтеу, құқықтық білім алу.

Сондықтан қоғамның талабына сай жастарды жан-жақты тәрбиелеу үрдісіндегі мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқу тәрбие жұмысының барлық құрылымында құқықтық білім беру мен тәрбиеге айрықша мән беріп, оны ұйымдастырудың тиімді жолдарын, тәсілдерін үнемі жетілдіру, жаңарған қоғамның саяси құқықтық сана сезімдерін қалыптастыру. Әлемдік білім беру жүйесіне ену жағдайында саяси-құқықтық жағынан белсенді азаматтарды даярлау үшін құқықтың кейбір салаларын тереңдете оқыту еліміздің құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құру барысындағы мәселелердің шешілуіне септігін тигізеді.

Құқықтық білім берудің маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде. Заңды білу – заман талабына айналды. Әр азаматқа қазіргі қоғамдағы қарым-қатынас заңдылықтарын терең ажырататын құқықтық сана, құқықтық мәдениет қажет. Қоғамдық қатынастарда мәні зор әлеуметтік нормаларды – тарихи құқықтық жүйенің қайнар көзі немесе құқық ғылымының негіздері деуге болады.

Құқықтық ағарту немесе құқықтық білім қалыптастыру – заң ережелерін білу, оны насихаттап, күнделікті тұрмыста ұстана алатын дәрежеге жеткізу. Бұл іргелі білім қалыптастыру, оны жүйелі түрде жүзеге асыру, студенттер алған білімнің күнделікті тұрмыс талаптарына сәйкестігі мен адамгершілік нормаларына сабақтастығы оның негізділігінің белгісі ретінде қарастырылады. Барлық жоғары оқу орындарындағы "Құқық негіздері" пәні студенттердің құқықтық мәдениеттілігін қалыптастыруға бағытталуы оларда құқықтық сана қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар жастар және балалармен жұмыс істейтін мамандықтардың барлығында құқықтық әлеуметтендіру жұмыстарына даярлық осы құқықтық мәдениет қалыптастыру аясында болуы керек. Жастардың құқықтық білімі, ең алдымен, жеке тұлғаның құқықтық дамуының сипаты мен дәрежесін көрсетеді. Жастардың құқықтық білімін көтеру үшін теориялық- әдіснамалық негіздемелерін анықтау өте қажет. Қазіргі кезеңде құқықтық білім беруде дамыған елдердің жетістіктері мен өз еліміздің тарихи құндылықтарын біріктірудің маңызы өте зор. Ғалымдардың көзқарастары мәдениет пен ғылым, саясат пен экономика бір мақсатты көздеп, бір ортақ құндылықтарына қызмет ету керек дегенге келіп саяды.

«Құқықтану негіздері» пәнінің таяудағы даму болашағы біздің мемлекетіміз көздеп отырғандай, Қазақстанда құқықтық қоғам орнату бағытының жүзеге асырылуымен байланысты. Құқықтық нигилизм мен бұқараның құқықтық мәдениетінің төмендігі қазіргі Қазақстан қоғамының демократия мен прогресс жолындағы басты кедергі болып отырғаны белгілі. Ел көлемінде реформалардың кең ауқымда жүріп жатуына сәйкес құқықтық білімнің жаңа мазмұны жоғары құқықтық мәдениеті бар тұлғаны қалыптастыруға, жастарды дүниежүзілік құқықтанушылық ғылымдардың жетістігімен қауыштыруға, сонымен қоса, өз халқының құқықтық мұраларының бұлағынан сусындатуға бағытталуы керек.

Қазіргі кезде білім жүйесі құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан жаңару үстінде. Білімді ізгілендіру мен демократияландыру бағытында үлкен өзгерістер жасалып жатыр. Қазақстанның әлеуметтік, азаматтық және құқықтық мемлекет орнатуға, қоғамды демократияландыруға бағыт алуы жалпы білім беретін мектептерде құқықтану негіздерін ең өзекті пәндердің бірі ретінде алдыңғы лекке шығарып отыр. Өйткені, келешекте өркениетті қоғам орнату құқықтық білім берудің бүгінгісіне тәуелді. Осыған орай, құқықтану негіздерін бұдан гөрі толық және ертерек бастап оқыту мәселесі алға тартылуда.

Әлемдік білім беру жүйесіне ену жағдайында құқықтық білім беруге қатысты жаңашыл, ауқымды бағдарламалардың болуы құқықтық білім берудің сапасын арттырады. «Құқықтану негіздері» пәні ауқымында келесі бағдарламалар жүзеге асырылады:

- білім берудің негізгі бағдарламасы;
- бағдарлы білім беру бағдарламасы;
- қосымша білім беру бағдарламасы.

Мектептің негізгі сатысына (10-11-сыныптар) арналған бағдарлы білім беру бағдарламасының мазмұны екі бағдарда: жаратылыстану-математикалық бағдарда білім беретін мектепке (сыныпқа) арналған «Құқықтану негіздері» оқу курсының білім мазмұнымен; қоғамдық-гуманитарлық бағдарлы мектепке (сыныпқа) арналған «Құқықтану негіздері» оқу курсының білім мазмұнымен айқындалады.

Қазіргі кезеңдегі құқықтық білім беруде құқықтық тәрбие мен білім берудің тұтас жүйесін құру қажеттігі туындайды, Бұл салада әр категория халықтарының білім берудегі, кәсіби және жас аралық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Құқықтық білім берудің бұрынғы

концепциясы негізінде жаңа қоғамдық өмірге лайықталған концепциясын құрастыру қажет немесе оның негізі мынадай принциптерді алған жөн:

- құқық нормаларында адами құндылықтарды дәріптеу;
- конституция мен заңнамада құқықтарды міндеттермен ажырамас бірлікте қарастыра отырудың негізінде тұлғаның бойында жоғары руханилықты тәрбиелеу;
- жан-жақты мемлекеттік қолдау арқылы әлеуметтің құқықтық білімділігі мен құқықтық ағартуын қамтамасыз ету.

Түбінде құқықтық мемлекет құруды мақсат ететін әрбір мемлекет азаматтарына құқықты оқытуға ерекше көңіл бөлінуі тиіс, оқыту бағдарламаларын кеңейтуге, құқықты оқытуға бөлінетін сағат саны мен құқықтық әдебиеттерді көбейтуге, құқықтық тәжірибені дамытуға мүдделі болуы керек. Балаларға мектеп жасынан қоғамдық тәртіпті қатаң сақтауға, өзгелердің ар-ожданын құрметтеуге үйрету арқылы құқықтық білім беру керек.

Жалпы құқықтық білім берудің негізгі мақсаты заңды құрметтеуді қалыптастыру және өмірлік практикада белсенді пайдалана білу. Бұл білім міндеттерден тұрады: қол жетерлік (жас ерекшеліктеріне байланысты), жүйелілік, практикалық маңыздылығы құқықтық білім беруде екіге бөлінеді:

1. Жалпы азаматтық құқықтық білімдерді меңгерту.
2. Кәсіби қызметіне байланысты құқықтарды меңгерту.

Біріншісі- жалпы білім беретін орта мектептерде шешілсе, екіншісі-кәсіби-техникалық, арнайы орта және жоғары оқу орындарында.

Құқықтық білім берудегі міндеттерді шешуде орта және жоғары мектептерде жастарға құқықтық білім беру және тәрбиелеу мәселелері құқық пәндері бойынша ғылыми өңделген, жан-жақты теориялық базасы жағынан жабдықталған және әдістемелік білім беру жағынан қамтылғаны қажет.

Жастардың құқықтық өмірге ұмтылуы демократиялық қоғамның қозғаушы күші десек, ал оның тірегі азаматтардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі болып табылады. Ендеше, жастарға құқықтық білім берумен, олардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі- мемлекет алдындағы аса маңызды стратегиялық мәні бар бағыттардың бірі.

Құқықтық мемлекет – ұзақ тарихи дамудың жемісі. Ол үрдіс күрделі, қиын, әрі сан – салалы, мол қаржыны, жалпы мемлекеттік деңгейдегі ұйымдық – құрылымдық шараларды, бүкіл педагогтар, зиялылар қауымының қажыр – қайратын, рухани ізденістерін қажет етеді. Демек ел, ұрпақ тағдыры үшін маңызы мен жауапкершілігі айрықша білім беру ісіне барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың бетбұрысы, қамқорлығы керек.

Мектепте құқықтық тәрбие беру үрдісін 1-4 сыныптар, 5-8 сыныптар, 9- сынып, 10-11 сыныптар деп кезең-кезеңмен өткізу керек.

1-4 сыныптар; Алғашқы құқықтық ұғымдармен танысады, яғни бастауыш сыныптарда адамгершілік тәрбиесіне баса көңіл бөлінеді. Содан кейін әркімнің өз істеген ісіне жауапкершіліктің болатыны түсіндіріледі. Мысалы олар мектептің өздеріне бұрын беймәлім ішкі тәртібін меңгереді, міндеттерін ұғынады, алғашқы қоғамдық тапсырмаларды орындайды. (кезекшілік, санитарлар). Осы әрекеттер барысында оларда сынып, мектеп алдында жауапкершілік сезімдері қалыптасады.

5-8 сыныптар; Бастауышта алған құқықтық білімді жетілдіреді. Қазақстан Республикасы заңдары туралы жалпы мағлұмат алады, азаматтардың негізгі құқықтары және міндеттерімен танысады, қоғамдық жерлердегі ережелерді түсініп, талқылап, сақтайды. Оқушылардың саналы әрекеті қалыптасады. Тәртіп бұзушылыққа төзбеу, жеке жауапкершіліктің қалыптасуы (қоғам алдындағы жауапкершілік. Құқық бұзушылық салдарынан арнайы мектептерге мәжбүрлеп жіберу мүмкіндігі).

9 – сынып; Арнайы құқық негіздері курсы оқылады;

10 – 11 сыныптар; Мемлекет және құқық мәселелері бойынша теориялық тұрғыдағы мәселе қозғай алады. Құқықтық жағдайлар мен айғақтарды нақты өмір жағдайларымен байланыстырады. Адамдардың әрекетіне баға беру, құқықтық дағды қалыптасады. Қоғамға қарсы әрекеттен сақ және оны болдырмауға тырысады. Дүние танымы қалыптасып, құқықтық мәдениеті өсе түседі.

Мектепте оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бір жақты ғана болмауы керек. Сондықтан оның сабақтан тыс нысандары бекітіледі. Мысалы: – Мектеп жарғысымен танысу;

Мектеп заңдарын қабылдау. Оны қабылдау барысында оқушыларға кең мүмкіндіктер беру. Аталған шараларға оқушыларды мейлінше көптеп тарту;

- Жыл сайынғы құқықтық апталық өткізу. Оның жоспарын жүйелі түрде жасау.
- Құқықтық тақырыптағы айлық өткізу. («Балаларды нашақорлықтан қорғау»).
- Құқық тақырыбында Көңілді тапқыштар клубын ұйымдастыру. («Адам және заң», «Заң және біз», «Темекі соты», «Түсініксіз жастар» т.с.с.).
- «Қиын» балалармен тұрақты тазарту Кеңестің жұмыс істеуі. (Ата-аналарды, әр түрлі санаттағы оқушыларды кеңестің жұмысына қатыстырып отыру керек).
- Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру.
- Құқықтық үйірмелердің жұмыс істеуі. («Жас заңгер», «Құқықтынушы»). Үйірме белсенді оқушылардың қатысуымен құрылып, тұрақты жұмыс атқаруы керек.
- Құқықтық ақпараттық орталықтың жұмыс істеуі. Оның арнайы бұрышы болуы керек. Стенділер, құқық тақырыбындағы қажетті басылымдар бір жерге шоғырлануы қажет. Оны тек құқық пәнінің мұғалімдері ғана емес оқушылар да пайдалана алатындай жағдай туғызылуы керек.
- «Бала құқығы» педпсихикалық Кеңесінің жұмыс істеуі. Оның мақсаты бала құқығына қатысты құжаттармен оқушыларды таныстыру және оның іске асырылуын қадағалауға баулу.
- Құқық тақырыбында сынып жетекшілерінің семинарлар өткізуі.
- Құқықтық білім олимпиадасын ұйымдастыру. Ол жыл сайын дәстүрге айналуы керек.
- Құқық білгірлерінің конкурсын ұйымдастыру.

Аталған шаралар бойынша оқушы жастарды құқықтық оқытудың мәнісі- құқықтық білім алуды үздіксіз және кезең-кезеңмен ұлғайту және тереңдету, заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру болып табылады. Бұл, қоғамда келеңсіз жағдайларды болдырмауға көп себебін тигізеді. Құқықтық жұмыстардың сапасын арттыруда мына үш компоненттің бірлігі қажет. Олар: құқықтың білім беру; құқық қорғау органдары, жастар ұйымы. Қорыта келе құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. Қазақстан Республикасының «Жалпыға бірдей міндетті құқықты оқытуды ұйымдастырудың шаралары» Қаулысы 21маусым – 1995 ж.
3. Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О., Жиренчин К.А. Концепция гражданского и правового образования в средних школах Республики Казахстан // Жалпы тарих және құқықтану мектепте. №2-3/2004. – С.37-42 бб.
4. П.Қалдыбекова. Құқықтық тәрбие құқықтық мәдениетті қалыптастырудың құралы. // Ұлт тағлымы. 2010, № 3. – Б.57-60
5. Д. Нөкетаева. Оқыту үрдісінде қазақ хандығы тұсындағы заң жүйесі негізінде құқықтық тәрбие беру әдістері. // Қазақстан жоғары мектебі. 2017, №1. – Б.25-30.

МРНТИ: 13.07.21

М.С.Мырзаканов¹, Қ.Т. Шукирбеков²

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, madvakas@bk.ru

²Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

NATIONAL VALUE' FORMATION THROUGH THE FASHION MANUALLY ART

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" атты Жолдауында: „Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн“, – деген талапты білдіреді [1]. Олай болса, басты мақсат-жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, тәрбиелеу керектігі күн

өткен сайын маңызды болып отыр. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік-деңгейге адамзат өркениетіне ұлттық тарихымызбен, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып, жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар негізінде қабілетті тұлға тәрбиелеу керек [2].

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін бүгін де жоғалтқан жоқ, керісінше, заман талабына қарай, оның көкейкестілігі бұрынғысынан да артып отыр. Оны өнертану, педагогика ғылымдары саласында жарық көрген еңбектер дәлелдеуде. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақ қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі бейнелеу өнері пәнінен басталатыны белгілі. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері пәнін мектепте оқитудың негізгі мақсаты қоршаған орта әсемдігін көру, сезіну, қабылдау қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіру, көркемдік қаракеттерді өз бетімен орындауға үйрету болып табылады.

Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету-оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады.

Қазақ қолөнері көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыста қолданып келеді. Қазақтың ұлттық өнерімен таныстыру негізінде бала айналадағы дүниенің қимыл-қозғалыстарының алуан түрлі реңін түсінеді. Балалардың өнер туындыларымен бірге үнемі байланыста болуы рухани-өнегелік, эмоционалдық-сезімдік дамуының және шығармашылық мүмкіндіктерінің қалыптасуының негізгі тірегі болып келеді. Оқушылар бейнелеу өнері, ән-күй; құрастыру және қол еңбегі, көркем әдебиет сабағында және ертеңгілік-тер мен ойын-сауықтар барысында халқымыздың ұлттық өнерімен танысып, көркем талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады.

Қазақстандағы мектеп оқушыларының көркем мәдениетін қалыптастыруда ұлттық өнердің ерекшеліктері мынадай міндеттерді алға қояды:

- қолданбалы және бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін меңгеру арқылы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыру;
- қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім қалыптастыру;
- бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық қарекеттерінің потенциалын жетілдіру;
- оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтаныш сезімі мен елжандылығын қалыптастыру.

Оқушыларға халық шеберлері-ағаш шебері, ұста, зергер, тоқымашы, кестеші, өрмек тоқушы т.б. таныстыра отырып, олардың қолынан жасалған бұйымдар туралы мағлұмат беру балалардың білім деңгейлерін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде сол ұлттық қол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытын, үйрететін мектептерде жүргізілетін еңбек пәні. Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын (тіл, дін, өнер, үлгі-өнеге) орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін де өте маңызды. Балалар ағаш шебері ағаштан түйін түйетінің, ұста темірден жасалатын бұйымдарды соғатынын, зергер әшекей бұйымдарды жасайтынын, тігінші киім тігетінін жөнінде мағлұмат алып, ұлттық бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен танысады. Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл – ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден – ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті болды. Қайсыбір қолөнер шеберін алсақта олар өздерінің жасаған бұйымдарын түрлі ою-өрнектерімен әшекейлейді. Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар-көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін-өзі сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою-өрнек пайда болды. Ою-өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне

отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген. Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ [4]:

Құрақ-құрау өнері. Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп, үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек-қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек. Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою-үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Ою- өрнек жасауда өзіндік қағидалары бар. Олар: композиция, колорит, симметрия, ритм. Композиция дегеніміз өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру. Колорит дегеніміз ою- өрнектің бояутүрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы. Осы жерде әр түстің нышаны бар. Мысалы, көк түс-аспанның, қызыл түс-оттың, ақ түс-ақиқаттың, сары түс-ақыл-парасаттың, жасыл түс-жастықтың, көктемнің символы. Симметрия дегеніміз-ою- өрнектің екі жағының тең болуы. Ритм дегеніміз- ою-өрнекте бір элементтің қайталанып келуі деп атайды.

Кесте –қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі. Ертеде халқымыз киімде, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Бүгінгі күнде кесте өнерін ұлттық киімдерде және ұлттық бұйымдарында ғана қолданылады. Кесте тігу барысында төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді және адам бойына, әсіресе, бойжеткендерге сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез-құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп деп айтуға болады. Кесте және көркемдеп тігу ою-өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш-ұйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар.

Тоқу өнері –қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жасалып, жылылыққа, сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Тоқумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана тоқымайды. Осы тоқу әдісінің өзі оған қуаныш әкеледі. Себебі, түрлі- түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, алуан сән мен фасондар шеберлігін, ой -өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Тоқыма тоқу кезінде адамның көңіл-күйі сабасына түсіп, бір сәт өзімен-өзі болып, шаршағаны басылады. Әрі еңбек, әрі ермек. Оның үстіне мынадай қымбатшылық заманда өз киімін өз тоқып алса, ол да әжептеуір үнем.

Әшекейлерді түсіре білу – үлкен өнер. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тіпті күнде ине ұстап, киім тігіп отырғандардың өзі әшекейлеуге келгенде шорқақтық танытады. Бұл заңды да, өйткені әшекей салу-өнер. Әшекейлеудің түрлері көп. Зергерлік – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Қазақ шеберлер зергерлік өнерін біліп бірақ алтын-күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе ол күйінде пайдаланған. Олар – бұрау, көз салу, жону, бастыру, бедерлеу, өру, теру, кестелеу, сызу, құю, бояу, зерделеу, жапсырмалау, бисірлеу сияқты өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте, құрылыста, мәдениет саласында, сәулет өнерінде жалпы әлем өнерінің дамуында қолданылмайтын, іске аспайтын жері жоқ. Соның ішінде көп кездесетін түрі – кестелеу, жапсырмалау, бисерлеу өнері. Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Мысалы, тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа,

шашбау, қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді. Бисермен жұмыс істегенде жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілу керек. Көзге демалыс беру үшін 5-10 минут үзіліс жасау тиімді. Бисерді таңдау – үлкен жұмыс. Олардың өлшемдері, түстері әр алуан. Сондықтан тігілетін бұйымға байланысты маржан моншақтың қандай түрін, қанша мөлшерде алуды, қандай түсін таңдауды, тігілетін мата түрін, ине, жіпті тандай білу қажет. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борады, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді.

Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі – халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады.

Өнер-адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, қолөнер шығармашылықтарын дамытады. Оқушыларды ұлттық қолөнер арқылы кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірісте қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби- шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне қатысу үрдісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр.

Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету-өнегелі іс. Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнерді меңгеру үрдісінде кәсіби шеберлігін қалыптастыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым.

Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім – тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке қолөнер шығармашылықтарын дамытады.

Әдебиеттер

1. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // www.inform.kz.
2. Назарбаев Н.Ә. Рухани құндылықтар халықтар арасын жақындастырады. 2018ж. // <http://kazgazeta.kz/?p=37012>

3. Қайыркен Әдиет. Ұлттық құндылықтар негізінде отаншылдыққа тәрбиелеу. 09.06.2017.// <http://e-history.kz/kz/publications/view/3271>

4. Амиргазин К.Ж. Теоретические основы и методика обучения школьников казахскому декоративно – прикладному искусству. – М.: 1994

ҒТАХР: 14.01.11

Р. Х. Кошкимбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, raissa-1964@mail.ru

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ – НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

PROFESSIONAL COMPETENCE of TEACHER is BASIS of QUALITY EDUCATION

Қазіргі цивилизация – жаһандану заманында өмір сүріп отырмыз. Бұл, дүние жүзінің әртүрлі нүктесіндегі ақпаратты алуға, меңгеруге, тәжірибеге енгізуге мүмкіндігіміз бар деген сөз. Сөйтіп, әлемдік деңгейде білім алған Қазақстан азаматы, өз білімін дүниенің түкпір түкпірінде пайдаға асыра алатын ету. Осыған орай педагог қауымының алдында білім беру мазмұнына жаңартылған білім беру, яғни әлемдік стандарттарға сай әрекет ету қажеттілігі туды. Қарым- қатынасқа түсе білетін, тілдерді меңгерген, білім алуға ширақ та икемді, өмірдегі өзгермелі жағдайға, әр түрлі қоғамға бейімделуге икемді қасиеттері бар педагог мамандарды дайындау міндеті тұр, алдымызда.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның бәсекеге қабілетті шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру арқылы, дамыған 50 елдің қатарына қосылуға дайындық барысында білім беру саласында да көп реформалар жасалу қажеттігін атап көрсетті. Еліміздің білім беру жүйесіндегі форма жас ұрпақтың әрқайсысының жеке тұлға ретінде қалыптасуында маңызды мәселелерді шешудің түрлі жолдарын қарастыруды көздейді. Бет бұрыс әлемдік жаһандану заманына алғашқы қадам болып табылады. Әр жасөскеннің азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ететін қоғамдағы негізгі де, жауапты сала, ол – білім және тәрбие беру жүйесі. [1].

Заман талабына сай жоғары оқу орындарында болашақ педагогтердің құзіреттілігін жетілдіру мәселесі өте үлкен маңызға ие. Бұл міндет білім алушы жастардың шығармашылықтарын арттырып, өздігінен білім алуға және алған білімін іске асыра білуге үйретуді міндеттейді. Қазіргі әлеуметтік – экономикалық өзгерістер жағдайында біздің қоғамымызда өздігінше шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыра алатын әлеуметтік белсенді, шығармашыл тұлғаға сұраныс күшейеді. Осыған орай, әр тұлғаның кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы да арта түседі. Жоғары дәрежелі кәсіби құзіреттілік маманның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Өздігінше еркін ойлау қабілеті бар, тәрбие – білім беру үрдісін модельдей алатын, тәрбие беру және білім берудің жаңа технологиялары мен жаңа идеяларын өздігінше іске асыра алатын болашақ ұстаздың кәсіби құзіреттілігінің деңгейін арттыру – өзекті мәселе, себебі, біріншіден, кәсіби құзіретті мұғалім мектептің тәрбие – білім беру процесінде шығармашыл оқушылардың қалыптасуына дұрыс әсер етеді; екіншіден, өзінің кәсіби қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады; үшіншіден, кәсіби мүмкіндіктердің іске асуына ықпал жасайды.

Бұл қасиеттердің әрқайсысы адамның еңбек әрекетінде зор маңызы бар. Соңғы жылдары педагогикалық компетенттілік ұғымына деген көз-қарастардың ауқымы кеңейе түсті. Жоғары білікті маманның құзіреттілігі ұғымының мән-мағынасын анықтауға бағытталған мәселелер педагогика саласындағы зерттеулерде, ғылыми-әдістемелік басылымдарда кеңінен қарастырылуда.

«Кәсіби құзіреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс – әрекетті арттыруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі». Яғни, педагогтің құзіреттілігі – жеке тұлғаның

білімі мен тәжірибесін нақты бір жағдайда қолдана білу іскерлігімен байланысты тұлға қасиетін білдіретін ұғым деуге болады.

Кейбір зерттеушілер «біліктілік» ұғымын «құзіреттілік» ұғымымен нақтылайды. Алайда, осы екі ұғымды салыстыра отырып, «құзыреттілік» ұғымының мағынасы кең екенін аңғаруға болады. Себебі, оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топқа, әлеуметтік ортада жұмыс істеуге, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу және пайдалану т.б. іскерліктер жатады [2].

Құзіреттілік ұғымына көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізген. Мысалы, В. Шепель компетенттілік ұғымына білім, біліктілік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық-тәжірибелік дайындық ретінде анықтама берсе, ал В.Ландшеер компетенттілікті тереңдетілген білім деп түсіндіреді. Сонымен қатар компетенттілік ұғымына П. Симонов, М. Чошанов, В. Даль, В. Безруков, Н. Розов, психологтерден А. Журавлев, Н. Талызина тағы да басқа ғалымдар зерттеп талдаған.

Кәсіби құзыреттілік мәселесін зерттеген ғалымдардың ой – тұжырымдарын терең талдай отырып, білім беру жағдайында педагогтің құзыреттілігін мынадай үш аспектімен бірдей кешенде сипаттауға болады:

1. Мәндік аспект, яғни ахуалды жете түсіну, оны ұғыну және оған деген қарым – қатынас, бұл жағдайда оқытудың теориялық негізін, өткір мәселелерді ұғыну;
2. Проблемалық практикалық аспект: бұл осы жағдайда педагогтің алдына мақсат орындау жолдарын анықтап, міндет нормаларын қойып жанықтауды сипаттайды;
3. Коммуникативтік аспект: бұл-педагогтің осы үрдісіне, ахуалға қатысын және өзара ықпал жасауын қамтамасыз етеді.

Баланың тұлға ретінде дамуына, оның ішінде шығармашылық потенциалы мен шығармашылық қабілетінің дамуына бағытталған педагогтардың кәсіби өсуімен олардың әдістемелік дайындығының проблемасы маңызды болып отыр. Бұл мәселелер В.Взагвязинский, А.К. Макарова, В.А. Слостенин және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Мектептер осындай шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, әрі шығармашылыққа бейімі бар оқушыны дайындайтын мұғалімдерді қажет етеді. Осы тұрғыдан қарастырсақ мұғалімнің кәсіби құзыретті тұлғаға айналуында әдістемелік жұмыстың орны ерекше. Әдістемелік жұмыс барысында мұғалім өзінің мамандығының қыр-сырын ұғынып қана қоймай, сонымен қатар өзіндік кәсіби дамуы мен құзыреттілігінің қалыптасуын мектеп жағдайында түсінеді.

Қазіргі педагогикалық практикада мұғалімнің негізгі функцияларында өзгерістер болуда, әрі өзгерістердің тенденциясы күшейе түсуде.

Мұғалімнің кәсіби құзырлығы оның өзіне деген сенімділігінен, кәсіби қызметте өзін-өзі көрсетуінен басталады, осыдан барып жетіскітік іс-әрекетте көрініс табады. «Жетіскітік» кәсіби адамның білім, білігі және дағдыларының қолдану саласын белгілейді.

Қазіргі заманғы құзырлығы қалыптасқан маманның кәсіби әрекетінің құрамына енетін бөліктерді меңгеру – мектептің әр мұғалімінің міндеті.

Кәсіби құзырлық-ізденімпаздықпен, жауапкершілікпен әрекет етуге адамның еңбегінің нәтижесінде байқалатын белгілі бір функциясын қабілеттілікпен және біліктілікпен меңгеруіне мүмкіндік алуы да қосымша психологиялық жағдай.

Қазіргі заман мұғалімі білім беру процесінің шаттары, параметрлері және нәтижелері арасындағы тәуелділікті жан-жақты қабылдай білуі керек.

Жобалау әрекетінде білім беру процесінің тек себеп-салдарлық тәуелділігі ғана емес, сонымен қатар құндылықтар басымдылығы ескеріледі. Ол оқушы тұлғасында әрбір оқу кезеңінің, оқу сатысының соңында және оқу процесінің соңында оқу тиіс өзгерістерді жобалауға бағытталған. Бұл әрекет әрбір оқушының тұлғалық әрекеттеріне сәйкес тиімді педагогикалық құралдарды таңдауды, білім беру технологиясын таңдау кезінде оқушының ағымдағы және болашақтағы мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеруді талап етеді.

Мұғалімнің құрастыру әрекеті оқушы мен мұғалімнің әрекетінің үздіксіздігі мен жүйесінің болашақ мазмұнын жобалаудан көрінеді. Мұнда оқушының интеллектуалдық, эмоциялық және практикалық қызығушылығына сәйкес оқу аппаратын құрастырып, таңдаумен қатар нақты бір оқушының пәнді, курсты, бөлімді, тақырыпты меңгеруінің психологиялық ерекшелігін ескеруді де қарастырады.

Коммуникативтік әрекет-оқушылардың әлеуметтік –психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық мақсатты өзара қарым-қатынасты орнатудан, диалогтық формадағы тұлғааралық қарым-қатынас құрылымынан көрінеді. Педагогикалық әрекеттің бұл

түрі білім еру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасына оның мақсаттары мен құралдарының дамуына сәйкес түзету енгізуді қажет етеді.

Ұйымдастыру әрекеті оқушының шығармашылығын дамытуға ықпал ету білігіне байланысты. Ол оқушының репродуктивті (өнімсіз) және өнімді оқу әрекетін ұйымдастыруға бағытталған. Педагогикалық әрекеттің бұл түрі арқылы оқушылардың атқарушы әрекетін ұйымдастырушы әрекетке өту кезінде сәйкесінше құқықтар мен жауапкершіліктерді бөлісе білуіне ықпал етеді. Осы арқылы оқушының өзін-өзі ұйымдастыруға, өзін-өзі дамытуға, өздігімен білім алуға деген бейімділіктері дамиды.

Бүгінгі таңдағы қалыптасып отырған жаңа білім беру мазмұнға жаңа әдістер жүйесі қажет. Бүгінгі заманның мұғалімінің инновациялық даярлығын қалыптастырудың инновациялық іс – әрекеттерді төрт бөлікке жіктеуге болады: әдіснамалық, пәндік – теориялық, әдістемелік, технологиялық [3].

Педагогикалық оқу орнының студенттерінің инновациялық даярлығын қалыптастырудың әдіснамалық бөліктеріне кіретіндер: ізгілікті философия ғылымы, ғылым әдіснамасы, педагогика әдіснамасы, әдіснамадағы жаңа білімдер жиынтығы.

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың пәндік – теориялық бөліктеріне жататындар: мұғалімнің беретін пәні бойынша теориялық білімі, педагогика, психология, дидактика педагогикалық инноватика бойынша жаңа білімдері. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың әдістемелік бөліктеріне оқытушының өзі беретін оқу пәнінің тарихы мен әдістемесін білуі және тәрбие жұмыстарын, мектептен, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу әдістемесін білуі жатады.

Педагог іс-әрекеті кәсіби міндеттерді шешуге бағдарланады. Шешім мақсатты айқындаудан, іс-әрекет мотивіне түрткі болудан басталады. Мақсаттылық – іс-әрекеттің алғашқы кезеңі, екінші кезең іс-әрекет бағдарламасын жоспарлау, жобалау. Іс-әрекет бағдарламасын құру үшін, қандай әрекеттер және қандай оқыту процесінің афференттік синтезінен өткізу қажет. Нәтижесінде әрекет бағдарламасы – педагог іс-әрекетінің моделі пайда болады. Іс-әрекетін бағдарлау педагогтың интеллектуалдық қабілетіне байланысты, қандай білім мен іскерліктерді игерген, педагогтың кәсіби міндеттерін шеше алуы, қаншалықты меңгергендігіне байланысты анықталады. Іс-әрекеттің бұл кезеңі педагог компетенттілігінен шешіледі.

Қазіргі уақытта тұлға қоғам алдында қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына, жеке бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа заманның ұстаздарын дайындау бүгінгі педагогикалық оқу орнының алдына қойған басты міндеттерінің бірі.

Сонымен болашақ педагог мамандардың кәсіби тұлғалық құзіреттілігін дамытудың негізгі міндеті – кәсіби ойлау мәдениетін қалыптастыру. Біздің түсінігімізде маманның кәсіби компетенттілігі деген – ол ойлаудың тұрақтылығы, кәсіби мәселелерді шеше білуге болжам жасау, ойлау шығармашылығы, жүйелі ойлау, нақты ойлау, логикалық ойлау, ғылыми негіздерге сүйене білу, оқыту мен тәрбиелеу әдістерін тиімді пайдалана білу, ойлау операцияларын қолдану, өзгелердің пікірімен санасып, өзгелермен қарым-қатынас жасай білу.

Әдебиеттер

1. «ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Алматы, 2010
2. Қазіргі кезеңдегі педагогтардың кәсіби құзіреттілігі: проблемалары және даму болашағы. Республикалық ғылыми – практикалық конференция материалдары. 16 қазан 2009 ж., Б. 403-420
3. Білім. Образование. Білім беру бағыттарын дамыту және компетенция. № 3 – 2004
4. Білім берудегі менеджмент. Профессиональная компетентность учителя как условие развития системы образования. № 1 – 2001
5. Қазақстан мектебі, № 1 – 2008 ж., 23-24 б.б.

МРНТИ: 15.41.47

З.Н. Батырханова, О.Г. Беленко

Государственный университет имени Шакарима города Семей, oksanapp2005@mail.ru

ВЗАИМОСВЯЗЬ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ И СТАТУСНОГО ПОЛОЖЕНИЯ ПОДРОСТКОВ В ГРУППЕ

THE RELATIONSHIP OF VALUE ORIENTATIONS AND STATUS OF THE SITUATION OF ADOLESCENTS IN THE GROUP

Система ценностных ориентаций, являясь психологической характеристикой зрелой личности, одним из центральных личностных образований, выражает содержательное отношение человека к социальной действительности и в этом качестве определяет мотивацию его поведения, оказывает существенное влияние на все стороны его деятельности. Как элемент структуры личности, ценностные ориентации характеризуют внутреннюю готовность к совершению определенной деятельности по удовлетворению потребностей и интересов, указывают на направленность ее поведения.

Понятие личность не может рассматриваться в отрыве от социальной среды, общества. По мнению, Б.Г. Ананьева, исходным моментом индивидуальных характеристик человека, как личности, является его статус в обществе. Применительно к подростковому возрасту, на основе социального статуса подростка формируются системы его социальных ролей и ценностных ориентаций. Статус, роли, ценностные ориентации, образуя первичный класс личностных свойств, определяют особенности структуры и мотивов поведения, и, во взаимодействии с ними, - характер и склонности человека [2].

Поэтому современный период развития психологии характеризуется напряженным вниманием исследователей к смысловой сфере подростков, в том числе ценностным ориентациям. Ценностные ориентации относятся к наиболее сложным социально-психологическим образованиям личности, оказывающим существенное влияние на все стороны жизни человека. Выражая сознательное отношение к явлениям действительности, они определяют его позицию по отношению к другим людям, обществу и самому себе, во многом обуславливая направление и содержание развития личности.

Ценностные ориентации – сложный социально-психологический феномен, характеризующий направленность и содержание активности личности, являющийся составной частью системы отношений личности, определяющий общий подход человека к миру, к себе, придающий смысл и направление личностным позициям, поведению, поступкам. Подростковый возраст является периодом начала формирования системы ценностных ориентаций, оказывающей влияние на становление характера личности в целом. Это связано с появлением на данном возрастном этапе необходимых для формирования ценностных ориентаций предпосылок: овладение понятийным мышлением, накоплением достаточного морального опыта, занятием определенного социального положения. По единодушному мнению многих исследователей, занимающихся проблемой ценностных ориентаций, несмотря на специфику подходов к ней, система ценностных ориентаций во многом определяет формирование личности человека. Далекое не все результаты можно сравнить между собой, так как различные авторы рассматривают феномен ценностных ориентаций с позиций различных психологических направлений. Проблема ценностных ориентаций должна быть решена с позиций целостного, системного

подхода к изучению человеческой индивидуальности, что выражает наиболее прогрессивную тенденцию современной науки. Этот подход основан на теории интегральной индивидуальности, что позволяет рассматривать ценностные ориентации, как сложное, иерархически организованное образование, детерминированное, с одной стороны, факторами социализации, с другой стороны – всей системой разноуровневых свойств интегральной индивидуальности. Возможность такого подхода дает концепция интегральной индивидуальности В.С. Мерлина. Совокупность сложившихся, устоявшихся ценностных ориентаций образует своего рода систему личностных координат, обеспечивающую устойчивость и преемственность определенного типа поведения и деятельности, выраженную в направленности потребностей и интересов человека. В силу этого ценностные ориентации выступают важнейшим фактором, регулирующим и детерминирующим поведение человека.

Формирование индивидуальных ценностей можно представить как процесс интериоризации (присвоения) личностью социальных ценностей. Д. Леонтьев выделяет три взаимопереходящие формы существования ценностей: общественные идеалы, предметное воплощение этих идеалов в деяниях или произведениях конкретных людей и мотивационные структуры личности («модели должного»), побуждающие ее к предметному воплощению в своем поведении и деятельности общественных ценностных идеалов.

Проявляясь в различных формах (целях, установках, оценках, нормативных представлениях, императивах, запретах и т.д.), ценностные ориентации выступают ориентиром деятельности индивида и позволяют ему оценивать окружающий мир в плане добра и зла, правды или лжи, красоты или безобразия, допустимого или запретного, справедливого или несправедливого. Ценности несут в себе нравственные представления индивида о том, что является правильным, положительным или желательным, они – осознанный или интуитивный нравственный выбор того, что для человека является важным и стоящим [1]. Если все вышесказанное о ценностных ориентациях применить именно к подростковому возрасту, то хотелось бы отметить, что главная особенность подростка – личностная нестабильность. Противоположные черты сосуществуют и борются друг с другом, определяя противоречивость характера и поведения взрослеющего ребенка. В подростковом возрасте формируется чувство взрослости – особая форма самосознания. Оно проявляется в желании, чтобы все окружающие относились к нему как к взрослому. Появляются собственные вкусы, взгляды, оценки, собственная линия поведения.

В качестве первоисточников самооценок и оценок других людей могут в подростковом возрасте выступать мнения родителей, суждения учителей, высказывания других, значимых для школьника взрослых людей, мнения друзей по школе, суждения, получаемые из произведений искусства и средств массовой информации, мнения, сложившиеся в собственном опыте. Все это может повлиять на суждения подростков о людях. Однако мнение, выражаемое человеком, не есть простое повторение того, что сказано другими людьми или заимствовано из источников информации. Оно всегда есть также продукт собственных размышлений, сравнения человеком себя, своего поведения с личностными чертами и поступками других людей, с оценками, даваемыми другими людьми, со своими собственными идеалами.

Чувство взрослости связано с этическими нормами поведения, которые усваиваются детьми в это время. Подросткам приходится сталкиваться с остротой моральных проблем, приходится вырабатывать взгляды на жизнь в обстановке моральной вседозволенности. У современного подростка затруднено формирование таких ценностных ориентаций, которые бы способствовали его безболезненному вхождению в систему социально-экономических отношений. Причиной того служит изменившаяся социально-экономическая ситуация и, как следствие этого, - ослабление референтной функции современной семьи в плане формирования долговременных личностных установок ребенка.

Для данного возраста характерно стремление к признанию собственных заслуг в своей значимой подростковой среде. Подросток верит в уникальность собственных проблем и переживаний, что порождает чувство одиночества и подавленности. Борясь с собственным одиночеством, и осознавая сложность проблем, подросток начинает искать себе подобных. В молодёжной среде у подростка формируется мы-концепция. С одной стороны, это именно то, что сплачивает группу: общие цели, интересы, задачи. С другой стороны, мир вокруг распадается на «своих» и «чужих», причём взаимоотношения между этими группами порой

резко антагонистичны. Формирование Мы-концепции у подростка является мостиком к возникновению в жизни подростка референтной группы или групп. Группа сверстников для подростка служит, во-первых, важным каналом информации, которую он не может получить от взрослых; во-вторых, новой формой межличностных отношений, в которых подросток познает окружающих и самого себя; в-третьих, группа представляет новый вид эмоциональных контактов, невозможных в семье.

Главный социальный смысл существования компании и ее задача – обеспечить переход детей из однополюсных групп, характерных для школьников средних классов и младших подростков, к разнополюсным группам, которые обычно состоят из старших подростков. Если подросток попадает в группу с достаточно высоким уровнем социального развития, это благотворно отражается на развитии его личности.

саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда, саусақтарынан, шығармашылық ойын қоректендіретін өте жіңішке жылғалар сынды жіптер тарайды. Баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады». Педагогтардың пайымдауы бойынша барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, сезіп, тәжірибесінде, нақты өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет. Ересектердің көмегімен көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, бала жаңа туындылар жасайды (сурет, жапсыру). Қайталанбайтын туындыларды ойластыру барысында ол әрқашан заттың жасалу тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Мектепке дейінгі жастағы бала өзінің эстетикалық дамуында қарапайым көрнекі-сезімдік әсерінен түпнұсқалық кейіптің жасалуына бейнелеу-мәнерлеу әдістері арқылы өтеді. Сондықтан оның шығармашылығының негізін қалау керек. Неғұрлым бала жақсы көрсе, естісе, күйінсе, соғұрлым қиялдау әрекеттері маңызды және нәтижелі болады. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін бейнелеп көрсетуге тырысады [2-3].

Мен өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Сурет салудың дәстүрден тыс әдістері балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Сондықтан заттық-дамытушы ортаны ұйымдастырған кезде мазмұнының дамытушылық жағын және әр баланың жеке ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталғанына басты назар аударамын. Үйде қаншама қажетсіз нәрселер бар: тіс щеткалары, поролон тарақтар, қақпақтар, пенопласт, жіптер, майшамдар т.б. Ал серуенге шыққан кезде айналада қаншама қызықты нәрселер бар: таяқшалар, жаңғақтар, жапырақтар, тастар, тұқым, баққабак гүлінің мамығы т.б. Осының бәрінен іс-әрекетке қажетті өнімді бұрыш жасақтап алдық. Ерекше материалдар балаларды өзінің ерекшелігімен қызықтырады, «Жоқ» деген сөзді айтқызбай-ақ, не қаласа соны жасауларына және өздерінің жаңа шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Балалар ұмытылмас әсер алады, жағымды көңіл-күйде болады, ал олардың көңіл-күйлеріне қарай отырып не нәрсеге қуанатынын, не нәрсеге көңілі толмайтынын аңғаруға болады. Ұйымдастырылған оқу қызметінде бейнелеу өнерінің дәстүрден тыс әдістерін қолдану:

- Балалардың қорқынышын сейілтуге мүмкіндік туғызады;
- Өзіне деген сенімін арттырады;
- Ойлау кеңістігін дамытады;
- Өз ойын еркін білдіруге үйретеді;
- Шығармашылық ізденіске түрткі болады;
- Әр түрлі материалдармен жұмыс жасауға үйретеді;
- Композициялық сезімін, ырғақты, түс, түстерді қабылдауын дамытады;
- Саусақтың ұсақ моторикасын дамытады;
- Жұмыс барысында эстетикалық сезім алады.

Дәстүрден тыс әдістер арқылы сурет салу дағдыларын жеңілдетуді жөн санадық.

Психологтардың айтуынша «Сурет бала үшін өнер емес, ол тіл. Сөзбен айтып жеткізе алмағанын, сурет арқылы жеткізуге мүмкіндігі бар. Бейнелеу барысында оңтайлының бәрі екінші орынға кетеді, тыйым мен шектеулер болмайды. Бұл уақытта бала мүлдем еркін».

Сурет салуда дәстүрден тыс әдістер балалар үшін қызықты, өйткені өзінің қиялын, ықыласын, ойын толық білдіруге үлкен мүмкіндіктер береді.

Алға қойған мақсатыма жету үшін келесі тапсырмаларды орындауды анықтадым:

1. Мектеп жасына лейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету;
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қозғалыс дағдыларын және қолдың білезік буынының икемділігін арттыру;
3. Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін пайдалана отырып кез-келген сурет салуда өз шығармашылықтарымен ұштастыра білуге үйрету.

Нәтижеге қол жеткізу үшін балалармен жұмысты сатылып үш жастан бастаған жөн. Ең бірінші кіші топ балаларға диагностикалық зерттеу жүргізу қажет. Диагностикалық зерттеу мынаны көрсетеді:

- балалар қарындашты ұстауды қиналады;
- қағаз бетіне сызық, дақ, бояу түсіруге қиналады;
- қағаз бетіне суретті түсіру икемі болмайды.

Өзімнің ұйымдастырған оқу қызметімде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерінің топтамасын, балалардың саусақтарына толықтай демалыс болатын, қимыл қозғалысын арттыратын, жазу дағдыларын қалыптастыратын элементарлық саусақ ойындарын, гимнастика, жаттығуларды пайдаланамын.

Бірнеше жылдан бері мектепке дейінгі балалармен жұмыс барысында мен бейнелеу әрекеттерінің нәтижелеріне назар аудардым. Балалар келесі белгілер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті:

- Штрихтау икемділігі, түрлі түсті қарындаштармен әр түрлі сызықтарды тартуы;
- Жіңішке және жуан қылқаламмен бояуды жаға білуі;
- Негізгі түстердің, бояудың реңктерін танып, оларды араластыра білуі;
- Үлгі мен дақты жұмыста қолдана білуі;
- Өз жұмыс орнын жинай білуі;

Сонымен қатар балалардың төмен қабілеттері де байқалды:

- Сабақ барысында, жауап айтқан кезде өзіне деген сенімсіздік пен бөгеліп қалушылық;
- Өздігінен бейнелеу құралдарын таңдауда, суретті параққа орналастыруда әрекетсіздік;
- Дәстүрлі емес бояу әрекеттерін қолдану кезіндегі жаңғалақтық;
- Бейнелеу құралдарымен тәжірибе жасау;
- Танымал сурет салу әдісінде педагогтың анық түсіндіруін күту;
- Қиялын, көркем шығармашылығын байқату;
- Суретке жеке көзқарасын жеткізу.

Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әр топта белгілі бір әдістерді үйрету керек. Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті, жапырақтарды пайдалану арқылы, балауызды қолданып сурет салуды үйретеміз. Осы әдістердің бірнеше түріне тоқтала кетейік.

«Бастыру әдісі» әр түрлі заттармен бастыру арқылы сурет салу балаларда жағымды эмоция, қызығушылық тудырады. Бастыру үшін әртүрлі заттарды қолдануға болады. Мысалы: жапырақ, алақан, поролон, өсімдіктер.

«Құммен сурет салу әдісі». Балаларға құммен сурет салу өте қызықты, қатты ұнады, ол көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Оны төмендегідей жүргізеді:

- Ақ қағаз бетіне суреттің пішіні сызылады;
- Желім сызылған сызық бойымен қылқаламмен жағылады;
- Жағылған желімнің үстіне ыдыстардағы құм себіледі.

Балалармен жұмыс барысында олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, алынған нәтижеге талдау жасадым, жеке жұмысты жоспарладым.

Балалардың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, дәстүрден тыс әдістермен жұмыс жасауды жетілдіріп, ерекше бейнелері арқылы өзінің «Менін» көрсету [4].

Жұмысты нәтижелі жүргізуде ата-аналармен тығыз байланыс орнаттым. Ата-аналардың балаларының балабақшада немен шұғылданатындығын, қандай жетістікке жеткендігін білу туралы ой мазалайтындығын ескере келе балалардың шығармашылығынан көрмелер ұйымдастырдым.

Қорыта келе мектепке дейінгі мекемелерде балалардың бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін оқып үйретудің сан алуан әдістері және ең алдымен балалар дербестігін, белсенділігін, өмір құбылысын көркемдік тұрғысынан қабылдау әрқашанда дара, әрі таңдамалы.

Нәтижесінде балада көркем өнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі, отбасы және балабақша ынтымақтастығы орнайды.

Әдебиеттер

1. «Балбөбек» бағдарламасы. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының республикалық баспа бөлмесі. – Алматы, 1999
2. Куцанова Л.В. "Конструирование и ручной труд в детсаде. – М.: Просвещение, 1990
3. Романова В.И. Дидактический материал по трудовому обучению. – М.: Просвещение, 1990

4. Методическая разработка по ознакомлению дошкольников с произведениями искусства в процессе занятий по изобразительности. – Алма-Ата, 1988

ПЛАТФОРМА 2: ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

ҒТАХР: 05.11.55

А.Ж. Оразбақов

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

ЖАСТАР ҚАЛАСЫ – АСТАНАНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ

THE CITY OF YOUTH - THE DEMOGRAPHIC SITUATION OF THE CAPITAL

Астана қаласы ежелден дала халқын өзіне тартқан қеруен жолдарының түйіскен жерінде орналасқан. 1830 жылы бұл жерде Сібір қазақтарының Ақмола қамалы орнатылды [1]. 1860 жылы Ақмола қамалының орнында қалыптасқан станицада 2 мың тұрғын болған екен. Бұлардың ішінде қазақ жанұялары да болған. 1862 жылы Ақмолаға қала дәрежесі берілген соң, қала халқы көбейе бастап, 1893 жылы 6428 адамға жетті.

1961 жылы Ақмола қаласының атауы Қазақстан және Сібір өңіріндегі тың жерлерді игерудің орталығы есебінде Целиноград деп өзгертілді [2].

1992 жылы Целиноград қаласына тарихи атауы Ақмола қайта беріліп Қазақстан Республикасының астанасына айналуына байланысты, 1998 жылы қалаға Астана атауы берілді [3].

Бір мемлекеттік астанасын екінші жерге көшірудің түрлі себептері бар. Солардың қатарында демографиялық себептері де ерекше орын алады. Астана Ақмолаға көшер алдында Қазақстанның солтүстігі миграция есебінен халқы азайып, ұлттық құрамы жағынан қазақтар кейбір этностарға қарағанда саны аз халге түскен кезең болатын. Бұған қоса бұрынғы КСРО кеңістігін қамтыған әлеуметтік-экономикалық күйзеліс кезеңінде «Қазақтың атының тұяғы тиген жердің бәрі қазақ жері емес» - деген сөздер естіле бастағанда астананы Ақмолаға көшіру Елбасының Қазақстанның тұтастығын, елдің тыныштығын сақтау жолындағы үлкен қадамы болды. Елбасының осы шешемі арқасында КСРО кезеңінде қалыптасқан елдің тұтастығына қауіп төндіретін демографиялық келеңсіздіктер жойыла бастады.

Қазақстан тәуелсіздігін алар қарсаңындағы 1989 жылы жүргізген санақ материалдары бойынша Астана қаласында 281252 тұрғын болған.

Кесте 1 – Астана қаласы тұрғындарының қала астанаға айналған жылдарындағы саны және өсім көрсеткіші

Жыл басындағы саны	Астана тұрғындарының саны	1 жылдағы өсімі, адам санымен	1 жылдағы өсімі, пайызбен
1989	281252		
1997	275 100		
1998	275 300	200	
1999	326 900	51 600	18,7%
2000	381 000	54 100	16,5%
2001	446 200	65 200	17,1%
2002	493 100	46 900	10,5%
2003	501 998	8 898	1,8%
2004	510 533	8 535	1,7%
2005	529 335	18 802	3,7%

2006	550 438	21 103	4,0%
2007	574 448	24 010	4,4%
2008	602 684	28 236	4,9%
2009	605 254	2 570	0,4%
2010	649 139	43 885	7,2%
2011	697 129	47 990	7,4%
2012	742 918	45 789	6,6%
2013	778083	35 165	4,7%
2014	811.529	33446	4,3%
2015.	852882	41353	5,1%
2016	872655	19773	2,3%
2017	972692	100037	11,5%
2018	1030577	57885	6%

1997 жылы қаладағы адам саны алдыңғы санақтан кеміп 275 100 тұрғынды құраған. Бұның себебі сол кездегі тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл бұрынғы ҚСРО кеңістігін қамтыған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс болды. 1997 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен Елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданғаннан кейін жаңа астанадағы демографиялық ахуал өзгере бастады. 1998 жылы көптеген мекемелер жаңа астанаға ауысып, халықтың Ақмолаға көшу қарқыны өсіп, 1999 жылғы санақ мәліметтері бойынша қала халқы 326 900 адамға жетті. Қазақстанның барлық дерлік аймақтарында демографиялық тоқырау басталған кезде бұл өңір демографиялық өсім ошағы болды. XX ғасырдың соңы ХХІ ғасырдың басында Қазақстан әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан шығып, дүние жүзінде саяси беделінің артуымен қатар Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен Астана қаласы кеңейіп жүздеген жаңа құрылыс нысандары ашылып, халық саны арта түсті. 2000 жылы Астана халқы 381 мыңға жетсе, 2001 жылы 446 200 адамды құрап, 2003 жылы 500 мыңнан асып, 2011 жылы 700 мыңдық асуға таяп, 2015 жылдың қаңтарында 852 985 адамды құрады [4]. Ал 2018 жылдың қаңтарында миллиондық деңгейден асып 1030577 адамды құраған.

Астана қаласы халқының өсу қарқыны өз кезеңінде дүние жүзінің барлық өңірлерінен жоғары болғанын және әлем демографтарының батыл болжауларынан да жоғары болғанын Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мына сөздерінен көруге болады. «Астананың бас жоспары қаралған кезде мамандар арасында 2030 жылға қарай Астана халқының саны қанша болады деген сұрақ туындады. Осы мәселе төңірегінде мамандардың жауабы түрлі болды. Европалық мамандар өз әдіс-тәсілдерін пайдаланып қала халқының саны 650 мың тұрғын болады десе, жапондықтар 800 мың болады», - деді. Ал қазақстандық демографтар 1,5 миллион деп көрсетті. Бәріміз келісіп 800 мың тұрғын болады деген шешімге келдік. Бұл да Қазақстан 2030 стратегиясының уақытынан бұрын орындалғанының бір белгісі болды.

Астана қаласының халқы 3 ауданға бөлінген – 2017 жылдың 1 қарашасындағы мәлімет бойынша Алматы ауданында – 453 059 адам, Астана қаласы тұрғындарының 44,2% шоғырланған болса, Есіл ауданындағы тұрғындар саны – 189 330 адам я 18,4 % құрса, Сарыарқа ауданында 383 792 адам, яғни халықтың 37,4 % тұрып жатқан [5].

Астана қаласы халқының өсуінің екі жолы болды. Біріншісі – табиғи өсім, екіншісі – миграциялық өсім. Қазақстан тәуелсіздігін алған 1991 жылы Астанада дүниеге 4 821 нәресте келген болатын.

Кесте 2 – Астана қаласы халқының табиғи өсім көрсеткіші

Жылы	Туылған нәрестелер саны	Қайтыс болғандар	Табиғи өсім
1991	4821		
1998	3388	3054	334
1999	3605	2832	773
2000	4430	2932	1498
2001	4733	3264	1469
2002	5585	3410	2175
2003	6449	3286	3163
2004	7990	3374	4616

2005	9042	3618	5424
2006	10025	3724	6301
2007	12511	3590	8921
2008	15054	3307	11747
2009	15153	3130	12023
2010	17343	3177	14168
2011	17865	3290	14575
2012	19463	3505	15958
2013	21896	3499	18397
2014	24082	3578	20504
2015	26131	3865	22269
2016	27845	4051	23794
2017	28276	3902	24374
1998-2017	285687	73204	212483

Бұдан кейінгі жылдары бүкіл бұрынғы КСРО кеңістігін қамтыған әлеуметтік- экономикалық қиындықтарға байланысты бала туу деңгейі төмендеп, Астанада 1998 жылы 3 499 нәресте дүниеге келді. Ал жаңа ғасырда Астана кеңейіп, көптеген құрылыс орындары пайда болып, қала Қазақстанның саяси, мәдени, қаржы орталығына айнала бастаған соң, ондаған мың жас – Қазақстандықтар Астанаға көшіп келгесін, бала туу деңгейі өсіп, 2010 жылы қалада 17313 нәресте туылса, 2013 жылы 21861 нәресте, 2014 жылы 24 216 нәресте [6,6бет], ал 2017 жылы 28 276 бала дүниеге келді. Қазақстанның жаңа астанасы пайда болғаннан бері бұл қалада дүниеге 285 687 Қазақстан азаматтары келген. Осы жылдары қайтыс болған 73 204 Астана тұрғынын алып тастағанда 20 жылдағы табиғи өсім 212 483 адамды құраған.

Астана қаласындағы халықтың өсуінің екінші жолы миграцияның есебінен болды.

Кесте 3 – Астана қаласы халқының миграция есебінен өсуі

Жылы	Келген	Кеткен	Айырмасы
1999	61772	8530	+53242
		60 % шетелге кетті	
2000	68824	11118	+57760
		63 % шетелге кетті	
2001	62380	11004	+51376
		53 % шетелге кетті	
2002	15217	8456	+6661
		39 % шетелге кетті	
2003	15243	9871	+5372
		17 % шетелге кетті	
2004	24542	10356	+14186
		15 % шетелге кетті	
2005	26754	11075	+15679
2006	29450	11742	+17708
2007	31533	12218	+19315
2008	43900	19020	+24880
2009	49875	17996	+31879
2010	59391	25545	+33846
2011	59196	28061	+31135
2012	50834	31515	+18809
2013	47839	29962	+17877
2014	48107	30227	+17880
2015	31008	33496	-2488
2016	135489	59175	+76314
2017	135618	102107	+33511
1999-2017	996972	472030	+524942

Қала астана статусын алғанға дейін бұл жақтан халықтың үдере көшуі байқалса, Елордаға айналғаннан кейін Қазақстанның өзге де аймақтарынан мұнда қоныс аударушылар саны артты.

Миграция есебінен көбейіп жатқан Астана қаласы тұрғындарының негізін қазақ ұлтының өкілдері құрайды. Мысалы, 2014 жылғы Астанаға келгендер мен кеткендердің айырмасын құрап қалада тұрақтаған 17 920 адамның 16639-ы, яғни 92,9%-ын қазақтар, 2,3%-ын орыстар, 4,8% басқа ұлт өкілдері құраған [7].

Астана қаласы халқының миграция есебінен өсуінің 20,1% Ақмола облысының үлесіне тисе, 13,6% Оңтүстік Қазақстан облысына, 10,5% Қарағанды облысына 8,5%, Алматы қаласына, 8,1% Шығыс Қазақстан облысына, 39,2% басқа облыстарға, оның ішінде Қызылорда облысына тиесілі.

2014 жылдан бастап қабылданған Қазақстанның солтүстік, шығыс, батыс өңірлеріндегі оқу орындарына Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінің жастарын қабылдаудың мемлекеттік «Серпін» бағдарламасына сәйкес Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан жастарының үлесі Астана қаласы халқының құрамында көбейеді деп күтілуде.

Астана құрылысы басталған кезде қалаға келушілердің денін үйленбеген жастар құраса, қазір олардың ішінде үйленгендер, баласы барлар үлесі көбеюде. Мысалы 2013 жылы Астанаға келген 47839 адамның 14135-і, я 29,5% ата-анасына еріп келген он бес жасқа дейінгілер болған. Жалпы алғанда миграция есебінен Астана қаласы 20 жылда 524 942 адамға көбейген.

Байқап отырсаңыздар соңғы 20 жылдағы көрсеткіштерге сәйкес Астана қаласы халқының 51% басқа өңірлерден келгендер есебінен қалыптасқан. Тағы 20-25% Астанада дүниеге келсе де басқа өңірлерден келгендердің жанұяларында дүниеге келгендер.

Қаланың экономикалық жағынан өсуі әлеуметтік, мәдени инфрақұрылымының кеңеюі мен жақсаруы – бұл қалаға Қазақстан жастарын көптеп тартып, Астананы шын мәніндегі жастар қаласына айналдырды.

Кесте 4 – Астана қаласында тіркелген некелер мен ажырасулар саны

Жылы	Некелер саны	Ажырасулар саны	Бір жылда тіркелген некелерге келетін ажырасулар %
1998	1794	1128	63 %
1999	1809	695	38 %
2000	1842	844	46 %
2001	2153	953	44 %
2002	2429	928	38 %
2003	2870	1142	40%
2004	3304	1134	34%
2005	4022	1242	31 %
2006	4690	1260	27%
2007	5459	1508	28 %
2008	5832	1616	28 %
2009	6707	2040	30%
2010	7379	2011	27 %
2011	8633	2521	29%
2012	9378	2625	28 %
2013	10573	3236	30 %
2014	11399	3541	31 %

Бұл қала көптеген жас отаулардың, жаңа жанұялардың құрылған қаласы болды. Егер 1991 жылы қалада 989 жанұя құрылып некелерін тіркесе, 2014 жылы тіркеген некелер саны 11324 –ке жеткен. 1991 жылы 283 адамға 1 некеден тіркелсе, 2014 жылы 75 адамға 1 некеден келген. Қарапайым сөзбен айтқанда некелер саны 11 есе өскен. Астана қаласында некеге тұрудың орташа жасы әйелдер арасында-25,3 жас болса, ерлер арасында-27,5 жасты құраған.

Мұнда тіркелген некелер саны Астана үшін аз болып саналады. Себебі Астана қаласының халқының саны 2012 жылы республика халқының 4,4% құраса, Астана қаласында

тіркелген некелер саны жалпы Республика бойынша тіркелген некелердің 2,5% құраған. Демек, бұл қалада отбасын құрмаған жастар әлі көптеп саналады.

Өкінішке орай, Астана қаласындағы әлеуметтік, экономикалық жағдайдың шешілуі, бала күтіміне қатысты мәселелердің қол жетімдігі кейбір жанұяларда қалыптасқан келіспеушіліктердің ажырасу арқылы шешілуіне әкелуде. 1991 жылы қалада 445 ажырасу фактісі тіркелсе, 2014 жылы 3541 жағдай тіркеліп, 8 есе өскен.

Астанада халықтың жылдан жылға күрт өсуіне байланысты ажырасу фактілерінің үлесі де өсуде. Қазір Астанада жылына 100 неке қиылса, 29 ажырасу тіркелуде. Бұл әрине осы қалада 1998 жылы тіркелген 100 некеге келетін 63 ажырасудан, онан кейінгі жылдардағы 100 некеге келетін 46 я 44 ажырасудан аз. Бірақ қазағы көбейіп келе жатқан қала үшін, әрине жоғары. Қазақстан бойынша қазіргі таңда орташа алғанда 100 некеге 28-29 ажырасудан келеді. Ал қазағы 97% құрайтын Қызылордада 100 некеге 20 ажырасудан келеді. Астанадағы ажырасу фактілерінің азайғандығын қалада қазақ ұлты өкілдерінің көбейгенімен байланыстыруға болады деп ойлаймын. Бұның дәлелі есебінде өзімізге жақын, қазақтан басқа ұлт өкілдері көп Байқоңырды алуға болады. Мұнда әр 2 некенің біреуі ажырасумен тынуда.

КСРО ыдырағаннан кейін бірқатар Ресей зиялыларының тарапынан қазақ жеріне байланысты теріс пиғылдағы ойлар айтылды. Осы тұрғыдан қарағанда, ҚР Президентінің астананы Қазақстанның солтүстігіне қарай көшіргені Қазақстанның солтүстігіндегі этнодемографиялық проблемаларды шешудің бастамасы болды.

Кесте 5 – Астана қаласында тұратын этнос өкілдерінің саны мен қала халқы құрамында алатын пайызы

Этностар	1989	1999	2012	2014	2018	1989-2018 жылдардағы өсімі
Қазақтар	49798	133585	540815	605051	805718	+1617%
	17,71 %	41,83 %	72,80 %	74,29 %	78,18	
Орыстар	152147	129480	128928	132103	138175	-9,2,%
	54,10 %	40,55 %	17,35 %	16,22 %	13,41	
Украиндар	26054	18070	13453	13736	14176	-45,6%
	9,26 %	5,66 %	1,81 %	1,69 %	1,38	
Немістер	18913	9591	7930	8406	9243	-51,1%
	6,72 %	3,00 %	1,07 %	1,03 %	0,90	
Белорустар	8220	5761	3834	3913	4052	-50,7%
	2,92 %	1,80 %	0,52 %	0,48 %	0,39	
Поляктар	2412	2537	2412	2535	2687	+11,4%
	0,98 %	0,79 %	0,32 %	0,31 %	0,26	
Татарлар	9339	8286	9937	10425	11624	+24,4%
	3,32 %	2,59 %	1,34 %	1,28 %	1,13	
Өзбектер	640	429	8166	8736	10642	+1662%
	0,23 %	0,13 %	1,10 %	1,07 %	1,03	
Қырғыздар	94	196	3400		4741	+5043%
	0,03 %	0,06 %	0,46 %		0,46	
Кәрістер	1329	2028	4981	5533	6549	+492%
	0,47 %	0,64 %	0,67 %	0,68 %	0,64	
Азербайжандар	997	902	2978	3221	3811	+382%
	0,35 %	0,28 %	0,40 %	0,40 %	0,37	

Мұның айқын көрсеткіші 1989 жылы Целиноград қаласындағы қазақтар саны 49798 адамды яғни 17,7% құраса, 2018 жылы 805708 адамды, 78.18% құраған, орыстар саны 1989 жылы 152 147 адам 54,1%-дан 2018 жылы 138175 адамға, 13,4%-ға дейін кеміген.

Орыстардың және орыс тілдес этнос өкілдері жастарының шетелге не тарихи отанына көптеп кетіп, бала тууға қабілетті жастағы өкілдерінің саны азаюына байланысты, қазір

Астана қаласында дүниеге келіп жатқан нәрестелердің дені қазақ ұлтының балалары. Мысалы, 2014 жылы дүниеге келген 24 216 Астана қаласының тұрғындарының 20 325, яғни 84,1% қазақтар болса, 8,38% орыстар құраған [8,10 бет]. Дегенмен 2016 жылдан орыс тілдес халық өкілдерінің саны Астанада азда болса көбейіп келеді.

Осы жерде басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға, Астанаға қалай келгенін атап ету керек. Олар: кезінде патша үкіметі айдауға жіберген сол кездегі жүйеге қарсы шыққандар, Столыпіннің аграрлық реформасы кезінде келгендер, ұжымдастыру кезінде кулак деп кеңес үкіметі қуғындағандар, соғыс алдында және соғыс кезінде Қазақстанға депортацияланған миллионнан астам халықтар және тың жерлерді игеру кезіндегі Қазақстанға келген 2 миллионнан аса тың игерушілердің өкілдері мен ұрпақтары.

Астана қаласы тұрғындарының 212483-і яғни 28,6% 0-19 жас аралығындағылар ал 47016 яғни 6,3% 60 жастан асқандар. Демек халықтың 65% жұмыс істеуге қабілетті жастағылардан тұрады. Бұл мәлімет басқа облыстарға қарағанда Астана қаласында жұмысқа қабілетті жастағылардың артық екенін көрсетеді. Мысалы Қызылорда облысы бойынша 0-19 жас аралығындағылар 287 273 адамды, яғни 40,3% құраса, 60 жастан асқандар 50799 адамды, 7,1% құрайды. Демек облыс бойынша жұмысқа қабілетті 20-60 жас аралығындағылар 47,4% құрайды. Байқап отырсаңыздар Астанадағы жұмысқа қабілеті жастағы адамдар саны 92121 адамға, демек 12,4%-ға артық.

Жаңа астанаға жастардың жан-жақтан ағылуы нәтижесінде, Астана қаласы Қазақстанның бірқатар солтүстік, шығыс өңірлеріне қарағанда халықтың қартаю деңгейінен алшақ тұр. Бірақ кейбір ұлттар, әсіресе орыстарда, украиндарда, татарларда, белорустарда жас балалар мектеп бітіргеннен кейін оқуын жалғастыру үшін көршілес Ресей облыстарына көшуіне байланысты және көп жағдайда оқуын бітіріп сол жақта қалып қоюына байланысты бұл этностарда қарттар санының этнос құрамындағы деңгейінің көп болуынан қартайған этнос қатарына жатқызылуда. Оның мысалы туғандар мен өлгендердің үлес салмағынан көруге болады. 2014 жылы Астанада 20 325 қазақ әйелі бала туса 1 617 қазақ дүниеден өтті. Қайтыс болған бір қазаққа 12,6 нәрсетеден келеді. Орыс ұлтында 2002 орыс әйелі бала туса, дүниеден 1150 адам өткен, бір қайтыс болғанға 1,7 нәрсетеден келеді, 263 дүниеге келген татарға 117 қайтыс болған татар келіп, коэффициент 2,2- ден келсе, украиндарда 0,9 –дан, белорустарда 0,89-дан келген [8].

Қазақ ұлты қартаю деңгейінен алшақ тұрса да, қариялары көп басқа ұлттардың есебінен Астана қаласының қартайған қала атануына ілігуіне себебі тиюі мүмкін.

2009 жылғы санақ мәліметтері бойынша 15 жастан асқан Астана қаласы тұрғындарының 80% қазақ тілін түсінеміз десе, 64% қазақ тілінде жазамыз және оқимыз деген. Егер бұл кезде қала халқының 69% ғана қазақтар болғанын ескерсек, қазіргі кезеңде алға басушылық барын көруге болады.

2014 жылғы мәлімет бойынша Астана қаласы тұрғындарының 97% Қазақстан азаматтары болса, 3% шетел азаматтары болған. Олардың көбі Өзбекстан (35%), Ресей (23%), Түркия (12%) азаматтары.

2011 жылғы мәлімет бойынша Астанада шетел капиталының қатысуымен 1086 өндіріс орындары мен мекемелер жұмыс істеген. Бұған қоса Астанада шет елдердің елшіліктері мен консульствалары орналасқан.

Соңғы санақ мәліметтері бойынша Астана қаласы тұрғындарының 73% ислам дінін, 23% христиан дінін ұстанатындықтарын білдірген.

Кез келген мемлекеттің астанасы сол ел азаматтарының қызығатын, сонда баруға, болашағын сонымен байланыстыруға тырысатын орталығы болып табылады. Біздің астанамыз аз уақыттың ішінде көптеген сәнді құрылыстарымен, экономикалық, мәдени, әлеуметтік орталықтарымен және сонда өткен дүние жүзілік іс-шараларымен Қазақстанға ғана емес, әлемге танымал болып, Евразия құрлығында өзінің биік орнын алды.

Осыдан 5-6 жыл бұрынғы жорамал бойынша 2020 жылға қарай Астана қаласының халқы 960 мыңға, 2050 жылға қарай бір миллион екі жүз мыңға жетеді делінген. Бірақ қазіргі даму көрсеткіштеріне сәйкес миллионнан асқан Астана қаласы тұрғындарының саны 2050 жылға қарай 2,5-2,6 миллионға жетуі мүмкін. Мұның мүмкіндігін салыстырмалды түрде Астана қаласының қазіргі демографиясының дамуынан көруге болады. Астананың жастар қаласы екенің мектепке дейінгі мекемелер, мектептер, колледждер мен жоғарғы оқу орындарының жылдан-жылға артып келе жатқанынан көруге болады. Жастардың оқуға, түруға көнілі түскен Астана қаласының алдағы уақытта өсіп кенекіне сеніміміз мол.

Әдебиеттер

1. ҚР ОММ 338 қор, 1 тізбе, 693 іс.
2. Словарь современных географических названий, Екатеринбург, У – Фактория, 2006
3. Указ Президента Казахстана от 6 мая, 1998 г № 39941 «О переименований города Акмолы – столицы Республики Казахстан в город Астана – столицу Республики Казахстан»
4. 2015 жылғы қаңтар-ақпан айларындағы Астана қаласындағы халық санының өзгеруі туралы., Астана қаласының статистика департаменті. 2015 жылғы 6 наурыз, 2 бет.
5. Численность населения Астаны на 1 ноября составила 1,026 млн человек.. // ИА «Zakon.kz»7
6. Естественная движение население города Астаны за январь-декабрь 2014г., Астана., Департамент статистики города Астаны, 2014 жыл, 15 бет.
7. Миграция население города Астаны за январь-декабрь. 2014 года. Астана. Департамент статистики города Астаны., 2014., 20 бет.
8. 2014 жылғы қаңтар-желтоқсандағы Астана қаласы халқының табиғи қозғалысы, Астана. Астана қаласының Статистика департаменті. 2014., 15 бет.

ҒТАХР: 17.01.09

Б.Р. Тубекбаева, М. Өндірқан

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті
Абай институтының мамандары, Семей қ, btubekbaeva@mail.ru
ondirkan@mail.ru

**ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ КӨРКЕМ АУДАРМА,
МӘДЕНИЕТ ПЕН ТАРИХ**

**VALUES OF THE GREAT STEPPE ARE: LITERATURE AND LITERARY TRANSLATION,
CULTURE AND HISTORY**

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында еліміздің рухани жаңғыруы мен білімді ұлт, ұлттық тәрбие ерекше атап көрсетілген. Рухани жаңғыру арқылы ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, мәдени дәстүрлерді берік сақтай отырып қана жаңа заман жетістіктерімен, жалпы адамзаттық құндылықтармен байыта аламыз. Мемлекеті, халық үшін, ұрпақтың келешегі үшін заманның талабын зерделеп, одан өтудің жолын білімімен іздейді. Адамды, халықты бұндай дәрежеде ойлауға жетелейтін ұлттық сана. Ұлттық сана елдің тарихы мен мәдениетіндегі тәжірибелер арқылы ұрпақтың уақытымен үйлессе елдің тұтас ұлттық зердесі қалыптасады немесе заман талабына сай өрісін кеңейте түседі. Осыған байланысты мақалада білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт екендігі атап көрсетілген. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Яғни білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек. Алдыңғы қатарлы елдердің біріне айналуымыз үшін әрбір Қазақстан азаматы жаңаша ойлап, алға мақсат қойып, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қоғамдық сананы жаңарту жолында тер төгуі қажет.

Дамудың жаңа кезеңінде алдымен ұлттық құндылығымыз: ұлттық әдебиетіміз, тарихымыз бен мәдениетіміз сақталуы керек. Бар саладағы жаңғыру арқылы біз жарқын болашаққа жол саламыз. Сол ұлттық құндылықтарымыздың бірі ұлттық әдебиетімізге келер болсақ, ұлттық әдебиет өз өмірімен, өз ағымымен тіршілік етеді. Әрине, ол сол халықтың тарихымен, оның барлық даму жағдайларымен байланысты және басқа халықтар әдебиетімен қарым-қатынаста болады. Осы қарым-қатынас ішінде аударманың орны ерекше. Сонымен қатар, аударма – ақынның дүниетанымдық қорын байытудың баға жетпес көзі ретінде белсенді қызмет атқарады. Аударма жалпы адамзат атаулының танымдық рухани алмасуы нәтижесінде мәдениет пен өркениеттің дамуына, санасының өсуіне, дүниетанымының кеңеюіне апаратын бірден-бір жол.

Әлем халықтары әдебиетінің бір-бірімен байланысуында, ғылым мен әдебиет салаларында халықаралық ынтымақтастықтың дамуында аудармалардың маңызы зор. Аударма ұғымының қолданылу аясы өте кең. Бір тілден екінші тілге поэзиялық және

прозалық шығармалар, публицистикалық мақалалар, ғылыми әдебиеттер, ресми іс қағаздар, саяси және қоғам қайраткерлерінің сөйлеген сөздері, сонымен қатар әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар тіл табысу үшін аудармашылардың көмегін қажет етеді. «Аударма» сөзінің астарында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу жатқаны белгілі. Сонымен бірге, аударма – сөйлеу қызметінің бір түрі болғандықтан, оның мақсаты сөз сөйлеу құрылымын қайта құру болып табылады, нәтижесінде мазмұнның өзгеріссіз жоспары сақталумен бірге, ойды жеткізу жоспары да өзгереді, бір тіл екіншісімен ауыстырылады.

Біз енді осылардың ішінен көркем әдебиет саласындағы аудармалар туралы сөз етпекпіз. «Аударма» сөзі жалпыға түсінікті, әрі көпшілікке белгілі болып табылады. Осыған қарамастан, бұл адам әрекетінің арнайы бір түрі және жемісі болғандықтан, ол ғылыми-терминологиялық анықтауды қажет етеді. Аудармашылардың өздері де «көркем аударма» ұғымына нақты анықтама беруге қиналады. Кейбір әдебиетшілер «аударма-түпнұсқаға негізделіп, түпнұсқаның басқа тілдегі көшірмесі» болу керек деген пікір айтады. Басқаша айтқанда, аударма түпнұсқаға толық сәйкес болу керек. Бұл арада «сәйкестік» деген ұғымға тоқталу керек сияқты. Егер бір шығарма екі түрлі тілде, екі түрлі мәдени-тарихи жағдайда өмір сүрсе, онда «сәйкестік» тек шартты түрде ғана болмақ.

Көркем аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге аударылған нұсқасы, көркем әдеби шығармашылықтың бір саласы және де түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету. Ал түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі – бұл аудармадағы басты ерекшеліктің бірі. Аудармашының шығармашылық тәсілі негізінен оның дүниетанымына байланысты. Өзінің дүниетанымына сәйкес аудармашы өзі таңдап алған шығармалардағы көркем шындықты мазмұн мен түр бірлігінде, жекеден жалпыға дейінгі тұтастықтың байланысында бейнелейді.

Аудармашының дүниетанымын жеке сөздер мен тіркестерден және де көбінесе тұтастай әдеби элементтен, яғни мәтіннің аяқталған үзінділерінен іздеуге болмайды. Көп жағдайда осынау дүниетанымның мәні де аудармашының түпнұсқаға деген жалпы қатынасынан аңғарылады. Ол аударатын шығарманы таңдап алуынан басталып, оның стилін қабылдап, түсінумен аяқталады. Аудармашының дүниетанымы түпнұсқа аудармасы түрі мен мазмұнының бірлігін қарастырып қана қоймай, аудармадағы ұлттық түрді сәйкестіру туралы мәселені де осы бірлікте шешеді. Орта ғасырлардан бастап, қазақ әдебиетінде де шығыста бұрыннан белгілі сюжетті арқау ете отырып шығарма жазу дәстүрі болған. Оларды бүгінгі дәуірде қалыптасқан мағынада аударма деуге келмейді. Олар кейде еркін аударма деп саналғанмен, шынында төлтума шығарма сипатына ие болған. Шынайы аударма қалайда түпнұсқаға сәйкес болуы шарт. Көркем аударма түпнұсқаға мағынасы қаншалық жақын келетініне орай дәлме-дәл аударма, еркін аударма, сәйкес аударма деп ажыратылады. Көркем аудармада әдеби шығарма бастан аяқ сөзбе-сөз тәржімаланбайды, сөздердің мағынасын, көркемдік қуатын, бейнелік әсерін неғұрлым толық жеткізу мақсат етіледі.

Әсіресе, поэзиялық шығармалардың аудармаларында кейбір еркіндіктер болмай қоймайды. Оның себебі, әр тілде қалыптасқан сөз қолдану тәсілдері ерекше болып келеді. Сондықтан бейнелі сөздерді көшіріп, сол түпнұсқадағы қалпын сақтап жеткізу мүмкін емес. Басқа тілде айтылған ойдың жалпы мағынасын жеткізуден гөрі, сол әдебиетке тән көркемдік ойлау, бейнелеп сөйлеу, сөз қолдану өзгешеліктерін дәл келтіру әлдеқайда қиын. Ал, онсыз көркемдік ой – сезімнің әсерлілігі де толымды болмайды.

Көркем аударма тұтастай кешенді: ақпараттық, эстетикалық және қоғамдық-саяси міндеттерді атқарады. Аударма оқырманды шығармалармен, зерттеушілермен, автормен, басқа халықтар әдебиеті, мәдениеті, өмірімен таныстырады. Аударма сондай-ақ отандық түпнұсқалық туынды жасауымен, эстетикалық құндылықтарымен оқырман талабын қанағаттандырады, ол түпнұсқалық көркем шығарманың дамуына ықпал етеді, әдебиеттің, тілдің, мәдениеттің интернационалдық қатынасының құралына айналады. Аударма оқырманды түпнұсқаға жақындатады, соның нәтижесінде басқа ұлт тілін оқып, үйренуге көмектеседі, бағыт береді.

Көркем аударма – көркем шығармашылықтың түрі ретінде онда аудармашының дүниетанымы мен тәсілі, шығармашылық дербестігі әрі аудармадағы, әрі түпнұсқадағы ұлттық ерекшелігі айқындалады. Аудармашы неғұрлым талантты болған сайын, оның дербестігі де нақтылана түседі. Аудармашы міндеті автордың дүниетанымына, мәнеріне,

стилистикалық сипатына бойлау, сонымен қатар шама-шарқынша бұл дүниетанымды, мәнерді, стильді туған тілінің құралдарымен барынша мәнерлі, әдемі жеткізе білу. Теориядан нақты іс-тәжірибеге сүйенсек, әрбір аударма аудармашының дербестігін танытуы керек, басқаша болуы мүмкін емес. Әрине аудармашының дербес сипаттағы қасиеттерімен қатар, жоғарыда аталған жайлар ескерілуі тиіс. Дербестік аудармашы талантының қайталанбастығы деген ұғым береді. Аудармашыға қажет қасиеттер – терең, жан-жақты білім, ақындық-жазушылық қабілет, үлкен шеберлік, талант, мол тәжірибе, екі немесе көптеген тілдерді жетік меңгеру, кәсіби мамандану және үздіксіз іздену, шығармашылықмашықтану, шабыттану, елестету кендігі, түйсіну тереңдігі, сезімталдық даралығы, тіл байлығы. Аудармаға құштарлық, қызығушылық, ұлт әдебиеті мен автор шығармасының жауапкершілігін жете түсіну және т.б.

Көркем аударма – коммуникативтік қызметтің айрықша түрі. Көркем мәтін аудармасын жүзеге асыру кезінде аудармашы тек бір жақты аударма ауқымында қалып қоймауы тиіс. Ұлттық рухани мұра аясында мәдениетаралық, мәдени-этникалық және көркемдік коммуникациясының айрықша түрі ретінде қарастырылуы жөн.

Көркем аударманың мақсаты – шет тілін білмейтін оқырманды сол халықтың шығармаларымен әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, классикалық туындылармен таныстыру. Шығарманың көркемдік ерекшелігін, дербес құрылымдық сипатын, ұлттық колоритін сақтау – аудармашының табысқа жетуінің басты кепілі. Мұндай жетістікке жету үшін аудармашы бірінші кезекте түпнұсқаның көркемдік мазмұнымен бірге, философиялық рухын, әлемін терең сезінуі тиіс, бұл үшін талантты аудармашы болу аз, нағыз әдебиетші, энциклопедист, ғалым болуы қажет.

Ұлттар арасында дәстүрлі түрде аударма жасау кеңестік идеологияның негізгі бағыттарының бірі болды. Қазір бұл үрдіс ТМД елдеріндегі экономикалық-әлеуметтік жағдайдың ықпалынан әдеби дамудың тежелуіне байланысты бәсеңсіп қалды. Алайда, орыс аударма өнері көркем шығармалар болсын, басқа ғылым, өнер салалары аудармасы болсын жан-жақты жандану үстінде. Әлем көркем әдебиетінің үздік үлгілері мен аударматануға қатысты зерттеу еңбектерін сол халықтың тілінен ана тілімізге тікелей аудару ісін жеделдету маңызды. Еліміздің рухани жаңғыру жолында мәдениет, ұлттық әдебиетіміз алдыңғы қатарда жүруі тиіс. Осы мақсатта аударманың барлық саласын жетілдіру – білім мен ғылымды, мәдениетті жаңа деңгейге көтеру мүмкіндігіне жол ашады.

Жалпы айтқанда, ұлттық құндылықтарымызды халық санасында қайта жаңғырту, ұрпақтар арасында кеңінен насихаттау мақсатын алға қойып, кез-келген игілікті іске ынта мен жігерді танытып, қабілеттілікті көрсете білу, өмір жолында өз ісіне адалдық танытып, өзіне бағындырған құндылықтарды халықтың игілігіне айналдыра алатын деңгейге қол жеткізу, сол арқылы мемлекетінің мүддесіне, ұлтының болмысына күш беруге және детарихымызды терең танып, дәстүр құндылығын дәріптей білуге ұмытылуымыз қажет.

Әдебиеттер

1. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1999. – 161 б.
2. Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері : Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2012. – 296 б.
3. Әуезов М. Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері. // Көркем аударманың мәселелері. Мақалалар жинағы. – Алматы: Қазақ көркем әдебиет баспасы, 1957.
4. Талжанов С.О. О переводах и переводчиках. / Аударманың лексика – семантикалық мәселелері: (тәжірибелер, толғаныстар, топшылаулар). – Алматы: Ғылым, 1987. 5.

Ө.С. Түкібаев, М. Абдуллаева
Өңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ НЕГІЗДЕРІ

BASICS OF MEDICAL TERMINOLOGY

Бүгінгі күні қазақша медициналық терминологияның дамуын екі кезеңге бөліп қарауға болады: алғашқы кезеңдегі мақсат медициналық терминдердің баламаларын іздестіріп, табу болса, қазіргі кезеңдегі мақсат әртүрлі қолданылып жүрген атауларды бірегейлеп, біріздендіру жұмысы.

Кеңес өкіметі саясатының нәтижесінде қазақ тілінің қолданылу аясының тарылғандығы соншалық, білім-ғылымның барлық салаларында, соның ішінде медицина саласында да қазақ тілінде білім беруді бастау үрдісі үлкен қиыншылықтарға кездескені белгілі. Себебі, көптеген медициналық терминдердің қазақ тіліндегі баламалары белгісіз болды. Сондықтан қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алған алғашқы жылдардағы негізгі мақсат – латын, грек, орыс тілдеріндегі медициналық терминдердің баламаларын тауып қолдану керек болды. Алғашқы кездері қазақшасы жоқ сияқты болып көрінген көптеген терминдердің өз тіліміздегі баламаларының табылғанына қуандық (лучевая кость-көрі жілік, череп-бассүйек, фасция-шандыр, подвздошная кишка-мықын ішек, орта-қолқа және т.б.).

Сол 1991 жылғы уақыттан бері, жыл сайын медицинаның барлық салаларында қазақ тілінде жарыққа шығып жатқан оқулықтар, сөздіктер, ғылыми еңбектер саны көбейе түсті, яғни медицина салаларының терминдерін іздестіру, зерттеу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Осы уақытта көптеген анатомиялық және клиникалық терминдердің көптеген ұтымды баламалары қолданысқа енді. Сонымен қатар, шығып жатқан еңбектердегі біраз терминдер әрқалай беріліп жүрді. Мысалы: тонкая кишка – аш ішек, жіңішке ішек, ащы ішек; желчный пузырь – өтқуық, өт қалта, өт қапшығы, өт қап, өтқабы және т.с.с.

Терминологияның белгілі бір даму кезеңінде терминдердің осылай әртүрлі қолданылуы әлемнің бұрыннан жоғары деңгейде дамыған тілдеріне де (ағылшын, неміс, орыс т.б.) тән құбылыс екенін атап айтқымыз келеді. Терминология мәселелерімен арнайы айналыспаған мамандар мұны түсіне бермей, бір ғалымның ұсынған терминін екіншісі сынға алып жатады, бұл жағдайда бір-бірін қатаң сынға алмай, терминдер жайында ой алмасып, ортақ пікірге келуге жол ашу керек. Бұл жөнінде Ресей медициналық Ғылымдар Академиясының академигі В.В. Куприяновтың: «Орыстың анатомиялық терминологиясын құру, жасау өте қиын жұмыс екен. Оған 100 жылға созылған уақыт кеткеніне таңдануға болмайды» – деген пікірінің (1981 ж) біздерге де тікелей қатысы барын атап өткен жөн.

Сонымен, қазақ тілінде көптеген еңбектердің жарыққа жығыуының нәтижесінде, алғашқы кезеңдегі мақсат – медициналық терминдердің баламаларын іздестіріп, табу жұмыстары аяқталып, екінші кезеңнің мақсаты – терминдердің сапасын арттырып, жоғары деңгейге көтеретін, яғни әртүрлі қолданылып жүрген атауларды бірегейлеп, біріздендіретін уақыт келді.

Осы мақсатта республикалық педагогикалық ғылымдар академиясы басқармасының төрағасы, академик Асқарбек Қабыкөнұлы Құсайыновтың басшылығымен, 1999-2000 жылдары ғылымның түрлі салалары бойынша, әрқайсысы 4000-5000-дей терминдерді қамтитын 31 томдық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер топтамасы жарық көрген еді. Бұл сөздіктер қазақ тіліндегі терминдерді бірегейлеу үрдісіне өз үлесін қосып, айтарлықтай еңбек атқарды. Әрине, осы сөздіктер шыққаннан кейінгі уақытта ғылым, техника, медицина, мәдениет және басқа өндірістік салалар даму үстінде болды, осыған сәйкес қазақ терминологиясының ауқымы кеңейіп, дами түсті, жаңа терминдер, сұрақтар пайда болды. Осыған байланысты 2012-2014 жылдар аралығында 31 томдық сөздіктер топтамасы мамандар тарапынан қайтадан талқыланып, өзгертіліп, толықтырылып, 30 том түрінде 2014 жылы баспадан шықты.

Осы сөздіктер топтамасының 14-ші томы медицина саласына арналды, бұл сөздіктің 2000 жылы жарық көрген бірінші басылымында 5000 терминдер қамтылса, соңғы басылымда

12000-нан аса терминдер қамтылды. Бұл сөздікті дайындауға медицина саласы бойынша терминология мәселесімен көп уақыттан бері айналысып жүрген белгілі ғалымдар мен мамандар қатысты. Солардың ішінде профессорлар: Ө.Н. Нұрмұхамбетов, Ж.Б. Ахметов, Д.К. Қияшев, А.Ж. Нұрмақов, доценттер: Л.Ө. Ысқақова, С.Б. Сламжанова және тіл мамандары: ф.ғ.к. А. Әмірбекова, Н.А. Төлеева, осы сөздікті дайындауға белсене атсалысты. Бұл жұмысты жүзеге асыру барысында медицина саласы бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктер, оқулықтар және ғылыми еңбектер кеңінен пайдаланылды. Авторлар ұжымы талас тудырып жүрген терминдерді талқылап көптеген атауларда бірегейледі. Ал бір шешімге келе алмаған кейбір терминдер басқа сала мамандарымен болатын ортақ талқылауға ұсынылып отырды.

Әдебиеттер

1. Чернявский М.Н. Латинский язык и основы медицинской терминологии. – Медицина. –2004
2. Ахметова М.А. Медицина терминдерінің сөздігі. – Алматы – 2005
3. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология. Москва, – 2003
4. М.Н. Чернявский. Латинский язык и основы медицинской терминологии.: учебник. -3-е изд., испр. и доп., – М.: Шико, 2007
- 5.Элементы латинской грамматики в таблицах и схемах: анатомическая терминология. –Н. Новгород: Изд-во НГМА, 2006

МРНТИ: 37.18.13

Т.Н. Калтаева, Ә. Ерғалиқызы, Ж.Д. Ахметова, Г.Е. Берікханова
Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН ЕСЕПТЕР

MATHEMATICAL LITERACY PROBLEMS

2017 жылдан бастап ҰБТ форматының өзгергендігі баршаға аян. «Математикалық сауаттылық» деп аталатын жаңа ұғым енгізіліп, осы атаумен ол ҰБТ – да «міндетті пән» ретінде көрініс тауып отыр.

Бұл не? Қандай пән? Қандай сұрақтар болады? Осындай бірнеше ондаған, тіпті жүздеген сұрақтардың пайда болғаны да рас.

PISA бағдарламасы бойынша қазіргі мектеп бағдарламасына жаңадан «математикалық сауаттылық» бағалау бағыты енгізіліп отыр. Жаңа форматтағы сынаққа қойылған талап бойынша да бұл пән түрі ретінде оқушы мен мұғалімге аса қиындық туғызуда. Осыған дейін математика жалпы ғылым саласы ретінде оқытылып, математикалық сауаттылық жеке дара қарастырылмағандықтан мектеп мұғалімі бұл бағытты қалай оқыту, қалай даярлау керектігінде қиыншылыққа тіреліп келген еді. Сонымен қатар математикалық сауаттылық мазмұны нені қамтиды, неге аса мән беру керек, тапсырмалар мазмұны мен жүйесі қалай құрылады деген сұрақтар мектеп мұғалімін жиі мазалайды.

Математикалық сауаттылық ұғымында негізгі тірек пәнді меңгеріп алу емес, функционалдық сауаттылыққа мән беру қажет. Функционалдық сауаттылық математикалық білімді дербес және қоғам арқылы әртүрлі талапты қанағаттандырады. Осыған сәйкес әрбір оқушының математикалық білімін есеп шешуде әртүрлі тәсілді интуиция және ойлану арқылы шығаруда негізгі назар аударамыз. Бұл үшін оқушыда белгілі мөлшерде математикалық білім және білік болуы керек, математикалық деректер, терминдерді, стандартты әдіс, стандартты әрекет және белгілі әдіс қолдану есептелмейді.

Біздің ойымызша, математикалық сауаттылық – біріншіден, математиканың адам өмірінде алатын орнын түсіну, екіншіден, математиканың негізгі ұғымдары мен анықтамаларын білу, үшіншіден, математиканың ережелері мен теоремаларын және математикалық аппаратты нақты проблемаларды шешуде ұтымды қолдана білу.

Мектептегі математика курсындағы кейбір тақырыптарды оқытудың қолданбалы бағытын нығайту үшін, есептер жүйесіне практикалық жағдайды модельдеуге

математикалық білімді қолдануды көрнекі көрсетуге немесе керісінше, қандай да бір математикалық модельмен сипатталатын әр түрлі табыстарға мысалдар келтіру арқылы формуланың практикада қолданылуын, математиканың рөлін, абстрактілі ғылым екенін оқушыларға көрсетуге мүмкіндік беретін есептерді енгізу қажет.

Көптеген мәтіндік есептің математикалық моделі квадраттық теңдеумен сипатталады. Оқушылар квадраттық теңдеулерді шешуді жақсы меңгергенмен, олардың практикалық қолданылысына жете мән бермеуі мүмкін. Сондықтан осы кемшілікті жою мақсатында есеп шығартуды былай жоспарлауға болады. Алдымен $x^2 - 58x + 480 = 0$ теңдеуін шешейік. Бұдан $x_1 = 48$, $x_2 = 10$ түбірлерін аламыз.

Мысал – 1. Ұзындығы 116 м құрылыс материалы бар. Онымен құс фермасындағы ауданы 480 м^2 болатын, тіктөртбұрыш тәрізді үйрек қамайтын орынды қоршап шығуға бола ма? Оның қабырғаларының ұзындығын анықтаңдар.

Шешуі.

Есептің берілгені бойынша үйрек қамайтын орынды тіктөртбұрыш фигурасы деп есептейміз. Тіктөртбұрыштың ұзындығын x деп белгілейік.

Тіктөртбұрыштың ауданы $S = 480 \text{ м}^2$, жалпы формуласы – $S = ab$, ұзындығы x -ке тең болса $S = xb$. Осыдан тіктөртбұрыштың енін табайық: $b = \frac{S}{x} = \frac{480}{x}$.

Тіктөртбұрыштың периметрі $P = 116 \text{ м}$ (құрылыс материалы), жалпы формуласы $P = 2(a + b)$, орнына мәнін қоятын болсақ, мына теңдеуді аламыз:

$116 = 2(x + \frac{480}{x})$, $58 = x + \frac{480}{x}$, $x^2 - 58x + 480 = 0$ теңдеуіміз бастапқы квадрат теңдеу түріне келді. Екі жауапты қарастырамыз:

1) Егер ұзындығы $x = 48$ -ге тең болса, ені $b = \frac{480}{x} = \frac{480}{48} = 10$ -ға тең.

2) Егер ұзындығы $x = 10$ -ға тең болса, ені $b = \frac{480}{x} = \frac{480}{10} = 48$ -ге тең.[1]

Мысал – 2. Зауыт белгіленген уақытта 480 машина жасапшығаруы керек еді. Әр күні бір машинадан артық жасай отырып, белгіленген уақыттан бір күн артық жұмыс істеп, жоспардан артық 59 машина жасады. Завод белгіленген уақытта жоспардан артық неше машина жасады?

Шешуі.

Заводтың бір күнде шығарған машиналар санын x деп белгілейік. Сонда жоспар бойынша завод жұмысты $\frac{480}{x}$ күнде, ал бір күн артық істесе барлығы $\frac{480}{x} + 1$ күнде бітіреді. Есептің берілгені бойынша завод әр күні бір машинадан артық жасап отырғандықтан $x + 1$ және жоспардан артық $480 + 59$ машина шығарды. Сонда завод барлық жұмысты $\frac{480 + 59}{x + 1}$ күнде бітірді. Енді олардың жұмысты жасап бітірген уақыттары тең болғандықтан, мына теңдеуді құруға болады.

$$\frac{480}{x} + 1 = \frac{480 + 59}{x + 1}, \quad \frac{480}{x} - \frac{539}{x + 1} + 1 = 0, \quad \frac{480(x + 1) - 539x + x(x + 1)}{x(x + 1)} = 0$$

$$480x + 480 - 539x + x^2 + x = 0$$

$x^2 - 58x + 480 = 0$ теңдеуіміз бастапқы квадрат теңдеу түріне келді. Екі жауапты қарастырамыз:

1) Егер завод бір күнде $x = 10$ машина шығарған болса, онда барлық жұмысты 49 күнде бітірді.

2) Егер завод бір күнде $x = 48$ машина шығарған болса, онда барлық жұмысты 11 күнде бітірді.

Мысал – 3. Ауылдан қалаға қарай велосипедші қашықтығы 24 кмжолмен жүрді. Ол қайтарда ұзындығы 30 км жолмен жүріп ауылға келді. Қайтар жолда жылдамдығын 2 км/сағ

арттырса да, жолға 6 мин артық уақыт жұмсады. Велосипедші қайтар жолында қандай жылдамдықпен жүрді?

Шешуі.

Велосипедшінің ауылдан қалаға барғандығы жылдамдығын x деп белгілейік. Ауылдан қалаға барғандағы кеткен уақыт $-\frac{24}{x}$. Қайтарда ол жылдамдығы 2 км/сағ-қа арттырды, яғни

$x+2$. Осы жолда кеткен уақыт $-\frac{30}{x+2}$. 6 мин $-\frac{6}{60} = \frac{1}{10}$ сағатқа тең. Велосипедші қайтарда 6 мин артық жол жүрді, осыдан велосипедшінің әр жолда кеткен уақыттарына байланысты мына теңдеуді алуға болады:

$$\frac{30}{x+2} - \frac{24}{x} = \frac{1}{10}, \quad \frac{30x - 24(x+2)}{x(x+2)} = \frac{1}{10}, \quad 300x - 240(x+2) = x(x+2)$$

$x^2 - 58x + 480 = 0$ теңдеуіміз бастапқы квадрат теңдеу түріне келді. Екі жауапты қарастырамыз:

1) Егер велосипедші $x = 10$ км/сағ жылдамдықпен жүрген болса, онда ол жолға 2,4 сағат кетірді.

2) Егер велосипедші $x = 48$ км/сағ жылдамдықпен жүрген болса, онда ол жолға 30 мин кетірді.

Берілген есептер бірден қарағанда әр түрлі сияқты, өйткені есептердің құрылымы және шығарылу әдістері әр түрлі. 1-3 мысалдарды талдап, шешкеннен кейін оқушылар теориялық мәселелердің өмір практикасымен байланысты екеніне көздері жетеді.

Мұндай топтағы есептерді қолданудың артықшылығы математиканың өмірде қолданылуын көрсетуде септігін тигізіп, соның негізінде оқушылардың ойлауының кеңдік, тереңдік, тиімділік сияқты сапаларын тиімді қалыптастыруға көмектеседі.

Мысал – 4. Екі тасбақа бір уақытта бір – біріне қарсы жүрді. Егер бірінші тасбақа 40 м/сағ – қа тез жорғаласа, онда олар жолдың ортасында кездесер еді. Егер де екінші тасбақа 50 м/сағ – қа тез жоғарласа, онда ол кездескенге дейін бірінші тасбақадан екі есе артық жол жүрер еді. Бірінші тасбақаның жылдамдығын табыңыз.

Шешуі. Бірінші тасбақа жылдамдығын 40 м/сағ – қа арттырғанда екі тасбақа да бірдей арақашықты жүрді, демек бірінші тасбақа жылдамдығы екінші тасбақа жылдамдығынан 40 м/сағ – қа аз. Бірінші тасбақа жылдамдығы x м/сағ болсын, онда екінші тасбақа жылдамдығы $x+40$ м/сағ. Екінші тасбақа жылдамдығын 50 м/сағ – қа арттырғанда оны жылдамдығы $x+90$ м/сағ болады. Онда оның жүрген жолы бірінші тасбақаның жүрген жолынан 2 есе артық, демек жылдамдығы 2 есе артық. $2x = x+90$. Бұдан $x = 90$ м/сағ. [2]

Мысал – 5. Параллелограммның a табан қабырғасы, $a = 2+5t$ заңдылығы бойынша, ал b биіктігі, $b = 2+6t$ заңы бойынша өзгереді. Параллелограммның $t = 3$ с болғанда ауданының өзгеру жылдамдығын анықтау керек.

Шешуі. Егер параллелограммның a табан қабырғасы, $a = 2+5t$ заңдылығы бойынша, ал b биіктігі, $b = 2+6t$ заңы бойынша өзгереді болса, онда параллелограммның ауданы $S(t) = a(t) \cdot b(t) = (2+5t)(2+6t) = 30t^2 + 22t + 4$ заңы бойынша өзгереді.

Параллелограммның $t = 3$ с кезіндегі ауданының өзгеру жылдамдығын анықтау үшін $S(t)$ функциясының бірінші ретті туындысын табамыз. Сонда $v(t) = S'(t) = 60t + 22$, бұдан $v(3) = S'(3) = 60 \cdot 3 + 22 = 202$ см²/с.

Мысал – 6. Төбесі абсцисса осінде болатын парабола $y = x^2$ түзуімен $A(-1; -1)$ нүктесінде жанасады. Параболаның теңдеуін табу керек.

Шешуі. Параболаның төбесі абсцисса осінде болғандықтан, парабола теңдеуін $y = m(x-a)^2$, $m \neq 0$ түрде анықтауға болады. Ол үшін $y = m(x-a)^2$ функциясының туындысын тауып, m және a мәндерін анықтаймыз. Ол үшін $A(-1; -1)$ нүктесінің

координаталарын пайдаланамыз. Сонда $y(x) = 2m(x - a)$, бұдан $y(-1) = -2m(1 + a)$.

Есептің шарты бойынша $y = x$ жанаманың бұрыштық коэффициент 1 – ге тең, сондықтан мына теңдікті құрамыз $-2m(1 + a) = 1$. $A(-1; -1)$ нүктесі параболаға тиісті болғандықтан оның координаттары $m(-1 - a)^2 = -1$ парабола теңдеуін қанағаттандырады.

Олай болса
$$\begin{cases} m(1 + a)^2 = -1 \\ m(1 + a) = -1 \end{cases}$$
 жүйенің шешімін анықтаймыз. Бұл жүйені шешімін табу үшін бірінші теңдеуді өзінің қалпында қалдырып, екінші теңдеуді түрлендіреміз, яғни жүйені мына

түрге келеді:
$$\begin{cases} m(1 + a)^2 = -1 \\ m = \frac{-1}{2(1 + a)} \end{cases}$$
. Екінші теңдеуден табылған мәнін бірінші теңдеудегі m – нің

орнына қойып, есептесек $a = 1$ болады. Жүйедегі m – нің мәнін табу үшін табылған a – ны екінші теңдеуге апарып қойсақ, $m = -0,25$ болады. Демек, ізделініп отырған параболаның теңдеуі $y = -0,25(x - 1)^2$. [3]

Осы қарастырылған есептерді шығару барысында оқушыларда функцияның графиктерін, қасиеттерін меңгеру, есептің геометриялық интерпретациясын жасау, есепті аналитикалық жолмен шешу қабілеті, математикалық сауаттылығы қалыптасады.

Қазіргі кезде мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған мәселелер аз емес. Солардың бірі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құштарлығын дамыту.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш – қуатымен сенімін арттырып, қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал.

Математиканы оқытудың әрбір кезеңінде оқушылардың бағдарламалық материалды оқып үйренгендей қабылдауға терең де берік білімдеріне, іс – әрекеттеріне және дағдыларына, сонымен бірге математиканы оқытудағы қызығушылығын дамытуға да байланысты болады. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгеретін жаттығуларды орындағанда оларға қиынырақ тапсырмалар, міндетті емес тапсырмалар берілуі қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1. Шыныбеков А. Н. Алгебра және анализ бастамалары: Жалпы білім беретін мектептің 10 – сыныбына арналған оқулық – 3 – бас. – Алматы: Атамұра, 2014 – 336 бет.
2. Математикалық сауаттылық II – ші бөлім: Әдістемелі құрал/ Ұ. Жанасбаева – Алматы, 2017. – 124 бет.
3. Рустюмова И.П., Рустюмова С.Т. Пособие для подготовки к единому национальному тестированию по математике. Учебно-методическое пособие. Издание второе, исправленное, доработанное. – Алматы, 2007

АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

SOCIO-PHILOSOPHICAL ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF HUMAN CAPITAL

Қазақстандағы барлық жастағы демографиялық топтардағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет, деген Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы жолдауында идеясын іске асыру негізінде адам капиталы [1] әлеуметтік – философиялық ғылыми-ұғымдық категориялық тұрғыдан баяндауды мақаламыздың басты мақсаты етіп алдық.

Әлеуметтік-философиялық тұрғыдағы адам дамуы мәселесі техника мен жаңа үдемелі инновациялық-технологияның дамуына байланысты адам капиталы ретінде қоғамдық ғылымдарда, соның ішінде социологияда, философияда, әлеуметтік антропологиялық мәселелермен де айналысатын кең ауқымды тақырыпқа айналуға. Адам капиталы ұғымын әлеуметтік-философияның ұғымдық категориясы ретінде дамуына шолу жасай келе, оған берілген түрлі анықтамаларды саралап, оның мағынасын әлеуметтік-философиялық, әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, қазіргі қоғамдағы адам капиталы мәселесіне баса назар аудару.

Ғылымның іргелі зерттеулерінде қоғам мен экономиканың дамуының негізгі факторы ретінде білім алуға басымдық мән берілгені белгілі. Қазіргі уақытта адам капиталының мұндай анықтамалары оның мағынасын толық ашпайтын, шектеулі сипатта екендігі анықтала бастады. Адам капиталына тек білім алу, тәрбие, ғылым ғана емес, ақылды еңбек құралдары мен адами капиталдар қызмет ететін ұжымдар да кіре бастады. Бұл белгілі халықтар мен ұлтқа байланысты әртүрлі болатын мәдени орта да болуы мүмкін. Көрнекті экономикалық қайраткерлер негізін қалаған «Адам капиталы» түсініктері жеке адамның қызметтік сипат-қасиеттерінің және оның табыс табуды ұйымдастыру қабілеттерінің болуы ғана емес, оның әлеуметтік, психологиялық дүниетанымдық және моральдық-этикалық құндылықтық қырларының рухани бай болуын болуын қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлініп келеді. Адам капиталы жеке адам мен ұжымның құндылығы ғана емес, қоғамның ажырамас жалпыадамзаттық құндылығы негізінде қарастырыла бастады. Бұл үдеріс адам капиталы категориялық ұғымының өрісін кеңейте түсті.

Қазіргі жағдайда адам капиталын тектік, әлеуметтік және рухани капитал сияқты өлшемдермен қоғамның әртүрлі құрылымдық қарым-қатынастарымен бірге қарастыру керек екендігі анықтала бастады.

Тектік капитал – адам капиталының дүниеге келген кезде берілетін құрамдас және ажырамас биологиялық шарты, яғни адамның әуел баста жаратылысынан берілетін ұлттық коды мен биологиялық-физиологиялық болмысы екендігі тұрғысынан қарастырылады. Ал әлеуметтік капитал оның өмір сүруі үдерісінде қалыптасатын отбасындағы тәрбиеленуі, білім алуы, денсаулық сақтау, барлық әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында мемлекеттің әлеуметтік ұстанған саясатының қаржылық есебінен де алынтындығы.

Рухани капиталдың қалыптасуы адамның рухани тәжірибе жинауы және тұлға ретінде қалыптасуы барысындағы оның ішкі дүниесі арқылы жүзеге асады. Мұндай руханилықты дамытудың ішкі талаптарына ұлттық сана мен салт-дәстүрлер, этникалық айырмашылықтар жатса, сыртқы талаптарға тәрбие, білім алу, мәдени дәстүрлер, қоршаған орта мен идеологиялық саясаттар жатады. Адам түсінігі категориясы тұрғысынан алғанда философия адамның мәні, оның болмыстық түпкі мақсаты мәселелерін зерттемей көздеген мақсатқа жете алмайды. Қазақтардың рухани қалыптарындағы дүниетанымының негізгі тұжырымын Абай – басты құндылық – адам болмысы етіп алған. Абайдың қара сөздерінен, таусылмас рухани қазынасынан, оның адамның өмір сүру философиясын бес бағытта қарастырғандығы. Біріншісі, жеке адамдардың тұрмыс тіршілігі. Екіншісі, әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орны, мінез-құлқы, менталитеті; Үшіншісі, ұлттың ата-бабалардан мұра болып қалған өзіндік өмір салтын, дәстүрлі мәдениетіне бейімделген мұрат-мақсаттарын болмыстың жаңа сұраныстарына байланысты жаңартып, жаңғырту жолдары. Төртіншісі, адамзат тарихында қалыптасқан моральдық құндылыққа сай келетін үрдістердің өркениетпен үйлесім табу жолдары. Бесіншісі, имандылық жолымен Алла

болмысын тану. Адамның өз іс-әрекетін, сөзін, Иллаһи қағидаларына, пайғамбар хадистеріне, өнегелеріне сай келтіруге ұмтылу. Жаратушы махаббатына сүйіспеншілікпен жауап қайтару жолы. Бұл бес бағыт, адамның жаны мен тәнінің дамуы мен өркендеуі, өсу негізінде қалыптасатын, бүгінгі өмірде маңызды орын алатын талпыныстар. Абайдың ойлау жүйесі, адам өмір сүруінің философиясы мен әлеуметтік орта мен табиғатына, адамзат болашағына зор сенімі негізінде қалыптасқандығын айқындайды. Өскелең ұрпақ адамды Абайша түсінудің тұжырымдарын, құндылықтарын түсінуге бет бұруымыз қажет. Абай жолы, Абай мұрасы, Абай шығармалары – ізденіс пен ойланудың, кемелділік пен ізгілікті дамудың өзгермейтін үлгісі. Абайдың басты мақсаты – адам болу үшін ненің жаман, не жақсы екенін көрсетіп қана қоймай, жаманнан жирендіріп, жақсылыққа бастау. Сондықтан Абайдың «Адам бол!» деген үндеуін тереңінен ұғынуымыз керек. Яғни, адам капиталы сандық көрсеткіштермен қатар сапалық көрсеткіштерге ие болуды қалайды. Себебі, адам капиталы адамның ішкі рухани қуатынан туындайды. Адамның өзара әлеуметтік қатынастар арқылы қалыптасатын рухани күші, рухани байлығы мен болмысы оның қалыптасуының негізгі қырлырының маңызды қаймағы. Адам капиталы білім мен біліктілік шеберліктер, дағдылар тәжірибе қоры ретінде үдерісі барысында жиналып қана қоймай, рухани және материалдық тұрғыдан тозуы да мүмкін, бұл үдеріс қоғамның дамуына байланысты рухани және материалдық тұрғыдан жаңғыру мен жаңаруды талап ететін үдерістер қажет болады [2].

XXI ғасырда ғылым мен технологияның ресурстарды тиімді пайдалану тез қарқынмен жүргізілуде, ал адам капиталының қалыптасуы мен дамуы баяу, әрі көп жағдайда рухани жаңғыру мен даму артта қалып отыр. Яғни біз адамзат дамуының материалдық қана емес, рухани ресурстар жиынтығы ел дамуының негізгі факторларына айналуы тиіс кезеңді басымыздан өткізіп жатырмыз. Осы тұста адам капиталына жұмсалатын шығындарымен ғана емес, адамның тұрақтылық қорымен оның ішкі импульстік қуатымен, соның ішінде берілетін интеллектуалды және рухани құндылықтармен анықталады. Батыстағы адам капиталы мәселесіне қатысты пікірлерден, біздіңше, батыстық өркениеттің көптеген дағдарыстары байқалып жатыр. Ол тұста адам-өндіруші, адам-тұтынушы болады, бірақ адам рухани-құндылықтық жан иесі болмысынан біршама қол үзіп қалған сияқты әрекеттер жасайды. Осылайша қазіргі таңда адами капитал философиясының реңкі интеллектуалдық өзгерістерге ұшырай бастауда.

Қазіргі әлемде дамудың негізгі факторлары болып табылатын білім, білім алу, адам өмірінің құндылығы т.б. алдымен рухани-құндылықтарды құрайды. Адам өмірі – кайталанбайтын ресурс, әрі шынымен үлкен құндылыққа ие игілікті мазмұнға толы. Бірақ ол жай ғана физиологиялық уақыттармен шектелген уақыт емес, белсенділік пен талапты сүбелі еңбекпен жүзеге асырылады, ол капиталданатын нақты тәжірибелік құндылықтар жиынтығы. Қоғам өндірістік күштерді жетілдіру кезеңіне өтуде адам оның интеллектісі, білімі мен біліктілігі, шеберлігі, еңбек дағдылары, рухани бағамдары жоғары бағаланады. Мемлекеттердің дамуы негізінен адамның өндірістегі қызметі, әсіресе шығармашылық қызметінің нәтижелерін пайдалануға тікелей бағынышты. Қоғамдық өндірістің қандай да бір саласында тиімді қолданылатын интеллектуалды идеяларды жинау және оны тиімді қолдану еңбек өнімділігінің өсуіне септігін тигізеді және жеке әрі қоғамдық ілгерілеп өркендеуіне даңғыл жол ашады.

Экономикалық және әлеуметтік саясаттағы басқа нәрселерге басымдықтар беру түсінігі өзгеріп келеді. Олардың бірі де бірегейі – адам капиталының жақсаруы мен дамуы. Бүгінде әлемдік тәжірибеде ғылым және білім беру – елдің табысы, дамуы және әлеуметтік жақсы күйінің негізгі факторы екендігі мойындалған. Бүгін де әлемдік бәсекелестік күрестегі басымдылық елдің аумағымен, табиғи байлықтармен, қаржы капиталының қуатымен ғана анықталмайды, сол елдегі ғылымның жағдайы, білім беру деңгейі, қоғам жинақтаған білім қоры т.б. көлемімен де шешімін табады.

Өткен кезеңдерде тәрбие мен білім беру, іргелі және қолданбалы ғылым ел үшін шығын алып келетіндей болып сезілді. Себебі, ол нақты өндірістік қатынастар мен экономикалық өнімдерге қарағанда, бизнеспен салыстырғанда нәтижені кеш береді. Бірте-бірте олардың мемлекеттің және қоғамның дамуының маңызды тетігі ретінде түсіну үдерісі пайда болды. Білім де, ғылым да, зияткерлік сана мен кративті ойлар да адам капиталының ажырамас бөлігі ретінде және адам капиталы қоғамның дамуы мен өмір сүру сапасының өсуінің басты факторларына айналды. Адам капиталының ядросы, әрине, адамның өзі болып қалады.

Адам капиталы – болашақтағы дамудың шыңы кезеңі ретінде білімнің инновациялық экономикасы мен білім экономикасы қалыптасуы мен дамуының негізгі кайнар көзі. Бонтис адам капиталына мынадай анықтама береді: «Адам капиталы ұйымдағы адам факторы болып табылады; бұл ұйымға айрықша сипат беретін интеллектің, дағдылардың және арнайы білімдердің жиынтығы. Адамдар – ұйымның өзгере, оқи, жаңалық енгізе алатын және шығармашылық рухын тудыра алатын және тиісінше ынталандырған жағдайда ұйымның ұзақ өмір сүруіне мүмкіндік беретін элементтері» [3].

Демек, білім беру саласы бойынша қарастырсақ, адам капиталы қызметкерді оқытуға, оның қабілеттеріне және болашағына жұмсалатын инвестициялардың жалпы көлемі Сондай-ақ, қызметкерлердің уәкілеттігі, оның қарым-қатынас жасау қабілеті және сұраныс үшін игіліктілік жасау ретінде қарастырылады. Көпшілік зерттеушілер: «жеке адам және ұжым иеленетін қандай да бір бәләм дағдылар және басқа жеке ерекшеліктер қоры» деп түсінеді.

Адам капиталы, ең алдымен, халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға инвестиция салу арқылы қалыптасады. Соның ішінде тәрбиеге, білімге, денсаулыққа, кәсіпкерлік қабілетке және климатқа еңбектің ақпараттық қамсыздандырылуына тиімді элита қалыптасуына, азаматтардың және бизнестің қауіпсіздігіне экономикалық бостандыққа, сондай-ақ мәдениетке, өнерге және басқа да салаларға салуды қоса қамтиды. Адам капиталы, сондай-ақ, басқа елдерден келетін эмиграциялық ағымдар есебінен кемиді, бұл мысалы Қазақстанда байқалатын құбылыс. Адам капиталы жай ғана адамдардың, қарапайым еңбеккерлердің санымен өлшенбейді. Адам капиталы – азаматтардың кәсіпқойлығы, білімі мен біліктілігі, оған ақпараттық қызмет көрсетілуі, оның денсаулығы, заңды құрметтеуі, элитаның креативтігі және тиімділігі т.б. тұтас қамтиды үдеріс. Демек, біздіңше адам капиталы дегеніміз – тек адамға қатысты айтылатын, оның қордаланған, жинақталған, пайдаланылуға тиісті болып келетін, қоғамды ілгерілетуге бағдарланған жалпы мүмкіндіктерінің жиынтығы деп атаған дұрыс болар.

Адам капиталы түсінігі бірте-бірте өзінің ұғымдық арнасын кеңейтіп келеді, ол феодалдық қоғамда кейіннен нарықтық қатынастарда қоғамдық өмірдің салаларын қамтитын өзіндік бір жаңаша сипатқа ие болды. Олай болса, қазіргі ақпараттық қоғамда да адам капиталы ұғымы өзін кеңейтіп қана қойған жоқ, қоғам дамыған оны дамыту бойынша жыл сайын өзекті болып келе жатқанын көріп отырмыз.

XX ғ. үшінші жартысында болған технологиялық өзгеріс, жаппай компьютерлендіру және қоғамның ақпараттануы жаңа қоғамдық жағдайды қалыптастырды. Осыған орай қоғамға қатысты теориялар да жаңа бағытта дами бастады. Ақпараттық саланың кеңейуіне байланысты кәсіби дағдылық, қоғамның білім беру саласы, еңбектің түрі өзгерді. Сол еңбек үдерісіне қатысып отырған адамның іс-әрекеті, рөлі өзгеріп, оның интеллектуалды және шығармашылық еңбегі алға қойылады.

Бұл үрдіс Батыста да, Азияда да континентте де мемлекеттер арасындағы жаһандану және интеграциялық қатынастар нәтижесі болып табылады. Инновациялық технологиялар және техниканың соңғы жетістіктері адамның интеллектуалды еңбегінің, яғни жекелеген адамдардың интеллектуалды потенциалының өнімдері болып шығады. Мұндай инновациялық шешімдерді қоғамның түрлі салаларында пайдалану нәтижесінде адамның тұрмыс салты ғана емес, қоғамдағы қарым-қатынастар формасы да өзгереді. Мәдени құндылықтардың жаңалануы, бұл халықтың бірегейлігіне ықпалын тигізуі мүмкін. Мысалы, жаңа батыстық технологиялық шешімдерді қолдану мен пайдалану нәтижесінде шығыстық дәстүрлі қоғам құндылықтары, дәстүрлері мен ұлттық мәдениеті айтарлықтай құлдырауы мүмкін.

Қазіргі таңда орын алып жатқан трансформацияларды сипаттау үшін ғалым өзгерістердің мәнін дәлірек көрсететін «ақпараттық қоғам» терминін ұсынады. М.Кастельс ақпараттық технологиядағы адам қызметінің барлық салаларын қамтитын төңкеріс ықпалының іргелі салдарын бағалауға мүмкіндік беретін толық теорияны ұсынады [4]. Басқа ешқандай ғалым ақпараттық дәуірді Кастельс сияқты жаңашыл әдіспен қарастыра алмаған деп түйіндеуге болады. Ол тұжырымдағандай ақпараттық қоғам – аталған тарихи дәуір кезінде пайда болған жаңа технологиялық жағдайлардың әсерімен ақпаратты жасау, өңдеу және оны таратумен өндіргіш үдерісі мен биліктің іргелі іс-қимылына айналатын көшті ұйымның формасы іспеттес.

Жоғары адами капитал, адамның өзіне, өзінің денсаулығына басқа көзбен қарауға бейімдейді, денсаулық өзінің, отбасының байлығының, табысының көзі, өзіне жұмсалған

қаржының қайтаруының шарты, несие алып оны төлеудің кепілі. Сондықтан, еңбек ақысы жоғары мықты дәрігерге, сапалы денсаулықтың инфроқұрылымына сұраныс өсіп отыр. «Қымбат адам» ол білімді, дені сау, ай сайын табысы бар, отбасын асырайтын, несиесін төлеуге қабілетті, денсаулығын берік сақтайтын азамат. Бүгін салауатты өмірдің үлгілері жайлап бізге де келіп жатыр. Адами капитал адамды өзін-өзі сыйлатуды қалыптастырады. Білімді, дені сау, дәулетті маман, өзіне-өзі қожа, ол қол жайып көмек сұрамайды, өз қасиетін бағалайды, ол «кішкентай» тәуелді адам емес, өзгені де сыйлайды, ешкімге табынбайды. Бүгінгі күні адам капиталы дегеніміз адамның бойындағы білімі, қабілеті, тәжірибесі, даналығы, іскерлігі, бүгінгі бәсекелестік замандағы оның адамдық, кәсіби біліктілік құндылығы. Білім бүгінгі таңда экономикалық категорияға айналды, ақшалы адам емес, білімді адамның мәртебесі жоғары болады. «Білімнің экономикаға айналуы», «Ақылды экономика», «Ақылды қала», «Ақылды басқару», «Ақылды аудиториялар» мен «Ақылды орта» қалыптастыру сияқты жаңа терминдер мен ұғымдар ендіріліп жатыр.

Ақылды машиналар адамның ақыл-ойын технологияның құрушысы ретіндегі рөліне ауыстыра алады ма? Деген сұраққа жауап адамның ақыл-ойы үшін қандай шыңдарға жету керек болады деген мәселе тұр. Біз жалпы сұрақтарды қалыптастыруда басымдылық берілетін тұстарды сақтаймыз және бұл философияның ойлаудың басты міндеті. Технологияның дамуы өте жылдамдағандықтан, инфокоммуникациялық технологияның дамуындағы кезеңдер жиі байқалмайды, бұл жетістіктердің нәтижесінде туындаған жаңа шындықты түсіну қажет болады. Сонымен қатар, мұндай түсіну қажеттілігі шын мәнінде шығармашылықты талап ететін болады. Қоғамда ғылыми-зерттеу орталықтарының, университеттердің технопарктерінің рөлі артуда.

Әлем картасында мемлекеттердің тек санаулы ғана постиндустриалдық даму сатысына қол жеткізді. Көптеген елдер бұндай сатыға қол жеткізуді мақсат етіп, ұмтылыс жасауда. Қоғам бір орында тұрмайды, оған үнемі ілгерілеп даму, бір кезеңнен, екінші кезеңге ауысып отыру эволюциялық үдеріс.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы ақпараттық және постиндустриалдық қоғамдардағы адам капиталының қалыптасуын мынадай эволюциялық жолмен ғана қалыптастыруға болады. Адам құндылығы, адамның рухани құндылықтары, адам белсенділігі мен біліктілігі, адам ресурсы, адам ресурстарының сапалық деңгейі, креативті ойлау мен жедел тиімді шешім қабылдап іске асырушы тағы да басқа интеллектілері жалпы адам капиталын дамытады, жақсартады, көпшілікті өзіне тартады, жаңғырады.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы Жолдауынан
2. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 9 том
3. Корицкий А.В. «Введение в теорию человеческого капитала».- Новосибирск: 2000. – 23 б.
4. Кастельс М. Постиндустриальный мир и процессы глобализации // МЭиМО.-2000. – № 3. – 91б.

ҒТАХР: 81.27.12

Р.А. Орымбаева, Д.Ж. Кемелхан

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕК ТҮРЛЕРІНІҢ СЫРЛАРЫ

SEMANTIC MEANINGS OF KAZAKH NATIONAL ORNAMENTS

Қазақтың өрнекті әшекейімен істелінетін қолөнерінің түрлері де, атаулары да өте көп. Солардың ішінде халық арасына көбірек тарағаны ою-өрнек. «Өнер таусылмас азық, жұтамас байлық», - дейді халық даналығы. Ою-өрнек ісі бағзы заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келеді.

Ою сөзінің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып, бедер түсіру деген мағына жатыр. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейнелік, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптан істеген

көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Халықтың қолөнері мен ою-өрнек шығармашылығын ғылыми негізде арнайы жекелеп зерттеу ісі басталғалы 100 жылдан астам уақыт өтті. Бұл іс ең алдымен біздің отанымыздың ғалымдары, олармен қатар батыс Европа мен Америка ғалымдары да кезінде қызыға кірісті. XIX ғасырдың басынан бастап – ақ халықтың қолөнері туралы байыпты зерттеулер мен кітаптар шығарылды. Мысалы, қазақ ғалымдары Ә. Марғұланның, Т. Бәсеновтың, Э. Масановтың, М. Мұқановтың және тағы басқаларының зерттеу материалдарын айтса да жеткілікті. Бұлар өздерінің еңбектерінде ою-өрнектің түрлері, атаулары, шығу тарихы туралы көптеген құнды деректер келтіреді. Аталмыш зерттеушілердің көпшілігі, әсіресе шығыс халықтарының ою-өрнектеріндегі айшықтардың, мүйізге, жапыраққа, геометриялық тұлғаларға ұқсас өрнектердің нені бейнелейтінін және олардың атауларының қандай ұғымдар негізінде қалыптасқанын ерекше қызыға қараған. Мысалы, геометриялық тұлғаларға ұқсас сынық сызықтар, қатар сызықтар, дөңгелек және бұрышты сызықтар (үш бұрыш, төрт бұрыш, ромба тәрізді өрнектер) т.б. қайдан шықты екен дей келіп, біректері кәдімгі геометриялық пішіндес құрылыстардан шықса керек десе, кейбіреулері жан-жауарлардың ішкі-тысқы көрністерінен, сүйек бітімдерінен шықса керек десті. Тағы біреулер өсімдіктердің әр түрлі көрністерінен (мысалы, сынып жатқан ши, ағаш бұталардың, сүйеулі тұрған сынықтардың бұрыш көрністерінен) шықса керек деседі. Ал енді біреулер геометриялық түрлердің шыға бастауы өрнек жасаушылардың өнерлерінің өрістей түсуіне байланысты, олардың ойлап, қиялдауынан туған дейді. Демек ою-өрнектердің шығу тарихы олардың сюжеттік мазмұны мен атаулары туралы мәселе әлі де болса көп зерттеуді талап етеді. [1]

Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа, бір шебердің ұсталық, іскерлік мәнерінен екінші біреуге үнемі ауысып отырғандықтан осы күні кейбір облыстардағы мүйіз өрнегі бастапқы бейнесінен өзгеріп кеткен. «Ырғақ», «сағат бару», «түйе табан», «жүрекше», «қаз табан» деп аталатын әдемі өрнектер де кейбір облыс шеберлерінің орындалуында олпы-солпы болып шығып жүр. Ертеден келе жатқан халықтың мұраны екшеп, тазартуды ойласақ, ең алдымен осындай бұрмалаушылықтан арылтып, оның әдемілігіне жаңа түр, жаңа мазмұн бере дамытуымыз керек.

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің басты қолданылатын орыны – сәндік қолданбалы өнерінің барлық салалары. Қай халықтың болса да рухани әлемі ең алдымен, оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім.

Халқымыз молшылықты – дарияға, теңізге теңесе, батырды – арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды – ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне теңеді, әсемдікті аң-құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою-өрнекке түсірді дамытты.

Жалпы өрнек атауларын мағынасына қарай мынадай топтарға жіктеді:

- I. Ай, Күн, жұлдыздарға – көк әлеміне байланысты өрнектер.
- II. Малға, малдың денесіне, ізіне байланыстылары.
- III. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
- IV. Құрт-құмырсқаларға байланысты өрнектер.
- V. Құстарға байланысты өрнектер.
- VI. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.
- VII. Қару-құралдарға байланысты өрнектер.
- VIII. Геометриялық фигуралар тектес өрнектер деп қарастырады. [1]

Енді оюлардың мән мағынасына, түрлеріне тоқталайық.

«Ай», «жарты ай» өрнектері шынында да аспандағы айды меңзеп жасалынған. Бұлар көбіне діни орындардың архитектуралық безендіруінде, мешіт-медреселердің мұнараларында, мазараттарда, жайнамаз сияқты заттарда көбірек кездеседі. «Ай» өрнегінің ислам діні келуден көптеген жылдар бұрын шыққаны анық. Мұның себебі де жоқ емес. Бір замандарда көптеген қауымдар ай мен күнге, ат пен жұлдызға табынған. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай да, күн де, жұлдыз да тәңірі болып көрінген. Қазақтың тілек тілер, бата қылар жиындарда көк қасқа малды айтып союы да осы ескілік нанымнан қалған әдет. Көк дегенде, түсіне қарай аспанды тұспалдаса, қасқа дегенде сол көктегі (аспандағы) айды тұспалдаған.

Қазірде «ай», «жарты ай», «айшық» өрнектері, әрине бұл ұғымнан әлдеқашан тазарып, тек өрнек, әдеміліктің бір түрі ғана болып қалаған. Кейбір өрнектердегі дөңгелене

келіп түйіскен жарты айлардың қосындылары «табақ», «тана» өрнектері сияқты әдемі түрлер жасайды. «Ай» өрнегі қазақтан басқа елдерде де кездеседі.

«Айбалта» - ай сияқты құдіретті балта деген ұғымнан туған. Мұндай өрнек көбінесе ат-тұрмандарда, батырлардың қару-жарақтарында, кестелі киімдерде, архитектуралық өрнектерде, әр түрлі мәнгерлерде кездеседі. Бұл өрнек көп халықтарға ортақ, әсіресе олардың зергерлік, ұсталық ағаш оюларында кездесетін түрлері көп.

«Кавказ» (қарала) – бұл өрнек зергерліктегі ең бір ұнасымды деп саналатын мәнгер. Зергерлер сырға, білезік, сақина, ердің қасы, таралғы, тартпа, семсердің сабы, садақтың әшекейлерін аппақ күмістің бетіне қара дақпен оюлап, өрнек жүргізу арқылы әсемдейді. «Кавказ» өрнегінің туған жері Кавказ тауын мекендеген елдер болса керек, содан барып басқа халықтарға тарап, «кавказ білезік», «кавказ жүзік», «кавказ өрнегі» деген мәнгер түрлері шыққан. М.Әуезов: «Абай... айдаудан қашқан кавказдық бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жиып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді үйреттіреді. Содан Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып үлгі таратады» дейді. Сөйтіп «кавказдау» деген ұғымның осындай өнер алмасудың нәтижесінде туғандығын дәлелдейді.

«Кавказ» (қарала өрнек) үлгісімен мүйіз, ирек, гүл, жапырақ өрнектерінің бәрі де сәнді жасалады. Бірақ бұл айтылғандарға қарап «кавказ өрнегі» қазақ арасына тек XIX ғасырларда ғана келген екен деген түсінік тумайды. Зергерлер жасаған көп заттардағы «кавказ» өрнегі өте ерте кездегі мұраларда кездеседі.

«Кавказ» өрнегімен жасалған қазақ өнерінің үлгілері туралы Мұхамед-Салық Бабажанов деген кісі 1830 жылы Н.Небольсинге жазған хатында: «Марқұм Жәңгір хан Фатима деген ханымы сырқат болғандықтан оны Пятигорскідегі ыстық суға емдеуге апарды. Ханның қасына ерген 70 адам нөкері сол жақтағы черкеш шеберлері жасаған ат-тұрман, қару-жарақтарға өте қызығып келді. Хан сол жолы бір черкешті отбасымен өз ордасына (Бөкей ордасына) алып келіп, қарала күміс (кавказ) өнерін қазақ шеберлеріне үйретуге қосты», – дейді. [1]

Бұл туралы қазақ ғалымы А. Масанов: «Қалай да болса кавказ өрнегін Орта Азия шеберлері VIII-XIV ғасырларда білгені анық», – деп жазады.

«Су» өрнегі. «Су» деп әрбір өрнекті бөліп тұрған ұзын жолақты айтады. «Су» өрнегі кейде екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек төртбұрышты бейнелерді жасайды. Ерте уақытта судан өту өте қиын болған. Көбінесе шекара сондай бір судың бойымен белгіленген. Мәселен, Семей облысы, Новопокров ауданы, Еңбекші қазақ селосында тұратын Бурақан деген шебер: «Су өрнегі өрнек пен өрнектің арасындағы шекараны білдіреді», – дейді.

Шығыс Қазақстан облысында Самара ауданы Жамбыл атындағы колхозда тұратын 89 жастағы ағаш шебері, әрі етікші Жаппар «су», «бессаусақ», «бесгүл» оюлары туралы аңызында былай дейді: «Бар байлығына көзі тоймаған Сұмырайхан жер бетіндегі су біткенді өзімдікі деп жар салып, малды, жанды сусыз қырғынға ұшыратады. Ұсақ хандықтарды жаулап алып, суды өзіне пайда түсіретін байлық көзіне айналдырады. Бірақ халық еріккен ханның қалағанындай жүріп-тұра алмайды. Уақытша жаулап алған елдердің халқы ханның жандайшаптарынан су бар жерлерді жасырып қалуға тырысқан. Қазақ халқының «Сұмырай келсе су құрайды» дейтіні осыдан шыққан екен» дейтіні осыдан шыққан екен.

Осы су үшін болған бұл күресте Сұмырайхан Райхан деген шебер қыздың оң қолының бес саусағын шауып тастайды. Алайда халық жеңіп, Сұмырайханды өлтіреді. Суды пайдалану еркіндігін күшпен алған халық осы оқиғаға байланысты ою-өрнекке «су» деген ескерткіш өрнек қосқан. Жер-ана Райханның бес саусағын бес тармақты гүл етіп жер бетіне жайқалтып өсіреді. Бес жапырақты қызғалдақтың ою-өрнекке енуі Райханның бес саусағының ескерткіші ретінде қалған деседі.

Тағы бір аңызда: «Ертеде адам тәңірісі ай болыпты-мыс. Соған жалбарынып, табынған халық оның құрметіне «Аймүйіз» деген өрнек жасаған екен деседі».

Ою-өрнек өнері – қазақ халқының ауыз әдебиеті секілді мәдени шежіре. Осы ою-өрнекті өз өмірлерінің сәні мен мәніне айналдырғаны сонша, ою-өрнек туралы бірнеше аңыздар мен ертегілер бар. Соның бірі «Ою хан мен Жою хан» аңызына тоқталайық.

Ертеде бір әділ хан болыпты. Оның жарлығы бойынша қол астындағы халқы оюлау, өрнектеу, кестелеу, тоқу бедерлеу өнерлерін меңгерген. Олар ою-өрнекпен үйлерін, киім-кешектерін түгелдей безендірген. Тіпті олар бір-бірімен ою тілінде де сөйлесетін болған. Сондықтан оны – «Ою хан» деп атаған.

Күндердің бір күнінде бөтен елдің ханы соғыс ашып, Ою ханды тағынан түсіріп, зынданға қамап, билікті өзі жүргізеді. Бұл хан қаншама жаңа ою ойлап тапса да, ол ою тез ұмыт бола беріпті, және өзіне дұрыс кеңес берген адамдардың пікірін тыңдамай, олардың көзін жойып отырған. Сондықтан оны «Жою хан» деп атапты. Жою ханның жалғыз ұлы бар екен. Сол бір күні аңға шығып жолындағы аң-құстың барын қырып, терісін қайтарда алып қайтамын деп алға жылжи береді. Бұны көріп тұрған үкі баланың бетіне шапшып екі көзін ойып алады. Соқыр болып қалған бала қалай жүрерін білмей тентіреп келе жатып, жардан құлап өледі. Бұл кезде Жою ханда баласына іздеу салып жатқан. «Кімде-кім баламның өлімін естіртсе, оның басын аламын» - дейді.

Мұны естіген Ою хан өзі сұранып, баланы іздеуге барғысы келетінін айтып, жолға шығады. Жолда жараланған аң-құстарға Ою хан өз көмегін көрсетеді. Қанаты сынған үкіні де емдеп тұрып:

Орманнан Жою ханның баласын көрдің бе? – деп сұрады.

Сонда үкі оны көргенін және ол баланың көзін ойып алғанын, суға құлап су түбінде өліп жатқанын да айтты. Болған жағдайдың шындығын Ою хан естіген соң, еліне келіп, оны сырмақ бетіне ою арқылы бейнелеп, Жою ханға апарады. Сырмақ өте әдемі, көркем, бояулары адамды баурап алатындай сиқырлы болады. Жою хан сырмақтың оюына ұзақ қарап, баласының жүрген жолындағы ұшқан құспен, бұғымен, арқармен, қодаспен және жолбарыспен де айқасқанын көреді. Балықты кезіктіргенін, сұр тышқанмен де қарсы келгенін көреді. Сонан соң «Баланың екіге бөлініп жаны рухқа, тәні аруаққа айналғанын» көріп ашуланған Жою хан, Ою ханды өлтірмекке қылышын алып тұра ұмтылады. Сонда Ою хан:

– Дат, тақсыр! Сенің «Кімде-кім баламның өлімін естіртсе, соның басын аламын» - деген жарлығың бар емес пе еді?» – дейді.

– Ия бар! – дейді қаһарлы хан,

– Ендеше балаңның өлімін мен де, мына тұрған халықта сіздің өз ауызыңыздан естіп тұрмыз. «Ханның екі сөйлегені өлгені» алынса сенің басың алынуы тиіс – дейді Ою хан.

Сөйтіп Жою ханның өз жарлығы өзінің басын алуға себепкер болады. Ал Ою хан болса қайтадан өз хандығын құрып, ою-өрнектерінің арқасында өз халқы мен мәнді де, сәнді өмір сүріпті. [3]

Бұл жорамалдарға қарағанда, өмірдегі болған оқиғалар мен аңыздардың, діни ұғымдардың өрнек, әшекей істерінің кейбір элементтеріне әсер еткендігі байқалады. Осындай өткен замандағы әдебиеттер мен халық аузындағы деректерге, қазіргі қарт шеберлердің айтуларына қарағанда, ою-өрнектердің қайсысы болса да бір ұғымды бейнелеуден туғандығы анықтала түседі.

Қорыта келе халық шеберлері сан ғасырлар бойы ұрпақтың тәрбиесіне ден қойып, оларға ой салып, әсемдікке, сұлулыққа үйреткен. Олар өздерінің шәкірттерінен биік талғамды, таудай талапты, шыдамдылықты талап етіп, «Талаппен бастап, талғаммен аяқта», «Ою ойғанның ойы ұзарады, сызу сызғанның сиқыры бар», «Асыл қайшы пішуге сән, күміс қасық ішуге сән», «Үлгісі көптің өрнегі көп, өрнегі көптің ермегі көп», «Асыл-тастан, ақыл-жастан» деп тауып айтқан. Олақ, икемсіз, епсіз жандарды да өткір сөзбен сынап, «Оюды оя алмаған ойланбаған», «Ойсыздан оюшы шықпайды», «Өнерсізден құт қашады», «Өз үйінде ою оймаған, кісі үйінде сызу да сыза алмас» деген ойлы, орамды даналық сөздермен тәрбиелей білген.

Әдебиеттер

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері: – Алматы: Қазақстан, 1995 ж.-238 б.
2. Әмірғазин Қ. Қазақ өнері: – Алматы: Дайк-Прес, 2004ж. – 162 б.
3. Төленбаев С., Әмірбекова М. «Ою-өрнектердің жасалу жолдары»
4. Әмірбекова М.Ш. Энциклопедия:Қазақтың ою-өрнектері, – Алматы: 2003 ж.
5. Әбдіғапбарова Ұ.М. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері: – Алматы: Өнер, 1999ж. – 152 б.
6. Бастауыш мектеп. 2014. – №7-8. – 13-15 б.

МРНТИ: 03.20

А.С. Керейбаева, Ж.А. Монобаева

Государственный университет имени Шакарима города Семей, Assel_1979@bk.ru

АКМОЛИНСК – ЦЕНТР ТРАНЗИТНОЙ ТОРГОВЛИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ СТЕПНОГО КРАЯ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКА

AKMOLINSK CENTER OF TRANSIT TRADE ENTREPRENEURS OF THE STEPPE REGION IN THE SECOND HALF OF XIX CENTURY

С обретением Акмолой столичного статуса суверенного Казахстана резко возрос интерес к изучению истории города. Данный интерес обусловлен современными процессами, которые связаны с изменениями в социально-политической и экономической жизни нашего государства. У города, по мнению президента страны Н.А. Назарбаева – инициатора переноса столицы из Алматы в Акмолу, «есть все возможности стать средоточием политической, научной, культурной и деловой жизни республики» [1, 3]. В отечественной науке история города Акмолы занимает большое место. Берега Ишима и Нуры стали заселяться еще с древних времен. Официальной датой основания города Акмолы принято считать 1830 год – период построения русским полковником Федором Кузьмичом Шубиным в 1830-1832 гг. форпоста (приказа) Акмолинск на правом берегу реки Ишим для защиты южных границ казахских степей от вторжения джунгар [2].

Акмолинск был центром транзитной торговли предпринимателей Степного края, дело в том что город находился на караванной дороге из Петропавловска в города Средней Азии. Кочевники приходили в город в большей степени для приобретения привозных товаров из Средней Азии и Сибири. Именно в период второй половины XIX века город стал организующим центром экономической жизни уезда и Степного края.

Важная роль, которую играла Акмола в то время в обеспечении международных торговых связей, побуждала иностранных купцов открывать здесь магазины и оставлять для постоянного проживания своих представителей. Особенно много селилось в Акмоле выходцев из Средней Азии – сартов, которые в 50-60-х годах XIX века составляли большую часть населения так называемой татарской слободки [1]. Образование обширной Акмолинской области в 1868 году, в составе Степного генерал-губернаторства создало благоприятные условия для транзитной торговли российских и среднеазиатских купцов в сбыте своих товаров через города Степного края. Стратегическое положение Акмолинской области было очень удобным для развития торговли, так как область на севере граничила с Тобольской губернией, на юге с Сырдарьинской областью, на западе с Тургайской и на востоке Семипалатинской областями. Караваны, державшие путь в Петропавловск и другие города Сибири, все чаще стали сбывать свои товары акмолинским купцам [1].

К середине XIX века с южных границ Западной Сибири пролегал на юг всего пять караванных путей, один из которых шел из Петропавловска в Ташкент и Бухару через Акмолинский приказ, между укреплениями Актау и станицей Улытавской на речку Сары-Су, даже через Голодную Степь по реке Чу [3]. Из Акмолинска выходили три караванные дороги. Одна на северо-восток через станицу Черемуховскую по реке Селети на Омск. Другая – на юго-запад по правому берегу реки Ишим на Каркаралинск. И третья шла прямо на юг в пределы Сырдарьинской области [4].

В конце 60-х гг. XIX века переселившиеся в Акмолинск купцы были освобождены от платежа пошлин и исполнения государственных повинностей. Эта мера создала благоприятные условия для развития, как самого города, так и торговли [5]. В 70-80-е годы XIX в. в связи с усилением торговой функции города увеличился удельный вес купеческого сословия, как за счет миграционных процессов в город из разных городов Российской империи, так и вследствие перехода разночинцев в категорию торгово-промышленного населения. «По открытии города Акмолинска 26 сентября 1862 года большая часть из жителей российских губерний, людей рабочего класса, из видов воспользоваться свободно землею, приписались в город Акмолинск купцами и мещанами», – сообщается в протоколе общего собрания купцов и мещан Акмолинска от 20 июля 1871 г. [6]

Так как город, вел транзитную торговлю со среднеазиатскими владениями империи, в городе проживали среднеазиатские купцы. В 1871 году в городе иногородних купцов 2-й гильдии было: 7 купцов из городов и губерний российских, 5 бухарских, 7 ташкентских, 5 коканских, 15 петропавловских купцов не получали купеческих свидетельств, но получили билеты для торговли на лавки по местности 5 класса для производства торговли в городе

Акмолинске. В 1872 году иногородних купцов было 10, также 3 бухарца, 6 ташкентцев, 3 коканца [7].

Заселению среднеазиатских купцов города Акмолинска повлияло и открытие в 1871 году ташкентской ярмарки, что еще больше упрочило положение Акмолы как одного из основных центров транзитной торговли России со среднеазиатскими государствами. Здесь формировались караваны. Грузы, прибывшие из Петропавловска, навьючивались на верблюдов и отправлялись в Ташкент, Бухару, Коканд, Туркестан и другие города, а грузы, прибывшие из Ташкента, доставлялись на телегах в Петропавловск. Акмола и Акмолинский уезд превратились в главных поставщиков гужевого транспорта для караванов [1].

Торговля, которая производилась в постоянных помещениях более или менее удовлетворяла потребности народа, тогда как ярмарочная торговля, где главным предметом был сырой товар, удовлетворял спрос не только местных, но и отдаленных производителей и потребителей, что было выражением той экономической силы, которая приходилась на долю данной местности в общей производительности целой страны [8]. Это говорит о том, что объем торговых оборотов ярмарочной торговли намного превышал обороты стационарной торговли.

Казахи, кочевавшие близ Семипалатинска, пригоняли на ярмарки /Семипалатинскую, Ботовскую и Акмолинскую/ скот, сбыт которого производился затем в Сибири и в центре России [3].

На торгах ярмарочной системы Акмолинской области товарные потоки формировались: 1) для рынков Тобольской губернии; 2) для рынков Урала; 3) для всероссийских ярмарок; 4) для рынков Туркестана. В отличие от Семипалатинской области ярмарочная система Акмолинской области была более ориентирована на ярмарки Западной Сибири, Урала и Европейской России. Восточносибирская, томская и китайская торговля была развита меньше. Прямые торговые связи существовали между ярмарками Акмолинской области и конными торгами Приуралья, Башкирии и Поволжья. В 1894 г. с Акмолинской Константиновской ярмарки было угнано в Оренбург и Самару 6647 лошадей. Туркестанская торговля на ярмарках Акмолинской области имела не столько региональное, сколько транзитное значение. Товар из Туркестана в Тобольскую губернию и на Урал поступал через караванную и ярмарочную торговлю Акмолинской области. В отчете генерал-губернатора Западной Сибири 1883-1885 гг. говорилось, что внешние торговые сношения Курганского и Ялуторовского уездов со среднеазиатскими владениями происходили из Петропавловска и Акмолинска. Основной маршрут пролегал через Акмолинскую и Таинчикульскую ярмарки. Основная же торговля «ташкентскими товарами», по свидетельству Азиатского департамента МВД, велась на Акмолинской ярмарке [9, 147-148].

Таким образом, Акмолинск как один из центров транзитной торговли предпринимателей Степного края сыграл важную роль в дальнейшем установлении и развитии международных торговых связей между среднеазиатскими ханствами, Казахстаном и Россией, где первые впоследствии стали окраинами Российской империи. Развитие торговли стимулировало рост численности населения города и развитие в крае разных промыслов и ремесленно-кустарной промышленности, что постепенно привело к втягиванию города в товарно-денежные, рыночные отношения.

Литература:

1. Касымбаев Ж., Агубаев Н. История Акмолы (XIX – начало XX века): исследования, источники, комментарии. Алматы: «Жетіжарғы», 1998. – 176 с.
2. Байхадамова Г.М. К вопросу о новой столице Казахстана (электронный ресурс) // Режим доступа – URL: <https://research-journal.org/hist/k-voprosu-o-novoj-stolice-kazaxstana> (время обращения 06.06.2018)
3. Касымбаев Ж. История города Семипалатинска (1718-1917 гг.). Алматы, 1998. – 276 с.
4. Утегенов М.З, Кайржанова А.Т. История торговых отношений в Акмолинской области в конце XIX – начала XX вв. //Международный Евразийский форум Степной край Евразии: историко-культурные взаимодействия и современность. Тезисы докладов и сообщений III научной конференции. Омск, 2003
5. Хамиткызы Г. Города Акмолинской области в экономической жизни края XIX века. //Международный Евразийский форум Степной край Евразии: историко-культурные

взаимодействия и современность. Тезисы докладов и сообщений III научной конференции. Омск, 2003

6. Алпыспаева Г.А., Саяхимова Ш.Н., Краснова М.Н. Торговля как фактор социокультурного развития города. На материалах города Акмолинска XIX – начала XX веков. // Вестник КарГУ, 2016 г. // Режим доступа – URL: <https://articlekz.com/article/15663> (время обращения 07.06.2018)

7. Ведомость о купцах города Акмолинска // Центральный государственный архив РК (ЦГА РК). – Ф. 369.- Оп.1.- Д. 6185

8. Обзор Акмолинской области за 1881г. Омск, 1882

9. Щеглова Т.К. Ярмарки Западной Сибири и Степных областей во второй половине XIX века. Барнаул, 2002 – 236 с.

МРНТИ: 16.01.45

Ә.Б. Мухамедиева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
kafedrapolylingual education@mail.ru

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ – БОЛАШАҚТЫҢ ТІЛІ

MULTILINGUALISM IS THE LANGUAGE OF THE FUTURE

Тіл – әр елдің тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен мағлұмат беретін негізгі құрал. Тілін біліп өскен, тілге құрмет көрсете білетін, тілге ерекше мән беретін кез-келген ұрпақ – елінің жарқын болашағы. Тіл – адамзаттың басты қарым-қатынас құралы, яғни тіл – адам өмірінің баға жетпес байлығы. Тілтанушы ғалым К.Аханов айтқандай, «Тіл – біздің өміріміз бен қоғамымыздың ажырамас бөлігі».

Қазіргі таңда заман талабына сай тілге аса үлкен мән берілуде, әсіресе қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу болашақ жастардың алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі болып отыр. Қазақ тілінің мәртебесін көтере отырып, орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде танып, ағылшын тілін жетік меңгеруге ұмтылуымыз керек. Қазақстанның болашағы білімді, бәсекеге қабілетті жастардың қолында, ол үшін жастарымыз үш тілді еркін игеруі тиіс.

Елбасы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында «Үш тұғырлы тіл» туралы идеяны жария етті. Ал 2007 Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. «Үштұғырлы тіл» идеясының басты мақсаты – ағылшын тілін үйрену [1]. Ағылшын тілін мектептерде 2013 жылдың 1-қыркүйегінен бастап 1сыныпта оқыту енгізілді, бұл дегеніміз кез-келген мектеп жасына жеткен жас ұрпақтан бастап тілге деген қызығушылықтарын арттыру. Студенттердің шет тілін үйренуге дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Полиглот» ойынын, мақал-мәтелдердің қазақша, орысша, ағылшынша аудармаларын ұсынуға болады. Әр өткен жаңа тақырып бойынша 1-2 мақал-мәтелден ала отырып, студенттердің сөздік қорын молайтуға және үш тілде еркін сөйлеуге қалыптастыруға болады. «Полиглот» ойыны арқылы әр елдің астанасын, ұлттық символдарын, белгілі жазушылардың есімдері мен көрнекі жерлердің атауын табу, ш тілде аудармасын айтуға үйретуге болады. Өз тіліңнің, ана тіліміздің мәртебесін көтере отырып, екі тілді (орыс, ағылшын) қатар алып жүру болып саналады [3]. Егер жас ұрпақ өз тілін білмей жатып, оны басқа тілді білуге жетелесек, онда ол тілімізге деген сүйіспеншіліктің жоғалғаны. Бала негізгі білімді ана тілінде алатындықтан басқа шет тілдерін қосымша үйренуі бұл қазақ тілінің ұмытылуына ешқандай әсер етпейтіні шындық. Ана тілі балаға ананың сүтімен беріліп, бойына дарығандықтан әрбір қазақ азаматы өз тілін жоғары ұстану тиіс. Бұл жерде үш тілді білу дегеніміз ана тілінің қасиетін түсіну, құрметтеу арқылы өзге тілдерде де еркін сөйлей алу. Қазіргі таңда білім беретін мектептер мен жоғарғы оқу орындарында шет тілін оқытуға үлкен талап қойылған. Ағылшын тілін білу – ақпараттық жүйе мен инновациялық технологияның ағымына ілесу. Әрбір жеке тұлға өзінің кемел болашағы үшін шет тілінде қатесіз жазып, ауызекі тілде еркін сөйлеп, өз қажетіне, білімін шыңдауға қолдана алуға қабілетті болуы тиіс. Осыдан барып бәсекеге қабілетті, терең білімді, елінің болашағына үлесі тиетін, тіл болашағын көтере алатын жастарымыз шығады.

Ағылшын тілі – әлемдік тіл, яғни экономикаға кірігу тілі. Білім беру саласында қызмет істейтін ұстаздар мен оқытушылардың басты міндеті – заманға сай үш тілді меңгерген, іскерлік дағдысы қалыптасқан, білікті маман, жаңа технологияларды меңгерген, оны іс жүзінде тәжірибеде қолдана алатын тұлға қалыптастыру. Дамыған басқа шет елдік тәжірибелерге сүйенсек, кейбір елдерде мысалы Малайзияда жаратылыстану ғылымдарын мектептің өзінде ағылшын тілінде оқыту қолға алынған, осыған орай бізде де жоғарғы курс студенттері мамандыққа байланысты кейбір пәндерді ағылшын тілінде оқиды. Кейбір шетелдерде ағылшын тілін мектептің өзінде білу міндетті болып табылса, кейбірінде өз мамандығына байланысты үшінші тілді білуі тиіс. Испанияда әр аймақ өз испан тілімен бірге ағылшын тілін қатар алып жүрсе ғана еңбек нарығында жетістікке жете алады екен. Ағылшын тілін елдегі тұрғынның екіден бірі жақсы біледі, оны Еуропадағы басқа елдермен қарым-қатынас тілі ретінде қолданады екен. Ал, Филляндияда өз тілін (швед) және ағылшын тілін қатар білетіндер ғана жоғары лауазымды қызмет атқара алады, сонымен бірге бұл елде елдің экономикасының дамуына үлес қосу үшін тілдік сауаттылыққа аса үлкен мән беріледі екен. Барлық экономикасы мен техникасы қарқынды дамыған елдерде табысты еңбек ету үшін ағылшын тілін білу керек. Ал, Қазақстанда жоғарғы лауазымды, мемлекеттік қызмет атқару үшін мемлекеттік тілді (қазақ тілі) білу міндеттелген, онсыз жұмысқа қабылданбайды, ол дегеніміз қазіргі құжаттардың негізгі бөлігі қазақ тілінде толтырылады. Бұл мемлекеттік тілімізге деген зор құрмет пен тіліміздің мәртебесін көтеруге бірден-бір себеп. Әр елдің тілін үйрене отырып, сол елдің тарихымен, мәдениетімен, ерекшеліктерімен таныса аласын. Тілді білу ерекше – қасиет, әсіресе бірнеше шет тілін меңгерген талапты, білімді жастарымыз да күн санап көбейіп келеді.

Қазіргі таңда ағылшын тілі – АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия секілді дамыған мемлекеттердің ресми тілі, ұлттық қарым-қатынас тілі, іскерлік тіл, дамыған елдердің қатарына көтерілу тілі. Әлемде болып жатқан жаңалықтар және ақпарат көздерімен танысу, жаңа технологияларды игеру ағылшын тілі арқылы жүзеге асады. 2015-2020 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасы бойынша алдағы уақыттарда мектептерде физика, информатика, химия, биология және жаратылыстану ғылымдары ағылшын тілінде жүргізілуі тиіс [2]. Ал 2012 жылдан бастап ЖОО-да үш тілде сабақ беру жүйесі жүзеге асуда. Әр елдің тілін білу сол елдің білімі мен ғылымына жол табу, сол тілдің ерекшелігі мен маңыздылығын түсіну. Үш тілді жетік білу заман талабы дейміз, үш тілде білім беруде көзделген негізгі мақсат – қазақ тілін үйрету. Ана тілі мен шет тілін қатар алып жүру қабылдау дағдыларын қалыптастырады, ой-өрісін кеңейтіп, қызығушылықтарын арттырады. Бала тілді тез ұғады, тез қабылдайды, сондықтан тілді үйрену қай кезеңде, қай уақытта болсын артық етпеген. Жаһандану заманына қадам басып келе жатқан біздің тәуелсіз еліміздің келешек ұрпақтары өркениетті елдер қатарына қосылу үшін де үш тілді білуі қажет. Ағылшын тілі - қазір бизнесте де, ғылымда да, білімде де белең алған тіл. Қай өнімнің немесе техникалық құралдың, технологиялық заттың құрылымын алып қарасаңыз да үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) берілген. Сондықтан да ағылшын тілін үйрену әрбір болашақ жеке тұлға үшін үлкен – пайда. Алға қойылған маңызды міндет болғандықтан тілдің қолданыс аясы күннен-күнге кеңейіп келеді. Үш тұғырлы тіл – заман талабына сай қажеттіліктен туындаған идея. Үш тілде сауатты білім алған кез-келген жас өз елінде де, шетелдерде де бәсекеге қабілетті болып саналады.

Тілдердің үштұғырлығы – озық технологиялардың дамыған заманындағы білімнің кеңейген, озық ойлы, ұшқыр қиялды жастардың кемел болашағының кепілі. Үш тұғырлы тілді білу – рухани жаңғыруымыздың кепілі.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдамасы «Тілдердің үш тұғырлығы» – «Триединство языков» / Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2007 жыл
2. Н. Ә. Назарбаев «Нұрлы жол – Болашаққа бастар жол» / ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 30 қараша 2015 жыл
3. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік-педагогикалық журнал. № 2(44), 2010 МРНТИ:37.18.13

А.А. Мухаметжанова

Государственный университет имени Шакарима города Семей, aabaevna70@gmail.com

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH

В современном мире все более возрастает значимость иностранных языков. Знание иностранного языка дает возможность приобщиться к мировой культуре, использовать в своей деятельности потенциал обширных ресурсов сети Интернет, а также работать с информационными и коммуникационными технологиями и мультимедийными средствами обучения. В связи с этим возникает необходимость использования компьютерных информационных технологий в обучении иностранному языку.

Изучение иностранных языков – важнейшая тенденция современного профессионального образования, целью которого является воспитание человека, способного к деятельности в огромном потоке информации, умеющего работать с разнообразной литературой, осваивать новые технологии и перед преподавателем стоит цель развития творческих способностей детей как составной части развития их творческого мышления

В эпоху стремительного развития техники современное общество требует более разносторонних подходов к изучению английского языка. Примером является развитие сети Internet, которое послужило началом нового эволюционного процесса, называемого информатизацией.

Одним из главных направлений в системе образования является разработка и внедрение педагогических технологий, соответствующих требованиям времени.

В учебном процессе на разных этапах все больше используются современные технологии и мы уже не представляем себе современный урок без использования информационных технологий, которое становится неотъемлемым помощником в повышении интереса учащихся к изучаемым проблемам и развивает наглядно-образное мышление.

При обучении английскому языку развивается интеллект, воображение, внимание, наблюдательность, речемыслительные и творческие способности.

Применение компьютерных технологий на уроках английского языка становится высокоэффективным творческим реализующим фактором использования разнообразных форм развития, воспитания и обучения.

Такой способ организации учебной деятельности позволяет не только в увлекательной творческой форме продуктивно решать все задачи урока, но и осуществлять обучающую коммуникативную познавательную деятельность.

Принятый 16 июня 2004 г. Закон «О репродуктивных правах граждан и гарантиях их осуществления» более детально закрепил правовое регулирование отношений, связанных со вспомогательными способами зачатия.

Ранее действовавший Закон Республики Казахстан от 16 июня 2004 года «О репродуктивных правах граждан и гарантиях их осуществления» более детально регулировал отношения по программам суррогатного материнства. Закон утратил силу в связи с принятием 18 сентября 2009 года № 193-IV ЗРК Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», который содержит всего три статьи, регулирующие вопросы суррогатного материнства: ст. 98 Лечение бесплодия, ст. 99 Вспомогательные репродуктивные методы и технологии, клонирование, ст. 100 Медицинская помощь при суррогатном материнстве.

Позже права и обязанности сторон были прописаны в Кодексе «О браке (супружестве) и семье», принятом в декабре 2011 года.

Согласно казахстанскому законодательству между биологическими родителями и суррогатной мамой заключается договор в письменной форме с соблюдением требований гражданского законодательства, который подлежит обязательному нотариальному удостоверению.

Договор суррогатного материнства должен содержать:

- 1) данные супругов (заказчиков) и суррогатной матери;
- 2) порядок и условия оплаты материальных расходов на содержание суррогатной матери;
- 3) права, обязанности и ответственность сторон при неисполнении условий договора;
- 4) размер и порядок компенсаций, предусмотренных пунктом 1 статьи 57;
- 5) иные условия, в том числе форс-мажорные обстоятельства.

В договоре прописывается абсолютно все вплоть до таких ситуаций, что будет, если погибнет сурмама, или малыш, или родители-заказчики, или ребенок родится раньше срока и так далее [3].

Требования, предъявляемые к суррогатной матери:

- суррогатная мать должна быть в возрасте от 20 до 35 лет;
- иметь удовлетворительное физическое, психическое и репродуктивное здоровье, а также иметь собственного здорового ребенка;
- если суррогатная мать состоит в браке необходимо представить письменное согласие супруга.

Правовые последствия договора суррогатного материнства или применения вспомогательных репродуктивных методов и технологий регулируются Семейным кодексом РК

Проблемы, которые возникают, при применении методов репродукции в особенности суррогатное материнство носят разносторонний характер.

Так, Суррогатная мать несет ответственность за беременность после применения вспомогательных репродуктивных методов и технологий, и обязана исключить возможность наступления естественной беременности. Встречались случаи, когда супружеская пара разводилась в то время, когда суррогатная мать вынашивала их общего ребенка, а после он оказывался не нужным генетическим родителям.

Так при решении проблем возникающих при применении суррогатного материнства необходимо учитывать юридический и психологический аспект. Т.е. при составлении договора должны учитываться и прописываться все возможные ситуации и последствия применения суррогатного материнства. Составлением договора должен заниматься юрист специализирующийся именно на суррогатном материнстве, имеющий опыт составления договора суррогатного материнства, который мог бы учесть все возможные риски и последствия и тщательно разработать договор, права и обязанности сторон и форс-мажорные обстоятельства.

Также необходима предварительная консультация у психолога, как заказчиков, так и суррогатной матери, что позволит в последующем избежать проблем связанных с отказом от рожденного ребенка заказчиками, либо отказ передать ребенка суррогатной матерью заказчикам, т.е. что бы обе стороны осознавали всю ответственность своих действий.

Правильное определение цели суррогатного материнства также имеет существенное значение для правового регулирования данного института содержание цели определяется, с одной стороны, действиями суррогатной матери, а с другой – лицами, заключившими договор, поскольку суррогатная мать может иметь целью, как извлечение прибыли, так и помощь бесплодной паре. С другой стороны – это цель быть родителями. Необходимо отметить, что целью суррогатного материнства как раз и является решение проблемы бесплодия.

Литература

1. Ожегов С.И. Словарь русского языка. М.: Рус.яз., 1991. С.209
 2. См.: Рекомендации ВОЗ: терминология ВРТ // Проблемы Репродукции. Издательство «Медиа Сфера».
 3. Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» 26 ноября 2011 года.
 4. Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» 18 сентября 2009 года № 193-IV.
- Интернет ресурс:
5. <http://www.mediasphera.ru>
 6. <http://new.notariat.kz/index.php/kz>
 7. <http://iusea.com/index.php>
 8. <http://www.surrogate-mother.kz/index>.

ПЛАТФОРМА 4: АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

АГРАРНЫЕ НАУКИ

**Р.С. Кармалиев, К.М. Ахмеденов, Б.М. Сидихов, Б.Е. Айтуганов,
Ж.Т. Усенов, Б.О. Ертлеуова, Д.Е. Габдуллин, Е.М. Алиев**
Западно–Казахстанский аграрно–технический университет им. Жангир хана,
г. Уральск, zapkazatu@wkau.kz

ИНВАЗИРОВАННОСТЬ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА ГЕЛЬМИНТАМИ ПИЩЕВАРИТЕЛЬНОГО ТРАКТА В РАЗНЫЕ СЕЗОНЫ ГОДА В ЗАПАДНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

INVASIBILITY OF LARGE CATTLE BY HELMINTS OF THE DIGESTIVE TRACT IN VARIOUS SEASONALS OF THE YEAR IN THE WEST-KAZAKHSTAN REGION

Введение. Гельминтозы крупного рогатого скота широко распространены на территории Республики Казахстан и наносят большой экономический ущерб, выражающийся в падеже животных и снижении продуктивности. Эффективная борьба с гельминтозами необходима для улучшения продуктивности крупного рогатого скота. Осуществление мер борьбы с гельминтами возможно лишь при знании краевых особенностей биологии и эпизоотологии заболеваний.[1, 2].

Наиболее распространены в Западно-Казахстанской области цестоды из рода мониезия и нематоды семейства трихостронгилид, паразитирующие в пищеварительном тракте у крупного рогатого скота.

Мониезиоз – сезонное (весенне - летнее) энзоотическое заболевание преимущественно молодняка крупного рогатого скота и овец. Возбудителем мониезиоза являются два вида гельминтов *Moniezia expansa* и *Moniezia benedeni*, которые паразитируют в тонком кишечнике. Стронгилятозы пищеварительного тракта - заболевания, вызываемые нематодами из подотряда *Strongylata* родов *Nematodirus*, *Ostertagia*, *Haemonchus*, *Cooperia* и *Trichostrongylus*. Они протекают, как правило, в виде смешанных инвазий [3, 4].

Цель наших исследований - определить сезонную динамику мониезиоза и стронгилятозов пищеварительного тракта в организме крупного рогатого скота в условиях в степной, полупустынной и пустынной природно-климатических зонах Западно-Казахстанской области.

Материалы и методы. Работа выполнена в рамках проекта АР05136002 по теме «Разработка мер борьбы с основными гельминтозами крупного рогатого скота в степной, полупустынной и пустынной зонах Западно-Казахстанской области в зависимости от метеорологических условий».

Изменения в структуре популяции мониезий и стронгилят пищеварительного тракта у крупного рогатого скота изучали ежеквартально, в разные сезоны года. С этой целью проводили количественные гельминтовооскопические исследования проб фекалий по Фюллеборну с использованием счетной камеры ВИГИС [5]. Учет количества стронгилят пищеварительного тракта проводили после культивирования личинок до инвазионной стадии. На основании морфологической структуры инвазионных личинок по П.Ф.Полякову (1953) проводили идентификацию стронгилят до рода [6].

Для культивирования личинок использовали фекалии животных взятых ректально. Их выдерживали в термостате при температуре 25-30°C в чашках Петри в течение 7 дней. Фекалии ежедневно увлажняли и аэрировали.

Исследования проводили в крестьянских хозяйствах, расположенных в степной, полупустынной и пустынной природно-климатических зонах Западно-Казахстанской области.

Результаты исследований

По результатам исследований была установлена незначительная степень инвазированности животных *M.benedeni* в течение всего года. Экстенсивность инвазии мониезиями в среднем за год составила 14,5%. В летний и осенний периоды отмечали повышение инвазированности молодняка крупного рогатого скота, составившую 11,6 - 21,6%, соответственно. По-нашему мнению это обусловлено тем что, *M.benedeni*, в этот период, достигает новой генерации половой зрелости. Зимой экстенсивность инвазии составила

19,4%, а весной произошло снижение инвазированности молодняка крупного рогатого скота до 5,7%. По-видимому, вследствие самоосвобождения, так как мониезии живут непродолжительное время.

Количество яиц *M.benedeni* в г фекалий крупного рогатого скота зимой снизилось до 145,4±9,8 экз. В весенний и летний периоды количество яиц повышалось и составило 154,6±8,4 и 182,4±9,6 экз., соответственно (таб. 1). В осенний период количество яиц мониезий в 1г фекалий, составило 175,9±7,6 экз., а среднее количество за год - 164,5±8,4 экз.

Инвазированность животных нематодами из подотряда *Strongylata* в течение года существенно меняется. Экстенсивность инвазии крупного рогатого скота в разные сезоны года была следующей: зимой экстенсивность инвазии снижалась до 24,2%, а в весенний период инвазированность составила 25,7%. В летний период отмечали наибольшую инвазированность крупного рогатого скота доходившую до 40,7%. В осенний период, в конце выпасного сезона, инвазированность снизилась и составила 39,3%. В среднем за год, экстенсивность инвазии составила 32,4%. Плодовитость стронгилят повышалась весной и в летне-осенний период со снижением её зимой. Количество яиц стронгилят в грамме фекалий изменялось от 114,1±10,3 экз. летом до 83,1±7,5 экз. зимой. Среднее количество яиц нематод из подотряда *Strongylata* в 1 г фекалий крупного рогатого скота за год составило 103,3±9,3 экз. (таблица 2).

Таблица 1 – Сезонная динамика инвазированности крупного рогатого скота *M.benedeni* в Западно – Казахстанской области

Сезон года	Исследовано голов	Инвазировано, голов	ЭИ, %	Среднее кол-во яиц мониезий в 1г фекалий, экз.
Зима	313	61	19,4	145,4±9,8
Весна	311	18	5,7	154,6±8,4
Лето	326	38	11,6	182,4±9,6
Осень	328	71	21,6	175,9±7,6
Среднее			14,5	164,5±8,4

Таблица 2 – Сезонная динамика инвазированности крупного рогатого скота стронгилятами пищеварительного тракта в Западно- Казахстанской области

Сезон года	Исследовано голов	Инвазировано, голов	ЭИ, %	Среднее кол-во яиц стронгилят в 1 г фекалий, экз.
Зима	313	76	24,2	83,1±7,5
Весна	311	80	25,7	108,2±9,8
Лето	326	133	40,7	114,1±10,3
Осень	328	129	39,3	107,9±9,8
Среднее			32,4	103,3±9,3

Из полученных результатов следует, что диагностику мониезиоза и стронгилятозов пищеварительного тракта у молодняка крупного рогатого скота можно проводить в любое время года, так как в течение всего года в фекалиях животных обнаруживали яйца *M.benedeni* и *Strongylata* spp.

Выводы

1. Молодняк крупного рогатого скота инвазирован мониезиями и стронгилятами пищеварительного тракта во все сезоны года.
2. Максимальную экстенсивность инвазии крупного рогатого скота *M.benedeni* отмечали осенью – 21,6%, а нематодами из подотряда *Strongylata* – летом - 40,7%.
3. В зимний период отмечали снижение экстенсивности инвазии гельминтами.
4. С повышением экстенсивности инвазии увеличивается количество яиц гельминтов в фекалиях крупного рогатого скота.

Литература

1. Акбаев М.Ш. Паразитология и инвазионные болезни животных / М.Ш. Акбаев, А.А. Водянов, Н. Е. Косминков. - М.: Колос, 2001 – С. 165-169.

2. Скрябин К.И. Гельминты крупного рогатого скота и его молодняка / К.И. Скрябин, Р.С. Шульц. - М.: Сельхозгиз, 1937. – 723 с.
3. Шустрова М.Ш. Паразитология инвазионные болезни животных / М.Ш. Шустрова, П.И. Пашкин, М.М. Белова. – М.: Изд. центр «Академия», 2006 – С. 127
4. Кармалиев Р. С. / Ветеринария. – 2006. – № 12. – С. 36-38
5. Мигачева Л.Д. Рекомендации Госагропрома СССР по внедрению достижений науки и практики в производство / Л.Д. Мигачева, Г.А. Котельников. – М.: ВИГИС, 1987. – № 6. – С. 85-87
6. Поляков П.А. Прижизненная дифференциальная диагностика стронгилятозов пищеварительного тракта жвачных по инвазионным личинкам // Дис. ... канд. вет. наук. М., 1953

МРНТИ: 68.41.31

Е.Ю. Тихомирова, А.Н. Байгазанов

Государственный университет имени Шакарима города Семей, tihomirova.82@mail.ru

ТОКСИЧНОСТЬ ОКСИМЕТИЛФУРФУРОЛА В МЁДЕ

THE TOXICITY OF HYDROXYMETHYLFURFUROL IN HONEY

Оксиметилфурфурол – основной индикатор при определении качества мёда, является промежуточным продуктом разложения моносахаридов, содержащихся в мёде. Образуется при длительном хранении, термической переработке. Увеличение количества оксиметилфурфурола в мёде свидетельствует о подкормке пчел гретым сахаром или патокой или о неоднократном разогревании мёда. Оксиметилфурфурол относится к так называемым индикаторам качества и безопасности ведения технологического процесса и может свидетельствовать косвенно о фальсификации продукции [1].

Целью работы явилось определение токсичности оксиметилфурфурола в мёде как показателя качества и натуральности этого продукта. В задачи исследования входило определение оксиметилфурфурола в мёде различного ботанического географического происхождения и подвергнутого термообработке.

Материалом для исследования послужили 20 образцов мёда различного происхождения, в том числе мёд в сотах и искусственный мёд.

По ГОСТу в норме оксиметилфурфурола может содержаться всего 25 мг в 1 кг. Но если его регулярно нагревать при высокой температуре, то количество этого вещества увеличится и только тогда сможет навредить человеку [2].

В результате определения оксиметилфурфурола все пробы мёда дали отрицательную реакцию, за исключением контрольного образца (образец – искусственный мёд), который дал положительную реакцию.

Исходя из постановки реакции во всех пробах наблюдалось зеленовато-желтое и желтое окрашивание, что говорит о содержании гидроксиметилфурфурала не более 25 мг/кг. Тогда как положительная реакция, которая наблюдалась в образце искусственного мёда, показало вишнево-красное окрашивание, что свидетельствует о содержании гидроксиметилфурфурала не менее 25 мг/кг.

Результаты определения оксиметилфурфурола в мёде, подвергнутом термообработке, показали что 2 пробы после нагревания в течение 30 мин. дали положительную реакцию. После часового нагревания дали положительную реакцию 7 проб. Таким образом, после нагревания происходит разрушение сахаров в мёде, что главным образом может свидетельствовать о появлении токсичности оксиметилфурфурола.

Следует отметить, что все пробы которые дали положительный результат (кроме образца – искусственный мёд) приобретались на рынке «Смокк», в местах розничной торговли под открытым небом, в первую очередь отреагировали на нагревание. И вероятно воздействие прямых солнечных лучей и погодные условия также могли вызвать образование оксиметилфурфурола в мёде.

Рекомендовано: разрешить реализацию прогретых медов, но с соответствующим обозначением: «прогретый мед» или «топленный мед»; с целью сохранения первоначальных качеств меда расфасовку его проводить только до кристаллизации, не допуская нагревания при этом выше 40°C; сократить количество употребляемого продукта с большим содержанием оксиметилфурфура, например, мед длительного хранения, мед который подвергался нагреванию, мед полученный из неблагополучных пасек по карантинным заболеваниям пчел.

Литература

1. О.Н. Машенков Целебные свойства нагретого меда [Текст] / О.Н.Машенков // Пчеловодство. – 2002. – № 2
2. ГОСТ 31768-2012 «Мед натуральный. Методы определения гидроксиметилфурфураля»

МРНТИ: 38.33.19

А.М. Касымханов

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Өскемен қ., aibek_vko01@mail.ru

ШҮЛБІ СУҚОЙМАСЫНЫҢ 2017 ЖЫЛДАҒЫ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

HYDROCHEMICAL STATUS OF THE SHULBA RESERVOIR IN 2017

Шүлбі су қоймасы 1989 жылы құрылған және Жоғары-Ертіс су қоймалары бойынша үшінші, соңғы су қоймасы болып табылады. Өскемен СЭС бөгетімен қиысу аймағының ара қашықтығы, Ертіс өзенінің арнасы бойынша, ұзақтығы шамамен 80 км құрайды. Су қоймасының ұзындығы көкжиек белгісінде 240 БЖм деңгейінде, 72 км құрайды, алаңы 255 км², көлемі – 2,39 км³, орташа тереңдігі 9 м, Ертіс ағыны бойынша ең кең ені 30 м. Су қоймасының жайылмасы Ертіс өзенінің кең аумағын алып жатыр, орташа ені 3,5 км құрайды. Бұдан да басқа, Қызыл-Су, Оба және басқа да ұсақ өзендердің жайылмасын су басқан. Су басқан барлық жерлердің алаңы 22,8 мың. га алады және олар негізінен – шабындық жерлер, жайылымдар, бұталы және орманды алқаптар. Ертіс арнасы бойынша су қойманың түбі қиыршық ұсақ тасты, өзен жағалауында құмды-батпақты, сол жағалауында бұталы және орман алқаптарының су басқан телімдері бар. Жоғары сатыдағы су өсімдіктері тек өзеннің сағаларында ғана кездеседі.

Су қоймасы биоөнімділігінің дамуын сипаттайтын морфологиялық және гидрологиялық ерекшеліктері бойынша, оны шартты түрде 3 бөлікке бөледі: жоғарғы, орта және төменгі.

2017 жылы мамыр мен шілде айларында Шүлбі суқоймасында 8 бекетте судың газдық тәртібі, физикалық-химиялық қасиеттері, иондық және биогендік құрамдары бойынша гидрохимиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Су сынамаларын алу мен гидрохимиялық зерттеулер жалпы қолданыстағы әдістемелерге сай атқарылды [1, 2, 3]. Сынамалар судың беткі қабатынан СП-2 сынама алу құрылғысы арқылы алынды. Судағы еріген оттегінің мөлшері МАРК-302Э оксиметрімен өлшенді. Талдау нәтижелерінің балықшаруашылықтық шектеулі рұқсат етілген концентрациямен (ШРК) сәйкестігі «ШРК-ның жалпы тізімі...» бойынша қарастырылды [4].

Көктем кезінде Шүлбі суқоймасындағы су температурасы 7-15°C құрады. Жаз кезінде су температурасы салыстырмалы түрде бірқалыпты болып 20-25°C шамасында өзгерді. Анағұрлым суы терең аймақтарда (Беткудук, Кызыл-Су м., Клементьевка мен Смородиновий ш. бекеттерінде) 4 метр тереңдікте температура 18,4-21,4°C болды.

2017 жылы судың түстілігі платиналық-кобальттік бағана бойынша көктемде 15-тен 29⁰-ке дейін (өте аз - аз түстілік), жаз мезгілінде 29-дан 62⁰-ге дейін (аз – орташа түстілік) өзгерді. Түстіліктің максималдық көрсеткіші жазда суқойманың төменгі бөлігіндегі Смородиновий шығанағы бекетінде (62⁰) тіркелді және ол нормативтік шамадан 3 есе көп болды. Жаз кезіндегі түстіліктің жоғары болуы су айдынындағы «гүлдеу» ағымдарының белсенді болғандығын көрсетіп, гидробионттардың тіршілік ету ортасы сапасын төмендетті. Төменгі мөлшері 15-18⁰ суқойманың төменгі бөлігінде (Азовое, Клементьевка) байқалды.

2017 жылы суқойма бойынша сутектік көрсеткіш балықшаруашылықтық нормаларға сай келіп, 7,3-8,6 шамасында болды. Минималдық көрсеткіші Азовое бекетінде жаз мезгілінде тіркелсе, максималдық көрсеткіші Клементьевка бекетінде болды. Сутектік көрсеткіштің мәні жалпы алғанда негіздік ортаға қарай ауытқығаны байқалды (1 кесте).

1 кесте – Шүлбі суқоймасының 2017 жылдағы негізгі гидрохимиялық көрсеткіштері

рН	Еріген газдар, мг/дм ³			Биогендік қосылыстар, мг/дм ³				Органи-калық зат, мгО/дм ³	Судың минерал дануы, мг/дм ³
	СО ₂	О ₂		NH ₄	NO ₂	NO ₃	PO ₄ ³⁻		
		мөлшері	қанығуы%						
жоғарғы бөлігі									
7,7	-	8,8	92,6	0,79	0,05	2,41	0,11	1,4	309
ортаңғы бөлігі									
8,2	-	8,2	89,5	0,97	0,05	2,80	0,12	1,5	337
төменгі бөлігі									
8,4	0,8	8,7	91,8	1,08	0,05	3,20	0,12	1,6	292
Шүлбі су қоймасы (жалпы)									
8,1	0,3	8,6	91,3	0,95	0,05	2,80	0,12	1,5	319

Судағы көмірқышқыл газының мөлшері 2016 жылмен салыстырғанда төмен болды. Суқойма бойынша орташа мәні 0,3 мг/дм³ болып балық шаруашылықтық нормаларға сәйкес келді.

2017 жылы Шүлбі суқоймасында оттектік көрсеткіштердің жоғарылауы байқалады. Судағы еріген оттегінің орташа мәні 2016 жылы 6,3 мг/дм³ шамасынан 2017 жылы 8,6 мг/дм³ дейін өсті. Көктем мезгілінде оттегінің мөлшері 7,9-8,8 мг/дм³, пайыздық қанығуы 87,4-95,2 % шамасында болды. Оның төменгі мөлшері суқойманың төменгі бөлігінде Клементьевка бекетінде байқалды. Жазда су құрамындағы еріген оттегінің мөлшері 8,9-9,4 мг/дм³, қанығу пайызы 98,6-104,8 % шамасында жоғарылады. Жалпы, 2017 жылдағы оттектік құрамы суқойманың гидобионттары түршілігіне қолайлы болды (1 кесте).

Судағы органикалық заттарының мөлшері (перманганаттық тотығуы бойынша) 2016 жылмен салыстырғанда төмендеді. Суқойманың бекеттерінде 1,1-2,2 мгО/дм³ шамасында ауытқыды. Органикалық заттардың шектен тыс мөлшері тіркелмеді. 2017 жылғы суқоймадағы органикалық заттарының (перманганаттық тотығуы бойынша) орташа мөлшері суқойманың ортаңғы және жоғарғы бөлігіне қарағанда төменгі бөлігінде жоғары екендігі анықталды.

Судың минералдануы 100-ден 608 мг/дм³ дейін құбылды. Су қоймада минералданудың анағұрлым жоғары мәні көктем мезгілінде Ковалевка бекетінде тіркелді, ал жаз кезінде бұл жердегі көрсеткіш 100 мг/дм³-ге дейін төмендеген. Су қойманың төменгі бөлігінде басқа екі бөлікке қарағанда минералданудың мәні төмен екендігі байқалды. Жалпы Шүлбі су қоймасының суы аз минералданған, кальций иондары басым гидрокарбонатты класына жатады. 2017 ж. жалпы минералдануының орташа жылдық мөлшері 319 мг/дм³ құрады.

Судың қаттылығы бойынша жіктемесіне сәйкес, Шүлбі су қоймасының суы сынама алар алынған барлық бекеттерде кейбір ерекшеліктерді санамағанда, жұмсақ (1,4-2,5 мг-экв./дм³) болды. Жіктемеге сәйкес суқойманың суы «өте жұмсақ» және «жұмсақ» болып келеді. Жаз кезіндегі қаттылық көрсеткіштері көктемге қарағанда төмен болды. Жоғарғы бөлігіндегі су қаттылығының орташа мәні 2,7 мг-экв./дм³, орта бөлігінде 3,5 мг-экв./дм³ және төменгі бөлігінде 3,3 мг-экв./дм³ құрады.

Су құрамындағы аммонийлік азоттың мөлшері 2016 жылдағы 5 ШРК_{бш}-нан 2017 жылдағы 2 ШРК_{бш} дейін азайды. 2017 жылы суқойма бойынша орташа мөлшері 0,95 мг/дм³ болды. Көктем кезінде аммонийлік азоттың жоғары болғаны анықталды. Ол, көктем мезгіліндегі гидрологиялық деңгейдің жоғарылауынан болатын жағалаудың суымен шайылып суға көптеген биогендік қосылыстардың түсуінен болуы мүмкін. Көктемде аммоний ионының максималдық көрсеткіші Кызыл-Су шығанағында (1,62 мг/дм³) тікелді және ол ШРК_{бш}-нан 3 есе асты. Суқойманың барлық бөліктерінде аммоний ионының мөлшері 2 ШРК_{бш} есеге ауытқыды. Жаз мезгілінде аммонийлік азоттың мәні төмендеп балық шаруашылықтық нормалардан негізінен аспай, 0,46-0,71 мг/дм³ шасмасында болды.

2017 жылы Шүлбі суқоймасында судағы нитриттердің мөлшерінің әрі қарайғы азаю үрдісі байқалады. Былтырғы жылмен салыстырғанда нитриттер мөлшері 1,6 есеге кеміп, суқойма бойынша орташа мәні 0,05 мг/дм³ шамасында болды. Бұл көрсеткіштерде мезгіл мен бекеттер бойынша айтарлықтай өзгерістері болмады. Нитриттер 0,02-0,07 мг/дм³ шамасында болып балықшаруашылықтық ШРК нормаларынан аспады.

2016 жылмен салыстырғанда су құрамындағы нитраттардың мөлшері артты. 2017 жылы нитрат-иондарының орташа мәні 1,2 есе өсіп, соңғы бес жылдағы максималдық 2,80 мг/дм³ мөлшерін көрсетті. 2016 жылдағыдай нитрат-иондардың жоғарылауы суқойманың төменгі бөлігінде байқалып, орташа мәні 3,20 мг/дм³ көрсетті. Нитрат-иондар суқойманың орта және жоғары бөліктерінде төменірек болды. Тамыз айында нитраттар жоғарылап 2,43-4,17 мг/дм³ шамасында өзгерді. Балықшаруашылықтық нормативтік көрсеткіш 40,0 мг/дм³ екендігін ескерсек, Шүлбі суқоймасындағы нитраттар ШРК_{бш} шамасынан аспады.

Фосфаттардың орташа мөлшері 2016 жылғы 0,33 мг/дм³-тан 2017 жылғы 0,12 мг/дм³-қа дейін 2,8 есе азайды. Минималдық көрсеткіші көктемде Азовое бекетінде тіркелді. Жаз кезінде су құрамындағы фосфаттар мөлшері Осиха бекетінде 0,19 мг/дм³, Кызыл-Су шығанағы бекетінде 0,02 мг/дм³ дейін жоғарылады.

Жүргізілген гидрохимиялық зерттеулер нәтижесінде Шүлбі суқоймасында 2017 жылы негізгі гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша гидробионттардың тіршілігі үшін қолайлы болды. 2015-2016 жылдармен салыстырғанда су құрамындағы оттегінің мөлшері анағұрлым жоғарылады. Аммонийлік азот бойынша болған ШРК_{бш}-нан ауытқулар мерзімдік сипатта болғандықтан суқойма балықтарына кері әсерін тигізбейді.

Әдебиеттер

1. Руководство по химическому анализу поверхностных вод суши /хим. ғыл. докторы, проф. А.Д. Семенов. – Л.: Гидрометеоздат, 1977. – 542 б.
2. Унифицированные методы анализа вод / хим. ғыл. докторы, проф. Ю.Ю. Лурье. – М.: Химия, 1973. – 376 б.
3. Алёкин О.А. Методы исследования физических свойств и химического состава воды //Жизнь пресных вод СССР /акад. Е.Н. Павловский, проф. В.И. Жадин. – М.-Л., 1959. – Т. IV. б.2. – 302 б.
4. Обобщенный перечень предельно допустимых концентраций (ПДК) и ориентировочно безопасных уровней воздействия (ОБУВ) вредных веществ для воды рыбохозяйственных водоемов: Утв. Нач. Главрыбвода Минрыбхоза СССР В.А. Измайловым 09.08.90. – М., 1990. – 46 б.

МРНТИ: 37.27.21

А.М. Касымханов

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Өскемен қ., aibek_vko01@mail.ru

ЖАЙСАН КӨЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

HYDROLOGICAL AND MORPHOLOGICAL CHARACTERISTICS OF LAKE ZAISAN

Жайсан көлі кең жалпақ қазандықта орналасқан, оңтүстік жағынан Маңырақ тауларымен шектелсе, оңтүстік-шығыстан Сауыр тауларымен шектелген. Екі жақтан

қоршаған таулар Тарбағатай тау жүйесінің жалғасы болып табылады. Қазандық 400 метрден 490 метрге дейін абсолюттік белгілері бар шоғырланған жалпақ жазық. Осы шоғырланған жазықтық қазандықтың ортасына қарай аздап ойысады, қазандықтың ортасында Жайсан көлі орналасқан. Жайсан көлінің айдыны мұхит деңгейінен 390 м жоғары биіктікте орналасқан. Жайсан қазандығының ауа-райы күрт континенталды. Қазандықта жаз өте ыстық, температураның ең жоғары көрсеткіші шілде айына сәйкес келеді. Қыста қазандықта суық ауа тұрақтап қалады, ең суық ай – қаңтар. Абсолюттік қысқы температура – -53°C жетеді, абсолюттік жазғы температура – $+42^{\circ}\text{C}$ жетеді. Жайсан қазандығында суық жел жиі соғып тұрады. Жазық дала жазда ғана жылиды, және осында Жайсан шұңқырының оңтүстік-батыс тау бөктерлерінен суық ауа массалары келеді. Қыста Жоңғар шөлі тез суиды, суық ауа Жайсан қазандығына қарама-қарсы бағытта ауысады. Осы жерден екі басымды бағыттағы желдер көл акваториясының үстінде ауа массаларының елеулі түрде ауысуына ықпал етеді. Кейде, батыс-оңтүстік-батыс желдері көлдің бір жағалауында ғана соғып тұрады, басқа жағалауында дәл осы уақытта жел басқа бағытта соғып тұрады [1].


Жайсан көлі плотиналық көлдерге жатады, және Қара Ертіс өзенінің суымен толтырылады. Құрамына Жайсан көлі кіретін су қоймасы 1960 ж. толтырылғаннан соң, көлдің алаңы елөуір ұлғайды. Алаңы орташа көп жылды белгі деңгейін өлшеу кезінде 2581 шм^2 алаңын құрайды, бұл су қоймасының жалпы алаңынан 60 % құрайды, ұзындығы 140 шм, кеңдігі 35 шм, тұңғығының тереңдігі – 12 м [2].

Су қоймасы пайда болған соң, су деңгейінің жоғарылауы Жайсан көлін қоршаған бедерді өзгертті. Қара Ертістің батпақты кең сағаларын су басты. Жағалаудың кескіні мен пішіні өзгерді – жағалаудың едәуір құмды бөлігін су басты (Бесшана, Тополев, Бакланий мүйістері және басқа ұсақ мүйістері). Су деңгейінің көтерілуімен көлде су қамысынан тұратын қалқымалы аралдар пайда болды, олар жағалау аумағындағы ығысқан субстарттардан пайда болды. Су қамысы басқан алаңдар жүз есе қысқарды. Қалқымалы аралдар қатты желден сынып, олардың жағалауға шығып қалған қалдықтары көптеген жерлерде түбір тектес, өсімдігі жоқ топырақтарды құрады. Олар Қара Ертіс алқабындағы көлдің шығыс жағында көптеп кездеседі.

Гидрологиялық жағынан Жайсан көлі Бұқтырма су қоймасының ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан деңгейлік тәртібі барлық су қоймаға жалпылай сипатталады. Бұқтырма су қоймасының көл мен өзен бөліктері аралығында биоалуантүрлілік және биоресурс қор жағынан бірталай ерекшеліктері бар.

Бұқтырма суқоймасының гидрологиялық тәртібі суқойманың жұмыс істеуіне, ҚХДР-нан транзиттік судың келуіне және табиғи-климаттық жағдайларға байланысты болады.

2008-2017 жж. қарастырылатын кезең тұрақсыз гидрологиялық тәртіппен сиппаталды және оны төрт кезеңге бөлуге болады – төменгі, орташа, жоғарғы және ауыспалы кезеңдер. 2016 жылы жоғарғы деңгейді 393,94 Балтық жүйесі метрін (БЖм) құрады (1 сурет).




1 сурет – Жайсан көлінің орташа жылдық гидрологиялық деңгейінің серпіні

Су деңгейінің төменгі кезеңі 2008-2009, 2012 жылдарға сәкес келіп, көлдің орташа жылдық төменгі деңгейі – 389,82 БЖм (2009 ж.), 390,75 БЖм (2008 ж.) және 390,66 БЖм (2012 ж.) көрсетті. Ең суы аз 2009 жыл болды, ол кезде Жайсан көлінің минималды деңгейлік көрсеткіші 388,83 БЖм тіркелді. Суқойманың өзендік бөлігінің аумағы 20,32 км², көлдік бөлігі - 5,66 км², жалпы көлемі - 30,27 км³ құраған. 2008 және 2012 жылдардағы Жайсан көлінің (Бұқтырма суқоймасымен қоса алғанда) гидрологиялық тәртібі ұқсас сипатта болып, жыл бойы гидрологиялық деңгейдің 1,1-1,48 БЖм төмендеп, тасқын толқынының аз болуы немесе мүлде болмауы осының айғағы болды.

Судың орташа кезеңі 2010-2011 және 2013 жылдарға сәйкес келді (2 сурет). 2010 жылғы гидрологиялық орташа деңгейі 391,47 БЖм құраса, 2013 жылы 391,98 БЖм құрағанын ескерсек, суқойманың жалпы аумағы 4657 км², көлемі 39,54 км³ болып, 2009 жылғы көрсеткіштерден 725 км² және 9,27 км³ артық болған [3].

Судың орташа деңгейі кезеңінде көктемгі-жазғы мезгілде суқойма суының белсенді түрде толысуымен сипатталды. 2007 мен 2011 жылдарда тасқын толқыны сәуір айынан қазанға дейін жүрді. 2010 мен 2013 жылдары тасқын толқыны айқын байқалып сәуірден қыркүйекке дейін болды. Максималды көрсеткіш жылдың аяғына дейін тұрды. 2010 жылдың сәуірінен шілде айына дейін суқойма деңгейі 3,38 БЖм жоғарылап, максималды көрсеткіші 18 шілде күні 392,96 БЖм жетіп, суқойманың жалпы аумағы 4977 км², көлемі 40,46 км³, ол дегеніміз 2009 жылғы көрсеткіштерден 758 км² және 11,3 км³ жоғары. 2010 жылдың шілде айында суқойманың деңгейі 392,97 БЖм, Жайсан көлінің аумағы 3357 км² құрады. 2013 жылғы суқойманың белсенді толысуы сәуір айынан қыркүйекке дейін жалғасын тауып, сол кезеңде 4,11 БЖм жоғарылаған. 2013 жылдағы суқойманың деңгейінің максималды көрсеткіші 3-4 қыркүйекте 393,74 БЖм тіркелді, ол кездегі Жайсан көлінің аумағы 3513 км² құрады. 2009 жылмен салыстырғанда 2013 жылы көлдің жалпы аумағы орта есеппен 491 км² ұлғайды. 2014-2017 жж. суы мол жылдар болып сипатталады.

2013 жылы жинақталған судың көлемі, суды тиімді пайдалану шараларының дұрыс атқарылуы және қар қорының баяу еруі – көктем мезгілінде Бұқтырма суқоймасының суын одан әрі молайтуға мүмкіндік берді. 2014 жылдың сәуір айынан тамыз айына дейінгі кезең аралығында гидрологиялық деңгейдің орташа айлық көрсеткіші 0,99 БЖм жоғарылады. 2014 жылдың 16 маусымындағы деңгейдің максималдық көрсеткіші – 394,37 БЖм көрсетіп, су қойманың жалпы аумағы 5352 км², Жайсан көлінің аумағы – 3640 км², жалпы көлемі 51,56 км³, көлдік бөлігінің көлемі – 20,084 км³ құрады. 2014 жылы суқойманың (Жайсан көлін қоса есептегенде) гидрологиялық деңгейінің орташа көрсеткіші 393,69 БЖм құрағаны, 2014 жылы суқойманың жалпы аумағының ұлғаюына әкеліп, 2009 жылғы суы аз кезеңмен салыстырғанда 1,3 есеге, ал жалпы көлемі бойынша 1,6 есеге артқан. Ұқсас жағдай 2015 жылы да байқалып, суқойма деңгейінің көтерілуі наурыздың үшінші онкүндігінен басталып, шілденің екінші онкүндігінің басына дейін жалғасты. 11 шілде күні максималдық көрсеткіші 394,53 БЖм тіркеліп, Бұқтырма суқоймасы мен Жайсан көлінің аумағы 5169 км² және 3509 км² құрап, суқойма мен көлдік бөлігінің жалпы көлемі 48,049 км³ және 17,65 км³ көрсетті. 2015 жылдың 8 айындағы суқойманың гидрологиялық деңгейі 393,72 БЖм құрап, суқойма мен Жайсан көлінің аумағы сәйкесінше 5169 км² және 3509 км² көрсетті. Бұқтырма суқоймасы аралас типті (көлдік-өзендік) су айдыны болып саналады – Жайсан көлі көлдік бөлігін құрап, жалпы суқойма аумағының шамамен 70% алып жатыр. Көлдің жағалауы жазықтау болып келгендіктен салыстырмалы түрде суы таяз, көлдің аумағы суқойманың гидрологиялық деңгейіне тікелей байланысты. Осылайша, 2006-2015 жылдар кезеңі аралығындағы минималды көрсеткіші суы аз 2009 жылы (2663 км²) көрсетсе суы мол 2015 жылы максималды көрсеткіші 3509 км² құрады.



2 сурет – 2008-2017 жж. орташа айлық көрсеткіштері бойынша Жайсан көлінің (Бұқтырма суқоймасының) су деңгейінің серпіні

2016 жылы қаңтар мен наурыз айлары арасында Бұқтырма суқоймасының су деңгейінің орташа көрсеткіштері 393,18-393,57 БЖМ болған кезде, су жіберуінің орташа тәуліктік көрсеткіші 500-600 м³/с шамасын құрады. Су қойманың су деңгейінің көтерілуі сәуір айының екінші онкүндігінде басталып, айдың соңында орташа тәуліктік су жіберу 30%-ға өсіп, су деңгейі 393,78 БЖМ жетті. Мамыр айында су деңгейі айтарлықтай жоғарыламады. Көктем мезгіліндегі су деңгейінің максималды деңгейі 31 мамыр күні байқалып, 394,16 БЖМ көрсетті. 2016 жылдың маусымының бірінші онкүндігінде судың орташа тәуліктік жіберілуінің мөлшері азайып, тәулік бойынша су деңгейінің 394,18 БЖМ-нен 394,50 БЖМ-не дейін жоғарылап, судың жиналуы байқалады. 16 маусым мен 26 шілде аралығында Қара Ертіс өзені арқылы ҚХР-нан көп мөлшерде су келуінен қалыпты емес гидрологиялық жағдай орнады. Тәулік сайын су жіберуі 100 м³/с және одан да жоғары болды. Оның максималды көрсеткіші (2034 м³/с) 30 маусым күні су деңгейі 394,80 БЖМ болған кезде байқалды. Бұл кезде су деңгейі 394,56-дан 394,80 дейін көтерілген. Нәтижесінде су айдынында шілде айының бірінші онкүндігіне дейін созылған жасанды тасқын болды. Бұқтырма СЭС мен Өскемен СЭС апаттық су жіберуін жүргізгеннен кейін және Қара Ертіс өзеніне келетін судың мөлшері азайған соң, суқойма суының деңгейі төмендеп өз қалпына келе бастады. Шілде айының үшінші онкүндігінде Жайсан көлінде суы мол кезеңде орнайтын өзіндік қалыпты гидрологиялық деңгей орнады.

2017 жылы су деңгейінің жоғарылауы сәуір айының басында басталса, айдың соңында орташа тәліктік судың түсуі 45 % -ға өсіп, 393,65 БЖМ жетті. Су деңгейінің максималды көрсеткіші көктем мезгілінде 31 мамырда – 394,12 көрсетті. 2017 жылғы маусымның екінші онкүндігінде судың төмендеуі азайды. Су төмендеуінің максималды көрсеткіші 8 маусымда 1519 м³/с мөлшерінде су деңгейі 394,21 БЖМ болғанда тіркелді. Маусымның үшінші онкүндігінде Жайсан көлінде, суы мол жылдарға сәйкес келетін тұрақты гидрологиялық деңгей орнады.

Жайсан көлінің аумағы суқойманың гидрологиялық деңгейі мен Қара Ертіс өзені суына тығыз байланысты болады. Осылайша, 2008-2017 жылдардағы аумағы 2009 жылы суы аз кезеңде төмен (2663 км²), 2016 жылғы 1,3 есеге өсіп, максималды көрсеткіш 3556 км² көрсетті. 2017 жылы орташа жылдық су деңгейі 393,68 БЖМ көрсетіп, Жайсан көлі мен Бұқтырма суқоймасының аумағы 1656 км² мен 3501 км² болды.

Су деңгейінің баяу көтерілуі, 2017 жылы, ерте және кеш уылдырық шашатын балық түрлерінің уылдырық шашу кезеңінде уылдырық шащуларына қолайлы болды. Сонымен қатар, су айдыны аумағында жасанды тасқынның болуы балықтардың өсіп-өнуіне оңтайлы әсер етті.

Әдебиеттер

1. История озер Севан, Иссык-Куль, Балхаш, Жайсан и Арал / Д.В. Севастьянов және т.б. – Л.: Наука, 1991. – Б. 173-177

2. Ресурсы поверхностных вод СССР. Гидрологическая изученность. Алтай и Западная Сибирь. Горный Алтай и Верхний Иртыш. – М.: Гидрометеиздат. – 1966. – Т.15. – Вып. 1. – 216 б.

3. «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Алтай бөлімшесі ҒЗЖ бойынша есеп, тақырыбы: Ертіс бассейніндегі халықаралық, республикалық, ЕҚТА-ғы және жергілікті мағынасы бар балық шаруашылығы су айдындарындағы балық ауланатын телімдеріндегі балықтың және басқа су жануарларының рұқсат етілетін ШАМ мөлшерін анықтап, биологиялық негіздемелер әзірлеу.

МРНТИ: 38.33.19

Г.Қ. Қуанышбекова

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, Өскемен қ., gulfur-5555@mail.ru

БҰҚТЫРМА СУҚОЙМАСЫНЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

HYDROCHEMICAL DESCRIPTION OF THE BUKTYRMA RESERVOIR IN 2017

Бұқтырма суқоймасы Бұқтырма өзенінің төменгі сағасынан 12 шақырым жердегі таулы алқаптың тарылуынан Ертіс өзенін (1960 жылы) бөгеу нәтижесінде құрылды. Оның параметрі бүгінгі күні: аумағы – 1500 км², көлемі – 23,24 км³, ұзындығы – 240 км, тереңдігі – 70 м құрайды. Су қоймасы шығыс ені 83-84⁰ және солтүстік ені 40⁰ 50' - 49⁰ 40' арасындағы ендік бағытта созылған. Ол үш климаттық аймақты қиып өтеді: орманды-дала, далалы және шөлді-далалы. Бұл аймақтардың климаты күрт континенттікке жатады. Морфометрлік және гидрологиялық сипаттары бойынша су айдыны көлдік-өзендік, таулы-алқапты, таулы болып өзара айырмашылығы бар үш бөлікпен шектеледі.

Бұқтырма суқоймасындағы гидрохимиялық зерттеу жұмыстары 2017 жылдың мамыр мен шілде айларында 7 бекетте жүргізілді. Судың газдық тәртібі, физикалық-химиялық қасиеттері, негізгі иондық және биогендік құрамы бойынша зерттелді. Су сынамаларын алу мен гидрохимиялық зерттеулер жалпы қолданыстағы әдістемелерге сай жүргізілді [1, 2, 3]. Сынамалар судың беткі қабатынан СП-2 сынама алу құрылғысы арқылы алынды. Судағы еріген оттегінің мөлшері МАРК-302Э оксиметрімен өлшенді. Талдау нәтижелерінің балықшаруашылық шектеулі рұқсат етілген концентрациямен (ШРК) сәйкестігі «ШРК-ның жалпы тізімі...» бойынша қарастырылды [4].

Су температурасы сынама алынған кезде көктем мезгілінде 10,7-22,2⁰С және жаз кезінде 19-24,5⁰С құрады. Судың түсі – 10-49⁰ ауысып отырды. Сутектік көрсеткіш 8,1-8,6 шамасын көрсетті.

2017 жылы судағы еріген оттегі мөлшері өсіп 8,0-11,6 мг/дм³ шамасында өзгерді. Судың оттегіне қанығу дәрежесі бойынша анағұрлым көп мөлшері суқойманың таулы бөлігінде (103,5%) 2016 жылдағыдай болды. Таулы-алқаптық бөлігінде судың оттегіне қанығу дәрежесі шамамен 94,5% және өзен-көлді бөлігінде 84,3% болды. 2013-2017 жылдарда оттегіне қанығуы бойынша аз дәрежесі 66,9 % шамасында болып 2014 жылы байқалды. 2015 жылдан 2017 жылға дейін оттегінің жоғарылауы байқалады. 2017 жылдағы еріген оттегінің максималды көрсеткіші 1 кестеде көрсетілген. Гидробионттар үшін Бұқтырма суқоймасындағы оттегі қолайлы болып келеді.

Көмір қышқыл газы ағымдағы жылда 1,7 -ден 8,9 мг/дм³ шамасында болып 2016 жылға қарағанда жоғарылады және нормативтік көрсеткіштен асқан жоқ.

2017 жылы су құрамының органикалық заттары бойынша (перманганаттық тотығуы бойынша) 2016 жылғы 3,2 мг/дм³-ден 2017 жылғы 2,2 мг/дм³ дейін төмендеді. Органикалық заттарының ең жоғары мәні, өткен жылдардағыдай, көлдік-өзендік бөлігінде 2,7 мгО/дм³ тіркелді. Су қоймадағы минималды көрсеткіштері таулы бөлігінде 0,8-1,8 мг/дм³ шамасында ауытқыды.

2017 жылы азот тобындағы биогенді қосылыстардың шоғырлануының жоғарылауы айтарлықтай 1-1,5 ШРК_{бш} дейін төмендеді. Ең жоғары мәндері суқойманың көлдік бөлігінде Күршім өзенінің сағасында жаз мезгілінде (1,68 мг/дм³) байқалды. 2017 жылы тұтастай алғанда аммоний иондарының мөлшерінің төмендеуі Бұқтырма су қоймасының сынама

алынған барлық бекеттерінде біркелкі өзгерді. Мезгіл бойынша елеулі айырмашылықтар байқалмайды.

2017 жылы нитраттардың мөлшері орта есеппен 3 есе азаюы байқалады. Нитриттік азоттың шоғырлануы зерттеу бекеттерінде ұқсас мәндерге ие болып 0,03-0,04 мг/дм³ шамасында өзгереді (1 кесте).

1 кесте – 2017 жылғы Бұқтырма суқоймасындағы негізгі гидрохимиялық көрсеткіштер

pH	Еріген оттегімг/дм ³			Биогендік қосындылар, мг/дм ³				Органи-калық зат, мгО/дм ³	Судың минера-лизациясы, мг/дм ³
	CO ₂	O ₂		NH ₄ ⁺	NO ₂ ⁻	NO ₃ ⁻	PO ₄ ³⁻		
		мөлшері	қанығуы, %						
көлдік-өзендік бөлігі									
8,4	6,4	8,9	84,3	0,75	0,03	2,66	0,16	2,7	320
таулы-алқапты бөлігі									
8,2	5,4	9,3	94,5	0,56	0,03	2,22	0,16	2,5	393
таулы бөлігі									
8,3	4,4	10,3	103,5	0,62	0,04	2,12	0,17	1,3	235
Бұқтырма суқоймасы (жалпы)									
8,3	5,3	9,5	94,1	0,64	0,03	2,33	0,16	2,2	316

2017 жылы нитраттардың мөлшері 1,42 ден 2,33 мг/дм³ дейін көбейді, бұл көрсеткіш 2016 жылдан 1,5-2 есе жоғары. Жалпы суқойма бойынша нитраттардың өсуі байқалды. Бұқтырма су қоймасындағы суда фосфаттың азаюы байқалды. Орташа мәні 0,16 мг/дм³ құрады.

Судың гидрологиялық көрсеткіштері мен биогенді қосылыстар концентрациясының мәндерін салыстыру кезінде белгілі сәйкестіктер анықталмады. Соңғы 4 жылда судың жоғары мөлшерде болу жағдайында биогендік заттардың концентрациясы бірнеше есе өсті және төмендеді. 2017 жылы су қоймасының гидрохимиялық режимін тұрақтандырылуы байқалды, ол су айдынында биогендік заттардың шоғырлануының теңестірілуі мен судың сапасының жақсаруына әкелді (ШРК_{бш} ауытқымады).

Бұқтырма суқоймасының суы аз минералданған, О.А. Алекиннің жіктеуі бойынша магнийге қарағанда кальций мен натрий иондары басым гидрокарбонаттық классқа жатады. 2017 жылы судың жалпы минералдануының орташа мәндері өткен жылға ұқсас болды. Жалпы минералдануының төменгі мөлшері суқойманың таулы бөлігіндегі Алтайка бекетінде 154 мг/дм³ болса, ал жоғарғы көрсеткіші жазда Күршім өзенінің сағасында 448 мг/дм³ тіркелді.

Бұқтырма суқоймасындағы судың қаттылығы бойынша жіктелуіне сәйкес жұмсақ болып, 1,07-4,68 ммоль-экв/дм³ мөлшерінде ауытқыды. Көктемнен жазға қарай су қаттылығы мөлшерінің өсетіндігі байқалады.

Осылайша, Бұқтырма суқоймасында 2017 жылы оттегінің мөлшері жоғары болып, pH аз мөлшерде қышқылдық ортаға қарай ауысып, аммонийлік азоттың төмендеуімен түсіндірілетін гидрохимиялық тәртіп орнады. Жалпы суқоймадағы гидробионттардың тіршілігі үшін қанағаттандырарлықтай орта болды.

Әдебиеттер

1. Руководство по химическому анализу поверхностных вод суши /хим. ғыл. докторы, проф. А.Д. Семенов. – Л.: Гидрометеоздат, 1977. – 542 б.
2. Унифицированные методы анализа вод / хим. ғыл. докторы, проф. Ю.Ю. Лурье. – М.: Химия, 1973. – 376 б.
3. Алёкин О.А. Методы исследования физических свойств и химического состава воды //Жизнь пресных вод СССР /акад. Е.Н. Павловский, проф. В.И. Жадин. – М.-Л., 1959. – Т. IV. б.2. – 302 б.
4. Обобщенный перечень предельно допустимых концентраций (ПДК) и ориентировочно безопасных уровней воздействия (ОБУВ) вредных веществ для воды рыбохозяйственных водоемов: Утв. Нач. Главрыбвода Минрыбхоза СССР В.А. Измайловым 09.08.90. – М., 1990. – 46 б.

С.Ж. Жұмабеков

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, sansyzbay.k@mail.ru

ИОНДАУШЫ РАДИАЦИЯНЫҢ ТІРШІЛІККЕ ӘСЕРІ

THE EFFECT OF IONIZING RADIATION ON THE LIVING WORLD

Қоршаған ортаның адам организміне теріс әсер ететін факторларының бірі радиация болып табылады. Радиация адамның клеткалары мен органдарының түрлі функцияларына зиянды әсер етеді. Радиация әсер еткенде клеткалардың шапшаң бөлінуі, құрылымы мен құрамының өзгеруі мүмкін. Радиациялық сәулелену тұқым қуалаушылық аппаратын өзгертуге, яғни мутацияға душар етуі мүмкін.

Соңғы он жыл ішінде радиациялық сәулеленудің табиғи фоны көтерілді. Бұл кейбір елдерде ядролық қарулардың өндірілуіне, ядролық энергетиканы пайдалануға, уран өндіруді көбейтуіне, радиация қалдықтарының дұрыс сақталмауына байланысты болып отыр. Осыған байланысты барлық тіршілік иелеріне – өсімдіктерге, жануарларға, адамдарға нақты қауіп төнді. Мутация көлемі ұлғайды, тұқым қуалайтын әр түрлі аурулар, дамуында түрлі кемістіктері бар (қатерлі аурулары, сәлелік аурулары және тағы басқа) ауру балалар мен адамдардың саны ұлғайды. Табиғаттың барлық жерлерінде табиғи радиобелсенді сәулелері болады. Барлық тірі организмдер сияқты адамға да табиғи сәулелердің әсері тиеді. Сәулелердің артық мөлшері адам организмде ауытқуларды және әр түрлі ауруларды туғызады. Сондықтан адам радиосәулелердің мүмкіндік мөлшерін анықтай алуы тиіс. Оны дозиметр деп аталатын арнайы құралмен өлшейді. Сәулелердің артық мөлшері организмнің ауруға қарсы мүмкіндігін төмендетеді, тыныс алу, көз, тері және тағы басқа ауруларға себеп болады.

Радиациялық ластану

Қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі – *радиациялық ластану* болып қалып отыр. Радиактивті ластанумен күресу тек алдын алу сипатында ғана болады. Себебі табиғи ортаның мұндай ластануын нейтралдайтын биологиялық ыдырату әдістері де, басқа да механизмдері де жоқ. Қоректік тізбек бойынша тарала отырып (өсімдіктерден жануарларға) радиоактивті заттар азық-түлік өнімдерімен бірге адам ағзасына түсіп, адам денсаулығына зиянды мөлшерге дейін жиналуы мүмкін. Радиоактивті ластану – қоршаған ортаны өте қауіпті әсер әкелетін физикалық ластанудың түрі. Бұл ластану адам денсаулығы мен тірі организмдерге радиациялық сәулелену арқылы зиянды әсер жасайды. Қазіргі уақытта дамыған елдерде ядролық энергетиканың дамуына байланысты қоршаған ортаның радиациялық ластануы үлкен қауіп тудыруда. Ластанудың бұл түрі химиялық кейін екінші ортаға шықты. Радиациялық ластанудың мынадай топтарға бөледі:

1) Радиоактивті заттардың бөлінуінің нәтижесінде пайда болатын альфа - (гелий ядросы), бетта –(жылдам электрондар) бөлшектердің және гамма – сәулеленулердің әсерінен болатын радиациялық ластану (физикалық ластану түрі);

2) Қоршаған ортадағы радиоактивті заттардың мөлшерінің көбеюіне байланысты болатын ластану (химиялық ластану түрі). Ортаның радиациялық ластануына атом қаруын сынау аз үлесін қосқан жоқ, ол радионуклидті жауын-шашынның түсуіне әкелді.

Радионуклидтер – бұл элементтердің электрондарды атомдардан шығарып, оларды басқа атомдарға оң және теріс йондар жұбын түзуімен қосаға қабілетті радиобелсенді сәулелену шығаратын изотоптары. Мұндай сәулеленуді иондаушы деп атайды. Кейбір заттарда барлық изотоптар радиобелсенді болып табылады. Атап айтқанда, оларға технеций, прометий, сондай-ақ Д.И.Менделеев кестесінің полоний басталып трансурандылармен бітетін барлық элементтері жатады. Гелий ядроларының (альфа – сәулелену) немесе жылдам электрондардан (бетта – сәулелену) тұратын бөлшектер ағынын корпускулалық сәулелену деп атайды. Электромагнитті иондаушы сәулелену – бұл гамма –

сәулелену мен оған жақын рентгендік сәулелену. Альфа және бетта-сәулелену организмнен тысқары тұрып та оған әсер ете алады. Иондаушы сәулелену жоғары дамыған ағзаларға, бірінші кезекте – адамға аса күшті әсер етеді. Оған микроағзалар төзімдірек келеді. Эксперименттік зерттеулер белсенділігі 3,7-10¹⁴ Бк (10 мың Ки) гамма сәулеленудің (кобальт-60, цезий-137) қуатты көздерінің қасында жоғарғы топтағы бірде-бір өсімдік немесе жануар тірі қалмайтындығын көрсеткен. Түрлі радионуклидтердің организмге әсері аса сан алуандығымен ерекшелінеді, әйтсе де жалпы алғанда, оларға мутагенді және бластомогенді эффект тән. Мысалы, 131-йодтың аз мөлшерінде қалқанша бездің қызметі бұзылады, ал көп мөлшерінде – зиянды ісіктер түзіледі. Радиациялық ластанудың көздері. Радиациялық қауіптердің әсерлері шыққан тегі бойынша табиғи және антропогенді болып бөлінеді.

Табиғи факторларға қазба рудалары, жер қабаттарындағы радиоактивті элементтердің бөлінуі кезіндегі сәулелену және т.б. жатады. Радиациялық өндіруге және қолдануға, атом энергиясын өндіруге және ядролық қаруын сынауға байланысты жұмыстар жатады. Сонымен адам өміріне өте қауіпті радиациялық антропогендік әсерлер адамзаттың мына іс-әрекетімен тығыз байланысты: • **Атом өнеткәсібі**;

- **Ядролық жарылыстар**;
- **Ядролық энергетика**;
- **Медицина** мен **ғылым**.

Бұлар қоршаған ортаны радиоактивті элементтермен және радиациялық сәулелермен ластайды. Бұдан басқа атом өнеркәсібі радиоактивті қалдықтардың көзі болып, адамзатқа жаңа үлкен қауіп және әлі шешімін таппаған мәселені – оларды көму мен жою мәселелерін алып келді. Келесі бір қауіпті радионуклид – стронций-90, ол ядролық сынақтардың нәтижесінде түзіледі (жартылай бөліну периоды 27,7 жыл). Ол ағзаға асқазан-ішек трактісі, өкпе, тері жабыны арқылы түсіп, қаңқа мен жұмсақ ұлпаларға жиналады. Стронций қанда патологиялық құбылыстар тудырады, ішке қанның құйылуына, сүйек кемігінің құрлысының бұзылуына әкеледі. Зақымданған соң ұзақ мерзімнен кейін (келесі ұрпақтарда) ісіктер, ақ қан ауруы болуы мүмкін. Қазіргі гигиена ғылымының өзекті мәселесі адам өмір сүретін ортаның зиянды және қауіпті факторларын анықтау ғана емес, сонымен қатар олардың халық денсаулығына тигізетін қауіп-қатерін бағалай білу болып табылады. Қауіп-қатер туғызатын әртүрлі факторлар нақты елдің, аймақтың жағдайларына да тәуелді екенін ескеру қажет.

Радиоактивті заттардан қорғану

Радиоактивті заттардан қорғаудың бірнеше жолдары бар. Олар: **физикалық, химиялық және биологиялық** тәсілдері.

Физикалық тәсіл

Бұл тәсілдің ұйғаруы бойынша, дер кезінде қол-аяқты денені жылы су мен жуып отыру керек. Қолға арнаулы түрде дайындалған перчаткаларды кию керек. Қатты радиоактивті элементтердің бөлшектерінің кішкентай түйіршіктері ішкі органдарға өтіп кетпеуін қадағалап отыруы керек.

Егер кішкентай бөлшектер ішкі органдарға өтсе, олар тез арада ағзадан шыға қоймайды. Әсіресе **радий, уран, плутоний, стронций, иттрий** және **цирконий** бөлшектері ағзаларға өтсе қауіпті ісіктер туғызуы мүмкін. Олар радиоактивті сәулелер таратады. Цезий тез еритін тұздарды түзеді. Сөйтіп адам ағзаларының жұмсақ тканьдерінде жиналады да үнемі иондалған сәулеленуді таратады. Радиоактивті стронцийдің бөлшектерін адам ағзаларынан шығару оңай емес. Стронцийді кальциймен ығыстырып шығаруға болады.

Тез еритін цезий – 137 бөлшектерін ағзалардан ығыстырып шығару үшін көп мөлшерде су ішу керек. Радиоактивті элементтерді ағзалардан шығару үшін қымыздық сірке қышқылы мен лимон қышқылы көп мөлшерде пайдалану керек. С, Д витаминінің ішу өте пайдалы (сәбіз, редис). Арақ-шарап ішуге болмайды. Олар радиацияның әрекетін күшейтіп жіберуі мүмкін. Бірақ кейбір адамдар Уран өндіретін шахталарда істеп жүріп күніне аздық көпті арақ ішіп жүрген. Ол адам күні бүгінге тірі. Ал арақ ішпеген оның әріптестері жарық дүниемен баяғыда қоштасқанын ол жіпке тізгендей айтып беріп отырады. Біздіңше, аздық көпті арақ-шарап ішіп отырған жөн болғаны. Радиациядан қорғанудың химиялық және биологиялық жолдары. Радиацияға қарсы қолданатын препараттарды радиопротекторлар деп аталады. Олар радиоактивті элементтердің бөлшектері ағзалардан шығару үшін неше түрлі химиялық препараттарды пайдаланады. Олар ағзаларды радиациядан сақтап қалады.

Иондалған сәулеленуді ем-дом ретінде пайдалануға болады. Дерттерге диагностика қою үшін де таңбаланған атомды пайдаланады. Сәуле тератиясы мен қан, ауруларын емдеуге болады. Қауіпті ісіктерді де емдеу үшін бета-сәулесін пайдаланады. Адамдарды Радиациядан қорғау Қазақстан Республикасының алдында тұрған аса күрделі мәселе. Қазақстан Республикасында адамдардың денсаулығына өте үлкен көңіл бөлінеді. Әсіресе экологиялық апатқа ұшыраған аймақтарда да тұратын халықтардың денсаулығы қатаң бақылауға алынған. Осы айтылғандарды қорыта келе, радиация (сәуле) дертіне шалдықпау үшін халыққа, әсіресе, жеткіншіктерге радиоэкологиядан жан-жақты білім және тәрбие беру екенін естен шығармауымыз керек. Адамзат баласы осы кезде бұрын – сонды болып көрмеген орасан көп ғылыми табыстарға жетіп, техника мен технологияны дамыта түсуде. Оларды төтенше түрде дамуы биология ғылымдарына тікелей байланысты. Ол жаратылыстану ғылымдарының көрнекті салаларының бірі. Оның басты міндеттері жер бетіндегі тіршіліктің пайда болуын, оның эволюциялық жолмен дамуын зерттеу. Биология жердің тіршілік иелері адамдар мен жануарлар өсімдіктер мен неше түрлі көзге көрінбейтін микроорганизмдер әлемін зерттейді. Алынған мәліметтердің негізінде сигнал хабарды дәл тіркейтін сезімтал машиналар мен механизмдер шығару жұмыстарын жүргізеді. Кейінгі кезде биологиялық ғылымдар орасан зор ілгерілеп, алға басты. Осы уақыттың ішінде тіршілік дүниесі адамдар, жан-жануарлар, өсімдіктер әлемі туралы көптеген түсінігіміз бар. Тірі организмдердің пайда болу жолдарын, биохимиялық процестерін білеміз. Бірақ көптеген биологиялық көріністердің құпия сырлары әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Әдебиеттер

1. Полевая практика по экологии: оқу-құралы. Денисов С.И. 1999ж – 120 бет.
2. Экология. Чернова Н.М т.б. – М. 1991 ж.
3. Экология: жалпы, әлеуметтік, қолданбалы: Учебник – М., 1999 ж. Воронков Н.А.
4. Петров К.М. Жалпы экология. Қоршаған орта мен табиғат қатынасы: Учебник. – СПб., 1998 ж.
5. Шилов А.А. Экология. М.: ВШ, 1999 ж.
6. Бигон М., Харпер Дж., Таусенд К. Экология: түрлер, популяциялар, бірлестіктер. Т. 1,2, М.: Мир, 1989 ж.
7. Федосеев О.Н. Основы биоэкологии. Пенза. Изд-во ПГАСА, 2000
8. Панин М.С. Қазақстан экологиясы – Семей, 2005 ж.
9. Акимова Т.А., Хаскин В.В. Экология: Оқулық. М., 1998 ж.
10. Новиков Ю.В. Экология, қоршаған орта және адам. – М., 2000 ж.
11. Коробкин В.И., Передельский Л.В. Экология. – Р-на-Д, 2000 ж.
12. Вернадский В.И. Тірі заттар. М.: Ғылым, 1978 ж.
13. “NTSYS” V.1.61. биологиялық көрсеткіштерді қайта өңдеу математикасы (англ). – Applied Biostatistics Inc., 1993.
14. “CLAST1” V.2.0. Кластерлік анализ (орыс.). – Қазан: КГУ, 1991

МРНТИ: 68.41.31

А.Н. Байгазанов, Е.О. Омарбеков, Б.Т. Смаилова
Государственный университет имени Шакарима города Семей,
veterinarnaya_sanitariya@mail.ru

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫ ЛЕЙКОЗЫНЫҢ
ЭПИЗООТОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

EPIZOOTIC SITUATION ON BOVINE LEUCOSIS IN EAST KAZAKHSTAN REGION

2012-2017 жж. Шығыс Қазақстан облысында лейкоз ауруы бойынша эпизоотологиялық мониторингісі жүргізілді. Нәтижесінде облыс лейкоз таралуы бойынша 6 дәрежеге бөлінді.

Conducted monitoring of epizootic bovine leucosis in East Kazakhstan oblast for 2012-2017 as a result of which the region was divided into 6 degrees of infection of this disease.

Тірек сөздер: лейкоз вирусы, эпизоотиялық жағдай, диагностика, эпизоотологиялық мониторинг, гематологиялық зерттеулер.

Қазақстанда ауылшаруашылығындағы ең көп тараған созылмалы жұқпалы аурулардың бірі, мал экономикасына айтарлықтай залал тудыратын ірі қара малдардағы лейкоз ауруы.

Көптеген ғылыми-зерттеулерге сүйенсек, ірі қара малдың лейкоз вирусы (ІҚМЛВ) туберкулез және бруцеллез сияқты әлеуметтік маңызы бар аурулардың таралуынан қарқынды және ол қоғамдық малшаруашылығы үшін елеулі қатер төндіреді. 2011-2014 жылдардағы ҚР АШМ (ауыл шаруашылығы министрлігі) ветеринариялық есептерді талдау кезінде лейкоз ауруы 14 облыстың 13-де кеңінен таралғанын көрсетті. 2011 жылы ҚР-да лейкоз бойынша серологиялық зерттеу жүргізгенде 2890061 бастың 57597 ұшырағаны немесе 2,83% екендігі анықталды, 2012 жылы – 868665-ден 28 988 яғни 3,5%, 2013жылы 64991-ден 4012 яғни 7,12% және 2014 жылы 50056-ден 4597 яғни 10,8% көрсетті. Қазақстанда осы жылдары алынған серологиялық зерттеулерге барлығы 3838914 ірі қара мал қатыстырылды, олардың 95193 малдың лейкоз ауруымен залалданғандығы айқындалды немесе ол 2,23% көрсетті. Сонда 2011 жылы ҚР-да ірі қара мал саны 6440 басты құраса, 2012 жылы 6650 бас, 2013жылы 6900 бас және 2014жылы 7150 бас болған. Осы жылдары лейкоз ауруын жұқтырған мал басы Ақмола облысында орташа 4,35% -ға, Ақтөбе облысында 0,05, Атырау облысында 0,006, Алматы облысында 0,8, Шығыс Қазақстанда 0,02, Жамбыл облысында 2.6, Батыс Қазақстанда 5,4, Қарағандыда 0,33, Қостанайда 3,5, Павлодарда 2,4, Солтүстік Қазақстанда 7.1, Оңтүстік Қазақстанда 2,1 болды. Ең кеңінен таралған аймақтар Ақмола, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары болды. Серологиялық зерттеуге толық мал басы қамтылмаса да, лейкоз ауруының таралуы өте кең екендігін көрсетеді және республикада жыл сайын осы ауруды жұқтыратын мал басы көп екендігін дәлелдейді, бірақ бұл ауру үшін шынайы эпизоотиялық жағдайды көрсетпейді. Дегенмен осы ауруға қарсы күрес, ауру малды патогенді және оқшаулау, оларды союға тапсырғанша сау малдың қасына жақындатпау және кешенді ветеринариялық-санитариялық шаралар жүргізіле беруі тиіс. Бұл әрекетті орындау үшін, ірі қара малдың 100% басын (6 айдан асқан) қамти отырып, әрбір аймақтарда малшаруашылығында серологиялық және гематологиялық зерттеулер жүргізіп, лейкоз бойынша аурудың нақты дәрежесін білуге тиіс. Барлық малды тек қана ІҚМЛВ жоқ малдардан бөлектеу осы ауруды бақылаудың қазіргі жүйесінің негізі болып табылады.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша лейкоз ауруына байланысты эпизоотиялық жағдайды бақылау үшін кешенді шаралар қолданылды және эпизоотологиялық жағдайға қарсы бағдарлама жасау үшін Халықаралық эпизоотологиялық бюроның талаптарына сай нәтижелерді пайдалану залалданудан қорғайтындығы айтылды.

Жұмыстың жаңашылдығы лейкозға қарсы эпизоотиялық іс-шараларды жүргізуде ғылыми-негізделген жүйесін биотикалық патогендер арасындағы қатынастарды анықтауға қолданып, эпизоотиялық процесінің модельдеуін жүзеге асыруға, ірі қара малдағы аурудың пайда болуын анықтап, талдау жүргізуге болады. Ғылыми тұрғысынан жобадағы шешімдер эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыруды мониторингтеу және эпизоотияға байланысты ұсыныстар әзірленетін болады. Шығыс Қазақстан облысында лейкоз ауруының таралуын қандай деңгейде екендігін анықтау және ірі қара малға жұғылу жолын зерттеу.

Лейкоз ауруын мониторингтау үшін серологиялық қорытындысы, гематология зерттеулері мен ИФА нәтижелерін біріктіріп, эпизоотиялық ауру бойынша статистика пайдаланылды.

Қабылданған серологиялық және гематологиялық зерттеулер бойынша ірі қара мал қан сарысуында және қан үлгілері нәтижесінде Шығыс Қазақстан облысының аумағында лейкозге көбірек ұшырайды. Шығыс Қазақстан облысының 18 ауданы мен қалаларынан 1800 сынама алынды олардың 90 ауылдық округтер мен шаруа қожалықтары болды.

Эпизоотологиялық мониторинг, эпизоотологиялық зерттеулер (салыстырмалы географиялық сипаттамасы, салыстырмалы-тарихи сипаттамасы, эпизоотиялық зерттеу) әдістеріне сәйкес жүзеге асырылды. Қосалқы топқа облыстарды аудандастыру географиялық

орналасуына байланысты, шаруашылық - экономикалық және әлеуметтік қарым-қатынастардың субъектілеріне, сондай-ақ ағымдағы лейкоз ауруының эпизоотиялық жағдайы негізінде жүргізілетін болады. ҚР Шығыс Қазақстан облысының аумағында эпизоотияға қарсы іс-шаралар тиімділігін анықтау лейкоз ауруына шалдыққан малдардың қандай деңгейде екендігін анықтау динамикасы бойынша бағаланды.

Шығыс Қазақстан облысы аумағында ірі қара мал лейкозы материалдарын зерттеу барысында бірқатар жаңа фактілер табылды, соны пайдалана отырып лейкозға қарсы іс-шараларды тиімді жүргізуге болады. Көрсеткіштік нәтижелер ретінде ірі қара малының лейкоз ауруының вирусын тасымалдаушылардың пайыздық шығымы алынды. Алғашқы материалдарды өңдеу барысында, ірі қара мал арасында лейкоздың алты таралу қарқындылығын бөлу керек екендігін көрсетті.

Лейкоздың таралуының бірінші дәрежесі, егер зерттеліп отырған территорияда 0,1 – 1,99% лейкозбен зақымдалған жануарлар болса, 2,0 – 3,99% болса екінші дәрежесі; 4,0-5,99% үшінші дәрежесі; 6,0 – 7,99% төртінші дәрежесі; 8,0 – 11,9% - бесінші ; 12,0% және одан жоғары болса тиісінше алтыншы дәреже.

Зайсан ауданында 31,7 мың ірі қара мал зерттелді, 22 инфекция жұқтырған жануарларды оқшауланды, немесе орта есеппен 0,06%. Зырян ауданында - 29581-759-2.56. Катон-Қарағай ауданында - 35871-19-0.05%. Көкпекті ауданында -50994-305-0.59%. Күршім ауданында -53000-64-0.12%. Ұлан ауданында -59378-4451-7.49%. Шемонаиха ауданында - 69238-1042-1,5%. Өскемен қаласында - 4209-330-7,8%, Риддер қаласында -3000-855-28.5%, Абай ауданында -18000-0- 0%, Аягөз ауданында -30554-29-0.09%, Глубокое ауданында 29875-6314-21.1%, Тарбағатай ауданында 85657-34-0.03%.

Шығыс Қазақстан облысындағы лейкоздардағы эпизоотикалық жағдайы жүргізілген диагностикалық зерттеулерге сәйкес, аймақтағы лейкозбен ауыратын жануарлардың пайызы анықталды. Деректер бес жылдық кезеңде қамтылады. Ауылдық округтер мен ауылдық округтердің ірі қара малының инфекциясының төмендегідей түрі бар. Облыстың барлық аудандары 6 дәрежеге бөлінді. Бірінші дәрежелі 6 аудан, екіншісіне – 1 аудан, үшінші дәрежелі – 1 аудан, төртінші дәрежелі – 1 аудан, бесінші дәрежелі – 2 аудан, алтыншы дәреже – облыстың 1 ауданы тағайындалды.

Өлкелік эпизоотологияны зерттеуде лейкоздың иммунологиялық және патологиялық аспектілері қарқынды жүргізілген. Бірақ лейкозға шалдыққан аналықтардан алынған төлдердің эпизоотологиясы толық зерттелмеген. Диагностикалық зерттеулерді жүргізу барысында әсер ететін кейбір факторлардың да әрекеті толық емес. Басқа вирустық инфекциялардың ағымдары мен қосылуы. Иммунологиялық түзетулерде құралдарды қолдану мен іздеу лейкозға шалдыққан малдарда тиісінше зерттелмеді.

Осы жағдайларға байланысты ірі қара лейкозының диагностикасы, профилактикасы, алдын алу шаралары, таралу ерекшеліктері мен олардың берілуі ветеринариялық практикада жаңа ғылыми ұсыныстарды қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Шишков В.П., Бурба Л.Г. Лейкозы и злокачественные опухоли животных. М.:Агропромиздат. 1988
2. Ахметсадыков Н.Н. Лейкоз крупного рогатого скота. Ветеринария. 2009; 6 – С. 63
3. Донник И.М., Шкуратова И.А., Татарчук А.Т. и др. Эффективная система мер борьбы с лейкозом крупного рогатого скота на Среднем Урале. Ветеринария. 2014; 10 – С. 8
4. Johnson E.S., Nicholson L.G., Durack D.T. Detection of antibodies to avian leucosis/sarcoma viruses (ALSV) and reticuloendotheliosis viruses (REV) in humans by ELISA // Cancer Det. Prev. – 1995. – 19. – P. 394-404
5. Johnson E.S., Dalmas D., Noss J. et al. Cancer mortality among workers in abattoirs and meatpacking plants: an update // Am. J. Indust. Med. – 1995. – 27. – P. 3 89-403
6. Lee J., Kim Y., Kang Ch. Suk et al. Investigation of the Bovine Leukemia Virus Proviral DNA in Human Leukemias and Lung cancers in Korea // J.Korean Med. Sci. – 2005. – 20. – P. 603-606
7. Боровиков С.Н., Шрамко А.Ю. Получение стандартных антигенов для диагностики лейкоза крупного рогатого скота. Материалы Республиканской научно- теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 9: новый вектор развития высшего образования и науки» посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – С. 216-217

8. Ветеринарные правила о мероприятиях по профилактике и ликвидации лейкоза крупного рогатого скота, утверждены приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 22 декабря 2004 года N 747

9. Ковальчук Н.В., Сацук В.Ф., Пархомович Д.Н. Применение полимеразной цепной реакции при диагностике лейкоза крупного рогатого скота. Ветеринария. 2014; 11 – С.24

МРНТИ:68.41.53

Т.Н.Блейм, А.Н.Байгазанов, А.В.Тлеубаева, М.К.Нуркенова

Государственный университет имени Шакарима города Семей, tatbl2012@mail.ru

ВЕТЕРИНАРНО-САНИТАРНОЕ СОСТОЯНИЕ СИБИРЕЯЗВЕННЫХ ЗАХОРОНЕНИЙ И РИСКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАСПРОСТРАНЕНИЯ СИБИРСКОЙ ЯЗВЫ

VETERINARY-SANITARY CONDITION OF ANTHRAX BURIAL SITES AND RISKS OF OCCURRENCE AND SPREAD OF ANTHRAX

По последней информации ВОЗ заболевание сибирской язвой людей и животных зарегистрировано в 158 странах. На территории Казахстана в период с 1933 по 2008 годы от сибирской язвы погибло более 25000 голов сельскохозяйственных животных, болели 1852 человека. По данным современных источников в Казахстане насчитывается около 1787 стационарно неблагополучных по сибирской язве населенных пунктов.

С 1949 года по 2016 год в Семейском регионе заболели сибирской язвой 1835 голов животных. Из числа заболевших, в основном, были сельскохозяйственные животные – 1834 головы и одно домашнее животное – собака: из них крупного рогатого скота – 152 головы, мелкого рогатого скота – 1588 голов, лошадей – 63 головы.

С 2003 года в Казахстане проводится ежегодный мониторинг стационарных скотомогильников неблагополучных районов по сибирской язве.[1]

Цель исследования – изучить ветеринарно-санитарное состояние сибиреязвенных захоронений расположенных на территории города Семей и сельских округов (с/о). Определить степень опасности сибиреязвенных захоронений и тип неблагополучных пунктов.[2]

Материал и методы исследования. Материалом для исследования послужили документы ветеринарной отчетности и учета, ветеринарно-санитарные карточки почвенных очагов сибирской язвы; фотографии сибиреязвенных очагов от 2016-2018гг; сибиреязвенные захоронения разных лет.

Изучение ситуации осуществляли методом эпизоотологического исследования. Степень опасности сибиреязвенных захоронений определяли согласно оценочной шкале для определения риска заражения сельскохозяйственных животных и людей возбудителем сибирской язвы в стационарно неблагополучных пунктах (СНП) и прилегающей территории, где расположен почвенный очаг сибирской язвы.[3] СНП с прилегающей территорией, где расположен почвенный очаг сибирской язвы, может быть: малоопасным (от 1 до 28 баллов), опасным (от 29 до 56 баллов), очень опасным (от 57 до 84 баллов).

В городе Семей и сельских округах с 1956г. по 2018г. установлено 34 вспышки сибирской язвы. При этом на территории г.Семей и сельских округов расположены 24 сибиреязвенных захоронения. В силу ряда причин некоторые сибиреязвенные захоронения были объединены (например, при строительстве Шульбинской ГЭС шесть сибиреязвенных захоронений были перенесены).




Рисунок 1. – Вспышки сибирской язвы по городу Семей и сельским округам




Рисунок 2. – Динамика вспышек сибирской язвы в городе Семей и сельских округах в период с 1956 года по 2006 год

Наибольшее количество сибиреязвенных захоронений и вспышек сибирской язвы (свыше трех) с 1956г. по 2018г. установлено в Знаменском с/о (9) с 1957 по 2005 гг., Новобаженовском с/о (6) с 1959 по 1980гг., Жиеналинском с/о (5) с 1964 по 1979 гг., Жазыкском с/о (4) с 1956 по 1965гг. В других сельских округах количество вспышек не превышало 1-2 (Рисунок 1).

С 1955 по 1980 годы, в г. Семей и сельских округах вспышки сибирской язвы были регулярными и регистрировались с периодичностью в 1-3 года. С 1981 года до 2003 года отмечалось благополучие по сибирской язве. Последние вспышки регистрировались в 2004 и 2005 годах среди лошадей и в 2006 году в городе Семей (участок Городская свалка) было уничтожено 93,8 тонн мяса свинины, зараженной сибирской язвой (Таблица 2). С 2007 года и по настоящее время, т.е. более 10 лет сибирская язва не регистрировалась.




Рисунок 3. – Динамика индекса эпизоотичности по 10-летним периодам с 1956 по 2018 год в г. Семей и сельских округах

Индекс эпизоотичности с 1956 по 1965 годы составил 0,6; с 1966 по 1975 годы – 0,6; с 1976 по 1985 годы – 0,3; с 1986 по 1995 годы – ноль; с 1996 по 2005 годы – 0,2; с 2006 по 2015 годы – 0,1. Из 60 анализируемых лет в течение 18 лет среди животных проявлялась сибирская язва. В среднем индекс эпизоотичности за анализируемые годы составил 0,3 (таблица 3).

В течение исследуемого периода заболело 323 животных: мелкий рогатый скот – 301(93%) голова, крупный рогатый скот – 12(4%) голов, лошади – 9(3%) голов, свиньи – 1(меньше 1%) голова.

Согласно классификации Черкасского Б.Л. (1999г.) стационарно неблагополучные пункты являются старыми неманифестными (неактивными), так как не возникали на данной территории более одного десятилетия.

Населенные пункты в сельских округах и г. Семей по степени опасности возникновения и распространения сибирской язвы набирают баллы в диапазоне от 1 до 28, поэтому являются малоопасными.

Сибиреязвенные захоронения на территории г. Семей и сельских округов обустроены согласно правилам. Имеют ограждение в виде металлической конструкции. Вместе с тем, не обозначена санитарно-защитная зона, отсутствует ров вокруг захоронения, опознавательные знаки на некоторых захоронениях утратили свою информативность. Некоторые захоронения находятся на территории населенных пунктов.

Таким образом, на территории города Семей и сельских округов можно выделить следующие риски возникновения и распространения сибирской язвы:

1. На территории г. Семей и сельских округов обитают восприимчивые к сибирской язве животные: мелкий и крупный рогатый скот, лошади.
2. Выпас животных и заготовка растительных кормов на территориях скотомогильников и в зоне, где ранее отмечался падеж животных от сибирской язвы [4].
3. Несоблюдение границ санитарно-защитной зоны вокруг сибиреязвенных захоронений и правил эксплуатации сибиреязвенного захоронения.
4. Активизация насекомых в весенне-летний период.

Литература

1. Джанабаев Р.Т., Алиев Д.С., Алимжанова Г.Т. Клинико-эпидемиологический анализ противозидемических мероприятий по сибирской язве в Южно-Казахстанской области на современном этапе// Ж.Инфектология, 2015. – Т.7. – № 2. – С.36-37

2. Куличенко А.Н., Буравцева Н.П., Рязанова А.Г., Еременко Е.И. Сибирская язва на северном Кавказе. – Майкоп: Качество, 2016. – 198 с.
3. Султанов А.А., Горелов Ю.М., Атшабар Б.Б., Лухнова Л.Ю. и др. Почвенные очаги Сибирской язвы в Республике Казахстан. Порядок организации и проведения мероприятий по подготовке проб к исследованию. – Алматы, 2015. – 41 с.
4. Шестакова И.В. Сибирская язва ошибок не прощает: Оценка информации после вспышки на Ямале летом 2016 года. // Ж. инфектология, 2016. – Том 8. – № 3. – С. 8

FTAMP 68.41.55

Л.О. Жантелиева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., laura_18_87@mail.ru

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ЗООНОЗДЫ ГЕЛЬМИНТОЗДАР МОНИТОРИНГІН ЖҮРГІЗУ

TO CONDUCT THE MONITORING OF ZONOTIC HELMINTH IN ALMATY

Кіріспе.

Гельминтоздар адамда және малда сорғыш, таспа, жұмыр, т.б. құрттардың тоғышарлық тіршілігі салдарынан пайда болады. Гельминтоздардың аталуы ауру туғызатын құрттардың түріне қарай бөлінеді. Олардың тек адамда (аскаридоз, энтеробиоз, т.б.) немесе адам мен малда қатар кездесетін гельминтозооздар (фасциолез, описторхоз, дифиллоботриоз, эхинококкоз, альвеококкоз, трихинеллез,) түрлері белгілі. Гельминтоздар адам ағзасының әртүрлі мүшелері мен терісінде тіршілік етіп, симптомсыз өтіп, ағзаның жұмысын қалыптан шығарады. Содан әртүрлі клиникалық белгілер пайда болады: ішек жұмысының бұзылуы, жүйке жүйесінің қызметінің нашарлауы, адам ағзасының ауруға қарсы тұру қабілетінің және де жұқпалы соматикалық ауруларға шалдығуы жоғарылайды [1, 2, 3]. Қазақстандағы және көрші елдердегі гельминтоздардың эпизоотологиялық-эпидемиологиялық жағдайы күрделі. ТМД елдерінде және Қазақстанда адамдар арасындағы ауру көрсеткіші – токсакарозбен 9 есе, трихинеллезбен 6,1 есе, дипиллоботриозбен 9,3 есе, описторхозбен 11,3 есе жоғары болған. Қазақстанда 15 жыл ішінде адам эхинококкозының 3794 оқиғасы тіркелді, оның ішінде 78,8% оңтүстікте, 11,3% адам миының эхинококкозы анықталған.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зоонозды гельминтоздар мониторингі әртүрлі аймақ шаруашылықтарында, Алматы қаласындағы ҚР БҒМ ҒК «Зоология институты» РМК, ЖШС «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институтында» (ҚазҒВЗИ), оның облыстық филиалдары «Ғылыми зерттеу ветеринария станциялары» ҒЗВС, сонымен қатар, Астана қаласындағы Республикалық ветеринариялық зертхананың паразитология бөлімінің статистикалық деректері негізінде жүргізілді.

Жануарларды гельминттермен зақымдау классикалық копрологиялық әдістермен (Вибе, Горячев, Като, Дарлинг, Вишняуска, Щербович, Вайда, Бермана-Орлова, гельминт дернәсілдерін өсіру) зерттелінді; бұлшықеттерді биопсиялау, органдардан пунктаттарды зерттеумен; лимон қышқылды натриймен және дистилденген сумен қанды зерттеу жүргізілді [4, 5].

Сондай-ақ, зертханалық зерттеу жүргізуде қи сынамасындағы «Parasys» паразиттерді өңдеу және жинау, «Paraser SF» қиды сүзу және жинауға арналған конденсатор қолданылды [9].

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Алматы қаласы мен Қазақстанның басқада аймақтарында зоонозды гельминтоздарға індеттік-эпидемиологиялық мониторинг жүргізілді. Қазақстан территориясының аймақтарындағы зоонозды гельминтоздар туралы соңғы 2 жылдағы мәліметтер (2015 ж. -2017 ж.) берілген [6, 7, 8]. Бірақ осы алынған әдебиет көздерін сараптай келе, Алматы қаласы бойынша, гельминттер және олар тудыратын аурулар толықтай зерттелмегені анықталды. Авторлардың мәліметтері бойынша, ірі қалаларда мынадай гельминттер жиі анықталады екен: токсокароз, дипилидиоз, токсокаридоз және унцинариоз. Жоғарыда келтірген гельминттің үш түрі жануарға ғана емес, адамға да қауіпті екен. Сол себепті гельминтті аурулардың санитарлық-

эпидемиологиялық және індеттік жағдайын анықтау, өзекті мәселе ғана емес, сонымен қатар тәжірибе барысында да қажет және де гельминтоздың қоздырғышының түрін білу маңызды, себебі соған қарап аурудың алдын алу және күресу шаралары дұрыс ұйымдастыруға болады. Алматы қаласында зерттеу жұмыстары екі жылдай уақыт (2017 ж. және 2018 ж. 1 тоқсаны) «У Лукоморья» ветеринариялық клиникасының 5 филиалында жүргізілді. Алматы қаласы бойынша 2017 жылы 5 клиникадан гельминтоздар туралы мәліметтер жиналды (Кесте 1).

Кесте 1 – 2017 жылғы Алматы қаласының клиникалары бойынша жүргізілген зоонозды гельминтоздар туралы ақпарат

№	Гельминтоздардың атауы	2017 жылы тіркелген гельминтоздар	
		Саны	%
1	Аскаридоз	66	70,20
2	Дирофиляриоз	2	2,13
3	Дипилидиоз	4	4,26
4	Тениариноз	2	2,13
5	Токсокароз	12	12,76
6	Нематодоз	4	4,26
7	Анкилостомоз	4	4,26
	Барлығы	94	100,0

Өртүрлі гельминтоздармен ауырған 94 жағдай тіркелген. Өртүрлі жүйелі топқа жататын 7 түрлі гельминттің түрі тіркелген: 2 түрлі цестод класына жататын гельминттер (таспалы құрттар): дипилидиоз және тениаринхоз. Қалған 5 түрлі гельминттер нематод класына жатады (домалақ құрттар). Оның ішінде аскаридоз 70,20%-ды, токсокароз 12,76%-ды, дипилидиоз, нематодоз, анкилостомоз 4,26%-ды құрады. Ал қалған гельминттер 2,13%-ды құрады. Зоонозды гельминтоздардың пайыздық арақатынасы тіркелген гельминтоздарға қарағанда жоғары, яғни 94 тіркелген жағдайдың 93 жағдайы немесе 99,1% құрайды (Кесте 1).

Алматы қаласы бойынша 2018 жылдың 1 тоқсаны бойынша, 5 клиникадан гельминтоздар туралы мәліметтер жиналды. Өртүрлі гельминтоздармен ауырған 109 жағдай тіркелген. Өртүрлі жүйелі топқа жататын 7 түрлі гельминттің түрі тіркелген: 2 түрлі цестод класына жататын гельминттер (таспалы құрттар): дипилидиоз және тениа гидатигенді. Қалған 5 түрлі гельминттер нематод класына жатады (домалақ құрттар). Оның ішінде аскаридоз 86,24%-ды, нематодоз 6,42%-ды, дипилидиозбен анкилостомоз 2,75%-ды, ал қалған гельминтоздар 0,92%-ды құрады. Зоонозды гельминтоздардың пайыздық арақатынасы тіркелген гельминтоздарға қарағанда жоғары, яғни 109 тіркелген жағдайдың 108 жағдайы немесе 99,5% құрайды (Кесте 2).

Кесте 2 – 2018 жылдың 1 – ші тоқсан бойынша, Алматы қаласының клиникалары бойынша жүргізілген зоонозды гельминтоздар туралы ақпарат

№	Гельминтоздардың атауы	2018 жылы тіркелген гельминтоздар	
		Саны	%
1	Аскаридоз	94	86,24
2	Дирофиляриоз	0	0,0
3	Дипилидиоз	3	2,75
4	Тениариноз	1	0,92
5	Токсокароз	1	0,92
6	Нематодоз	7	6,42
7	Анкилостомоз	3	2,75
	Барлығы	109	100,0

Барбагалло сұйықтығында жинаған және тіркелген сынамаларға копрологиялық зерттеу жүргізілді және талдау жасалды. Алматы клиникаларында 2017 ж – 2018 жылдың 1 – ші тоқсаны бойынша, тіркелген ит пен мысықтарды гельминтоздарға тексеру үшін, клиникалық және копрологиялық әдіспен зерттеулер жүргізілді. Копрологиялық әдіспен

барлығы 135 қидан сынама алынды. Гельминтоздардың таралуына байланысты, статистикалық мәліметтерді негізге ала отырып, копрологиялық, овоскопиялық зерттеулер жүргіздік. Зерттеуді екі әдіс арқылы жасадық: Дарлинг және Вишняускас ұсынған, сонымен қатар «Parasys» нәжістің үлгілерін жинау мен паразиттерді өңдеу әдісін және «Paraser SF» концентраттарды пайдалана отырып, нәжісті жинау және сүзу, яғни бұл әдістің мақсаты зерттеуші инвазиялық материалды мүлдем ұстамайды. Гельминттердің туыстығын және түрін ажырату үшін жұмыртқаларының морфологиясын анықтадық (Г.А.Котельников, 1984). Инвазияның қарқындылығын, таралуын анықтадық.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында 2017 ж - 2018 жылдың 1 – ші тоқсаны бойынша, 5 түрлі гельминтоздар тіркелді: аскаридоз, токсокароз, нематодоз, анкилостомоз, дипилидиоз. Ең көбі аскаридоз – 77,04%, одан кейін дипилидиоз – 19,26%, токсокароз бен анкилостомоз -1,48%, нематодоз -0,74% құрды (Кесте – 3).

Кесте 3 – Алматы қаласының клиникасында 2017 ж – 2018 жылдың 1 –ші тоқсаны бойынша жүргізілген копрологиялық зерттеудің нәтижесі

№	Гельминтоздардың атауы	Тіркелген гельминтоздар	
		Саны	%
1	Аскаридоз	104	77,04
2	Дипилидиоз	26	19,26
3	Токсокароз	2	1,48
4	Нематодоз	1	0,74
5	Анкилостомоз	2	1,48
	Барлығы	135	100,0

Алматы қаласында орналасқан «У Лукоморья» Қазақ кинолог-фелинологиялық орталығының 5 филиалында 2017 жылмен 2018 жылдың 1 тоқсанында зоонозды гельминтоздарға мониторинг жасалды. Нәтижесі 4 кестеде келтірілген. 4 кестеде келтірілген мәліметтер бойынша, 135 нәжіс сынамасы зерттелді. Өртүрлі жүйелі топтағы гельминттердің 7 түрі тіркелген. Нематод класына 5 түр жатады. Олар: *Ascaris suis*, *Toxocara canis*, *Toxascaris leonina*, *Ancylostoma caninum*, *Dirofilaria immitis*. Цестод класына 2 түр: *Taenia saginata*, *Dipylidium caninum* жатады. Ауруды ең көп таратқан инвазия нематодтар болып табылды, соның ішінде *Ascaris suis* жалпы жұғымталдық көрсеткіші 78,81% құрады. Аскаридоздан кейін токсокароз 6,40% бен нематодоз 5,42% құрады. Жоғарыда келтірілген гельминт түрлері адамның ағзасына еніп, денсаулығына, өміріне көп зиян келтіреді. Дипилидиоз, анкилостомоз 3,45%, тениа 1,48% құрады, бұл гельминтоздар бірен-саран ғана анықталды (Кесте 4).

Кесте 4 – 2017 ж – 2018 ж. 1 тоқсаны ККФЦ «У Лукоморья» филиалдарының гельминтоздарының қорытынды ақпараттары

Гельминтоздардың атауы	2017 жылғы гельминттер саны	2018 жылғы гельминттер саны	Жалпы саны %
Аскаридоз	66	94	160/78,81
Дирофиляриоз	2	0	2/0,99
Дипилидиоз	4	3	7/3,45
Тениариноз	2	1	3/1,48
Токсокароз	12	1	13/6,40
Нематодоз	4	7	11/5,42
Анкилостомоз	4	3	7/3,45
Барлығы	94	109	203/100,0

Қорытынды

Алматы қаласында зоонозды гельминтоздардың індеттік ахуалы анықталды. Зерттелінген иттердің жалпы жас саны қарай 22,85%-ы 1 жаста, 8,57%-ы 1-2 ге дейінгі жастағы иттер, 7,14%-ы 2 мен 3 жастағы, ал 1,43%-ы 3 пен 5 аралығында болды. Иттердің гельминтті жұқтыру қаупі 1,43 тен 22,85% ауытқиды, 1,42% жасына қарай ауытқып өзгереді.

Жасалынған зерттеулердің нәтижесін қорытындылай келе, ең ірі Алматы қаласында, жануарларды үнемі бақылап ұстап отырғанның өзінде, жануарлардың гельминтоздарды жұқтыру қаупі жоғары болып тұр.

Әдебиеттер

1. Международные руководящие принципы техники безопасности ЮНЕП в области биотехнологии // ЮНЕП. 1995. 39 с.
2. Информационный бюллетень № 99 Всемирной организации здравоохранения. Июль 2013 г. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http:// www. who. int/ mediacentre/ factsheets/fs099/ru/](http://www.who.int/mediacentre/factsheets/fs099/ru/)
3. Кереев Я.М. Эхинококкоз животных. Монография. Уральск, 2010. – 197 с.
4. Котельников Г.С. – Диагностика гельминтозов. М., «Колос», 1974.
5. Котельников Г.А. – Справочник «Гельминтологические исследования животных и окружающей среды». – М., 1984. – С.61-62
6. Шабдарбаева Г.С., Абдыбекова А.М., Шалменов М.Ш., Шапиева Ж.Ж. – Эпизоотолого-эпидемиологический анализ зоонозных гельминтозов в западных регионах Казахстана // Материалы Международной научно-практической конференции «Ветеринария в XXI веке: проблемы, методы, решения», КазАТУ, г.Астана. 2016. С. 216-220
7. Шабдарбаева Г.С., Жантелиева Л.О. – Эпизоотолого-эпидемиологический мониторинг зоонозных гельминтозов на юге Казахстана //ж. «Eurasian Union of Scientists» – «Евразийский союз ученых». ISSN 2411-6467. № 1(34) часть 1. Материалы XXXIV международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы в современной науке и пути их решения». Москва. 30.01.2017. С. 5-10
8. Шабдарбаева Г.С., Ибажанова А.С., Амиргалиева С.С., Хусаинов Д.М., Турганбаева Г.С., Кенжебекова Ж.Ж., Балгимбаева А.И., Жантелиева Л.О. – ГИС-технологии в мониторинге гельминтозов и регионализации территорий южного региона Казахстана//Материалы первого Национального Симпозиума «Единое здоровье», 30-31 марта 2017 года, г. Ростов-на-Дону, 2017. С. 89-99
9. Шабдарбаева Г.С., Ибажанова А.С., Амиргалиева С.С., Хусаинов Д.М., Турганбаева Г.С., Балгимбаева А.И., Жантелиева Л.О. – Эпизоотолого-эпидемиологический мониторинг зоонозных гельминтозов в Казахстане // Материалы первого Национального Симпозиума «Единое здоровье», 30-31 марта 2017 года, г. Ростов-на-Дону, 2017. С. 99-109

МРНТИ: 68.41.49

Д.Б. Зайнеттинова¹, М.Н. Джуланов², Н.Н. Мухамадиева¹

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті,
tnt_rani@mail.ru, nur71157@mail.ru

²Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., mardan_58@mail.ru

ЖЕЛІНСАУДЫҢ ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

DETERMINATION OF THE SPECIES OF MASTIT AND RESEARCH

Желінсау – сүт бездерінің зақымдануының әсерінен болады. Аурудың белгілері сипатына қарай білінбей (субклиникалық) немесе ұйыма түрде (серозды), катаральды, фибринозды, іріңді, геморралогиялық қабыну түрінде өтіп, малды өлім-жітімге ұшыратуы да мүмкін. Өсіресе, клиникалық белгісінің байқалмауынан және оны ажыратудың қиынға соғуына байланысты субклиникалық желінсау өте қатерлі болып табылады. Өйткені, субклиникалық желінсаумен ауырған сиырдың сүтін пайдалану адамның немесе жас бұзаулардың денсаулығына да зиянды болады. Мұндай жағдайда, желінсаудың бұл түрінде сүттің түсі әдеттегі сүттен айырмасы болмайды, бірақ оның құрамында патогенді немесе токсигенді микрофлора болады [1,2].

Көптеген отандық және шет елдік әдебиеттердегі мәліметтер – сүт безі қабынуының этиологиясын – жоғарғы мөлшердегі түрлі бактериялар атқаруы мүмкін екендігін айтады.

Басты этиологиялық маңызға ие стафилакокк, стрептококк, ішек таяқшасы, ал қалған микроорганизмдер түрлері екінші сатылы орында [3, 4, 5, 6, 7].

Тәжірибе жұмыстары ШҚО, Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылдық округі, «Балке» шаруашылығында жүргізілді. Зерттеуге қара-ала тұқымдас сиырлар алынып, екі топқа бөлінді. Әр бір топта 25 сиырдан, барлығы 50 сиыр болды. Сиырлардың желінін клиникалық тәсілдермен зерттегеннен бұрын малдың түр тұлғасын жазып, малдар туралы анамнез алынды. Клиникалық зерттеу кезінде желіннің жүйке жүйесіне көңіл аудардық. Олар мықын, құрсақ асты, мықын шап, сыртқы жыныстық және аралық нервтер. Сонымен қатар желін тамырларына көңіл аудардық, олар сыртқы жыныстық артерия, алдыңғы және артқы желін негізінің артериялары сонымен қатар тері асты құрсақ артериясы мен венасы. Сондай-ақ желіннің желін үсті лимфа түйіні мен желін цистернасының лимфа түйіндеріне көңіл бөлдіді. Клиникалық зерттеу жүргізілгеннен кейін, сүт бездері және әр желін бөлігінен алынған сүттегі өзгерістерге назар аударып, зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Шаруашылық жағдайында жасырын желінсауды зертханалық тәсілдермен анықтаудың ең тиімді тәсілдерінің бірі ол: ПЭДМ және 5% - димастинмен (В.И. Мutowин бойынша) анықтау тәсілі.

Зерттеулердің нәтижесінде барлық тексерілген 50 бас ірі қараның 28 (34%) басында желін аурулары кездесті, оның ішінде 17 (34 %) мал басынан ауырған сиырлардың 9 басы (18%) жасырын желінсаудымен ауырғаны анықталды. Ал 2 (4%) мал басынан желінсаудың клиникалық түрінен: катаралды және іріңді-катаралды желінсауды түрлері кездесті. Ал үрпі каналының тарылуына 2 (4%) сиыр, желін терісінің жарылуына 3 (6%) және желіннің атрофиясына 1 (2%) сиыр шалдыққан.

Желінсаудың жасырын түрі клиникалық түріне қарағанда көп кездесетіндігін көрсетті.

Катаралды желінсаудымен ауырған сиырдың клиникалық белгілері: сиырдың жалпы күйі қалыпты. Қолмен сипап көргенде артқы оң желін бөліктері сәл үлкейгендігі және ісінгені байқалады, ауырсынуы аздаған, гиперемияға шалдыққан, үрпі өзегі тарылған, желін негізінде аздаған тығыздалған қамырға ұқсас кішкене түйіндер сезілді. Ауырған желін бөлігінің алғашқы сүті су тәріздес сұйық және казейін түйіндері араласқан. Сауыла келе қалыпты сүт шықты (сүт жолдарының және цистернаның катаралды желінсауды).

Іріңді – катаралды желінсаудымен ауырған сиырдың клиникалық белгісі: малдың сүт беруі төмендеген, тәбеті төмендеген, дене ыстығы 40°C, жүрек соғысы-79, тыныс алуы- 25, руминациясы -3 рет. Желіннің артқы сол бөлігін қарағанда едәуір үлкейген, қызарған, ісінген. Желінді қолмен ұстап көргенде ауырсынуы байқалды, жергілікті температурасы көтерілген, желіннің артқы сол жақ лимфа бездері үлкейген. Зақымдалған артқы сол жақ желін бөлігінен сүт өте аз мөлшерде шығады. Сүт су тәріздес және жабысқақ, сарғылт түсті, казейін түйіндері араласқан. Іріңді-катаралды желінсауда сауу кезінде аз мөлшерде сары түсті ірің жалқаяқтары көрінді, пальпация кезінде бөліктің сәл қатайғаны білінді.

Шаруашылықтағы сиырлардың желін ауруларының негізгі пайда болу себептері: механикалық әсерлер, желін жарақаты арқылы микроорганизмдердің сүт жолдарына енуінен, сауу технологиясының бұзылуы, желінсауды уақытында және жоспарлы түрде анықтамаудан болып табылды.

Әдебиеттер

1. Ж.Г. Жұмағалиева «Сүт және сүт өнімдерінің сапасын жақсарту мәселелері».-«Жаршы»; №5, 2003. – Б.61
2. Белкин Б., Черепихина Л., Попкова Т., Скребнева Е. Диагностика и нетрадиционные методы лечения субклинического мастита коров / Б. Белкин // Главный зоотехник. – 2010-№5 – С. 47-56
3. Брылин, А.П. Противомаститные препараты / А.П. Брылин // Ветеринария. – 2001. – № 4. – С. 16-17
4. Карташова В.М. Маститы коров / В.М.Карташова, А.И. Ивашура. – М.: Агропромиздат, 1988. – 182
5. Brade W. Eutergesunde it somatisher Zellehalt und Milchqualität // Tie rarztl. Umsch. – 2001. – Jq.56. – № 9. – S.470-476
6. Butler J.A., Sickles S.A. Pasteurization of discard mycoplasma mastitic milk used to feed calves: thermal effect on various mycoplasma // J. Dairy Sei. – 2000. – № 83(10). – P. 2285-2288

МРНТИ 68.41.55

Н.А. Икимбаева¹, С.Т. Дүйсенбаев¹, Г.С. Шабдарбаева²

¹Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, nur.ikimbaeva_84@mail.ru

²Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ.

МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА ГИПОДЕРМАТОЗЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ

DEFINITION AND RESEARCH OF BOVINE HYPODERMATOSIS

Қазақ халқының тұрмыс - тіршілігінде малдың етін, сүтін азық етсе, терісі мен жүнін киім – кешек тігуге, тұяғы мен мүйізінен, сүйегінен әртүрлі қолөнер бұйымдарын әзірлеген. Төрт түлік малдың терісі өте қымбат шикізат. Тері – мал денесінің сыртқы жабыны. Тері ағзада әр түрлі қызмет атқарады. Ішкі мүшелерді сыртқы ортаның механикалық әсерінен (соғылудан, жарақаттанудан) қорғайды. Тері микробтарды, еріген улы және зиянды заттарды өткізбей қорғаныштық қызмет атқарады .

Алайда, қазіргі таңда сапасы жоғары тері алу, халқымыздың өскелең талабын қанағаттандыра алмай келеді. Оған себеп, малдар арасындағы аурулардың толастамауы. Осындай аурулардың бірі – мүйізді ірі қараның гиподерматозы.

Гиподерматоз – қос қанатты бөгелектің балаңқұрттарының зиянды әрекеттерінен туатын ірі қараның созылмалы тері ауруы. Ол балаңқұрттардың орналасқан жерінің қабынуы мен организмнің жалпы уланып, мал өнімділігінің төмендеуімен сипатталады [1,2,3,4].

Ұшып жүрген бөгелектің ызыңынан қорыққан мал тынышсызданып, жөнді жайылмай мазасызданады, қораға көлеңкелі жерге, орман-су жағалап қашады немесе суға түсіп тұрады. Осының әсерінен мал арықтайды, сауын сиырларының сүті кемиді. Бірақ бөгелектің ұрғашылары малды қуып жүріп немесе олардың жайылымда жатқан жерінде терінің түгіне жұмыртқаларын жапсырып кетеді. 3-7 тәуліктен кейін жұмыртқалардан шыққан балаңқұрттар теріге ену кезеңінде малды қатты ауырсынады [5].

Тәжірибе жұмыстары ШҚО, Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылдық округі, «Балке» шаруашылығында және Семей қаласы, «Агрофирма Приречное» шаруа қожалығында жүргізілді. Зерттеуге әрбір шаруашылықтан 50 ірі қара малы алынды.

Мүйізді ірі қараны гиподерматоз ауруына тексеруді, шоқтықтан құйымшаққа дейін теріні сипалау арқылы жүргіздік. Клиникалық зерттеу барысында, тері бетіндегі білінер-білінбес өзгерістерге көңіл аудардық. Сипалағанда ұсақ қабыршақтарды анықтап, тері қылшығын ашып қарағанда, воронка тәрізді саңылау көрдік. Бұл саңылауды бүйірінен қысқан кезде, ақ балаңқұрт шыққанын байқадық.

Зерттеуді жүргізу барысында, жатқан малдардың орнынан әрең тұруы, жүргенде арт жағы шойқалаңдауы байқалды. Ал, кейбір малдардың жотасы мен белдерінде кішірек түйіндер пайда болғанын көрдік.

Зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесі бойынша ШҚО, Бесқарағай ауданы, Бірлік ауылдық округі, «Балке» шаруашылығында зерттелінген 50 ірі қара малының 16 (32%) гиподерматоз ауруы кездесті.

Ал, Семей қаласы, «Агрофирма Приречное» шаруа қожалығында барлық зерттелінген 50 ірі қара малының 8 (16%) гиподерматоз ауруына шалдыққан ірі қара анықталды.

Сонымен, қорытындылай келе, бөгелектің ұшу мерзімінде, мал қатты тынышсызданып, малдың өнімінің төмендеуіне әкеп соқтырады. Сонымен қатар бөгелек балаңқұрттары мал организміне енгенде және барлық даму кезеңдерінен өткеннен кейін, қайтадан сыртқа шығу барысында, теріні зақымдап, терінің сапасын төмендетіп, шаруашылыққа айтарлықтай экономикалық шығын әкеледі.

Әдебиеттер

1. Шабдарбаева Г.С. Ветеринариялық протозология және арахноэнтомология. – Алматы: Оқулық, 2011ж

2. Есімбеков Ж.М., М.М. Ысқақов, С.Т. Дүйсенбаев Жануарлардың инвазиялық ауруларын анықтау практикумы – Алматы, 2000 – 150б.
3. Сабаншиев М.С. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары, -Алматы, 2011ж.
4. Исаков М.М., Дюсембаев С.Т. Профилактика и лечение инвазионных болезней сельскохозяйственных животных.- Алматы, 2006.
5. Қадыров Н.Т., Есімбеков Ж.М., Ысқақов М.М. Паразитология және жануарлардың инвазиялық аурулары. Оқулық «Brand Print» Павлодар, 2010 – 755б.

МРНТИ: 62.09.37

К.К. Кабдулкаримова, А.С. Байжуманова, А.М. Хамитова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, ab04022015@mail.ru

ХЛОРЕЛЛА БАЛДЫРЫН ӨСІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ АКТИВТІ ЗАТ АЛУ ҮШІН ЗЕРТТЕУ

CULTIVATION AND RESEARCH OF CHEMICAL COMPOSITION OF HLORELLA SEAWEED TO RECEIVE DIETARY SUPPLEMENT


Халық шаруашылығының маңызды саласы – мал шаруашылығы. Қоғамның материалдық қажеттілігін қамтамасыз ету мал шаруашылығының даму деңгейіне байланысты. Мал шаруашылығын тиімді жүргізудің басты шарты – мал азығы қорын дұрыс ұйымдастыру және әрбір малдың барынша өнімді болуына, азықты неғұрлым аз жұмсап, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік беретін азықтандыру болып табылады. Соңғы он жылдықта ауыл шаруашылығы малдарының жемшөп рационы премикстар, дәрумендер, биоқоспалармен қатар балдырлармен толықтырылды. Балдырлар үлкен халық шаруашылық және өндірістік мәнге ие [1]. Соның ішінде ақуыздың, көмірсудың, майлардың, дәрумендердің және басқада физиологиялық активті заттар көзі болатын хлорелла қызығушылық тудырады. Оны биологиялық белсенді зат ретінде қолданудың мақсаты, ол жемшөптің ағзаға толық сіңуін қамтамасыз етеді, сәйкесінше қосымша өнім алуға, сүт өнімінің, тауықтардың жұмыртқа салуының көбеюіне, мал құс басының сақталуына әкеледі.

Хлорелла суспензиясын қолдану дәрі-дәрмектерді, сонымен қатар мал-құстарды емдейтін антибиотиктерді қолдануға шектеу қояды. Ол мал-құс өнімдерін жоғары сапада алуға мүмкіндік береді [2].

Хлорелла балдырын өсіру үшін қажет тиімді көрсеткіштерін анықтадық. Микробалдырдың тіршілік етуінің қалыпты жағдайын қамтамасыз ету үшін келесі жағдайларды сақтау керек: микро- және макроэлементтердің тиімді концентрациясы, жарықтандыру деңгейі және рН ортасы мен температура, СО₂ концентрациясы [3].

Эксперименттік жұмыс ШҚО, Бесқарағай ауданы, «Балке» шаруашылығында орналасқан көлемі 250 л арнайы биореакторда жүргізілді.

Эксперименттің бірінші этапында штаммды Тамия [4], А-5П [4], ТАР [5] қоректік орталарында өсіру тиімділігі зерттелді. Өсірудің сегізінші күні биомасса концентрациясы Тамия қоректік ортасында 48,1 млн кл/мл, ТАР қоректік ортасында – 6,1 млн кл/мл және А-5 ортада – 18,5 млн кл/мл болды (Сурет 1).



Сурет 1. Әр түрлі қоректік ортада биомассаның өсу динамикасы

График анализі штамды өсіру үшін Тамия қоректік ортасы тиімді екені анықталды.

Эксперименттің келесі этапында штамм биомассасы максималды өсетін қолайлы температураны анықтадық. Микробалдыр Тамия қоректік ортасында 20-23°C, 28-32°C, 39-40°C температураларында жүргізілді. 2, 5, 7 тәуліктерде суспензия концентрациясын анықтап отырдық, нәтижелер «Кесте 1» көрсетілген:

Кесте 1. – Әр түрлі температуралар аралығында хлорелла суспензиясының концентрациясы

Температура, °C	2 күн. Суспензия концентрациясы, (млн кл/мл)	5 күн. Суспензия концентрациясы, (млн кл/мл)	7 күн. Суспензия концентрациясы, (млн кл/мл)
20-23	3	7	16
28-32	9	30	41
39-40	8	20	28

Штамм биомассасының максималды өсуі 28-32°C температурада (41 млн кл/мл) екені анықталды.

Өсірілген хлорелла суспензиясының химиялық құрамының анализі Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде инженерлік бейіндегі «Радиоэкологиялық зерттеу ғылыми орталығында» индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрия әдісімен жүргізілді. Нәтиженің дұрыстығын дәлелеу үшін «Химия және химиялық технологиялар» кафедрасында параллельді түрде фотометриялық талдау жүргізілді.

Талдау нәтижелері «Кесте 2» көрсетілген. Балдыр құрамында натрий, магний, алюминий, фосфор, калий, кальций, марганец, кобальт элементтері бар екендігі анықталды.

Балдыр натрий, калий, магний, фосфор және кальцийдің қайнар көзі болып табылатының айта кету керек.

Кесте 2 – Микротолқынды ыдыраудан кейінгі хлорелланың масс-спектрлі талдау нәтижелері

Сынама атауы	Химиялық элемент атауы	Химиялық элементтің мөлшері, мг/кг
«Хлорелла»	Натрий, Na	2270,1 ± 0,1
	Магний, Mg	100,0 ± 0,1
	Алюминий, Al	16,0 ± 0,1
	Фосфор, P	17101,0 ± 0,1
	Калий, K	2970,0 ± 0,1
	Кальций, Ca	17900,0 ± 0,1

	Барий, Ba	0,010 ± 0,002
	Марганец, Mn	900,0 ± 0,1
	Кобальт, Co	4,80 ± 0,03
	Никель, Ni	0,060 ± 0,003
	Мыс, Cu	0,100 ± 0,009
	Рубидий, Rb	0,060 ± 0,004
	Селен, Se	0,020 ± 0,003

Талдау нәтижесінде суспензия құрамындағы элементтер шекті рауалды мөлшерден (ШРМ) аспағандығын көре аламыз. ШРМ бойынша мыс – 3мг/кг; никель – 4мг/кг; кобальт – 5мг/кг; марганец – 4500мг/кг болуы керек. Құстарға арналған жемдік қоспа құрамында минералды заттардың көп болуы қажет [3], «Кесте 2» көрсетілгендей суспензия минералды заттарға бай: 2270,1 мг/кг – натрий, 2970,0 мг/кг – калий, 17900,0 – кальций, 17101,0 – фосфор және 100,0 – магнийдің мөлшері жоғары.

Индуктивті байланысқан плазмалы масс-спектрометрде (ИБП-МС) анықталған хлорелла балдырларындағы кобальт, марганец, фосфор элементтерінің концентрациясын салыстыру мақсатында, фотоэлектр колориметр (КФК-3) құрылғысында анықталған концентрациялары берілген (Кесте 3 көрсетілгендей).

Кесте 3 – ИБП-МС және КФК3 құрылғыларындағы талдау нәтижелері

Әдіс түрі	Хлорелла балдыры		
	Кобальт	Марганец	Фосфор
ИБП-МС	4,80 ± 0,03	900,0 ± 0,1	17101,0 ± 0,1
КФК-3	4,00 ± 0,02	823,0 ± 0,1	16899,7 ± 0,2

Екі әдіспен де анықталған элементтер концентарциялары біріне-бірі жақын мәндерді көрсетті. Осылайша балдыр құрамы дұрыс анализденді деген қорытынды айтуға болады.

Аминқышқылдарды анықтау Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің инженерлік бейіндегі аймақтық сынақ «Радиоэкологиялық зерттеу ғылыми орталығы» зертханасында SHIMADZU LC-20 Prominence (Жапония) флуориметриялық және спектрофотометриялық детекторлы сұйықтықты хроматографында жүргізілді.

Тәжірибе нәтижесін хлорелла суспензиясы мен Альготех өнімдерінің құрамын салыстыру арқылы көрсеттік (Кесте 4):

Кесте 4 – Хлорелла суспензиясы мен Альготех өніміндегі (Ресей) аминқышқылдар мөлшері

Компонент атауы	Хлорелла сынамасындағы аминқышқылдар мөлшері, г/кг	Альготех өнімі, Ресей, г/кг [Богданов Н.И., 2013]
Валин (вал)	5,80±0,96	17,58
Лейцин (лей)	4,60±0,87	21,68
Фенилаланин (фен)	3,75±0,68	12,06
Триптофан (трип)	4,00±0,99	5,11
Метионин (мет)	1,96±0,62	4,82
Изолейцин (иле)	4,85±0,63	11,30
Аргинин (арг)	8,23±0,67	8,17
Лизин (лиз)	1,84±0,88	8,78

Хлорелла суспензиясы мен Альготех өніміндегі аминқышқылдар концентрациясы мәндері жуық, сондықтан бұл суспензияны ақуыздық қоспа ретінде қолдануға болады. Хлорелла суспензиясын өсіріп, оның химиялық құрамын зерттегеннен кейін, оны емдік-профилактикалық зат ретінде, малдардың жемшөбіне биологиялық активті қоспа ретінде, яғни дәрумендік, ақуыздық, минералды қоспа ретінде қолдануға болатына көз жеткіздік. Хлорелла суспензиясының қасиеттерін зерттеу үшін бройлер балапандарына сынақ тәжірибе жасадық.

Балдырдан биологиялық активті зат жасау технологиясы өте қарапайым. Хлорелланы өсіру кезінде алынған суспензия сол күйінде малдардың, құстардың негізгі жем-шөбіне белгілі бір қатынаста араластырылып берілді.

Тәжірибелік кезеңге құстардың жағдайы және олардың массасының динамикасы есепке алынды. Тәжірибе нәтижелері «Кесте 5» көрсетілген:

Кесте 5 – Балапандарға тәжірибе жүргізгенде алынған нәтижелер

Балапандардың жасы	Балапандардың салмағы (M+m) г	
	1	2(тәжірибелі)
7 күн	109,5±1,2	109,1±0,9
60 күн	550,5±5,9	595,1±4,8
100 күн	1230±15,6	1435±8,9
Тәжірибе соңында қалған балапандардың саны (%)	80	92

Қорытынды: арнайы биореакторда тиімді өсіру технологиясының көрсеткіштері: Тамия қоректік ортасы; температуралық режим: 28-32⁰С. Химиялық құрамына баға берілді: аминқышқылдар, дәрумендерге және калий, натрий, кальций, фосфор, марганец т.б. минералды заттарға бай. Емдік-профилактикалық зат, биологиялық активті қоспа ретінде балапандарға сыналды: тәжірибелі топтағы құстардың орташа салмағы 200 г артық болды, құс басының сақталуы бақылау топпен салыстырғанда тәжірибелі топта 92% құрады, құстардың денсаулығына, олардың өсуіне, өнімнің жоғарылауына оң әсер етті. Бұл жемшөп қоспасы өте эконмикалық тиімді.

Әдебиеттер

1. Черванев, В.А. Роль хлореллы в повышении резистентности животных и птицы / В.А. Черванев, Е.И. Симонов, Н.И. Богданов, В.Т. Лухтанов, П.Ж. Петрова, Т.М. Емельянова // Актуальные проблемы диагностики, терапии и профилактики болезней домашних животных: Материалы международного научно-практической конференции. – Воронеж: ФГОУ ВПО ВГАУ, 2006. – С. 307-309
2. Алексеев М.А., Арьянова Э.Д., Иванова С.С., Карпова О.С., Трофимчук О.А., Шевченко И.Г., Алексеев М.А., Коршунов К.О. Фотобиореактор для культивирования хлореллы // Научно-образовательный потенциал молодежи в решении актуальных проблем XXI века. – 2015 – № 3. – С. 221-223
3. Сальникова, М.Я. Хлорелла – новый вид корма / М.Я. Сальникова – М.: «Колос», 1977. – С. 5-6; 36-58
4. Богданова, А.А. Влияние различных концентраций питательной среды на увеличение биомассы микроводоросли штамма ИФР № С-111 / А.А. Богданова, Е.А. Флерова // Сборник научных трудов по материалам XVI Международной научно-практической конференции аспирантов и молодых ученых ФГБОУ ВПО «Ярославская ГСХА», Ярославль : Ярославская ГСХА. – 2013. – С. 18-22
5. Митишев, А.В. Микроводоросль хлорелла – источник резиноида / А.В. Митишев // Актуальные проблемы биохимии и бионанотехнологии : мат. международной научной интернет-конференции. – Казань: ИП Синяев Д.Н. – 2013.– Т 2. – С. 24 - 27

А.Б. Мыржиева

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ., myrzhieva@mail.ru

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ЖАНАҚОРҒАН АУДАНЫНДА ИКСОДИД КЕНЕЛЕРДІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІН АНЫҚТАУ

COLLECTION OF IXODID MITES AND IDENTIFICATION OF SPECIES IN THE KYZYLORDA REGION, ZHANAKORGAN DISTRICT

Ixodidae тұқымдасының кенелері түр түріне қарай барлық жерде кездеседі [1,2]. Зерттеу жұмыс басталғаннан кенелерді, ғылыми зерттеу кезі (19 ғасырдың аяғы) зоологиялық зерттеулердің кенелер объектісі болып келді, көптеген кенелердің медициналық және малдәрігерлік салада мәні зор [7,8,10]. Олар бірқатар қауіпті аурулардың қоздырғыштарын денесінде ұзақ сақтап, жануарлардан адамға тасымалдауға бейімделгендіктен, адам мен үй хайуанаттарын ауруға шалдықтырады, көптеген авторлар кітаптар шығара бастады, олар (Павловский Е. Н., Галузо И.Г., Олсуфьев Н.Г., Померанцев Б.И. және т.б.). Барлық иксодид кенелер жердегі паразитті қансорғыш, омыртқалы жануарлар, сүтқоректілерде кездеседі, өздеріне назар аудару себебі ауру таратқыш болғандықтан және адам мен жануарлардың бактериальды, вирусты және протозойдық ұзақ қоздырғыш ауруларды таратады [3,4,5,6].

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Зерттеу жұмыстары 2017-2018 жылдар аралығында Қазақ ұлттық аграрлық университеті «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының паразитология зертханасында, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының шаруашылықтарында ЖҚ «Бейімбет» (Шалқия кентінде орналасқан), ЖҚ «Тартоғай» (Түгінес ауылы), ЖҚ «Абасшах» (Төменарық ауылы), ЖҚ «Манап» (Бірлік ауылы). Кенелерге сандық тіркеу жүргізу үшін паразитологияда қолданылатын акарологиялық формадағы құжаттар: кене табылған жануарларды тіркеу журналы мен жануар бағып-күтілетін қора жайларды кенеге тексеріп тіркеу журналын жазылды. Ірі малдарды кенеге тексеріп жинау арнайы станоктарда бекемдеу арқылы жүргізілді.

Шаруашылықтардан жиналып әкелінген кенелер «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының паразитология зертханасында және Қызылорда облыстық санитариялық эпидемиология бөлімінің зертханасына жүргізілді.

Таким образом, экологические знания необходимо давать ребенку именно в дошкольном возрасте. Знания должны быть доступны детям. Следует не забывать о конструктивном подходе в обучении. В процессе экологического воспитания ребенка большую роль играет совместная деятельность педагога и дошкольника, т.к. педагог является носителем экологической культуры, владеет методикой экологического воспитания, способствует формированию практических навыков.

Литература

1. Аксенова З.Ф. Войди в природу другом. Экологическое воспитание дошкольников. – Москва: ТЦ Сфера, 2011. – 128 с.
2. Зебзеева В.А. Экологическое образование детей дошкольного возраста в современном обществе: приоритеты и перспективы // Вопросы науки. – 2014. – № 1(6). – С. 37-43
3. Воронкевич О.А. «Добро пожаловать в экологию» – современная технология экологического образования дошкольников // Дошкольная педагогика. – 2006. – С. 23
4. Максимова М.Ю. Технологические аспекты формирования субъективного отношения детей дошкольного возраста к природе // Педагогическое образование и наука. – 2010. – № 2. – С. 79-83
5. Иванова А. И. Методика организации экологических наблюдений и экспериментов в детском саду: Пособие для работников дошкольных учреждений. – М.: ТЦ Сфера, 2003. – 56 с.
6. Гончарова Е.В. Игровые технологии в экологическом образовании детей дошкольного возраста // Традиции и инновации в образовательном пространстве России: материалы II Всероссийской научно-практической конференции – Нижневартовск: Нижневартровский государственный университет, 2013. – С. 57-63

О.Н. Ахметжанов, Қ. Алмасова, А. Муратханова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, almask.@mail.ru

**ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЫЛСЫ АУМАҒЫНДА ТАРАЛҒАН МАЛҒА ЗИЯНДЫ ИКСОДИД
КЕНЕЛЕРІНІҢ ТҮР ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ, ЭКОЛОГИЯСЫ МЕН ФЕНОЛОГИЯСЫН ЗЕРТТЕУ
НӘТИЖЕЛЕРІ**

**DETERMINATION OF THE TYPE AND COMPOSITION OF IXODID TICKS HARMFUL TO
CATTLE IN EAST KAZAKHSTAN REGION, RESULTS OF INVESTIGATION OF ECOLOGY AND
PHENOLOGY**

Тақырыптың өзектілігі. Малға зиянды, мал арасында ауру тарататын паразиттердің бірі кенелер екені белгілі. Солардың ішінде иксодид кенелері маңызды орын алады. Олар паразитоформды, яғни қан сорғыш кенелер. Қазіргі кезде иксодид кенелері әлем бойынша өте көп тараған қансорғыш жәндіктер. Олар тіршілік ету үшін екі фактор қажет: мекен ететін жердің географиялық орны, климаттық жағдайы олардың тіршілігі мен көбейуіне қолайлы болуы шарт. Екінші қоректенетін ортасы, яғни жануарлардың болуы қажет. Себебі, қан олардың жалғыз ғана азығы, ал қансору – азықтану тәсілі болып табылады.

Иксодид кенелері малға қанын сорып зиян келтірумен қатар пироплазмоз, бабезиоз, тейлериоз, анаплазмоз, бруцеллез, листериоз, лептоспироз, риккетсиоз сынды ауруларды трансмиссивтік жолмен таратады. Қазақстанда мал шаруашылықтары жоғарыда аталған аурулардан жыл сайын көптеген экономикалық шығындар шегуде. Жер шарының ауа райының жылынуы, бұл кенелердің таралу аумағын кеңейтуіне, фенологиясы мен экологиясының өзгеруіне жағдай туғызуда [1-6].

Сондықтан олардың түр құрамын, экологиясын, фенологиясын зерттеу өзекті мәселе. Ол бұл кенелермен күрес шараларын жүргізу үшін аса қажет деректер.

Зерттеу материалдары мен әдістемелері. Зерттеу жұмыстары 2017-2018 жылдары жүргізді. Зерттеу жұмыстары Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің ветеринариялық медицина кафедрасының паразитология зертханасында жүргіздім. Иксодид кенелері ШҚО әр аумағында орналасқан шаруашылық малдарынан жиналып әкелінді. Уржар ауылына қарасты Науалы ауылынан, Күршім ауданынан, Семей қаласының Восточный кентінен, Саржал ауылынан, Озерка ауылынан және Аягөз ауданынан ірі қара, жылқы малдарынын жиналған кенелердің түр құрамы анықталды. Зертханалық зерттеуге кенелер мал денесінен жинадық. Кененің теріде тұмсығы қалмас үшін, оны саусақпен ары-бері қозғап, пинцетпен ақырындап тартып шығардық. Мал денесінен жиналған кенелердің бір бөлігі аузының ауа кіретін өте ұсақ тесігі бар тығынмен жабылатын құрғақ ыдыста, ал екінші бөлігі 70% спирт құйылған ыдыста сақталды. Ыдысқа малдың түрі мен кененің жиналған күні, айы, жылы, жері көрсетілген этикетка жабыстырдық. Зертханада кенелердің қай туыстастыққа жататынын анықтау үшін анықтағыш кесте пайдаланылды. Кенелерді зерттеу үшін олардан уақытша препарат жасап (заттық шыныға глицерин тамызып, кенені қойып) микроскоп астына окуляр 10, объект 4 – пен қарап кенелердің тұқымдасын анықтадық.

Кенелердің тұқымдасын мен түр құрамын анықтаудың тәжірибелік маңызы бар. Иксодид кенелерінің әр түрі әр түрлі ауру таратады. Мысалы кененің *Ixodes* тұқымы – тулеремиа ауруының қоздырғышын, сол сияқты *Haemophysalis* – ірі қара пироплазмозын, бруцеллез, тулеремиа қоздырғыштарын, *Rhipicephalus* – қой анаплазмозын, шошқа пироплазмозының ауруларының қоздырғыштарын таратушы болып табылады.

ШҚО қарасты 6 ауданы малдарынан барлығы 78 кене жиналып, иксодид кенелерінің *Haemaphysalis*, *Ixodes* және *Dermacentor* туыстарына жататын түрлері анықталды. Сонымен қатар, кенелердің даму фазасы, шабуылдауы ескерілді. Қыс айларында жиі аталығы

шабуылдаса, көктемнің наурыз, сәуір айларында иксодид кенелерінің аналықтары шабуылдайтынын анықтадық.

Зерттеуде анықталған иксодид кенелерінің түр құрамы

Кесте 1 – Мүйізді ірі қара денесінің әртүрлі аймағынан анықталған кенелерінің саны. (10 см.кв.)

	Зерттеу аймағы	Анықталған кене саны
1	Құйымшақ	5-6
2	Төс	7-10
3	Бүйір	3-4
4	Желін	10-12
5	Желке	2-3
6	Санның ішкі жағы	12-15

Зертханалық зерттеу нәтижесінде мүйізді ірі қара және жылқыдан иксодид (*Ixodidae*) тұқымдастығына жататын кенелердің ***Ixodes***, ***Haemaphysalis*** және ***Dermacentor*** туыстарына жататын түрлері паразиттік тіршілік ететіні белгілі болды. Арнайы әдебиеттердің қолымызда болмауына байланысты кенелердің нақты қай түрге жататынын анықтау мүмкін болмады. Тәжірибе жүзінде иксодид кенелеріне қарсы ветеринариялық шараларды белгілеу үшін оларды туыстастығына дейін ажырату толық жеткілікті болып табылады.

Иксодид кенелерінің фенологиясы мен экологиясы. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда Қазақстанда ***Ixodes* тұқымдастығының** Қазақстанда таулы, далалы, шөлейтті жерлерде мекендейтін 23- түрі анықталған,


Далалы, таулы бөктерінде, бұталарда, лас өзенде, су бетіне 2400 м биіктікке шығалады, орманды-далалы жерлерде мекен етеді. Ересек кенелер ірі қараны, жылқыларды, адамдарды, борсық, иттерді тиіндерге шабуылдайды. Кененің балаңқұрттары мен жұмыртқалары аралық иесі ретінде ұсақ сүтқоректілерді: дала тышқаны, тиін, суыр т.б. мекен етеді. Имаголардың активтілігі наурыздан маусымға дейін болса, балаңқұрт пен нимфа мамырдан қыркүйекке дейін активті түрде болады.

***Haemaphysalis* тұқымдастығының** 146 түрі белгілі. Қазақстанда 11 түрі анықталған. Кенелер үш иесімен көбейеді. Имаго ретінде – сүтқоректілер, құстар, рептилийлерде. Балаңқұрттары мен жұмыртқалары көбінесе құстар мен рептилийлерге паразитарлық етеді. Көптеген түрлері тіпті адамға да шабуылдайды. Ірі қара малының пироплазмоз, бруцеллез, тулеремиа, риккетсиоз ауруының қоздырғыштарын таратады. Маусымдық шабуылдауы көбінесе көктем, күз айларында болады.

***Dermacentor* туыстастығының** ауыл шаруашылық малдарына шабуылдайтын кенелерінің Қазақстанда 7 түрі анықталған. Аса маңыздылары: *D.marginatus*, *D.tpictus*, *D.dugestanicus*. Кенелердің нақ иесі ретінде ірі қара малы болып табылады.

D.marginatus- үш иелі кене. Қазақстанның далалы, жартылай шөлейтті жерлерінде кездеседі. Имагосы ауыл шаруашылық ірі малдарымен және жабайы жануарларға шабуылдаса, балаңқұрты мен нимфасы- ұсақ сүтқоректілерді, көбінесе кірпі, кеміргіштерде болады.

Географиялық аумағына байланысты кенелер мамырда шабуылдайды, жазда жоғалып кетіп, күзде қайтадан шабуылдайды. *D.marginatus* генерациясы бір жыл, ал имагосы 2 жылға дейін тіршілік ете алады.



Сурет 1. – ШҚО мүйізді ірі қараға иксодид кенелерінің шабуыл жасау динамикасы 2017-2018 жж.

Диаграммада көрсетілгендей 2017-2018-ші жылы инвазия интенсивтілігі қаңтар айының ортасынан күрт жоғарылап, наурыз айының ортасына дейін сақталды, одан әрі инвазия интенсивтілігі төмендеп, мамыр айының ортасында мүйізді ірі қара денесінен кене анықталмады. Ал, қыркүйек айының ортасынан бастап кенелер қайта анықталып, инвазия интенсивтілігі біртіндеп жоғарылай бастады.

Иксодид кенелеріне қарсы 5 %-ды каратэ дәрісін сынау нәтижесі. Синтетикалық пиретроидтарға жататын инсектицидтердің бірі – 5 %-ды каратэ дәрісі. Оның 1 литрінде 50 грамм негізгі әсер етуші зат – ламбуаигалотрин бар. Каратэ концентрат эмульсиясы өсімдіктерді шегірткеден, малды шыбын-шіркей мен сонадан қорғауға ұсынылған.

Каратэ дәрісін иксодид кенесіне қарсы сынау 2018-ші жылы көктем айларында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ветеринарлық медицина кафедрасының паразитология зертханасында және «Кәусар» шаруашылығында жүргізілді. Зертханалық сынақтарда кенелерді дәрімен тікелей жанастыру әдісі пайдаланылды.

Жүргізілген сынақ нәтижесінде 0,02 %-дық каратэ дәрісін иксодид кенелеріне қарсы қолданудың тиімділігі 100 %-ға тең екені анықталды.

2018 жылы наурыз айында иксодид кенелерімен залалданған «Кәусар» шаруашылығындағы 17 бас әртүрлі жастығы мүйізді ірі қара 0,02 % - ды каратэ дәрісімен бір басқа орташа 200 мл ертінді жұмсалып, жеке – жеке дәріленді. Дәрі алдымен кенелер көп жабысқан малдың жамбасының ішкі жағына, төсіне, қолтығына «Росинка» ертінді бүрккіші арқылы шашылды.

24 сағаттан кейін зерттегенде мал денесінен тірі кенелер анықталмады.

48 ағаттан соң өлген кенелер кеуіп, мал денесінен оңай үгітіліп түсті.

ҚОРЫТЫНДЫ. Қазақстанның Шығыс өңірінде иксодид кенелерінің Haemaphysalis, Ixodes және Dermacentor туыстарына жататын түрлері таралған. Кенелер мүйізді ірі қараға, жылқыларға күз, қыс және көктем айларында шабуыл жасап қан сорады. Haemaphysalis кенелерінің активтілігі қараша айынан басталып, қаңтар айының ортасында күрт жоғарылап мамыр айының ортасына дейін сақталады. Бір баста ИИ-гі 5-30 кенеге дейін жетеді. Ал, Ixodes кенелерінде активтілігі қыркүйек айының ортасынан басталып мамыр айының басына дейін жоғары болады. Бір баста ИИ-гі 7-25 кене. Dermacentor кенелердің активтілігі қазан айында басталып мамыр айына дейін сақталды. ИИ-гі 1-7 кене болды. Кейінгі жылдары ауа райының жылы болуымен байланысты қыс кезінде кенелердің инвазия интенсивтілігі күрт жоғарылап, малға шабуыл жасауда. Сонымен қатар қыс айларында негізінен малға кенелердің аталықтары шабуылдаса, көктем айларында аналықтарының жиі шабуылдайтындығы анықталды. Жаз айларында кенелердің активтілігі байқалмады. Иксодид кенелеріне қарсы каратэ дәрісінің 0,02%, ертіндісін қолданудың экстенсивтілігі 100% болды.

Әдебиеттер

1. Есімбек. Ж. М. Арахноэнтомология. Новосибирск. 2002 жыл.- 159 бет.
2. Поляков В.А., У.Я. Узаков., Г.А. Веселкин. Ветеринарная энтомология и арахнология. Москва. 1990. – 239бет.

3. Шабдарбаева «Ветеринариялық протозология және арахноэнтомология», Алматы, 2011ж.-279 бет.
4. Балашев Ю.С. Иксодовые клещи – паразиты и переносчики инфекции. Санкт-Петербург, 1998. – 287 с.
5. Романенко В.Н, Диссертация «Эколого – этологические аспекты изучения иксодовых клещей», Томск – 2007
6. Кравченко Оксана, Кишинев «Иксодовые клещи Региона нижнего днестра разнообразие, фенология и эпизоотологическая роль», 2016

ФТАХР: 68.41.37

Г.Н. Тойкина, Б.Б. Мукенов

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, toikina_56@mail.ru

«МОНОСПОРИН» ПРОБИОТИКТЕРІН ЖӘНЕ «ГАСТРОВЕТ 2» ПРЕПАРАТЫН БҰЗАУ ДИСПЕПСИЯСЫН ЕМДЕУ ҮШІН ҚОЛДАНУ

THE USE OF THE PROBIOTIC "MONOSPORIN" AND THE DRUG "GASTROVET 2" FOR THE TREATMENT OF DYSPEPSIA OF CALVES

Қазірде Шығыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылық малдарында кездесетін ас қорыту жүйесінің аурулары көп кездеседі, әсіресе төлдердің ауруларына назар аудару керек. 100 % туған төлдерде 55 % диспепсиямен ауырады. Бұл аурулар көп себепті аурулар қатарына жатады.

Зерттеу материалдары мен әдістемелер: Диспепсия ауруын зерттеу үшін керек құрал-жабдықтарға мыналар жатады: Нәжісті зерттеу үшін заманауи бұзаулардың диарея қоздырғыштарын экспресс - тест диагностикасың қою әдісі көмегімен зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмысты 2017-2018 жылдар Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы "Агрофирма "Приречное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргіздік. 2018 жылдың сәуір айы бойынша барлық жаңа туған төлдерді зерттедік, ол үшін 50 төл зерттеліп, олардың ішінде 24- диспепсия, 26 бас бұзаулардың ас қорыту қызметінің бұзылуына себепкер гастроэнтерит болып саналды, вирусты диарея, ішек таяқшалары, криптоспоридии- жоқ.

Өзіндік зерттеу

Кесте1. – Бұзаулардың диспепсия ауруға шалдыққан жасы (1--30 күнге дейін)

n=50

Бұзаулардың жасы	диспепсия	гастроэнтерит	вирусты диарея (2-түрі)	ішек таяқшалар	Криптоспоридии
1-7	24				
8 -15		14	-	-	-
16-30		12	-	-	-
Ауруға шалдыққан	48%	52%	0%	0%	0

Тәжірибе ШҚО, Семей қаласы "Агрофирма "Приречное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде диспепсияның клиникалық белгілері байқалған 24 қазақтың ақбас сиырынан жаңа туған бұзаулармен жүргізілді.

Жаңа туған төлдерде орта сатыдағы дегидратация белгілері анық байқалған. Орта сатыдағы дегидратация белгілері: іштерінің өтуі, бұлшық еттерінің құрысуы.

Клиникалық белгілеріне байланысты бұзаулар екі топқа бөлінді:

1-ші тәжірибелік топ – қарапайым диспепсияға шалдыққан 12 бұзау.

2-ші тәжірибелік топ – қарапайым диспепсияға шалдыққан 12 бұзау.

Төлдердің қан көрсеткіштерін зерттеу үшін қан алдық. 1-ші тәжірибелік топ үшін Моноспорин препаратын, ал 2-ші тәжірибелік топ үшін ГастроВет-2 препаратын қолдандық. Мультивит витаминін қосымша бердік.

1-ші тәжірибелік топқа емдеу жүргізу (n=12)

Күні	Тобы	Рацион	Дәрілік препарат	Төлдің жағдайы
1-ші күн	1-ші тәжірибелік топ	Таңертең 1л су	1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік 2. Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Іш өтуі жалғасуда. Тәбеті жоқ. Орнынан тұрмайды, басын иығына қойып жата береді. Дене қызуы – 38 С.
		Түсте 2 л су		
		Кешке 1л су (Суға NaCl қосып)	Кешке: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік	
2-ші күн	1-ші тәжірибелік топ	Таңертең 1л су	Таңертең: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік Кешке: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік	Іш өтуі тоқтаған жоқ. тәбеті жоқ. Орнынан тұрмайды, басын иығына қойып жата береді. Дене қызуы – 38,5 С
		Түсте 1л су(1 л суға KMnO ₄ қосып, ашық қызғылт)		
		Кешке 1л су	1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік	
3-ші күн	1-ші тәжірибелік топ	Таңертең 1л су	Таңертең: 1.Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік	Іш өтуі бәсеңдеді. Бірақ тәбеті жоқ. Орнынан біраз тұра бастады. Дене қызуы – 38,2 С.
		Түсте 2л су		
		Кешке 0,5л су, 0,5л су (Суға NaCl қосып)	Кешке: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сумен араластырып ішкіздік	
4-ші күн	1-ші тәжірибе топ	Таңертең 1л су	Таңертең: 1 Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сүтпен араластырып ішкіздік	Іш өтуі тоқтады. Тәбеті жақсарған. Орнынан тұрып, еркін қимылдай бастады. Дене қызуы – 38,3 С.
		Түсте 2л сүт		
		Кешке 1л сүт	Кешке: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сүтпен араластырып ішкіздік	
5-ші күн	1-ші тәжірибелік топ	Таңертең 1л су	Таңертең: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 сүтпен араластырып ішкіздік	Іш өтуі тоқтады. Тәбеті жақсы. Орынынан тұруы, қозғалысы жақсы, дене қызуы – 38,5 С.
		Түсте 2л сүт		

		Кешке 1л сүт	Кешке: 1. Моноспорин 10 мл ерітіндіні 1 л сүтпен араластырып ішкіздік	
--	--	--------------	--	--

2-ші тәжірибелік топқа емдеу жүргізу (n=12)

Күні	Тобы	Рацион	Дәрілік препарат	Төлдің жағдайы
1-ші күн	2-ші Тәжірибелік топ	Таңертең 1л су	Таңертең: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға) Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Іш өтті. Бірақ тәбеті жоқ. Орнынан тұрмайды, басын иығына қойып жата береді. Дене қызуы – 38 С.
		Түсте 2л су (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Түсте: ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
		Кешке 1л су (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Кешке: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
2-ші күн	2-ші Тәжірибелік топ	Таңертең 2л су (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Таңертең: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға) Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Іш өтуі тоқтаған жоқ, тәбеті жоқ. Орнынан тұрмайды, басын иығына қойып жата береді. Дене қызуы – 38,5 С
		Түсте 2л су (Суға NaCl қосып)	Түсте: ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
		Кешке 2л су (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Кешке: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
3-ші күн	2-ші Тәжірибелік топ	Таңертең 2 л су	Таңертең: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға) Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Іш өтуі тоқтаған жоқ. тәбеті бар. Орнынан тұрмайды, басын иығына қойып жата береді. Дене қызуы – 38,5 С
		Түсте 2л су (Суға NaCl қосып)	Түсте: ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
		Кешке 1,5л сүт 0,5 л (Суға NaCl қосып)	Кешке: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	

4-ші күн	2-ші Тәжірибелік топ	Таңертең 2л су	Таңертең: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға) Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Іш өтуі байқалмайды. Тәбеттері жақсы. Рационға сүтті қостық. Бұзаулардың өздерін кеңістікте ұстаулары жақсы. Дене қызуы – 39,2 С.
		Түсте 2л су (Суға NaCl қосып)	Түсте: ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
		Кешке 1л сүт, 1л сүт (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Кешке: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
5-ші күн	2-ші Тәжірибелік топ	Таңертең 2л сүт	Таңертең: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға) Мультивит витаминін 8,0 мл бердік	Емдеудің соңғы күнінде бұзауларда іш өту қайталанбады. Жалпы жағдайлары жақсы. Тәбеттері жақсы. Орындарынан тұрып, еркін жүріп жүр. Дене қызуы – 39,5 С.
		Түсте 2л сүт	Түсте: ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	
		Кешке 1л сүт, 1л сүт (Суға $KMnO_4$ қосып, ашық қызғылт)	Кешке: 1. ГАСТРОВЕТ-2-30 МЛ (әр бұзауға)	

Кесте 2 – Бұзаулардың гематологиялық қорсеткіштері (n=24)

қорсеткіші	топтар		Қалыпты жағдайдағы көрсеткіші
	1-Тәжірибелік топ	2- Тәжірибелік топ	
Гемоглобин, г/л			127,1±6,35
Емдеуде дейін	144,7±3,48	148,1±3,76	
3-і тәулік	136,2±4,95*	138,5±4,18	
5-і тәулік	117,2±5,27*	123,4±5,58	
Эритроциты, *10 ¹² /л			8,89±0,61
Емдеуде дейін	10,6±0,24	11,4±0,86	
3-і тәулік	9,4±0,17*	9,9±0,27	
5-і тәулік	8,6±0,51*	8,7±0,34	
Лейкоциты, • 10 ⁹ /л			9,50±0,53
Емдеуде дейін	14,5±0,29	13,55±0,29	
3-і тәулік	12,9±0,31*	12,9±0,37	
5-і тәулік	9,6±0,11*	10,1±0,61	

Жаңа туған төлдерді емдегенде 1-ші тәжірибе тобында 2 күнде іштің өтуі тоқталды және төл сүтті жақсы қабылдады, ал 2-ші тәжірибе тобында 3 күнде диарея тоқталды және төлдерге сүт берді.

Қорытынды

Моноспорин дәрілік препарат төлдердің диспепсиясын емдеу кезінде жақсы нәтиже берді. Дегенмен, Моноспорин препаратымен емдеу кезінде төлдердің жылдам сауыққанын ескере келсек, Моноспорин препараты тиімді.

Әдебиеттер

1. К.Н. Қожанов Малдың ішкі жұқпалы емес аурулары Семей – 2005 ж.
2. Горелов Ю.М., Иванов Н.П., Намет А.М., Сущих В.Ю.,Егорова Н.Н. Рекомендации по борьбе с болезнями молодняка крупного рогатого скота Алматы 2016. – 21 с.
3. Кожанов К.Н. Жиі кездесетін төл аурулары және оларды емдеу әдістері. Алматы «Қайнар», 1994ж. – 182 бет.
4. Доронин Е.А. Лечебно-профилактические аспекты применения пробиотиков в ранний постнатальный период у телят :автореф. дис.канд. вет. наук / ДоронинЕ.А. – СПб., 2005. –19 с.

ФТАХР: 68.45

Қ. Еділхан, Х. Мырзабек,

Ғылым акедемиясы Философия институты, Монголия, edilkhan.khonisbay@yahoo.com
Mirza325@yahoo.com

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

THE FEATURES OF HUNTING ART WITH SKILLFUL BIRDS OF KAZAKH PEOPLE

Қысқаша мазмұны: Кіндік Азиядан бастау алатын көшпенділердің аңшылық кәсібінде қолданылған ең бір ерекше айла тәсілдердің бірі қыран құсты баптап, онымен аң аулайтын ежелгі дәстүрлі аңшылығы. Қазірге дейін мәлім болған тарихи деректерге қарағанда бұл өнердің аса көнеден келе жатқандығын көрсетеді. Монгол елінің Баян-Өлгий аймағының Алтай таулы өлкесінің Ойгор, Шивээтхайрхан, Арал төбе қатарлы көптеген жерлеріндегі қола, темір дәуіріне жататын жартастарға қашалған суреттерде аң-құс аулауға қатысты бейнелер өте көп сақталған. Бұл дала мәдениетінде сақталып қалған көне жәдігерлер арасында адамзаттың бағзыдан бергі аспанда қалықтап ұшу арманынан туындаған қанатын жайған құс пішіндес адамдардың бейне суреті ерекше назар аударады. [Қ.Еділқан.2007.б 62.] Тарихи дәуірлердегі құсбегілікке байланысты нақты тарихи деректерді Б. Хинаят, Қ.М.Исабеков өз еңбектерінде бір жүйеге келтіріп атап көрсеткен.Бұл еңбекте Қазақ жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері ертедегі қазақтар тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйтпен бірге жерлейтін болғаны туралы айтылады. Қазақстанның Атырау обылысы Аралтөбе қорымындағы қорғанда еркек пен әйел мүрдесімен бүркіт пен протомалары бірге жерленген. Шығыс Қазақстан обылысы Шілікті жазығындағы темір дәуіріне жататын қорғандардан 36 дана бүркіт кескініндегі құйма алтын қапсырмалары, Өскемен қаласынан 40 шақырымда Құрық қорғанының /б.д.д 4-2 ғғ/ бірінен мәйітпен бірге жерленген4 бүркіт қаңқасы табылған. Зеттеушілер Күлтегін, Білге қаған ескеркіш кешені маңындағы тас қорғанында, Күлтегіннің бас тас мүсінінде, Алтын тамған тархан бітіктасы қатарлы көне түркі дәуіріне жататын жүздеген ескерткіштер, тас мүсіндерде бүркіт, көгершін, самұрық тәрізді құс бейнелері салынғанын тауып зерттеген. Ел билеген көсемдеріне арнап тұрғызылған бұл ескерткіштерге құстың бейнесін салудың басты себебі тәңірлік ұғым түсінікке етене байланысты болған. Байырғы түріктердегі таным-түсінік бойынша төрелік билік мәңгілік көк аспаннан жаратылады. Ал тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныған деген ұтымды пікірлер айтылады.Орта ғасырда құсбегілік өнері көшпенділер арасында тоқтаусыз дамып, саятшылық көшпенділер үшін тіршіліктің өзекті бір саласы болғаны сонымен бірге хан, патшалардың сән-салтанатына айналғаны туралы тарихи деректерде жазылған. Гильом де Рубруктың 1253-1255 жылдардағы саяқат күнделіктерінде және құсбегілік өнерінің қызықты сәттерінің куәсі болған жиһанкез Марко Поло жазбаларында Құбылай хан, Күйік ханның ордасында қыран құстардың көптігі және олардың барлығы құсбегілікке қолданылатындығы жайлы айтылады.[Хинаят, Исабеков.2007.11-13]Табиғатпен үйлесе өмір сүріп, құспен аң аулау адамзаттың ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі

болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін көшпенділер арасында тоқтаусыз дамығанын жоғарылығы деректер дәлелдейді. Тарихи даму барысында өркениеттің кең қанат жаюы, әсіресе әр түрлі жабдық саймандардың түрі көбейуі құсбегілік өнердің өрісін тарылтып, аңшылықты тежеуге мәжбүрлейді. Қыран бүркітті қолға үйретіп, аң аулау ықылым заманнан далалық көшпенділерге тән ортақ өнер болғанымен ол күні бүгінге дейін тек қазақ, қырғыздардың ортасында ғана сақталған. Он алтыншы ғасырдың соңында қазақ хандығының тұсындағы әйгілі “Жеті Жарға” атты заңда “Аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесі бір құл немесе бір күң беруді талап ете алады”- делінген. Он тоғызыншы ғасырда Шығыс Түркістан өлкесіне үстемдік құрған Төрт би төре тұсындағы “Абақ керей жарғасы” атты заңда да қазақ халқының ежелгі тұрмыс салт нормаларын арқау еткен. Бұл заңда: “Ұя кімнің жерінде болса бүркіт балапаны соныкі. Аңшы алған аңын қанжығасына байламай тұрғанда қасына жасы үлкен кісі барғанда оған байламаса айып төлейді” деп көрсеткен. [Үзбен, Шынай.2007.124] Жоғарыда айтылған заңдарда қазақтың аңшылығына ерекше ден қойып, оны бұзғандарды жазаға тарту туралы арнайы бап енгізгені қазақтарда құсбегілік өнердің ерекше дамығанын, қыран құсқа байланысты ұлттық салт дәстүрлер бір жүйеде қалыптасқанын аңғаруымызға болады. Жалпы құсбегілік өнері-қазақ халқының арасыны кең көлемде тарап ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген ең басты себептері туралы ғылыми негізде зерттеулер өте аз жасалған. Біз бұл тақырыпта кейбір құсбегілердің өмірбаяны және олардың өнегелі істеріне тоқталып, зер салып саралау арқылы құсбегілік бүгінгі күні қазақтардың төл мұрасы болып сақталуының басты себептерін айқындап, өз пікірімізді ұсынуымызды жөн көрдік. Көне заманынан келе жатқан бұл аңшылық дәстүрдің қазақ халқына тікелей қатысты төл ерекшеліктерін жақынырақ таныстыру үшін аңыз әңгімелер мен тарихи деректерді атап айтпасақ зерттеулер толық болмайды.

Шәку баба шежіресі. Алтайда құсбегілігімен аты шыққан Шәку туралы аңыз болып ел ішіне тараған әңгіме Шәку баба шежіресі кітабында толық баяндалған. /М.Өсерқан. 2015/. Атыұмытылмас есімге айналған Абақ керейдің жәнтекей руынан тарайтын Есілбай ұлы Шәку 1785 жылы Шығыс Қазақстанның Қызылсу деген жерінде Сәрікұлы Есілбайдың екінші ұлы болып дүниеге келіп, 1862 жылы Алтайдың Алағаттағы мекенінде дүние салады. Шәку кедейлікті мойындап, белібүгілмеген, жоқшылыққа мойып салы суға кетпеген, еті тірі, еңсесі биік, алғыр ойлы пысық жігіт болып ер жетеді. Ол бәйбішесі Жәдік рулы Тұрғанаға үйленген соң құс салып саятшылықты кәсіп етуге бел буыпты. Оның әу баста қолғатүсіріп, аңға салған құсы атақты Алтайдың ақиығы болып кезігіп, көрген аңын қасқыр болса да, түлкі болса да қалт жібермейтін нағыз жерге түспес сайыпқыран болады. Малдегенде Әжеке төреге құсының алғашқы тырнақ алдысын бергенде Әжеке төре өтеміне берген бір ақ өгізі болады. Сол өгізімен қыста құс салып, жазда қысқа мынжасап жанбағады. Шәку осы тірлікпен бір неше жыл күнелтіп, алғанаңдарының терісін сатып, ұн, шай басқа да қажеттілігіне жұмсап күнелтеді екен. Бір жылы Шәкеңнің қыраны 60 түлкі алып, ол түлкілердің терісін бір саудагер сартқа 60 тұсақ қойға айырбастайды және Дімік деген монгол байының жалғыз ұлына бір қара түлкі сыйға тартқанда 20 саулыққой береді. Бұл құстың осындай қырандығын естіген Ажы төренің баласы Қасымхан төре сол жылы Шәкеңнің қыранын сұратып сәлем айтып кісі жібереді. Күнделкті күнкөрісі болған құсынан айырылу оңай болмағанымен төренің қолқасын орындағанан басқа жол жоқ екенін сезген ол құсты Қасымхан төренің ауылына өзі апарады. Төре Шәкеңнің қыранын алып өз қыранына қосады да, аяғына алтынданған аяқ бау тағып, Шәкудің ескі аяқ бауын өзіне қайтарады, және құсыңның бағасы деп жүні түспеген жабағы көк байтал жетектетеді. Төренің бар білгені де бергені де осы болады. Шәку төренің берген пұлына разы болмаған халде ауылына қайтады. Мұқыртай деген жерге келгенде алдынан көлденеңдей қашқан түлкіні көреді, және әп сәтте аспаннан түлкіге қарай шүйліге сорғалаған қыранға көзі түседі.

Қыранның аяғы түлкіге іліне бергенде, анадайдан өздеріне қарай келе жатқан адамнан тайқады ма, әлде аң алғандағы машығы ма түлкіні қос аяғымен шеңбектей бүріп ұша жөнеледі де, анадай жердегі төбешіктің басына барып қонып, олжасын жәркемдей шоқып жей бастайды. «А, Құдайлап» жаратқанына жалбарынған Шәку құстың әбден тояттауын күтіп тұра береді. Жемсауы толып әбден тоя жеген құс жемтігін айналып жорғалап жүре бастағанда Шәку де құсқа тепектеп тап береді. Тояттаған құс көп ұзамай аузын ашып алқынып, қанатын жайып жата кетеді. Үстіндегі түйе жүн күпісін құсқа жауып жіберіп ұстап алады да, құс салып қыр-сырын әбден біліп алған қырағы көзімен құсқасынай бір қарайды да:

«Нағыз ақиық, нағыз қыран!»—деп, жаратушысына «Ақсарбас» айтып құсты алып ауылына келеді. Күз болып мұздың шеті қата бастаған кезде ұстаған құсын қайтарып аңға салуға шығады. Алтайдың Жуантерек деген жерінде Шәкудің құс көтеріп, аң аулайтын сайын кейінде ел «Алыпсоқ сайы»—деп атап кетіпті. Себебі Шәку осы сайдың биік тастарының біріне құсын қондырып, өзі сай жотасына шығып, сайды жаңғырта тас домалатқанда шошына қашқан түлкі, қасқырларды қыраны бірін де тірі жібермей, шетінен бүріп өлтіре береді екенде, алған түлкілерін қанарға салып ала беретін болыпты. Сол себепті құстың атын “қап салған қыран” атапты. Міне осы уақиғадан кейін Шәкудің дәулеті бұрынғысынан да тез өсіп, ырысы тасып, ұрпағы өсіп, ел ішінде қыдыр қонған Шәку бай атанады. Ал Шәкуге соңында біткен 5 мың жылқы жоғарыдағы Қасымхан төренің берген жабағы көк байталдан өссе, 10 мың қойы 60 тұсаққой және Діміктен алған 20 қойдан өскен екен. Казір ұрпақтары 1200-ден астам түтін санына жеткен өскен атаның ұрпақтары 2015-жылы шілдеде Тұлба сұмыны жерінде Ас берді. Осы аста Шәкудің 6-шы ұрпағы Жантемір ұлы Оңғар сөйлеген сөзінде: “Шәкеңнің дән дәулетті болуына ер жігіттің оң иығына жаралған қасиетті қыран бүркіттің үлесі аса мол. Бүркітті қастерлеу, мақтан тұту, әрі пір тұтып табыну Шәку ата ұрпақтарына үкілі аманат болмақ. Шәкуден кейінде ұрпағынан көптеген атақты құсбегілер шыққанын мақтанышпен айта аламыз. Бұл тұрғыда айтар болсақ Ханжар, Шапеш, Айдаубай, Буланбай, Бектемір, Жантемір, Шегір, Кабетай, Көней, Теңелхан, Харилерді атауға болады”—деп атап айтуы осыдан 200 жыл бұрын бастап 6-шы ұрпағына дейін жалғасып келе жатқан құсбегілік өнер жөнінде айтылған өте орынды сөз болған еді.

Топайдың тұғыры. Алтай сұмын өлкесінде 1940-1950 жылдары әрі зергер, әрі құсбегілік өнерімен аты шыққан бабаларымыздың бірі Шәкібай ұлы Топай болған екен. Ол кісі өз тұсында ұлы әкесі атақты құсбегі Кемсізбайдан мұра болып жалғасқан тұғырды өте қастерлеп ұстап кейінгі ұрпаққа аманат етіп тапсырып қалдырыпты. Бір ғасырдан астам тарихы бар бұл тұғыр кәзір осы әулеттің ұрпатарының бірі құсбегі Түгелбайдың үйінде сақталған. Тұғыр қайыңның түбірінен үш сирақ шығарылып орнықты болдырып, құстың қанат, құйрығы жерге тиместей етіліп ықшамдалып жонылыпты. Бұл тұғырдың ең ерекшелігі оның әсемдігінде емес ұзақ жылдар бойы атадан аманат болдырып қалдырған мұраны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып сақтап келгендігінде болып отыр. Біз атақты құсбегі Шәкібай ұлы Топайдың өнегелі істері, өсиет сөздері мен құсбегілік өмір деректерін Алтайлық әйгілі құсбегі Құмархан, кейін Далайхандардан жиыстырып ұсынып отырмыз. Сол кезде Дәлүүн, Алтай сұмынының топ топ бүркітшілері қыста салбурынға шығып Далакөл, Құлжа, Қызылқияның елсіз иен асқар таулары мен құба жондарын жондап құс салады екен. Екі жақтан келіп тоғысқан сал серілер ежеден бір бірмен етене таныс өте береке бірлікшіл сыйластықта болған көрінеді. Кәрі-жасы аралас, бүркіт десе ішкен асын жерге қоятын өңшең бір ығай мен сығай құсқарлар кезіккенде әзіл әңгімелері жарасып, жаңа көріскендей, мәз-мәйрам болып қауышып жүреді. Осылайша бір кезіккенде көңілдес тамырының құсына Топыкеңнің аңсары ауып, мен тіршілікте сізден бір қалағаным осы болсын, мұны маған бер деп қалап алмақшы болады. Топыкеңнің көңілін ойлаған ол кейін қабарласыңыз дейді. Келер жылы күзде Топыкең Сарытірнек атты алғыр құсынан айырылып қалып, Дәлүүндегі сол көңілдес тамырының қыранын сұрап сәлем айтып жас бүркітші Бұжайды жібереді. Бұжай жолға шығарда Топыкең сен бүркітті әкелген жолда оның томағасын алушы болма және шыжымын беліңе байла жолда шешпе дейді. Бұжай ара қонып Топайдың танысына барып сәлемін айтады. Құсбегі: “Құсымның құндылығын ойласам қиғым келмейді, оның сенен жетектетіп жіберген 1 түйесіне беретін құс емес еді, дегенмен Топыкең құс қадірін білетін адам ғой, егер бермесем жақсы ағаның көңілін қалдырармын”— деп құсын береді. “Қыран құс, мұның томағасын алмай өзіне жеткіз”— дейді. Құсты алып қайтқан Бұжай Құлжаның жотасына келіп аттан түскенде қабақта жатқан түлкіні көреді. Құсбегі жігіт күннің жылымық кезінде құс аса көтеріліп ұша алмайтынын білетіндіктен құстың томағасын алып көрейін деп ойлап бүркіттің томағасын тартады. Осы кезде қашқан түлкіге бүркітті қалай қоя бергенін өзінде байқамай қалады. Бүркіт түлкіні әудем жерге жеткізбей ұстайды. Нағыз қыран екен деп түлкіні қанжығалаған Бұжай түнделетіп Топкеннің үйіне келеді. Ол жолда бүркітті түлкіге қосып түлкі алдырғанын айтады. Сонда Топыкең: “Бүркіттің томағасын алма дегенім қайда, аманатқа жасаған қиянат деген осы емес пе”— деп ашуланған бойда сөз аяғын тоспай үйден шығып кетеді. Бұжайға құстың томағасын алма, шыжымын беліңе байла жолда шешпе деп қадағалап тапсырған себебі жол ортада түлкі қуып кетіп қалма қыран құс болғандықтан екі жағы да бір біріне сеніммен жеткізу үшін айтылған аманат сөз екен. Сонымен жоғалған

Сарытірнектің тұғырына Дэлүүннен келген қыран қонақтап, Топыкең бұл құсты көп жыл салған көрінеді. Топыкең жастарға құсбегілік өнерін үйрету жолында үлкен үлес қосқан тәлімгер құсбегілердің бірі болған деседі. Сан алуан қырандардың сыны мен сырын, мінезі мен күйін, шабыты мен бабын жетік білетін Алтай сұмын өлкесіндегі Топай, Мәкен, Мұқамади, Мәлік, Салық, Мүшелбай, Зейнолда, Құмархан қатарлы құсбегілер бас қосқанда сол кезде өз ортасы пір тұтатын «Жазайыл Шора» жөнінде әңгіме өрбітіп, әсіресе жаңадан құс салып шыққан жас жігіттерге бүркітті аялап баптап, қастерлей білу жөнінде ақыл кеңес беріп отырған. Сол аңыз болып бізге жеткен әңгімелердің бірінде ерте заманда Жазайыл Шора деген құсбегі болыпты. Ол ең алғаш бүркітті қолға үйретіп, құсбегілік төл өнерімізді ел ішіне таратыпты. Бүркіт көкте жүрсем қанатым талады, жерге түссем Жазайыл Шора алады деп қапаланады екен. Себебі Шора көзіне көрінген бүркітті ұстап, сынап жақсысын алып, жаманын қоя беріп отырған деседі. Сондықтан көктегі құс: “Мен адам баласының қолына түспесем, ал егер түсетін болсам 9 айғыр үйірлі жылқысы бар, 9 ұл өсірген кісінің қолына түссем”-деп тілейді екен дегентәмсіл сөз бар. Бүркітті ең алғаш ұстағанда Жазайыл Шораның аруағы қолдай көр деп томаға кигізіп, аяқ бау тағатын болған. Бүркітті салу үшін алпыс аттық азабы бар қырық аттық қызығы бар деп айтады. Азабына шыдыған адам ғана құс салады-дейді екен бұрыңғылар. Бұл өте қасиетті, киелі көк тағысын қорғап, баптап бағуға аса назар аударуды ескерткен аталы сөз екенін жастарға түсіндіре білген. Үлкендердің осылайша құсбегілікке қатысты таным-ырым, тыйым, тәмсіл сөз ата салт-дәстүрлер жөнінде айтан бұл өсиет сөздері төл өнеріміздің сақталуына маңызы өте зор болған. Олар көк тағысы мен жер тағысын сайысқа салудың білім-тәжірибелерін жастарға үнемі үйретумен қатар оның ащы-тұшысына төзе білген жастарды өз қатарларына қосып, құстың әбзел жабдықтарын кейінгі ұрпаққа мұра болдырып қалдырып отырған. Мұның бірден бір куәсі атадан балаға мұра болып күні бүгінге дейін жалғасқан Топай бабамыздың тұғыры десек болады. Баян-Өлгей аймағының әр өлкелерінде осындай көпке аты қанық тәлімгер құсбегілер өте көп болғаны жұртқа мәлім. Олардың бәрін теріп атап түстеп жазу мүмкін де емес.

Қазақтың құсбегілік өнерінің ерекшеліктері: Ежелден аң-құсқа бай Алтай өлкесі қыран бүркіттерді ұстап, баптап қайырып саят ісін жабдықтайтын қазыналы өңір болған. Бұл өлкеде мекендейтін қазақтар аң аулау тәсілдерін жетілдіріп, құсбегілікті дамытып қана қоймай күні бүгінге дейін оны ардақтап келгенін жоғарыда айтылған тарихи деректер дәлелдеп отыр. Сонымен бірге біздің құсбегілік өнерімізде өзіндік төл ерекшеліктері, дара түрлері болған. Олай дейтініміз бапкерлер бүркіттен басқа сұңқар, қаршыға, лашын, қырғи тектесұсақ қырандарды баптап, қаз үйрек, ұлар, қоян секілді аң құстарды алдырғаны тарихи деректерде көптеп айтылғанымен, дәл Алтай өңірін мекендеген халықтар арасында бұл туралы айрықша айтылатын деректер байқалмайды. Бұларға қарағанда алғыр құстың аса текісі бүркітті ерекше қастерлеп, оны төрт асылдың біріне санағаны тегін емес. Еккен егін, қозы қошқар, күшік ит, балапан бүркіт бұл төртеуі жасы жылға толмай ақ керекке жарап адам қажетін өтейтін асылдар деген салиқалы сөз күні бүгінге дейін қазақ халқының арасында сақталып келеді. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-Анамен тығыз байланыстыра білген данагөй халқымыз бұлардың адамға пайдалылығын, өнімділігін қазіргі ғылыми зерттеусіз-ақ күнделікті өмір тәжірибесіне сүйеніп болжағанын аңғаруға болады. Қазақ аңшылығының басқа жұрттан басты өзгешілігі қолға түскен бүркітті жүйрік аттай сынап, таңдалған қыранның қанат құйрығын түзеп, сылап-сипап, аялап қорғап, уақытында жем беріп, баладай күтіп, баулап-баптап өз қажетіне жарата білгендігінде. Сондықтан да халқымыз қыран бүркітті ерекше қастерлеп, от басының тұрмысына ең қажетті қасиетті жеті қазынасының біріне санаған. [Т.Төребек.2010.б 62.] Ата бабаларымыз осылайша шаңырақ кәсібіне айналған құсбегіліктің үзіліп қалмауына ерекше мән беріп, әр кез бүркіттің қыры мен сырын саралап, келешек ұрпаққа ұқтырып, оның құрал-жабдықтарын баласына немесе туыс-туғанының біріне «мұралыққа» беріп жалғастырып отырған. Сонымен қатар ұлан-байтақ кең далада мал бағып, табиғат құшағында құс салатын тәлімгер құсбегілер көп болғаны құсбегіліктің табиғи түрде өмір сүруіне орайлы мүмкіндік туғызған. Осылай қазақтың бүркітшілік өнері үзілмей келеді. Қарсы алдынан қашқан қасқыр түлкіні құтқармайтын, кйік, жирен, ілбіс, сілеусіндерді де алған алғыр құстар кедейдің күн көрісі, сал-серілердің сән салтанаты болумен қатар рулы елдің абройын асырған мақтанышы болған. Қазақ халқы қыран құсты айрықша дәріптегендігінің белгісі көне түркілер дәуіріндегі тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныған осы қасиетті ұлы ұғымды күні бүгінге дейін халық арасында сақталуында. Халқымыздың ортасында осы ұлы ұғымның төңірегінде қыран

бүркітке қатысты толып жатқан ырым-тиымдар бекем орын алып, қазақи салт дәстүрлер болып бір жола қалыптасқан. Ауылға бүркіт ұстап әкелгенде “Бүркіт қонды, бас аман, мал өседі, жақсылық болады” деп ырымдап ауыл адамдары қуанып, апалар мен әжелер ақ дәмнен шашу шашып, құсың қыран, ақ жолтай болсын деген тілектер айтылып, бүркіттің иығына үкі тағатын дәстүр бар. Бүркітші алған түлкісін ең алдымен қағушыға байлайтын салт бар. Бүркітші түлкінің алдыңғы аяғының пұшпағын ғана алуға құқылы. Қазақтың дәстүр салтында ауылға бүркітшілер келіп қонса “ырыс, береке” келді деп үлкен құрмет көрсетсе, түсінде бүркітті көруді “басқа бақыт, байлық оралды” деп жақсылыққа жорыған. Бүркіттің тұла бойы тұнып тұрған қасиет, бүркіт бір сілкінсе бір пәле кетеді дейтін тәмсіл сөз де бар. Қазақ құсбегілерінің тағы бір ерекшелігі құсбегі, бүркітші, қағушы, салбуырын, сонар, тілеу, түлек, шырға, айну секілді көптеген атау сөздері тек өздерінің тілінде ғана өміршеңдікпен жалғасқандығында болып отыр. Сонымен қатар тарих ғылымдарының докторы К.Биқұмар: “Тілімізде тек бүркіттің ғана 200-ден аса атауы бар: шегір паян, іш жарғыш, бұқатана, жаудыркөз, шомбал, жанбауыр шөгел, жарық жемсау т.с.с”-деп көрсеткен. [Биқұмар.2013.475] Бүркіт мекен ететін тауларды Бүркіт тау, Бүркіт шың, Қиын ұя десе, қыран бүркіттей өжет, алғыр болсын деп ырымдап, Құсбек, Бүркітхан, Тастүлек т.б деп бүркітке қатысты ат қойған адамдар және ән, би қазақта көптеп кездеседі.

Қорытынды:Қазақ аңшылығының басқа жұрттан басты өзгешілігі қолға түскен бүркітті жүйрік аттай сынап, таңдалған қырандарды баулап-баптап өз қажетіне жарата білгендігінде.Қазақ халқы қыран құсты айрықша дәріптегендігінің белгісі көне түркілер дәуіріндегі тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныған осы қасиетті ұлы ұғымды күні бүгінге дейін халық арасында сақталуында. Халқымыздың ортасында осы ұлы ұғымның төңірегінде қыран бүркітке қатысты толып жатқан ырым-тиымдар бекем орын алып, қазақи салт дәстүрлер болып бір жола қалыптасқан. Әсіресе ұлан-байтақ кең далада мал бағып,табиғат құшағындақұс салатын тәлімгер құсбегілер көп болғанықұсбегіліктің табиғи түрде өмір сүруіне орайлы мүмкіндік туғызғанын атап айтуымыз керек.Біздің осы құндылытарымызды әлем жұртшылығы мойындап 2010 жылы құсбегілік төл өнерімізді ЮНЕСКО-ға тіркеп, қазақтардың төл мұрасы деп түсінгендігіүлт үшін матаныш. Құсбегілік өнеріміз осылайша ары қарай жалғаса беретіні ақиқат.

Әдебиеттер

1. Еділқан.Қ Монгол Алтайн хадны зургий судалгааны зарим асуудал. УБ.2007
2. Бабақұмар.Х М.Исабеков “Саятшылық”. Алматы. 2007.б 11-13
- 3.Үзбен.Қ, Шынай.Р “Монголиядағы қазақ халқы” УБ. 2007. б 122-127
4. Өсерхан.М “Шәку баба шежіресі”. УБ. б 9-16
5. Төребек.Т “Нақыл сөздер” Шымкент. 2010. б 62
6. Өсерхан.М “Шәку баба шежіресі”. УБ. б 9-16
7. Биқұмар.К “Қазаққалқының салт дәстүрлері” .УБ.2013. б 96 – 475

МРНТИ: 68.41.55.

**А.С. Ығиева А.С, О.Н. Ахметжанов, С.Д. Тусупов, М.С. Жакиянова,
С.М. Сейлгазина**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

«ШАЛАБАЙ» АСЫЛ ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМДЫ СИЫРЫНЫҢ ЭЙМЕРИОЗДЫ – ГЕЛЬМИНТОЗДЫ ИНВАЗИЯСЫ, ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ШАРАЛАРЫ

"SHALABAI" IS A HERPES-RESISTANT CUCUMBER BUTTERFLY EXTRACT – GELMINOTOX INVASIVE, VETERINARIOUS MEASURES

Қазіргі уақытта малдәрігерлік паразитологияның ең негізгі мақсаттарының бірі – ауылшаруашылық малдарының ассоциативтік (аралас) инвазиялық ауруларын зерттеу, оларға қарсы ветеринарлық шараларды ғылыми тұрғыда негіздеп, өндіріске ұсыну.

Қазақстан бойынша мүйізді ірі қара малдың гельминтоздары ер теректе біршама зерттелген. Өзінің жүргізген зерттеулерінде П. П Осипов Ақтөбе облысында сиырдан гельминттердің 26 түрін тапты. Э.И Прядко Қазақстанның оңтүстік шығысында жүргізген зерттеулерінде ценуроз, эхинококкоз, цистицеркоз, мониезиоз, фасциоз, диктиокаулез және телязиоздың таралғанын анықтады. Ал, Л. И Лавров Қазақстанның оңтүстігінде және солтүстігі мүйізді ірі қара малдың гелминтофаунасын зерттеді. Ол гельминттердің 44 түрін тіркеді, олардың ішінен 41 түрі оңтүстік өңірде таралса, солтүстік өңірде тек 22 түрі анықталған [1,2,3].

М.М Искаков., Н.Т Хұсайынова., Ж.К Қабышева М.С.Жакиянова Павлодар облысында жүргізген зерттеулері барысында мүйізді ірі қара малдарынан эймерийлердің 8 түрін (*Eimeria zuernii*, *E.bovis*, *E.cylindrica*, *E.bukidnonensis*, *E.alabamensis*, *E.auburnensis*, *E.brasiliensis*, *E.ellipsoidalis*), ал Шығыс Қазақстанда облысында эймерийлердің 7 түрін (*E.zuernii*, *E.bovis*, *E.cylindrica*, *E.bukidnonensis*, *E.alabamensis*, *E.brasiliensis*, *E.ellipsoidalis*) анықтады [4,5,6,7,8,9].

Зерттеу мақсаты: Шығыс Қазақстан облысы «Шалабай» асыл тұқым шаруашылығында өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды сиырларының арасында таралған эймериозды-гельминтозды ассоциативті инвазиясының таралуын анықтау, ветеринарлық шараларын жетілдіру, шаруашылыққа тәжірибелік қолданысқа енгізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Зерттеу жұмыстары Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы «Шалабай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің ветеринариялық медицина кафедрасында жүргізілді. Мүйізді ірі қараның гельминтозды – эймериозды инвазиясының таралуын анықтау үшін әртүрлі жастағы малдан нәжіс сынамасы алынып, Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университетінің ветеринарлық медицина кафедрасының паразитология зертханасында әкелініп Дарлинг әдісімен зерттелді.

Зерттеу нәтижелері «Шалабай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіндегі мүйізді ірі қара малдарының эймериозды-гельминтозды инвазияларының таралуы.


Кесте 1 – «Шалабай» шаруашылығындағы 8-10 айлық тайыншалардың нәжіс сынамаларын зерттеу нәтижесі

Сынама №	Стронгиляттар жұмыртқалары саны, ИИ	Эймериялар ооцисталары саны, ИИ	Мониезилер жұмыртқалары саны, ИИ
1	1-2	1-2	-
2	1-4	-	-
3	1-2	1-2	1-2
4	-	1-4	-
5	1-6	1-2	-
6	1-2	-	-
7	-	-	-
8	1-3	1-2	-
9	-	-	-
10	1-2	1-4	-
ИЭ, %	70	60	0,5


Үлкейту 10x15

ИИ – инвазия қарқыны., ИЭ – инвазия экстенсивтілігі.

Кесте деректерінде көрсетілгендей «Шалабай» шаруашылығында қазақтың ақбас тұқымды сиырларының 8-10 айлық тайыншалары арасында эймериозды-гельминтозды инвазия таралған. Зерттеуде олардың эймерилермен залалдануының ИЭ-70% болса, ИИ – микроскоптың бір көру аумағында 1-4 эймерий ооцистасынан асқан жоқ, яғни ИИ-төмен. Зерттеуде анықталған эймерилердің түрлері 1 –және 2 – суреттерде көрсетілген.



Сурет 1 – Eimeria zuerni



Сурет 2 – Eimeria bovis

Зерттеуде малдар нәжісінен гельминттер жұмыртқалары да бар екені анықталды. Олардың ішінде стронгиляттармен залалдануының ИЭ – 60% болса, ИИ – микроскоптың бір көру аймағында 1-4 жұмыртқаға тең. 3 – суретте зерттеуде анықталған стронгиляттардың жұмыртқасы мен эймерий ооцистасы көрсетілген.



Сурет 3 – Стронгилият жұмыртқасы мен эймерий ооцистасы

Тайыншалардың мониезиоз инвазиясымен залалдануы өте төмен, ИЭ – 0,5% болды. ИИ – микроскоптың бір көру аумағында 1-2 жұмыртқаға тең. Мұндай малдарда аурудың клиникасы байқалмады, дегенмен олар ауру қоздырушысының көздері. Көктемде олардан жас бұзауларға жұғып, ИИ – микроскоптың бір көру аймағында 300-1000 ооцистаға дейін көтеріліп, аурудың клиникалық белгісі байқалады, арнайы ем жасамаса жас бұзаулар өлім-жітімге ұшырайды.

Кесте 2 – «Шалабай» шаруашылығы ірі сиырлары нәжіс сынамаларын зерттеу нәтижесі

Сынама №	Эймериялар ооцисталары саны, ИИ	Стронгиляттар жұмыртқалары саны, ИИ	Нематодира жұмыртқалары саны, ИИ
1	1-3	1-2	
2	1-5	-	1-2
3	1-2	1-2	-
4	-		1-2
5	1-6	1-2	-
6	1-10	-	
7	-	-	-
8	1-3	1-2	1-2
9	-	-	-
10	1-2	1-4	-
ИЭ,%	70%	50%	30%

Ірі сиырлардың эймерилермен залалдануының ИЭ-70% болса, ИИ-гі микроскоптың бір көру аумағында 1-10 эймериден асқан жоқ, яғни ИИ-төмен. Зерттеуде эймерилердің *Eimeria zuerni*, *Eimeria bovis*, *Eimeria bukidnonensis* түрлері анықталды.

Зерттеуде малдардың іш құрттармен залалданғаны да анықталды. Олардың стронгиляттармен залалдануының ИЭ - 50% болса, ИИ-микроскоптың бір көру аумағында 1-4 жұмыртқаға тең. Стронгиляттардың нематодироз инвазиясымен залалдануы ИЭ- 30 % болса, ИИ – микроскоптың бір көру аймағында 1-2 жұмыртқаға тең болды.

Мүйізді ірі қара стронгилятоздарына қарсы Аверсект-2 ВК дәрісінің тиімділігін анықтау нәтижесі

Тәжірибе «Шалабай» шаруашылығының жоғарыда нәжіс сынамалары алынып зерттелген 8-10 айлық 180 бас тайыншасына жасалды.

Бұл тайыншаларға Аверсект 2ВК дәрісі 100 кг тірі салмағына 0,1 мл-ден есептеліп, тері ішіне инесіз инектормен егілді. Дәрі егілген соң 15 күннен кейін малдардың нәжістері Дарлинг әдісімен қайта тексерілді. Зерттеу тайыншалардың эймери және мониезиймен залалдануы дәрі егілгенге дейінгі деңгейде қалғанын, ал стронгиляттардың толық жойылғанын көрсетті.

Қорытынды. Шығыс Қазақстан облысы «Шалабай» асыл тұқым шаруашылығында өсірілетін қазақтың ақбас тұқымды сиырлары арасында эймериозды – гельминтозды ассоциативтік (аралас) инвазиясы таралған. Мүйізді ірі қара стронгилятоздарына қарсы Аверсет 2 ВК дәрісін 100 кг тірі салмаққа 0,1 мл–ден есептеп тері ішіне егудің ЭТ мен ИТ 100 %.

Әдебиеттер

1. П.П.Осипов Гельминтозы крупного рогатого скота Актюбенской области // Паразиты сельскохозяйственных животных Алма-ата, 1962.-С. 95
2. Э.И. Прядько Зараженность крупного рогатого скота гельминтами на юге востоке, востоке Казахстана // Паразиты сельскохозяйственных животных Казахстана: Алма-Ата.1962. – С.135
3. Л.И. Лавров Гельминты рогатого скота южного и северного Казахстана // Автореферат дисс. к.б.н Алма-Ата 1966.С. 134-151
4. Исаков М.М. //Эймериоз сельскохозяйственных животных//. Монография. Семипалатинск, 2006. – 230с.
5. М.М. Ысқақов., Ж.К. Кабышева., Н.Т. Хусайынова., С.Т. Дюсембаев Бұзаулардың аралас инвазиясы: Оқу құралы. Семей: Интеллект, 2013. – 126 б.
6. Н.Т. Хусайынова., Ж.К. Кабышева., С.Т. Дюсембаев Мүйізді ірі қара эймериозы: Монография – Семей. – 2013.-152 б
7. Хусаинова Н.Т. // Эймериоз телят на востоке и северо-востоке Казахстана и его терапия.// Семипалатинск-2002.
8. Кабышева Ж.К. // Ірі қара мал денесіндегі іш құрттары және қарапайымдылар тоғышарлық етуі // Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университеті Хабаршы журналы. № Семей- 2013 ж.
9. М.С.Жакиянова // Ірі қара малдарының ассоциативті инвазиялары, емі және алдын алу шаралары// Семей. Магистрлік диссертация авторефераты. 2014

ПЛАТФОРМА 5: ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ: 62.09.99

А.Н. Кожаметова, Ж.Х. Какимова, Г.О. Мирашева, Г.М. Байбалинова
Государственный университет имени Шакарима города Семей

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ВТОРИЧНОГО МОЛОЧНОГО СЫРЬЯ В ПРОИЗВОДСТВЕ ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ

USE OF SECONDARY RAW MILK IN FOOD PRODUCTION

Получаемое в процессе переработки коровьего молока в больших объемах вторичное сырье: сыворотка, обезжиренное молоко и пахта – характеризуются уникальными,

сбалансированными природой составом и свойствами, отличающимися от исходного сырья [1].

По своим биологическим свойствам вторичное молочное сырье практически не уступает исходному сырию. В цельном и обезжиренном молоке, а также в пахте содержится одинаковое количество белков (азотистых веществ) – 3,2 лактозы – 4,7% и минеральных соединений – 0,7%, в молочной сыворотке – соответственно 0,8; 4,8 и 0,5%. Наиболее ценными компонентами вторичного сырья являются белки, молочный жир, углеводы, минеральные соли. Также во вторичном молочном сырье содержатся витамины, ферменты, органические кислоты и др.[2].

В настоящее время молочная промышленность функционирует в условиях дефицита качественного сырого молока, поэтому одним из направлений интенсификации производства в молочной отрасли является полное и рациональное использование всех сырьевых ресурсов на принципах безотходной технологии.

Необходимо отметить, что при переработке 1 тонны молока для производства творога выход сыворотки по расчетам составляет 800 кг, при сепарировании молока для получения сливок 50% жирности количество получаемого обезжиренного молока по расчетам составит 927 кг, при производстве сливочного масла из 1 тонны сливок количество пахты по расчетам составляет 560 кг.

Расчеты показывают, что при переработке молока на творог и сыр, получаемая молочная сыворотка, которая сбрасывается в огромном количестве в канализацию, приносит большой вред экологии, в то время как продукция промышленной переработки молочной сыворотки приносила бы прибыль при ее реализации, которая перекрывала бы расходы на организацию ее переработки [4].

Необходимо отметить, что интенсификация технологических процессов по промышленной переработке молочной сыворотки и получение пищевых продуктов с повышенной пищевой и биологической ценностью, обладающей функциональными свойствами возможна при использовании достижений биотехнологии и молекулярно-ситовой фильтрации [5].

Қазіргі әмбебап куттерлердің жаңа түрлері жоғары өнімділікті болып отыр. Оларда еттартқышта ұсақталған шикізатты ғана емес, сондай-ақ мұздатылған ірі кесекті шикізатты өңдеуге болады. Бұл машиналарда шикізатты басқа компоненттермен алдын-ала және ақырғы ұсақтау мен араластыруға болады. Олар пісірілген және қақталған шұжықтар мен басқа тамақ өнімдерін өндіруде фаршты даярлау үшін қолданылады.



а




б

Сурет 1 – «Seydelmann» фирмасының миксер-еттартқышы (а) және 900E моделді еттартқыш-миксер (б).

Мысалы, әмбебап ет өңдеу агрегаты 5 м² ауданда әртүрлі шұжықтарды жасауға негізделген. Бұл агрегат еттартқыш, куттер, араластырғыш, шприц және қосу мен реттеу аппаратурасынан тұрады. Агрегаттың барлық механизмдері бір тұрықта орнатылған. Қосу мен реттеу аппаратурасы агрегатты қосу мен тоқтатуды, еттартқышты, куттерді, араластырғышты және шприцті бұғаттауды қамтамасыз етеді. Бұл агрегаттың басқа машиналарға қарағанда бірқатар артықшылықтары бар.

Қазақ ет және сүт өнеркәсібінің ғылыми зерттеу және конструкторлық институтында пісірілген шұжықтар, сосиска, сарделька, паштет мен тамақ пасталарды өндіруде ет және өсімдік шикізатын ұсақ майдалауға арналған агрегат жетілдірілген. Бұл агрегат фарш араластырғыштан, шнекті сорғыдан және вакуумды ұсақтағыштан тұрады. Вакуумды ұсақтағыштың жұмысшы органы ретінде айналатын цилиндр ішінде орнатылған тегерішті пышақтар бар пышақты жұп қолданылады. Пышақтар белдікті беріліс арқылы электрқозғалтқыштан айналыс алады. Ұсақталған шикізатты түсіру үшін шнекті түсіргіш қолданылады. Ұсақтау дәрежесі фарштың берілу мөлшері мен пышақты басындағы пышақтар санының өзгеруімен реттеледі. Вакуумды ұсақтау процесі энергетикалық шығындарды азайтуды, өнімнің механикалық және бактериялық ластануын кемітуді қамтамасыз етеді.

В.С. Ломачинский мен Н.Х. Мустафин (Ресей Федерациясы) жетілдірілген куттер-араластырғыш тұрық пен астаудан тұрады (сурет 2). Астау ішінде науалар арқылы бір бірімен қосылған екі бөлігі және спираль тәрізді шнектер бар. Шнектерде науаларға қарама қарсы қалақшалар орнатылған.



Сурет 2 – В.С. Ломачинский мен Н.Х. Мустафинның куттер-араластырғышы.

Астау шеттеріне қалақшаларды өнім қалдықтарынан тазартуға арналған пышақтармен жабдықталған. Кесу механизмі шнектің өс бойында және бір науаға қарама-қарсы орналасқан. Ұсақталған өнім сапасының жоғары дәрежесі осы өнімнің астау ішінде бір бағыттағы ағып араластыруымен қамтамасыз етіледі. Сонын нәтижесінде, өңдеу мерзімі қысқарады, өндірілетін өнімнің сапасы жоғарылайды.

«Темп» (Украина) кәсіпорында құрастырылған фаршты өндіруге арналған қондырғы ет өнеркәсібінде қолданылады және оны пайдалану өте ыңғайлы. Бұл қондырғы шикізатты ұсақтағыштан, араластырғыштан, фарш тасымалдайтын арбашадан және өнімді тиеу көтергішінен тұрады. Өнімді тиеу көтергіші тік бағыттағыш пен каретканы көлденең жағдайында ұстап тұратын тетіктен тұрады. Көтергіш тік шынжырлы транспортер тәрізді жасалған. Күймеше көлденең жағдайда ұстап тұратын тетігі каретка үстінде бекітілген кронштейн тәрізді жасалған. Бұл күймешенің бағыттағыш жолмен жүретін роликтері бар және оның көлденең бойында бұрылу бұрышы шектелген.

«Ультра» және «Разант» «Seydelmann» (Германия) фирмасының вакуумдық және вакуум-пісіру куттерлері әртүрлі моделді болады (сурет 3). Оларда пышақты біліктерінің екі және үш айналу жылдамдықтары бар, астау сыйымдылығы 40-1200 л аралығында болады. Бұл машиналар 85 дБ шу деңгейін азайтатын тұнық қақпағымен жабдықталған. Сонымен қатар, оларда пышақтар жылдамдығын көбейтіп, азайтатын механизмдер бар. Куттерлердің кейбір модельдері дистанциондық басқару немесе есептегіш тетіктермен жабдықталған. Вакуум-пісіру куттерлерінде шикізатты ұсақтау мен термиялық өңдеу қатар жүреді. Бұл куттерлердің пышақты білігінің айналу жылдамдығын 2500-5000 айн/мин аралығында өзгертуге болады.



Сурет 3 – «Seydelmann» фирмасының Би-Кат K552DC8 куттері.



Сурет 4 – «Stephan» фирмасының UM-40E куттер-араластырғышы

«Stephan» (Германия) фирмасында цилиндр тәрізді астауы бар куттер-араластырғыштар құрастырылған (сурет 4). Олардың астау сыйымдылығы 12-300 л аралығында және габаритті өлшемдері мен массасы төмен. Мысалы, UM 40E куттер-араластырғышы вакуумдық жүйемен, шнекті қалақшалармен және т.б. бөлшектермен жабдықталған. Астау электрқозғалтқышпен бірге кез келген күйінде бекітілуі мүмкін. Астау қауіпсізді тез ажыратылатын жапқыштар жәрдемімен қақпақпен қосылған. Бұл машинаның басқаруы қолмен немесе жартылай автоматты түрінде іске асады.

Стик-миксерлер.

«ROBOT COUPE», «DITO SAMA» (Франция) және «PADERNO» (Италия) фирмаларында куттер-миксерлер және стик-миксерлер жетілдірілген. Олар мейрамхана, кафе және асханаларда әртүрлі өнімдерді біртекті (гомогенді) күйге дейін ұсақтап даярлауға арналған. Куттер-миксер астау мен жетектен тұрады. Астау поликарбонат деген берік материалдан немесе жоғары сапалы тоттанбайтын болаттан жасланады. Астау ішінің түбінде 3000 айн/мин дейін айналатын S-тәрізді пышақ орналасқан. Пышақ тегіс жүзді немесе тісті жүзді болуы мүмкін. Астау көлемі 1,5-тен - 20 л аралығында болады. Куттер-миксер органикалық шыныдан жасалған қақпақпен жабдықталған. Бұларда вакуумдық жүйе, жылдамдық реттегіш және таймер қолданылуы мүмкін.

Стик-миксердың тұрығы поликарбонат материалынан жасалынады. Олар тоттанбайтын штанга мен пышақ тәрізді насадкадан тұрады. Олардың пышақ айналу стандартты жылдамдығы 10000 айн/мин тең болады. Стик-миксерлердің астау сыйымдылығы 5-тен 100 л болуы мүмкін. Бұл машинаның барлық басқару операциялар қолмен атқарылады.

Мысалы, «ROBOT COUPE» фирмасының стик-миксеры бір жетектегі екі насадкамен жабдықталған. Насадка пышақ пен оған қарсы айналатын жүздерден тұрады. Бұл машина пюре, тез даярлайтын өнімдерге, бисквиттерге және әртүрлі кремдерді жасауға арналған.

Сонымен, қазіргі кезде әмбебап машиналарда жұқа ұсақтау, араластыру және қалыптау процестерін біріктіріп, өндірістік ауданды үнемдеу, металл сыйымдылығын төмендету, операциялар арасында тасымалдау кезінде энергия мен өнім шығындарын азайту мәселесін толығымен шешуге болады.

Әдебиеттер

1. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Ұлттық қоғамдық-саяси журнал «Ақиқат», № 3, 2018. – 7 бет

Г.Н. Нұрымхан, Ж. Қайырбек

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, gulnu-n@mail.ru

КЕШКІ САЛТАНАТТЫ КЕШТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘЙЕЛДЕР КИІМІН ЖОБАЛАУ

Елбасы Н.Назарбаев «Ауыл шаруашылығы шикізаттарын өндіру мен өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру арқылы аграрлық өндірісті индустрияландыруға айрықша назар аудару қажеттігін» ашып айтты. Елбасы биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын дамыту мәселесіне жіті назар аударды. Сондай-ақ, Елбасымыз 2050 жылы еліміздің ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есеге арттыруды тапсырған болатын.

Елімізде тері өндірісі даму қарқыны жоғары деңгейде дамымаған. Бірақ, мал шаруашылығы даму үстінде, сонымен қатар тері өндірістерінің шикізаттары жеткілікті. Дегенмен, тері өндірісінің шикізаттары шет елдерге тасымалданып, үлкен сұранысқа ие. Егер теріні өзіміздің елде өндірсек, жеңіл өнеркәсіп тауарлары нарығының импортын ығыстыруға септігі тиетіні сөзсіз.

Жеңіл өнеркәсіп өнімдерінің 55 пайызы тоқыма өндірісіне тиесілі. Бұл сала бір жылда 6,3 пайызға ұлғайып, 5,64 млрд теңгеге көбейді. Одан кейінгі орында киім тігіні. Киім тігу көрсеткіші бір жылда 10,2 пайызға ұлғайып, 3,93 млрд теңгеге көбейген. Бұл сала жалпы жеңіл өнеркәсіп өндірісінің 37,3 пайызын құрап отыр.

Елбасы: «Отандық тоқыма және тігін өнеркәсібі республиканың ішкі нарығы қажеттілігін тек 8 пайыз, аяқ киіммен 1 пайызға ғана жуығын қамтамасыз етеді. Ал жеңіл өнеркәсіп өнімінің 90 пайыздан астамы импорттың үлесіне тиесілі болып отыр» дей келе, елдің ішкі нарығын қорғау үшін жеңіл өнеркәсіптегі өз өндірісіміздің планкасын экономикалық қауіпсіздік деңгейіне дейін жеткізу, яғни, отандық өндіріс үлесін 30 %-ға дейін жеткізу керек екендігін атап айтқан [1].

Әлемнің көптеген елдеріндегі жеңіл өнеркәсіптің дамуына үлкен көңіл бөлінеді, өйткені бұл саланың елеулі әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы бар, жұмыспен қамтудың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді (әсіресе әйел адамдарды). Өнеркәсіптің маңыздылығы тұтыну тұрғысынан азық-түлік өнімдерін тұтынудан кейін екінші орын алады.


Жеңіл өнеркәсіп өнімдердің негізгі әлемдік өндірушілері Қытай мен Үндістан сияқты елдер. Қытай үлесі әлемдік мақта өндірісінің 40 пайызын, әлемдік жіп өндірісінің 64 пайызын құрайды, әлемдік мата өндірісінің 41% -ы және әлемдік киім өндірісінің 50% -ын құрайды.

Жалпы, біздің еліміздің экономикасына саланың әсері экономиканың басқа салаларына қатысты шамалы. Жеңіл өнеркәсіп өңдеу өнеркәсібінде шағын үлес - 1,2%-дан артық емес.

Осы жұмыста ұсынылып отырған кешкі көйлекте шілтер, фатин, тафта маталары қолданылды. Таңдау себебі әрбір матаның өз ерекшеліктеріне байланысты төменде қарастырылады. Шілтер мата – көптеген талшықтардан өру арқылы пайда болған әдемі тоқыма бұйымы. Бұл мата киім тігуде (негізінен кешкі көйлектер үшін) немесе әшекейлеуде қолданылады. Тафта – бұл аздаған жылтырлығы бар тығыз мата. Жіптері жиі өрілген. Бұрын мұның бәрі қолмен жасалатын болғандықтан, тиісінше, бағасы да жоғары болатын. Қазір ол зығыр, жібек немесе химиялық талшықтардан жасалуы мүмкін. Тігін өнеркәсібінде де, перделерді тігу үшін де қолдануға болады. Фатин. Мұндай материал шамамен екі жүз жыл бұрын пайда болды дегенді елестету қиын. Фатинді Америка Құрама Штаттарда 1832 жылы ойлап тапты. Матаның шикізаты ең жақсы және өте берік нейлон талшықтарынан құралады.

Бір конструкция негізінде модельдерді дайындау үшін базалық пішінге негізделі отырып (өлшем, толықтық тобы, матаның түсі мен фактурасы, өңделуі және т.б. ескере отыра) біз біртұтас комплекстік шешімге келе аламыз: жобалау сатысында өнімнің сән тенденцияларына сәйкес келуі ғана емес, сәндік құрылымдағы бұйымдардың негізгі талаптарына сай негізгі және көмекші материалдарды дайындауға мүмкіндік туады.

Бұйымның пішіні киімнің конструктивтік құрылымының жалпы сипаттамасы деп түсіндіріледі. Киім пішіні жеңді қондырып тігу сызықтарымен және алдыңғы бойдың және артқы бойдың тік сызықтарымен немесе көлденең бөліндімен сипатталады.



Сурет 1 – Көйлектің негізгі сызбасы

Өңдеу тәсілін таңдауда тігін өндірісінің техникасы мен технологиясын одан әрі жетілдірудің негізгі бағыттары ескеріледі. Өңдеу тәсілдері жаңа отандық және шетелдік құралдарға сәйкес оларға келетін кіші механизация жабдықтарына қарай тағайындалады. Жіптермен желімдеу операциясын орындауға тәртіп (режимін) таңдау жобаланған бұйымның технологиялық реттілігін мазмұнымен анықтайды.

Ол үшін бөлшектерді қосудың түрлерін, тігіс типтерін қойып тігу 1 см, аралығындағы тігіс санын, тігіс енін қолданылатын ине жіп номерін ескеру қажет. Ылғалды жылумен өңдеу (ЫЖӨ) тәртібін қолданылатын құралмен мата түріне қарай таңдайды. Ылғалды жылумен өңдеу кезінде температураны, уақытты және пресстеу қысымын, ылғалдылықты ескеру қажет. Дымқылдық жылулық жұмыстан бұйымдардың сырт көрінісін дымқылдап жылулық өңдеуден өткізудің сапасына байланысты болды. Сондықтан оны дұрыс орындалудың үлкен маңызы бар. Модельге қарай көйлектерде түймеліктер әр түрлі сыдырма (молния) түймеліктер қолданылады. Сыдырма түймеліктің сыдырмасы біріктіріп тіккен кезде тігіс әдіп астында көрінбейтін болып қалуы тиіс. Сыдырма түймелікті оның сырмасымен толық жаба отырып өңделеді, мұндай түймелікті өңдеудің ерекшелігі сыдырма түймелікті оның оң жақ таспа сыдырмасын көйлектің алдыңғы бөлігі астына ауыстыра (орталық тігіс сызығына 3-5 мм) бекіту болып табылады [2].

Жобаланып отырған кешкі көйлектің мойын ойындысы, жеңнің түбі жасырын тігіспен, ал етегі бүгіп тігумен өңделген. Сол жақ бөлігінде жасырын сыдырма ілгекпен біріктірілген.

Бұйымды тігу кезінде ең алдымен нобайын таңдау және қағазға түсіру қажет. Бұл ең маңызды жұмыс болып саналады. Нобайын таңдау барысында мен бірнеше кешкі көйлектердің үлгілерін салыстырмалы түрде қарастырдым. Соның ішінде 1 үлгіні таңдап алып, қағазға түсірдім.



Сурет – 2 Көйлектің нобайы

Осыдан кейін материалды, фактураны таңдау қажет. Фактура ол материалдың сыртқы көрінісі болып табылады. Қазіргі кезде материалдар ассортименттері өте көп болғандықтан, таңдауды дұрыс және мұқият орындау қажет. Бұл кешкі көйлекке шілтер, тафта, фатин деген маталар таңдалып алынды. Шілтер мата – 0,70 м, тафта – 3,0 м, фатин – 5,0 м алынды.

Келесі кезеңде өлшемдер алынады. Ол: кеуденің I, II, III айналымы; бел айналымы, мықын айналымы, қол айналымы, мойын айналымы.

Өлшемдер алынған соң сол бойынша бұйымның лекалосын тұрғызады. Ол алдымен миллиметрлік қағазда жасалады. Қажетті қосымшалар мен формулалар бойынша лекало тұрғызылады.

Дайын болған лекалоны матаға түсіреді. Пішудің алдында мата ұзына бойына, өңін ішіне қаратып, тең етіп бүктейді де, арқау жібін негізгі жіпке перпендикуляр болып түсуін қадағалайды, екі шетін беттестіреді. Ең әуелі матаға негізгі бөліктерді – алдыңғы бой, артқы бой, жең, белдемшенің бөліктерін жайып, сонан соң үлкен бөлшектердің арасына ең ұсақтарын да міндетті түрде бірден жаю керек.

Пішкен соң бұйымның бөліктерін жіңішке ине арқылы көктеу керек. Ол: бүкпелер, көкірекшенің жан және иық қиықтарын, жең қиындыларын көктеу. Көктеп болған соң бұйым бірінші өлшеуге жіберіледі. Бірінші өлшеуде бұйымның дене бітімге қонымдылығын тексереді [3].

Жоғарғы бөлікті өңдеу кезінде ол бірнеше кезеңдерден тұрады. Бірінші жоғарғы бөліктің бүкпелерін, алдыңғы бойды өзара біріктіру қажет және артқы бойды алдыңғы боймен біріктіреді. Осыдан кейін тігістерді арнайы машинада торлайды. Тігістерді айыра үтіктейді. Келесі кезеңде жоғарғы бойды жеңмен біріктіреді. Жеңнің тігістерін арнайы машинада торлайды. Жеңнің түбін жасырын тігіс арқылы соңғы өңдеу жұмысын жүргізеді. Дайын жеңнің тігістерін жатқыза үтіктейді. Ең соңында жоғарғы бөліктің мойын ойындысын жасырын тігіс арқылы өңдейді.

Жоғарғы бөлікті өңдегеннен кейін белдемшені өңдеуді. Алдымен белдемшенің жан тігістерін біріктіріп, үтіктейді. Белдемшені жоғарғы бөлікпен біріктіріп тігеді. Тігістерін үтіктейді. Жоғарғы бөлік пен белдемшені қосатын сыдырма ілгекті бұйымның сол жағына орналастырады. Ең соңында белдемшенің төменгі бөлігін жасырын тігіс арқылы өңдейді.

Жобаланатын өнім сапасын қалыптастырудағы рөлін анықтау және оны өндірудің экономикалық тиімділігі алдын-ала зерттеулерге және өнімнің жобалау сатысына жатады. Жоғары сапалы бәсекеге қабілетті өнімдер мен қызметтерді қолжетімді бағамен дайындау үшін киім дайындаушысы алдын-ала белгіленген жоғары сапалы көрсеткіштермен жобалық құжаттаманы қолдануы керек.

Өнімнің сапасы көбінесе орындаушылардың біліктілігі мен пайдаланылатын жобалық құжаттаманың сапасымен анықталады. Тігін бұйымдарын, бас киімдерді өндіруге арналған жобалау құжаттамасын пайдалану өнім формаларын іздестіруге жұмсалған уақытты қысқартуға мүмкіндік береді, олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді және материалдарды ұтымды пайдалануға жағдай жасайды.

Кешкі көйлектің экономикалық бөлімінде қарастырылған бұйымға кеткен мата шығындары есептелініп, калькуляциясы жасалынады. Онда осы бұйымның толық өзіндік құны, еркін жіберу бағасы мен тиімділігі есептелінеді.

Кесте – 1 Негізгі технологиялық экономикалық көрсеткіштер

№	Шығын баптары	Жоспар, теңге
1	Материалды шығындар	14 886
2	Еңбек ақы	3000
3	Табыс салығы және зейнетақы аударым	600
4	Кезең шығындары	900
5	Өткізу шығындары	270
6	Толық өзіндік құн	19 656
7	Баға	25 160
8	Сату бағасы	28 683
9	Пайда	9027
10	Рентабельділік	30%
11	1 тг-ге шаққандағы өнімнің шығыны	0,78

Экономикалық бөлімде бұйымның халықтың талғамына сай болып, бағасы халықты қанағаттандыратындай етіп көрсетілді.

Еңбекті қорғау бөлімінде техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария, электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, өндірістегі еңбек шаралары қамтамасыз етілді.

Жұмысты қорытындылай келе, әйелдерге кешкі салтанатқа арналған көйлек жобаланды және конструкторлық құжаттары әзірленді. Тігілген көйлектің ерекшелігі маталарды үйлестіру арқылы көйлекке корсет және тағы да басқа қосымшалардың орнын алмастыруында. Сонымен қатар, көйлек құны 28 683 теңгені құрауы қолжетімді бұйым екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Тәкішова Г., Асанова Б. Киімді модельдеу және көркемдік безендіру: Оқулық. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2012. – 160 б.
3. Асанова, А.Е. Киімді конструкциялау және тігу технологиясы: оқулық А.Е. Асанова, Г.Н. Тастанбекова. – 2-бас. – Астана: Фолиант, 2012. – 231 б. – (Кәсіптік білім)

ҒТАХР: 14.23.07

Ғ.З. Таубаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., galiya_63@bk.ru

БІЛІМДІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК-КӘСІБИ МАМАН ДАЙЫНДАУДЫҢ БАСТЫ САПАСЫ

EDUCATIONAL COMPETENCE - BASIC QUALITY OF PROFESSIONAL SPECIALIST TRAINING

Бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған өзгермелі кезеңде жоғары білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да күшейіп отыр. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Жоғары білімді дамытудың негізгі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық дамыту жолдарын, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады», - деп көрсетілген. [1].

Қоғамның жаңа әлеуметтік мәдени жағдайында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беруде өздігімен дербес тиімді педагогикалық жолдарды таба білетін, білімді де қабілетті, ұлттық құндылықтарымыз бабалар дәстүрлерін сақтай отырып, тәуелсіз Қазақстан экономикасын дамытатын білікті кәсіби маман даярлау ісіне деген сұраныс жылдан-жылға өсуде. Бұл міндеттің мәні ұлттық дәстүрлер мен өркениет жетістіктерін сабақтастыра дарытатын, кәсіби құзіреттілігін арттыратын, әрі патриот, әрі ізгі ұрпақ тәрбиесімен айқындалмақ.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында « ... білім беру жүйесі міндеттерінің бірі ретінде белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» атап көрсетілген [2].

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаттарның «дүниеге жауапкершілікпен қарайтын иновациялық, шығармашылықпен ойлауға дағдыланған, мәдениеті жетілген, адамгершілігі мол, білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру» [3], шебер сөйлейтін, шешен мамандар дайындау.

Осы ретте мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары алдында үлкен де салмақты міндеттер тұр. Бұл міндеттердің шешімі студенттерге мемлекеттік стандартқа, оқу бағдарламаларына сәйкес ғылым салаларынан білім берумен ғана шектелмейді, студенттер болашақ кәсібін терең түсінетін, меңгерген білімін мазмұнды, дәлелді түрде, әдеби тілмен шебер жеткізе алатындай, тіл байлығы мол маман болып шығуы тиіс. Сондықтан, жоғары оқу орнында оқытылатын пәндер арқылы студенттерді өз ойларын жүйелі, түсінікті етіп, шебер

сөйлеу үрдісіне дағдыландыру маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, болашақ мектепке дейінгі ұйым мамандары терең кәсіби білімімен бірге, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын, пікірін жүйелі түрде жеткізе алатын, сөйлеу шеберлігі қалыптасқан маман болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдарда келешек жасөспірімдерді қоғам талабына сай етіп білім нәрімен сусындатып, саналы тәрбие беретін тәрбиеші-педагогтарды дайындауда Абай атындағы Қазақ ұлттық педогогикалық университетінің үлесі зор. Мектепке дейінгі ұйымда білімдік-тәрбиелік үдеріс тіл арқылы жүзеге асатындықтан, оны балалар ересектерден, яғни ата-аналар мен тәрбиешілерден үйренеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие үрдісі, яғни балалардың ой-өрісін кеңейту, ақыл-ойын дамыту, мінез-құлқын, адами қасиеттерін қалыптастыру, еркін тәрбиелеудің бәрі тәрбиеші-педогогтың сөзі арқылы іске асырылады. Балалардың сөздік қоры, сөйлеу мәнері, сөз сарыныересектерге еліктеу арқылы қалыптасады. Қоршаған өмір тіршілігімен балаларды таныстырып білім беруде олардың нені қай дәрежеде ұққанын, нені есіне сақтағанын байқау, ойыншықпен, түрлі затпен, оқу құралдарымен, суретпен көрсетіп балаға үйретуде тәрбиеші-педогогтың әбден төселген сөйлеу дағдысы, сөйлеу мәнері, сөздік қоры мен байлығы, тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін дәл орнымен қолдана білуі қажет. Сондықтан, тәрбиеші-педогогтың сөздік қоры бай, тілі орамды, жатық, дыбыстау мәдениеті өрісті де өрелі болғаны дұрыс.

Ендеше, әрбір көркем шығарманы қызығып оқып түсініп, ұғып, әсер алғанда ғана баланың рухани жан дүниесі байып, дамиды. Сонда ғана, көркем әдебиет қоғамдық дамуға бірден-бір әсер етуші әлеуметтік күшке айналады. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеші-педогог даярлауда аталған жоғары оқу орындарындағы балалар әдебиет сабағының мақсаты – студенттер көркем шығармалар арқылы балалардың тілін дамыту, оларды инабаттылық пен парасаттылыққа, имандылық пен сұлулыққа, ұлағаттылыққа, мейірімділікке, жомарттылыққа, ізгілікке, эстетикалық сезімдердің, талғамын дамытудағы халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен жаңылпаштар, ертегілер мен аңыз әңгімелер, т.б) мен қазақтың ақын-жазушылары шығармаларының тәрбиелік, білімдік мәні ұғындыру болып табылады. Осындай міндеттерді бала бойына сіңіруде оқу пәнінің алатын орны жоғары екендігін байқаймыз.

Жоғары оқу орындарының дәстүрлі білім беру жүйесінде мамандар даярлаудың басты мақсаты- мамандақты игерту ғана болған болса, ал әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін оның құзырлық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну екендігі баршамызға аян.

Құзыреттілік термині шетелдердің ғылыми әдебиеттерінде (лат. *competens, competentis*) жарамды, қабілетті, құзіретті, құқықты, сай болу, қабілетті болу деген мағыналарды білдірсе орыс тілі сөздіктерде «белгілі бір сұрақтарды, мәселелерді берудің жетік білуі» деген, ал қазақ сөздіктерінде «беруге тиесілі істер, сұрақтар шеңберінде белгілі бір адамның не мекеме өкілдігінің құқықты болуы» деген мағынаны анықтайды.

Құзырлық туралы мәселе бойынша жұмыстарды талдау Н. Хомский, Р. Уайт, В.М. Шепель, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, В.Н. Куницина, Г.Э. Белицкая, Л.И. Берестова, В.И. Байденко, А.В. Хуторский, Н.А. Гришанова, және т.б. еңбектерінде кездеседі. Мысалы, Н.Хомский құзырет терминіне алғашқылардың бірі болып, «белгілі бір пәнді оқыту процесінде қалыптасқан білім, дағды, икемділік жиынтығы, сондай-ақ, белгілі бір іс-әрекетті іске асыруға қабілеттілігі» десе, В.М. Шепель құзіреттілік төңірегіне адамның білім, теория, тәжірибе, икемділік дайындығын кіргізеді.

Ресей ғалымы Н.В. Кузьмина «Құзыреттілік – педогогтың басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» деген пікір айтса, М.В. Рыжков: «Компетенция адамның білімі мен практикасындағы іс-әрекеттер арасында болатын қатынас ортасы» деген пікір айтады. Снымен, құзырлық дегеніміз – адамның өз білімі, біліктілігі және дағдылары негізінде нақты кәсіп аясында жоғары сапалы және мөлшерлік еңбек нәтижелеріне жету үшін нақты жұмыс түрлерін білікті атқара алу қабілеті.

Қазақстанда құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х. Құрманалина, Б.Т. Кенжебеков, Г.Ж. Меңлібекова, Б. Қасқатаева, М.В. Семенова, және т.б. ғалымдар зерттеген. Б.Т. Кенжебеков: «кәсіби құзыреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен

шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі» десе, Г.Ж.Меңлібекова: «әлеуметтік құзыреттілік – адамның әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің, әрекетті басқарудағы нақты әлеуметтік білімінің, өзін анықтаудағы субъективтік қабілетінің, әлеуметтік технологияны жүзеге асыру біліктілігінің бірігуі ретіндегі кіріктірілген сапалық қасиеттері» деген пікір айтқан.

Құзырлылық студент атқаратын іс-әрекеттің барлық түріне байланысты емес, ол тек базалық оқу пәндері мен оның негізгі бөліктерімен ерекшеленеді. Сондықтан да білімділік құзырлықтың қызметін анықтауда алдымен оның құрамы мен иерархиясын білу маңызды болып табылады.

Білім беру құзырлары үш деңгейлік иерархиясы белгілі: Біріншісі – негізгі құзырлар – білім берудің жалпы (метапәндік) мазмұнына қатысты; екінші жалпы пәндік құзырлар – оқу пәндері мен білім беру аймақтарының анықталған шеңберіне қатысты; үшінші пәндік құзырлар – нақты сипаты мен шқу пәндері шеңберінде қалыптасу мүмкіндігі бар.

Осылайша, білім берудің негізгі құзырлары білім беру аймақтары мен оқытудың әрбір сатысындағы оқу пәндерінің деңгейімен нақтыланады.

Білімдік құзырлықты меңгеруде оқытудың дидактикалық ұстанымдарын жүзеге асыру мақсаты көзделеді, бұл жерде білімділік бағыт жеке даралық іс-әрекет сипат алады. Құзырлықтың ең ірі бөлігі *білімділік құзыреттілік*, яғни білім мазмұнының тұтастығы болса, екінші саты *түйінді құзыреттілікке* білім аясы негізге алынады, *пәндік құзырлық* осы нақты тұжырымдалған біліктілер бойынша оқушы білімін бағалаудың әр пән бойынша жіктелуі болып табылады. Ал, оларды іріктеу мен нақтылау түйінді білімділік компетенцияны құрайтын құндылықты: мәнді, жалпымәдени, оқу-танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік-кәсіптік және дара тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге бағытталуы сияқты түйінді негіздер арқылы шқу пәндері бойынша іске асады. Түйінді білімділік компетенцияларды анықтауда сыни ойлауға үйрену жүйесінен туындайтын бағалау категориялары шығады. Бұл жерде студент барлық өмірге қажетті мәселелер төңірегінде өзіндік шешім қабылдай алуы тиіс және шешімдер нақты, дәлелді болуы керек.

Бүгінгі күнге дейін білім жиынтығы төңірегінде сандық қатынаста ғана қарастырылып келсе, соңғы жылдары білім сапасы нәтижеге бағдарланған іскерлік қатынасты көтеруді мақсат етеді.

Сөйтіп, нәтижеге бағдарланған білімді пәндік құзырлық тұрғысынан қарастыратын болсақ, жоғары оқу орындарында «Балалар әдебиет» пәні баланың ішкі сезімдері арқылы ойлау, пайымдау, тұжырымдау, тыңдау, түсіну, пікірлесу, т.б. тілдік коммуникативтік қатынастарды жинақтаған пәндік бөлімдері негізінде өмірлік қажеттілікке айналдыра білуді нысана етеді. Студенттер әдеби білім алу арқылы балалар әдебиетін пән ретінде ғана игеріп қоймайды, ол сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады және сезімдік құндылықтар болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, ал бұл балалар әдебиетінің білімдік құзіреттілік бағытына әкеледі.

Әлемдік білім кеңістігінде болып жатқан жаңа бағыт, жаңа көзқарастар бүгінгі оқыту жүйесіне нәтижеге бағытталған міндеті жүктеліп отыр.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. –Астана, 2016) (01.03.2016 №205 жарлығы)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. –Алматы., 2007 (өзгер. мен толықтырулар 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы)
3. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. –Алматы., 2011 (29.06.2011 № 110 Жарлығы).
4. Кузмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. –М., 1990
5. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру. Пед. ғыл. докт. авторефер. –Қарағанды, 2005
6. Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби-дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. авторефер. – Астана, 2003

7. Абдурахманова Г. Коммуникациялық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері. //Қазақстан мектебі, – Алматы., 2006. № 3
 8. Т.Қ. Жұмажанова Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы., «Білім», 2009

МРНТИ: 44.31.03

О.А. Степанова, А.Г. Жаныбекова, А.Н. Шалаганова, М.В. Ермоленко, Б.Е. Оразкенов
 Государственный Университет имени Шакарима города Семей,
 aug11@mail.ru, janybekova_a@inbox.ru, shalaganova_alma@mail.ru

МЕТОДЫ ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ ОТОПИТЕЛЬНЫХ ПРИБОРОВ

METHODS OF ASSESSING EFFECTIVENESS HEATING DEVICES

Оценка эффективность работы отопительных приборов и систем горячего водоснабжения всегда находится в центре внимания, так как относятся к самым энергоемким сферам жилищно-коммунального хозяйства. Как правило, оценку эффективности систем отопления проводят по четырем направлениям (рис. 1) [1].




Рисунок 1 – Направления оценки эффективности систем отопления

Сектор теплоснабжения является лидером по выбросам парниковых газов, которые находятся в пределах от 25 до 35 процентов от общего объема, а на обеспечение потребностей централизованного теплоснабжения тратится до 30 млн. тонн условного топлива в год. В то же время потери тепловой энергии в функционирующих системах достигают 38 процентов [2].

Поэтому, снижение стоимости тепловой энергии и уменьшение количества парниковых газов связано с развитием и совершенствованием отопительных систем [3].

Для оценки термодинамической эффективности систем отопления можно использовать два метода анализа: энергетический и эксергетический. В основу энергетического метода положен первый закон термодинамики, а энергетический КПД, в свою очередь, показывает отношение действительного количества переданной теплоты к максимально возможному количеству теплоты.

В основе эксергетического метода лежит использование эксергии, при данном методе эффективность оценивается эксергетическим КПД на выходе из установки к эксергии на входе [4].

Эксергетический метод более трудоемкий, поэтому свое развитие получил в последнее время, так как с его помощью можно дать более точную оценку эффективности работы отопительных систем, а также определить пути решения проблем.

Пирамида целеполагания использования эксергетического метода анализа систем отопления показана на рисунке 2.



Рисунок 2 – Пирамида целеполагания использования эксергетического анализа при оценке эффективности систем отопления

Если более подробно рассматривать стратегию, то это означает, что комфортный микроклимат в помещениях в холодный период года в значительной мере обеспечивается благодаря правильному выбору схемы отопления здания, корректному расчету мощности источника тепла и батарей, качественному монтажу [5].

При рассмотрении цели имеется в виду, что отопительный эффект прибора показывает отношение количества затрачиваемой прибором теплоты для создания в помещении заданных тепловых условий к расчетным потерям теплоты помещением.

При выполнении миссии обязательно учитывается, что бесперебойное обеспечение энергией строится на основе партнерства всех субъектов процесса [5].

Литература

1. Анализ эффективности существующих систем отопления // ArkoDan URL: <https://arkodan.com/sistemy-otopleniya/analiz-effektivnosti-sushhestvuyushhix-sistem-otopleniya> (дата обращения: 10.04.2018).
2. Сколько Казахстан теряет энергии в существующих системах теплоснабжения? // От энергетической эффективности к эффективной экономике URL: <http://kaveik.kz/news/44/> (дата обращения: 11.04.2018).
3. Анализ эффективности существующих систем отопления // ArkoDan URL: <http://arkodan.com/sistemy-otopleniya/analiz-effektivnosti-sushhestvuyushhix-sistem-otopleniya> (дата обращения: 11.04.2018).
4. Кручинин М.И., Шадрина Е.М. Теоретические основы энерго-и ресурсосбережения. Эксергетический анализ теплообменных аппаратов: учеб.пособие / ГОУ ВПО Иван. Гос.хим.-технол. ун-т. Иваново, 2007. 44 с.
5. Экономика и управление промышленными предприятиями // Студенческая библиотека онлайн URL: http://studbooks.net/1829806/matematika_himiya_fizika/ekonomika_i_upravlenie_promyshlennymi_predpriyatiyami (дата обращения: 11.04.18).

FTAХР: 50.49.37

Б.М. Алимханбетов, Г.Е. Берікханова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университет, bgulsara@mail.ru

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖОБАЛАУ

DESIGNING AN AUTOMATED MANAGEMENT SYSTEM

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттің талдауы бойынша зерттеушілердің көпшілігі ЖОО-дағы оқу үрдісін ақпараттандыруды әр түрлі бағытта қарайтынын көрсетті. Білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі сатысының жетекші бағыттарының бірі ақпараттандыру болып табылады.

Ақпараттық қоғамға тән негізгі сипаттық белгілер келесілер болып табылатыны белгілі:

- қоғам өміріндегі ақпарат пен білімнің ролін арттыру;
- жалпы ішкі өнімдегі ақпараттық коммуникацияның, өнімдер мен қызметтердің үлесінің өсуі.

Жиналған тәжірибе бойынша ақпараттық жүйелер келесі талаптарға жауап береді [1]:

- маманның ақпараттық және есептеуіш қажеттілігін дер кезінде қанағаттандыруы;
- қолданушының сұрауларын тез тауып беру;
- ААЖ-де жұмысты игерудің қарапайымдылығы және қарым-қатынастың жеңілдігі, қызмет көрсетудің сенімділігі мен қарапайымдылығы;
- қолданушының тез үйрену мүмкіншілігі;
- есептеуіш желісінде жұмыс жасау мүмкіншілігі.

Сондықтан, ақпараттық қоғам аясында, білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында маман қызметінің, соның ішінде ЖОО қызметі сапасының өзгеруіне алып келеді.

Білім беруді ортасын ақпараттандыру келесі процестерге бастама береді:

- ғаламдық, бұқаралық коммуникацияның ақпараттық қоғамның қазіргі жағдайында білім берушінің жеке тұлғасын дамыту міндеттеріне сай келетін білім беру, тәрбиелеу мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру түрлерін таңдау әдістемелігін және стратегиясын жетілдіру;

- білім берушінің зияткерлік әлеуетін дамытуға, өз бетімен білім алудың қабілеттерін, ақпараттық-оқу, сараптамалық-зерттеу қызметін жүзеге асыруға, өзіндік ақпараттық қызметтің әртүрлі түрлерін қалыптастыруға бағытталған білім берудің әдістемелік жүйелерін құру;

- ғылыми-педагогикалық ақпараттың, ақпараттық-әдістемелік материалдардың, сондай-ақ коммуникациялық желілердің мәліметтердің автоматтандырылған банктерін қолдану негізінде білім берудің жүйесін басқару механизмдерін жетілдіру;

- білім алушылардың білім деңгейін бақылау және бағалау әдістерін компьютерлік тестілеу, диагностика қоюды құру және қолдану.

Осылайша, практикалық педагогикалық көзқарас тұрғысынан білім беруді ақпараттандыру – бұл базалық санаты ақпараттық-білім беру жүйелері, ал құру мақсаттарының интегративті және гуманистік негізі бар бұқаралық коммуникация және компьютерлік желілер негізінде, бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру процесі [1].

Ғылыми-зерттеу бөлімі қызметінің басты бағыттары:

- Университет қызметінің басты бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

- Жоғары білім мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

- Университеттің құрылымдық бөлімшелері мен жеке қызметкерлерінің ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту және жүзеге асыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету.


- Отандық және шетелдік ғылыми мекемелермен, ұйымдармен және өндірістік кәсіпорындармен ғылыми-техникалық ынтымақтастық бойынша байланыстарды нығайту; бірлескен ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру.

- Университеттің докторанттары, магистранттары мен студенттерінің ғылыми зерттеулерін жүргізуге қолдау көрсету.

- Қазақстан Республикасының кәсіпорындарына, ұйымдары мен мекемелеріне ғылыми-техникалық қолдау және қызмет көрсету.

Зерттеу барысында берілген бағдарламалық қамтама кез келген кафедра үшін оқытушылардың ғылыми және әдістемелік жұмыстары жайлы ақпараттардың автоматтандырылумен деректер қорының құрылуынан тұрады.

Ғылыми-зерттеу бөлімі жұмыстарын басқару жүйесін жобалау – бұл жұмыс орынының есептеуіш техникалармен және басқа да құрылғылармен жабдықталып, оқу процесін тездетумен қызметкердің әртүрлі операцияларымен, ақпараттарды басқару болып табылады. ААЖ-ның талданған схемасы көрсетілген (сурет 1).



1 сурет – Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің схемасы

Деректер қорының тұрақты қолданушылары ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкерлері болып табылады. Деректер қорын басқару жүйесін әзірлеу барысында қолданушы үшін ақпаратты енгізу, өңдеу, оңай іздей алу мүмкіншілік талаптары қарастырылған.

Жалпы барлық талаптар мынадай тізімде:

- оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын енгізу;
- ғылыми жұмыс авторлары туралы мәлімет;
- әр түрлі шарттар бойынша сұрыптаулар және іздеу;
- қажетті деректер бойынша есептер шығару.

Ақпараттық орта – техникалық құралдардың көмегімен орындалатын бағдарламалық жасақтамалар жүйесі.

«Ғылыми-зерттеу бөлімінің ақпараттық ортасы» 3 бөлімнен тұра алады:

- Авторлар.
- Ғылыми жұмыстар.
- Әкімшілік.

Web-қосымшаның және ондағы контенттің құрылымын жоғарыдағы кескіндерде анықталады.

Келесі қадамдар:

- деректер құрылымын жобалау;
- деректерді басқару бағдарламасын таңдау;
- Web-қосымшаның бағдарламалық құралын таңдау;
- жобаны іске асыру.

Жеке құжаттарды Web-тораптарда орналастыру үшін оларды HTML (HyperText Markup Language – гипермәтінді белгілеу тілі) тілінің тәгтерімен толықтырылған гипермәтінге түрлендіру керек. Гипермәтін, яғни белгіленген мәтін ішіне иллюстрациялар, сілтемелер, басқа да объектілер тәрізді қосымша элементтер енгізіледі. Мәтінді белгілеу деп құжатты гипермәтінге айналдыру үшін оның негізгі мазмұнынан жеңіл ажыратылатын арнайы кодтарды тәгтерді пайдалану болып табылады. Қажетті құжаттарды Web-серверге орналастыру алмалы-салмалы мәлімет жинақтауыштар көмегімен немесе Интернет арқылы тікелей көшіру жолымен жүргізіледі.

Жаңа бағдарламалар мен деректер қорларын жобалау және әзірлеу кезінде әзірлеушілер веб – сервистерді ескере алады, бірақ ол бағдарламалар мен деректер қорлары бәрібір веб – сервистердің қаптаушысын қолдануға талап етеді. Веб – сервистер өзімен өзі орындалатын болып табылмайды, олар бағдарламалау тілдерімен немесе сценарилер арқылы жазылған, орындалатын бағдарламаларға сүйенеді. Веб – сервистер

бар желілік инфрақұрылым негізінде, бірақ бұл инфрақұрылымсыз олар ештеңені білдірмейді, бағдарлама аралық байланыс үшін қолданылатын мықты абстракция деңгейін анықтайды.

Байланған жүйелерді Интернет арқылы .NET және J2EE орталарына қосылу мүмкіндігін қолдайтын аппаратты және бағдарламалық жасақтамалардың кез келген комбинациялар негізінде құруға болады.

Дерекқор әкімшілері веб-бетінің бағдарламашыларымен дерекқор қатынасын және кесте мәліметтерін қамтиды.

Сервистің клиенттері іс жүзінде методтарды шақырып, керек деректерді сервиске жіберу үшін, сервистің каналымен сәйкес каналды қолданады. Канал схемалардың, келісімдер және бір жақтан стратегия және екінші жағынан қолданылатын (орындалатын кезде) протоколдың комбинациясы болып табылады.

Деректер қорын кестелер жиыны деп түсінуге болады. Бірақ Кесте түсініктемесі реляциялық модельдің негізі болып табылады.

Реляциялық МҚБЖ-де ең кемінде екі шарт орындалады:

- пайдаланушылар мәліметтерді кесте түрінде қабылдайды;
- пайдаланушы көне кестелерге тиісті операторларды қолданып жаңа кестелерді жасауларына болады.

Кестеге операцияны қолданған кезде нәтижесінде кестені алатынымыз өте маңызды қасиет (реляциялық бекітілу қасиеті). Басқа сөзбен айтқанда бір түрлі объектке операцияны қолдансақ нәтижесінде бірдей типті объектті аламыз.

Реляциялық деректер қоры деректер типі, домен, қатынас схемасы, деректер қоры схемасы, кортеждер және қатынастар, қатынас қасиеті, кілттер сияқты негізгі ұғымдарды қамтиды.

Ақпаратты сақтау үшін атрибут қолданылады. Атрибуттың аты мен типі болады. Қатынас құрылымы атрибуттар жиыны мен олардың типтерінен құрастырылады. Атрибуттар саны реляция дәрежесі (рангі) болып табылады [2].

Атрибуттар реті маңызды емес деп есептелінеді. Сондықтан, реляцияның ешқандай екі атрибуттарының аттары бірдей болмауы керек. Атрибуттың қабылдайтын барлық мәндерінің жиыны атрибут домені (аймағы) деп аталады. Реляциялық модельде доменнің үлкен ролі бар. Ол анықтама функциясын іске асырады. Доменді қолдану көптеген салыстыру қателерден сақ болуды орындайды. Мысалы, бір түсініктемені бірнеше рет енгізген кезде (мысалы, енгізу қатесі болса). Сонымен бірге, бар позицияларынан қажеттісін таңдауды орнатып домен енгізуді бақылау және классификациялау функцияларын орындайды. Доменнің барлық элементтерінде мәліметтер бір типті болады және кейбір логикалық шартты қанағаттандырады. Домен элементі сан, символдық жол, дата болуы мүмкін, бірақ массивтер, тізімдер сияқты күрделі құрылым емес.

Ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін коммерцияландыруға қазіргі күні мемлекет ықпал етуде. Сондықтан ұлттық ғылыми инновациялық жүйені дамытуды экономикалық ынталандыруға кепілдік береді деп күтілуде.

Ғылыми және инновациялық жұмыстардың ақпараттық инфрақұрылымын дамыту, ойлап табылған патенттелген заттар, ғылыми әзірлемелердің нәтижесі бойынша орталықтандырылған деректер қорын құру, оған ҒТЖН іске қосуға (коммерцияландыруға) мүдделі тұлғалардың, нарыққа қатысушылардың қол жеткізе алуын ұйымдастырып, оны іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беру шаралары қарастырылуда.

Оның ішінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін коммерцияландыруға ықпал ететін құрылымдық бөлімшелерді құру және олардың жұмыс оңтайландыру маңызды мәселе.

Мемлекеттік ғылыми ұйымдар және мемлекеттік жоғары оқу орындары ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін өндіріске енгізу мақсатында коммерцияландыру бөлімшелері қызмет жасайды.

Коммерцияландыру жөніндегі бөлімшелер – коммерцияландыруға қатысушылар арасында оны бөлу және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін коммерцияландырудан түсетін табысты ұйымдастыру және бөліп алу мақсатында ҒТНЖ іс жүзінде қолдануға ықпал ету, іздеуге бағытталған және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыс субъектілерінің бөлімшелері қатысады.

Коммерцияландыру жөніндегі бөлімшелердің негізгі жұмыс бағыты технологияларды коммерцияландыру кешенді қызметін ұсыну болып табылады, соның ішінде коммерцияландыру технологияларын бағалау, маркетингтік зерттеулер, интеллектуалдық меншікті қорғау саласында кеңес беру қызметі, технологияларды коммерцияландыру стратегиясын әзірлеу, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жұмыс субъектілері мен жеке кәсіпкерлік субъектілері арасында, олармен технологияларды коммерцияландыру саласында келісімдер жасау мақсатында өзара қарым-қатынастарды ұйымдастыру.

Қазіргі уақытта технология көптеген жетістіктерге жетіп, барлық оймен, қолмен, күшпен атқаратын жұмыстың барлығын автоматтандыруға тырысудамыз. Сондай жағдайлардың бірі оқытушылардың ғылыми-зерттеу әдістемелік жұмыстарын тіркеу жұмысын автоматтандыру.

Негізгі нәтиже жұмыс кезіндегі функционалды деректер қорын басқару жүйесін жасау, бекітілген жұмыстарды орындап, деректер қорын басқару жүйесі арқылы ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушыларының ғылыми және әдістемелік жұмыстарын есепке алу болып табылады. Бұл жүйе бағдарламаланған қызмет көрсетуге арнап орындалған автоматтандырылған орта болып есептеледі. Яғни, ЖОО-ның ғылыми-зерттеу бөлімі жұмыс басқаруды жеңілдетеді.

Әдебиеттер

1. Дейт К.Дж. Введение в системы баз данных. – 6-е изд. – М., Санк-Петербург, Киев: Изд.дом Вильямс, 2000
2. Артур Р. Современные системы управления контентом – Санкт-Петербург: Питер, 2009. – 152 с.

ФТАХР: 31.25.15

Д.Қ. Әсержанов, А.Н. Кливенко, Ж.С. Касымова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, dastan_2194@mail.ru

ХИТОЗАН-ДЕКСТРАН СУЛЬФАТ НЕГІЗІНДЕ ИНТЕРПОЛИМЕРЛІ КОМПЛЕКСТІ АЛУ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ

OBTAINING AN INTERPOLYMER COMPLEX BASED ON CHITOSAN-DEXTRAN SULFATE AND DETERMINING THE COMPOSITION

Қазіргі таңда табиғи полимерлерді қолдану аясы, олардың қасиеттерінің жаңа тұстары белгілі бола бастаған сайын артып келеді. Бұған себеп олардың әр-түрлілігінде. Табиғи полимерлерді мұнай өнеркәсібінде, медицинада, агрономияда, косметикада, жеңіл өнеркәсіп салаларында кеңінен қолданысқа енуде. Полимерлердің осы потенциалын байқаған ғалымдар, оларды зерттеуде көптеген жұмыстарды бастап жатыр.


Менің осы зерттеудің негізгі көзі ретінде таңдаған полимерлердің жалпы қасиеттері көпке белгілі. Хитозан – биологикалық тұрғыда активті және токсикологиялық әсері жоқ катионды полисахарид. Оның сызықтық құрылымында үш функционалды топтар бар, аминотоптар мен бірінші және екінші сатылы гидроксил топтар. Декстран сульфат суда ерігіш, теріс зарядталған, сульфатирленген, өте жоғары молекулалық массасы бар полисахарид. Сонымен қатар, ол биоүйлесімді және жеңіл ыдырайтын, полионды полимер қатарына жатады. Оны дәрілік препараттарды ағзаға тасымалдаушы құрал ретінде жиі қолданады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты болып екі полимердің негізінде интерполимерлі комплексті алу болып табылады. Химиялық компонентарлы полимер арасындағы өзара әсерлесу реакцияларының өнімдерін интерполимерлі комплекстер деп атайды. Бұл полимерлердің функционалдық топтары қасиеттері жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді, ал олардың геометриялық құрылысы жеткілікті түрде молекулааралық байланыстардың көп санының түзілуіне кедергі жасамайды. Жалпы алғанда ИПК-ті бірнеше тәсілдер арқылы алуға болады. Бірақ осы жұмыста екі полимерлердің ерітінділерін араластыру арқылы ИПК-ті алу тәсілі қолданылды. Хитозанның ерекшелігіне оның тек тұз қышқылында, сірке қышқылында және органикалық қышқылдарда ғана ери алатының жатқызуға болады. Екі

полимердің ерітіндісін араластыру нәтижесінде тұңба түзілуі және ерітінді бұлыңғыр болуы қажет. Бұл жағдай екі полимердің функционалдық топтары бір-бірімен байланысу арқылы жүзеге асты. Тұңбаны – түзілген ИПК деп қарастырамыз.

Алынған интерполимерлі комплекстің құрамын анықтау үшін фотоколориметриялық және динамикалық лазерлі жарықтың шашыруына негізделген екі әдісті қолдандық.

Бұл жұмыста дектран сульфаттың 10^{-3} моль/л судағы ерітіндісі және хитозан 10^{-3} моль/л 0,1н тұз қышқылындағы ерітіндісі қолданылды.




1-сурет – ИПК-ның құрамын фотоколориметриялық әдіспен анықтау.

Жұмысты орындау үшін хитозан:дектран сульфаттың 12 түрлі 10:0-дан және 0:10-ға дейін қатынастары құрылды.

Фотоколориметрия көрінетін жарықтың монохроматты сәулесін сіңіруді өлшеуге негізделген әдіс. Бұл әдіспен түсті ерітінділерді анализдеуге болады. Монохроматтау үшін абсолютті жарық фильтрлері (түсті шынылар) пайдаланылады. Жарық фильтрінің өткізу максимумы ерітіндінің сіңіру максимумымен сәйкес келуі тиіс.

Графиктен көргеніміздей хитозан:дектран сульфаттың 9:1 қатынасы сәуле сіңіру көрсеткіші ең төмен. Демек бұл қатынаста ерітіндідегі бұлыңғырлық пен тұңбаның мөлшері ең жоғары болған. Осы нәтижеге сүйене отыра ИПК-ті алу үшін осы қатынастың ықтималдылығы жоғары деп қарастырамыз.



2 сурет – Хитозан:Декстран сульфат қатынасының бөлшектерінің Z потенциалына тәуелділігі.

Хитозан:Декстран сульфат қатынасының бөлшектерінің Z потенциалына тәуелділігі графигі көрсетіп тұрғандай 0 нүктесінен ордината осі хитозан:декстран сульфат 9,5:0,5

қатынасы бойынша график өтеді. Бұл әдістің қорытындысымен ИПК түзілуіне ең қолайлы қатынас ол 9,5:0,5 екенің анықтадық.

Динамикалық лазерлі жарықты шашырату әдісімен құрамды анықтау үшін жалпы көлемі 1 мл болатын хитозан мен декстран сульфаттың қатынасы (10/0, 9/1, 8/2, 7/3, 6/4, 5/5, 4/6, 3/7, 2/8, 1/9, 0/10) болатын ерітінділері алынды. Алынған нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте – Хитозан-декстран сульфат қатынастарына бөлшектердің орташа мөлшерінің тәуелділігі

Хитозан:декстран сульфат қатынасы	10:0	9:1	8:2	7:3	6:4	5:5	4:6	3:7	2:8	1:9	0:10
Бөлшектердің орташа мөлшері	167,4	308,8	329,5	339,3	380	508	515	650	764	343	2530

Бұл кестеден көретініміздей хитозан-декстран сульфат 9:1 қатынасының бөлшектерінің орташа мөлшері ең минималды көрсеткішті көрсетуде. Қалған қатынастарда көрсеткіштер өседі. Демек бұл әдіспен анықтағанымыздай ең қолайлы қатынас 9:1 болып табылады.

Сонымен, үш әдіс нәтижелері бойынша хитозан-декстран сульфат негізінде интерполимерлі комплексті алу үшін 9:1 және 9,5:0,5 қатынасын қолданған жөн. Хитозанды осынша көп мөлшерде қолдану себебі, декстранның молекулярлық массасының үлкеңдігімен түсіндіреміз. Декстранның тізбектік құрлымында функционалдық топтар хитозанға қарағанда әлдеқайда көп. Сондықтан да, декстранның функционалдық топтарымен әрекеттесуі хитозанды көп мөлшерде қолданамыз.

Бұл жұмыс 2018-2020 жылдарға жоспарланған ҚР Ғылым және Білім министрлігінің қаржыландыруымен жүріп жатқан АР05134681 «Интерполимерлі комплекстер негізінде жердің шөлейттенуімен күресу технологияларын құрастыру» гранттік жобасының шеңберінде жасалды.

ҒТАХР:20.53.19

М.Б. Жанузаков, Ж.С. Каженова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, tulp@mail.ru

Сегодня Республика Казахстан – один из успешных образцов применения принципа толерантности в социокультурном измерении, где мирно и стабильно проживают представители 140 этносов, принадлежащих 17 религиозным конфессиям. Таким образом, теоретико-правовыми основами модели межэтнической толерантности в современном казахстанском обществе являются Конституция Республики Казахстан, Закон «**Об Ассамблее народа Казахстана**» и другие нормативные правовые акты Республики Казахстан. Казахстан, втянутый в глобальную орбиту поиска универсальной модели многонационального и многоконфессионального взаимодействия, стал автором своей собственной, ставшей узнаваемой в мировом сообществе модели толерантного и гармоничного общества и заложил основу дальнейшего совершенствования общественных отношений на базе гражданского мира и согласия. Путь, пройденный Казахстаном за годы своей независимости, представляет собой уникальное явление и систему взаимодействия населяющих его народов. Казахстан стал особенной страной, включающей все мультикультурное многообразие с единым цивилизационным устремлением жить в мире и согласии, развиваться, быть защищенным от социальных бед, строить счастливое будущее для своих потомков. При этом одним из главных факторов, повлиявших на эффективность модели согласия, стал казахстанский менталитет, который характеризуется неприятием обособленности и националистических крайностей. Длительный опыт культурных контактов представителей разных этносов помог выработать сходные культурные ориентации у большинства населения страны и создать атмосферу межэтнической толерантности и взаимоуважения. Необходимо принимать во внимание, что сложившийся менталитет

сбережен и развит благодаря действию в стране взвешенной этнонациональной политики. Она выстроена на стремлении к межэтническому взаимодействию, общественной стабильности, защите прав и свобод человека, верховенству закона. В этих рамках обеспечена безопасность существования всех этносов, созданы и условия для развития религиозных течений, а также необходимые правовые основы, препятствующие распространению нетерпимости и экстремизма.

Казахстанская модель межэтнической толерантности и общественного согласия реализуется на следующих уровнях обеспечения межэтнического согласия:

- конституционный и политико-правовой уровень (в Конституции заложено обеспечение общественного согласия, политической стабильности и казахстанского патриотизма);
- доктринальный уровень (в соответствии с Доктриной национального единства Казахстана укрепление независимости достижимо путем сохранения национального единства, общественного согласия и формирования культуры межэтнической толерантности);
- институциональный уровень (на уровне институтов гражданского общества при ведущей роли Ассамблеи народа Казахстана).

В Послании народу Казахстана Глава государства Н. А. Назарбаев подчеркнул, что «нас много, и мы все – одна Страна, один Народ. Мы сделали ценности единства и согласия фундаментом общества, основой нашей особой казахстанской толерантности. Мы должны бережно передавать эти ценности каждому будущему поколению казахстанцев».

Литература

1. Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: Метод. пособие / Под общ. ред. Е.Л. Тугжанова. - Астана: Академия гос. управления при Президенте РК, 2011. - 204 с.
2. Доктрина национального единства Казахстана // assembly.kz
3. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства», Астана, 14 декабря 2012 г.
4. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана « Нурлы жол – путь в будущее», Астана , 11ноября 2015 г.

МРНТИ: 00.08

Д.Б. Жаркимбаева¹, М.Ш. Жумаксанова²

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, dana63mail@mail.ru
Л. Гумилев атындағы Еуразиялық университеті, Астана қ., mirajan@mail.ru

ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛАТЫН ОРЫНЫ

PLACE OF GENDER VALUES IN ORDER TO REVIVE KAZAKH SPIRITUALITY

Елбасымыздың “Мәңгілік Ел” ұлттық идеясын іске асырудағы, қоғамды жаңа бағыттарға жетелейтін “рухани жаңғыру”, “сана модернизациясы” қажеттілігі туындағанын әрбір қазақстандық терең ұғыну керек. Қазір осы үдерістер арқылы жаңа сапалық деңгейге көтерілуді мақсат тұтудамыз. Рухты жаңғырту – бұл тікелей “бейсаналық қорды”[1] оятып іске қосуды қажет етеді. Ал, “бейсаналық қорда” не сақталады? Ол қазақ болмысында көне замандардан жалғасқан психологиялық өзгешеліктер, ділдік – менталитеттік ерекшелік, дүниетанымдық – фелсафалық сана, наным – сенім үлгілері, ақпараттық сөз қоры, өнеге - өнер туындылары, туыстық-әлеуметтік, оның құрамдас бөлігі гендерлік¹ қатынас ережелері және тағы көптеген адам тіршілігі мен ұлт өкілдерінің туа біткен табиғатына байланысты алуан түрлі құндылықтар сақталады. Және онда ғасырдан ғасырға өтімділігі бар белгілі бір ұлттың болмысының қалыптасуына, ерекшеленіп өмір сүру қажеттілігіне айналған

¹ Гендер –ерлер мен әйелдердің қоғамдық қатынасын анықтайтын түсінік

құндылықтар бекітілген. Бұл жалпы ұлтты ұлт ететін, өзімізге қатысты айтсақ, “қазақты қазақ ететін” ұстанымдар. Кез келген ұлттық болмыс оның өмір сүру аясына, еңбегі мен табиғатына, қалаған арман-мақсаттарына байланысты. Рухтық деңгей бұл “жан” мен “тәнді” және “сананы” билеген ерекше күш-қуат, жігер, кісілік жолдың таңдаулары. Қөшпелі өмір сүрген қазақтың ұлттық санасында “ерлік” пен “еркіндік” ерекше орын алады. Тұзаққа түскенше ерлікпен қаза болуға бой ұсынуға дайын болу – көне түркітілдес көшпелі халықтарға ортақ мінез үлгісі, ділдің құрамдас бөлшегі деуге болады. Осыған байланысты қазақтың ділдік ерекшеліктерінің гендерлік қатынасына әсер етуді қарастырып көрелік. Қазақтар “өлім” түсінігін “жаннат” пен “жаһаннамға” теңемеген. Өлімді тек өзге өлшемге өту деп санаған (адамның “шыбын жаны” ұшуы). Бұл адам жанының мәңгілік жасайтынына сенім арқылы тәрбиеленген руханилық ұстаным. “Жан тәнге, ақыл жанға матаулы тұр” – деп дана Шәкәрім айтқандай, адам өздік “менін” тәнге теңемей еркін өмір сүре беретініне сенімі мол болған. Денеден босаған “рух” аруаққа айналып тылсым өрісінде өмірін жалғастыра бермек. Бұл қазіргі исламдық түсініктерден мүлде басқа түсінік. Қазақ дәстүріндегі Көк Тәңір Алла тағаладай адамның қасына періштелерін емес жазалайтын да қолдайтын да өз ата-бабаларының аруақтарын қосқан деп сенген. Қазақ философиясында “тылсым” түсінігі ерекше орын алады. Исламда “бақи” – “о’дүние” мен “фәни” – “бү’дүние” деп екіге бөліп қарастырса, қазақтар оның ортасында жатқан “тылсым дүниені” бөлек қарастырған. “Тылсым” – екі дүниенің айқасқан жері, тылсымға осы дүние күштері де, о’дүние күштері де ене алатын кеңістік-өлшемі. Сонда аруақтар “тылсым дүние” арқылы адамдарға, өз ұрпақтарына әсер ете алады деп сенген. Бұл түсінік осы кезге дейін қазақтың санасында “бейсаналық деңгейде” сақталып келеді. Бұған сенбейтін қазақ аз шығар. Әр Аллаға сенетін қазақ ата-бабаларының аруағына да сенеді. Осы түсінікке байланысты сөздің қазақ қоғамындағы ерлер мен әйелдердің қатынасына, ерлі-зайыптылардың тең болуына ерекше көңіл бөліп, ары қарай сөзімізді тақырыптың бетін ашуға арнауға көшсек.

“Аруақ” – о’дүниеге көшкен адамның руһы. Қазір “ата-баба” руһы қолдасын деген сөз тіркесі көбірек қолданысқа ие. Алайда қазақтың түпкі санасында “аналардың”, “әжелердің” руһтары бары екенін айтуымыз керек. Күнделікті санада (обыденное сознание) “әжем түсіме кірді”, “анам аян берді”, “саған үлкен әжеңнің қасиеті қонған”, “анаңның аруағы разы болсын” – деген сөз тіркестер дәлел бола алады. Осыған қарағанда, аруаққа әйелдердің руһы да айналатындығына қазақ сенеді. Дәл осы сенім қазақ қоғамындағы гендерлік қатынаста ұзақ тарихи кезеңде тепетендік (симметриялық) үлгіде сақтаған. Өйткені әр қызға, әйелге қиянат жасаса оның ата-баба, ана-әжелерінің аруақтары назаланатынан қорққан. Сондықтан кез-келген қоғамда жалпы кінәсөз адамды жазалау – аруағын мазалау. Бұл жөнінде біраз жыл бұрынғы зерттеулерімде айтылған болатын. [2]

Қазақта “тең-теңімен”, “екі жарты – бір бүтін”, “бас екеу болмай, мал төртеу болмайды” деген ақыл-нақыл сөздер арқылы гендерлік қатынастағы ерлер мен әйелдердің бірі бірінсіз өмірі “жарты” болып, ал қосынына қосылғанда ғана адамның бүтінденетінін санаға сіңдірген. Ерлі-зайыптылардың бір біріне сай келуін қадағалаған. Мінездерінің үйлесімділігіне көп мән берген орыс тілімен айтқанда “психологиялық совместимость”. Қазақтар дүниеге келген баланы “жарты адам” – деген. Қыз болсын, ұл болсын ол “жарты”, өсіп өзінің теңін тауып ол “бүтінденеді”. Ал, қазіргі кезде, “бір бала – жарты бала, екінші бала туғанда бір бала болады” – деп қате түсінік айтылып жатады.

Материалды құндылықтарға келсек, қазақтар әр балаға, қыз болсын, ұл болсын “енші” жинаған. Көп жағдайда ол малмен өлшенген. Бірінші рет қонақ болып келген балларға “мал атау” дәстүрі бар болған, қазіргіге дейін бұл дәстүр ауылда сақталып келеді. Мал қазақ үшін басты құндылық. Аталған малды әр баланың “енін” салып еншісіне қоса береді. Өсе келе оның саны көбейе түседі. Бойжеткен, жигіттікке жеткенде баланың еншіге жиналған “қаражаты” болады. Оған қоса ата-атанасының малынан енші бөлінеді. Бұның мөлшері: ұлдарына 2/3, ал қыздарына 1/3 бөлігі деп белгіленген. Қыздарға қатысты “алтыдан жинасаң асады, жетіден жинаса жетеді” деп еншісіне қоса “жасау” жиған. Бұл қыз баланың малмен емес дайын затпен жиналатын дүние-мүлкі. Бой жеткен қызды ұзатарда ата-анасының “қалың мал” сұрауы дәстүрі ол “қызды сату” емес. Ол қызының жасауының бағасы. Кейде жигіттің берген қалыңмалы қалыңдығының жасауынан кем түседі, кейде артық болады. Бұл дәстүрді бұрмалап “қызды сату, кемсіту” деп түсіндіріп жоюға тырысты. Алайда, қазіргі кезде талай өңірде бұл дәстүр қайта жаңғыруда. Кеңестік кезінде қалыңмал төленбесе де ата-ана қыздың жасауын беруді тоқтатпады. Бірақ, көне замандағыдай мал-мүлікпен жиналған

еншісін беруді тоқтатты. Ертеректе жасауы мен бірге боталы түйе, бұзаулы сиыр, он саулық қой, ешкі лағымен, ерттелген сәйгүліктер бірге берілгені көнекөз қариялардан естігенбіз. “Қалыңмал” беру дәстүрін қазіргі кезде жаңғыруының қаншалықты қажеті бар деген сұрақ туындауы заңды. Бұл сұраққа жауап издесек екі жауап қайтаруға болады. Бірі қажеттілігіне байланысты, екіншісі бұл дәстүрден бас тарту мүмкіндігі.

Бірінші дәстүрге тоқтасақ. Көне заманда ерлі-зайыптылардың ажырасуы өте сирек кездескен. Жігіт жоғарыда айтқан еншісін үйленгенде қалыңдығының қалыңмалына төлеген (сондықтан ата-анасы дәулетінің 2/3 бөлігін ұлдарына берген). Бұл әр ер азаматтың үй болып шаңырақ көтеруге ерекше дайындығы болуын көрсетеді. Үйлену үшін оның жанұяны қаржыландыратын малы, кәсібі, дәулеті болу керек. Қазіргі заманда қаражат білімін орынды жұмсағанына байланысты жиналады. Қалыңмал төлеп алған жары оған жасауымен келеді. Жасау - бір үйдің қажетті дүние мүлкі. Алатын қалыңдығының жоғары білімді, өзі жұмыс істеп жанұяны қаржыландыруға өз үлесін қоса алатын болса, ол бақ құсының жігіттің басына қонғаны деп санауға болады. Ары қарай үйлесімділіктерін тауып өмірлерін екі жарты бір бүтін деп жалғастыра береді. Екі жақта ортаға шығарған шығыны бар болғандықтан бұл жанұяның беріктігіне екі жақ құдандалы ел болып тілейді. Ал, егерде жігіт тек арзан қолды кийітпен ғана құтылып кетсе. Қыздың өкпесі, оның ата-анасының өкпесі іштерінде түйін болып түйіліп қалып, айтпасада жасауын үйіп төгіп берген жақ күйеу баласын кемсітуге дейін барып, жастар арасында сөз көбейіп кету оп-оңай. Сөйтіп екі-жақтың сөзі жастадың ажырасуына әкеледі. Қалыңмал төлемеген жігіт тағы басқа қыз бұйырар деп оңай ажырасады. Қыз болса қалыңмал төленбеген болғандықтан, “жасауымның бір дүниесін қалдырмаймын” – деп дүниесін ренжісе ала қашады. Ал, егерде қыздың жасауына жігіт мардымды қаражат шығарып үйленсе, құдалардың арасында сөз болмайды. Жігіт қыздың жасауына қалыңмалын беріп алғасын, қыз кетерде дүниесін ала жүгіріп кете алмайды. Өз еркімен кетем десе дүние мүлкін қалдырып кетуі керек. Бұл жолы қалыңдық қазіргі қыздардың ісін істеп дүниесін тийеп жалдамалы пәтерге көшіп алып өзімен өзі тұра бере алам дей алмайды. Олай істеуге рұқсат бір-ақ жағдайда берілген. Егерде жігіт қызға қиянат жасап ұрып-соқса, жүріс-жүріп және кінәсі дәлелденіп мойынына артылса ғана. Бұндай жағдайда, қыздың ағалары қарындасының абыройы төгілгені үшін жазасын материалды түрде жасайды. Қарындасын жасауы мен еншісінмен бірге қайтарып алады. Жігіттің қалыңмалға төлеген қаражаты қайтарылмайды.

Жоғарыда айтылған сөздің түйіні. Қалыңмалдың төленуі ерлі-зайыптыларға бір-біріне деген адалдықты сақтауға өз септігін тигізген. Жігіттердің қалыңмалсыз үйленуіне жол беру – “оңай” үйленуге жол береді, келешекте ажырасса тағы қыз табылса үйлене саламын деген ойды пайда болғызады. Исламның “әйел еркектен бір саты төмен”, “аруаққа сенуге болмайды” деген ұғымдарға және Кеңестік кезеңінде гендерлік қатынастарды реттейтін қазақы дәстүрлердің жоюылуына байланысты қазақ қызының әлеуметтік статусы күрт төмендеуге әкеп соқты. Ал, соның зардабын енді көріп жатырмыз. Сыйға бөленбеген қазақ қыздары “қорғансыздың” күйін кешіп жүр, өздерінің арлылығын сақтамай “арзанқолды дүниеге” айналып кетті. Бұл жерде қыздың емес өз құндылықтарымыздан айрылған ұлтымыздың кемшілігі.

“Бас екеу болмай, мал төртеу болмайды” деген сөздің мағынасын ашсақ. Үйленбеген жігітке енші бермеген. Ал үйленген жағдайда жігіттің еншісіне қалыңдығының еншісімен келген мал қосылуы – «малдың төртеу» болуы. Өйткені қыз баланың еншісіне малды төлімен қоса береді: бұзаулы сиыр, құлынды бие, т.с.с. Бұл қазақтың ырымы, қыз баланың “ана” болуына байланысы.

Екінші жолға тоқтасақ. Қалыңмал төлегенді тоқтататын жағдайда, қызға жасау беруді де тоқтату керек. Екі жақ бір-біріне кийіт кигізіп той жасап берген соң жастар өз дүниесін өздері жинап, ертеңгі күнін ойлап еңбек ету арқылы үй болып түзеліп кетулері керек. Көне заманда “бірлік бар жерде, тірлік бар” деп жастардың құлағына құйып өсірген. “Теңін тапса тегін бер”, “тең-теңімен, тезек қабымен” деген сөздер бар. “Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес” – дегендей жоққа да тоқтыққа шыдай алатындай сезімдері бар жұп өсіп-өніп кетуі әбден мүмкін.

“Еркектің бағы әйелде” – деген ұмытылған сөз қазір көп айтыла бастады. Қыз баланы ұзатқанда “бағың ашылсын” – деу, әр әйелдің басында “бақ” болады екенге сенім. Жақсы жерге барса қыздың бағы ашылады, ал бағаланбай қалса, бағының тайғаны. “Жақсы жерге түскен келін келін болады, жаман жерге түскен келін келсап (“келінің сабы” – жібімей қатып қалған) болады”. “Бір жерге барған қызды жұмсай-жұмсай күң етеді, екінші бір жерге барған

қызды сыйлай-сыйлай гүл етеді”. Бұл сөздердің терең мағынасы бар екенін айтып кету қазақы құндылықтардың санада жаңғыруын қамтамасыз етудің жолы. Жақсы жігітке барып қыздың бағы ашылмайды, жақсы жерге барса ашылады. Жақсы жер дегеніміз жанұя. Ал жанұяның басты кейіпкері қазақта - Ана. Сондықтан, “келін қайын ененің топырағынан жаратылады” деу де, қазақтың діліне байланысты айтылған сөз. Жас үйленгендердің “бағы” ата - енеге байланысты деп санаған қазақ. Сонда, қазіргі жастардың жиі ажыласуы ата-енеге байланысты болуы әбден мүмкін. Ата-енемен бірге тұрудан бас тарту не себептен болатын жағдай екен деп сұраққа жауап беру үшін әлеуметтанушылардың бірталай ғылыми зерттеулер жүргізіп жауабын тауып айтқан әрине дұрыс болар еді. Бірақ, бұл жерде біз қазақтың салт-дәстүрін зерттеу арқылы жанұялық құндылықтарды табу арқылы түсінуіміз әбден мүмкін. Бұрынғы заманда түскен келіннің психологиялық адаптациядан оңай өту үшін қазіргі заманда ұмытылып кеткен бір дәстүр бар. Бұл “өкіл әке” – “өкіл шеше” сайлау. Танымайтын елге келін болып түсу жас қызға оңай емес. Сондықтан ауыл аймақтан, көрші-көлемнен үлгі тұтарлық жанұядан түскен келінге “өкіл шеше” таңдайды. Бұл келін түсірген жанұяның сырлас жақыны болғаны дұрыс. Жас келін үшін өкіл шеше өз туған анасындай көріп бауыр басып алуға болатын аналық пейілі кең, жайдары мінезді, ақылгөй адам болуы абзал. Елін сағынғанда, жабыққанда, жаңа жанұяда түсініксіз жағдайда жас келін өкіл шешесіне шағымданады. Оны құшағын жайып қарсы алып өзі туған қызындай аялап, баптап шайын құйып беріп, мұңын тыңдап ақыл айтатын адам өкіл шеше болған. Бұл дәстүр әйел адамның нәзікжандылығын, жас келіннің шешіліп барлығын айта алмайтындығын ескеріп жасалынған амал. Өкіл шеше жас келіннің барлық сұрақтарына жауабын тауып, ренжіп жатса ашуын басып, ақылын тауып, жылағанда жұбата білетін, қуанышына шаттана алатын дана адам болса, елге түскен келін елде қалады. Жас әйелдің басынан өтетін барлық сатысын өз басынан өткен тәжірибелі адамның табылмайтын қамқорлығына иеленген жас келін жаңа ортаға тез бейімделіп кетуіне көп еңбек жасайды. Кей кезде ене мен келіннің ортасына бітімгер болып билік айтады. Өкіл әкеніңде орны ерекше. Басқа үйдің жас келіні бұның “қызы” деп белгіленсе, ол үйдің ұлы бұларға “күйеу” аталады. Сондықтан қызын ренжіткен жағдайда оның өкіл әкесі күйеу баласын үйіне шақырып ақыл айтатын адамға сай болуы керек. Ара-арасында екеуін қонаққа шақырып жағдайларын біліп, көңіл күйлерін барып біліп тұратын адамдар. Осы дәстүр көп өңірлерде мүлде ұмытылып кетті. Ал ойланып көрсек қазақ халқы ұзатылған қыздарына да “қорған” болатын өкіл сайлап қоя білген, қорғаусыз, қорғансыз қалдырмаған.

Еліміздің президенті, Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арналған Жолдауында: «Қоғамның өркениеттілік деңгейі оның әйелдерге деген қарым қатынасымен өлшенеді...» деген[3]. Қазақ Елі қыздарына қамқор бола білген, өз заманының өркениетті елі болған. Дәстүрлі қоғамында кісілік үстанымдары бийік болғаны гендерлік қатынасқа байланысты жоғарыда келтірген екі-үш үлгі толық ділелдеп тұр. Еліміздің руханилығын жаңғыртуды өзімізді өзіміз тани алатын зерттеулерді талап етеді. Соның бір тың саласы - қоғамдағы ерлер мен әйелдер қатынасын қарастыратын гендер саласы.

Әдебиеттер

1. Юнг, К.Г. Структура психики и процесс индивидуализации. М.: Наука, 1996 г. с. 269.
2. Жаркимбаева, Д.Б. Поиск онтологических смыслов: номадический универсализм человека. Коллективная научная монография «Гендерные исследования в гуманитарных науках», декабрь 2012 г.: Россия, г. Новосибирск
3. Әбдіреев А. Гендерлік саясат – қоғам дамуының кепілі. Қазақ ақпарат агенттігі. 29-11-2016

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – БАБАЛАР АРМАНЫ

THE GREAT STEPPE COUNTRY – THE DREAM OF THE ANCESTORS

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Конституциямыздың 20 жылдығына орай өткізілген «Конституция: бірлік, тұрақтылық, өркендеу» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда: «Қазақстан мен «Ұлы дала елі» атауларының қатар жүргенін дұрыс санаймын» деген сөзі қазақтың өмірге бейжай қарамайтын әрбір азаматының көкейіндегі ойына дәп түсті. Бұл ойлардың Президент тарапынан Конституциямыздың мерейтойы күндері айтылуы да орынды. 1995 жылы 30 тамызда қабылданып, бүгінге дейін қолданыста келе жатқан Қазақстан Республикасының Конституциясы – Елбасының тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы жолындағы ең сәтті жобасы деп санауымыз керек. Себебі, еліміздің бүгінгідей дамуы мен көркеюінің алғышарты осы өзгерістерден басталды.

Ата-бабамыздың атының тұяғы дүбірімен күй шерткен осы ғажап ұлы далада кімдер, қаншама ұлттар жасамады. Сонау жоғалуға айнала бастаған сібір халақтары, маңғолдар, қырғыздар, өзбектер, жалпы Түркілер жортқан ұлы даласы. Сол даладан өрбіген ұлыстар бұл күнде бір-бір мемлекет болып отыр.

«Ұлы Дала» ұғымы – баяғыдан бар ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдың Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы – біздің қазақтың жері. Біздің даламызда кен де болған, темір де болған, қолөнер де болған, бәрі болған.

Көне тарихи жазбаларға көз жүгіртсек, «Ұлы Дала» ұғымының ежелден бері келе жатқанын аңғарамыз. Бұл атау ғасырлар қойнауынан аршып алынып, бүгінгі күнге дейін жеткен жыр, қисса, дастандарда, түркі тілдес халықтар туралы деректерде, орыс әдебиеттерінде, Қытай жазбаларында және Лев Гумилев сынды көрнекті тарихшы-ғалымдардың еңбектерінде көп кездеседі. Демек, Қазақстанның «Ұлы Дала елі» деген бейресми, қосымша атауға ие болуында тарихи негіз бар. Бұл атау еліміздің географиялық ерекшелігіне сипаттама ғана емес, бұл халқымыздың кеңпейіл дархандылығының, мемлекеттік күш-қуатының, айрықша мәртебесі мен тәуелсіздігінің айнымас символикалық бір нышаны ретінде қабылдануға тиіс. Сондықтан ендігі кезекте, осы ерекше атауды өз санамызға сіңіріп қана қоймай, оны дүниежүзі халықтары алдында барынша насихаттап, айшықтауымыз қажет.

Қазақ елі- Ұлы Дала елі деген киелі ұғымдар уақыт арнасымен сан қилы дәуірді бастан өткерген халқымыздың өткені мен бүгінгі хал-күйінен хабар беретіндей. Отанға деген шынайы махаббат, бүгінгі ұрпақ алдындағы ата-бабаларымыздың аңсаған еркіндігі Ұлы Жеңіске жеткізді. Қазақ елі қазақ хандығын құрудан басталған қасиетті борыш «Мәңгілік Ел» идеясына негіз болып, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне жол ашатын басты жоба болды. Қазақ елінің тамыры тереңге жайылған ел тарихынан сыр шертер болсақ, біз қазақ не көрмедік, қаншама қиын қыстауларды, ашаршылық пен соғыс (әдейі ұйымдастырылған ашаршылық пен 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы, 1979-1989 жж. арасындағы Ауған соғысы мен қатар кешегі 1986 ж. 16 желтоқсанның қанды оқиғасы) елден жыраққа кетіп тілімізден айырылу, барлығын бастан кешірдік. Бірақ осының бірде-біріне қаймықпастан кешегі өткен батыр аға-апаларымыз болмаса бүгінгі күнгі Тәуелсіздік жолына аман-есен жетер ме едік.. Болашақ ұрпақ үшін жанын аямай, өз өмірін қазақ елі үшін қасық қаны қалғанша күресіп бізге аңсаған еркіндікті алып берді. Міне, осының өзі – Мәңгілік Елдің шаңырағы болып табылады.

Дүниежүзінде бейресми атауға ие бірқатар мемлекеттер бар. Мысалы, әлем халықтары Англияны – «Тұманды Альбион», Кубаны-«Бостандық аралы», Жапонияны – «Күншығыс елі», Қытайды – «Аспан асты елі», Голландияны- «Қызғалдақтар елі», Кореяны- «Таңғы шық елі» деп біледі. Елбасы өзі атап өткендей біздің елімізге осындай атаулы бренд жетіспейді. Осы идеяны көтерген Мемлекет басшысы: «Біз - Ұлы Даланың баласымыз. Ұлы Дала, Көк аспан.. Біздің бабаларымыз тәңір деп, жарық пен көк түсінігін ұмытпаған. Біздің Көк туымыздың астары да осында. Біз – Ұлы Даланың балаларымыз. Міне, осы тарихымыз бен жаңа брендті байланыстыра отырып, біз Қазақстанды жаңа Қазақстан ретінде танытуымыз

керек», деген келелі ойды ортаға тастады. Осы орайда, Мемлекет басшысы ата-бабаларымыздан аманат-мұра болып қалған, Алтай мен Атырауды, Арқа мен Жетісудың арасында кең көсіліп жатқан ұлан –ғайыр мемлекетіміздің «Ұлы Дала Елі» атануына ерекше мазмұн, биік мағына беріп отыр.

«Бізде де сондай ұғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала Еліміз» деп айтқан келеді. «Ұлы Дала» мен «Көк аспан» деп те айтуға болар еді. Кең дала - біздің жеріміз. Осы жерде біз тұрып жатырмыз, өсіп жатырмыз, өркендеп жатырмыз, ұрпақ асырап жатырмыз. Осы жерде мемлекетімізді құрып, оның шаңырағын биік қылып, көк тудың астында жиналып жатырмыз. Біздің байрағымыздың өзінде көк аспан, жарқыраған күн бейнеленген», - деді Н.Ә. Назарбаев.

Тамырын тереңнен алған бұл ерекше атау егемен еліміздің дүниежүзіне бұдан да артық таныла түсуіне, мемлекеттік, ұлттық имиджіміздің көтерілуіне орасан ықпал етпек.

«Ұлы Дала Елі» атауы біздің ұлттық болмысымызды айқындап, идеологиялық бағыттағы іс-шараларымыздың қазығы болуға тиіс деп есептеймін. Елбасының осы бір ерен ұсынысы, әсіресе халқымыздың Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтіп жатқан кезеңде бастау алуы – бабалар рухының қайта түлеп, жаңғыруы деп қабылдадық. Өркениетті даму жолына түскен мемлекетіміз үшін Қазақ хандығының тойын мағыналы да, мәнді етіп өткізуі ең бірінші кезекте өскелең ұрпақ үшін жүзеге асырылған ауқымды іс болды. Ұлт тарихы - барша халқымыз үшін ең қадірлі де баға жетпес құндылық. Елбасы бір сөзінде «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ», деген аталы сөзін айтқан болатын. Шындығында тарих тереңнен Тәуелсіздік биігіне дейінгі аралықта қаншама дәуір алмасып, қаншама тарихи кезеңдер өз таңбасын қалдырды. Осы орайда өткен дәуірлердің әр рухын жалау етіп желбіреткен Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі – мемлекетіміздің ерекше қуаты мен еркіндігінің ұлттық келбеті мен абырой-беделінің, азат рухының нышаны болып табылады. Біздің ата-бабаларымыз егемен ел болуды сан ғасыр армандаған еді. Сол арманға бүгінгі ұрпақтың қолы жетті.

Ұлан – ғайыр даламызда Тәуелсіз Қазақ мемлекетін құрып, ұлы көшімізді оң жолға бастап, еліміздегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі болып отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сан ғасырлар бойы бабаларымыз армандап өткен егемендігіміздің туын Ақ Ордасының төріне тігіп, халқының қамын ойлаған ел тұтқасына айналды. Тарихи өлшеммен алғанда аз ғана уақыт аралығында Қазақстанды дамыған өркениетті 50 мемлекеттің қатарына қосып, халқын «Нұрлы Жолға» бастап келе жатқан Президентімізді әлем жұртшылығы Ұлы Даланың данасы, Түркі дүниесінің Көшбасшысы деп бағалайтыны сөзсіз.

Бүгінгі Қазақстан халқы – бақытты қоғамда өмір сүріп отыр. Біз – бақытты елміз. Өйткені біз – болашағымызға сенеміз. Біздің жастарымыздың озық білім алып, ғылыммен айналасуына барлық мүмкіндіктер берілген. Біз барлығымыз – бақытты мемлекеттің азаматтарымыз, ата-бабаларымыздан мұра болған «Ұлы Дала Елінің» перзентіміз. Терең мазмұнға ие осы құндылықтарды біз кейінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, ой-санасына сіңіруіміз қажет. Мемлекет ұстанған оңтайлы саясат барша қазақстандықтардың, әсіресе ауыл жастарының келешегіне үміт пен сенім ұялатты. Қазіргі уақытта ауыл жастары заманауи озық біліммен қаруланып, еліміздегі жоғары оқу орындарымен қатар, шетелдің беделді университеттерінде білім алу мүмкіндігіне ие болуда. Туған тамырынан нәр алған осы жастардың легіне біз дұрыс бағыттағы білім мен тәрбие бере алсақ, олар келешекте біздің ұлттық потенциалымыздың негізгі көрсеткіші болатыны даусыз. Сондықтан ауылда ата-баба салтынан ажырамай, дәстүрімізді дәріптеп, құндылықтарымызды бойына сіңіріп өскен ұрпақтың болашағын қамтамасыз ету елдік мақсат болып отырғаны даусыз.

Түркі халқының ұлы перзенттерінің бірі Ататүріктің мынандай сөзі бар. «Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды және ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезіміміз, ақыл-ойымызбен, іс-әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын біліп қойғанымыз жөн». Ден қоятын сөз. Селқостықтан, жалтақтықтан арылатын кез жетті. Елбасының сөзі бәрімізді ойландыруы тиіс. Олай болса, Туында алтын күн бейнеленген мәңгілік аспан астындағы киелі өлкені «Ұлы Дала Елі» деп атау өте орынды.

Ұлы Дала Елінің ғаламат тарихы мен қайталанбас құндылықтары туралы салиқалы ойлар айтып, ұрпаққа ұлағат болатындай игі істер атқару- бүгінгі ұрпаққа міндет, келешек ұрпаққа аманат. Ендеше ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманын жүзеге асырған бүгінгі

Тәуелсіз ұрпақ – Елбасы анықтап берген «Мәңгілік Ел» идеясы төңірегіне жұмылып, «Ұлы Дала Елінің» жарқын болашағы үшін аянбауымыз тиіс деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Н. Назарбаев, «Тарих Толқынында», Алматы – 2010 ж.
2. Салғараұлы Қ. «Ұлы Қағанат», Астана – 2008 ж.
3. Жолдасбайұлы С. «Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ Елінің тарихы»
4. Послание Президента РК- Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия Казахстан -2050»: новый политический курс состоявшегося государства»
5. Елбасы Жолдауы «Егемен Қазақстан» газеті – 2016 ж. қараша.
6. «Қазақстан Жолы- 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» ҚР Президенті

МРНТИ: 03.01.09

А.К. Мукатаева, О.Г. Беленко

Государственный университет имени Шакарима города Семей, apple_flower@inbox.ru

Н.А. НАЗАРБАЕВ КАК ПОЛИТИЧЕСКИЙ ЛИДЕР

N. NAZARBAYEV AS A POLITICAL LEADER

Нурсултан Абишевич Назарбаев вошел в современную политическую историю суверенного государства и мирового сообщества не только как строитель независимой Республики Казахстан, но и как успешный стратег и организатор социально-экономических и политических реформ. В личности главы государства удивительно гармонично сочетаются стратегическое мышление и предвидение с политической волей и мужеством, которые так необходимы для практической воплощения в жизнь намеченных целей. Именно это сочетание и обеспечило уникальный политико-исторический путь нашей страны к сегодняшним политическим и социально-экономическим успехам.

Суверенный Казахстан – одно из самых успешных и стабильных государств постсоветского пространства, даже несмотря на перманентный мировой финансовый кризис. Следовательно, комплексное политологическое исследование различных аспектов становления личности и мировоззрения национального лидера суверенного Казахстана – Н. А. Назарбаева – имеет важное государственное, региональное и международное значение [1].

Нурсултан Абишевич Назарбаев является одним из самых успешных президентов в истории евразийского континента. Как известно, Первый Президент РК пользуется огромным уважением как у самого многонационального народа Казахстана, так во всем мире. И это объясняется тем, что сегодня Нурсултан Абишевич находится в золотом зените своей мировой политической славы. К его мнению внимательно прислушиваются на Западе и на Востоке. Инициативы Нурсултана Назарбаева всегда неожиданные и актуальные: они поражают своим историческим размахом и удивительно точным политическим шагом. Недаром в мировой политологии появился термин «феномен Нурсултана Назарбаева» как фактор успешного политика, прагматичного реформатора, мудрого миротворца и отца евразийской интеграции. Нурсултан Назарбаев также показал стране и миру, что по праву обладает конституционным статусом Елбасы. Лидерство Назарбаева подобно линзе позволяет собирать энергию социума ради общего блага. Затем Елбасы максимально эффективно использует силу нации в стратегических программах, таких как «Нурлы Жол» и «Казахстан-2050». И вот что важно – казахстанцы объединены не внешним врагом или надвигающейся угрозой, но общими целями развития и понятным образом будущего. Можно сказать, что модель политического лидерства президента Н.Назарбаева далеко выходит за территориальные рамки Республики Казахстан. По сути, Нурсултан Абишевич Назарбаев представляет собой новый тип современного глобального лидера. Как отметил известный политолог Б.Майлыбаев «Исторические лидеры действуют исходя из масштаба своего мышления. Президент Нурсултан Назарбаев мыслит веками и континентами». Н.А. Назарбаев давно имеет высокий международный авторитет и рейтинг. Он объективно входит

в пятерку наиболее выдающихся лидеров мира. Для действующего политика такого высокого ранга, каким является Президент Казахстана это довольно необычно – сочетать ум политического философа и смелость интеллектуального инноватора [2]. При этом Глава государства имеет высокий традиционалистский авторитет Елбасы, который бережно сохраняет свои национальные и культурные традиции. Все это свидетельствует о том, что Нурсултан Назарбаев своей политической практикой последних десятилетий неустанно формирует новый тип современного Лидера. На наш взгляд, на смену ему идет новое глобальное лидерство, основанное на согласии и интеллектуальной гегемонии. Примером Лидера нового типа может служить Президент Нурсултан Назарбаев. Казахстанский Лидер действует как высоковольтный интеллектуальный генератор, который постоянно насыщает планетарное пространство новыми смыслами и концепциями. В современном мире нет дефицита средств. Наоборот, на фоне переизбытка материальных ресурсов мы видим хронический дефицит целей и стратегического мышления. И этот зияющий пробел сегодня заполняет своими прорывными идеями энергичный Нурсултан Назарбаев [4, с.135]. Президент Казахстана, как подлинный Лидер 21-го века, выступает сразу в семи основных измерениях: 1. *Дальновидный стратег.* Нурсултан Назарбаев – один из немногих действующих мировых политиков, сочетающих исключительный дар предвидения и выдающиеся способности стратега. Управленческое кредо Президента Казахстана: не следовать в русле политических процессов, а направлять их и управлять будущим. Недаром Казахстан стал одним из первых государств на постсоветском пространстве, которое перешло к модели стратегического планирования. Долгосрочные приоритеты развития казахстанского государства определила Стратегия «Казахстан-2050» и системный интегратор программ развития – «Нурлы Жол», вызывающие растущий интерес во всем мире. 2. *Умелый управленец.* Президент Казахстана умеет не только предвидеть, но и неуклонно исполнять задуманное. Для политического стиля Нурсултана Назарбаева характерно использование глобального взгляда, системного мышления и экспертного анализа в условиях тотальной неопределенности. Уникальные способности позволяют Президенту Казахстана Нурсултану Назарбаеву умело направлять стихийные политические процессы в русло конструктивных перемен. В современном мире имя Нурсултана Назарбаева давно стало знаком качества принимаемых стратегических решений. 3. *Смелый инноватор.* Нурсултан Назарбаев непрерывно продуцирует новые стратегические идеи, которые носят прорывной характер. Диапазон его инициатив широк: от идеи Евразийского союза до создания новой мировой валюты, от концепции ядерного разоружения до эффективных инструментов межэтнического согласия. Президент Казахстана – локомотив модернизации. Он создает в стране и мире атмосферу поддержки инноваций, выявляет и использует новые глобальные возможности. Многие из его идей опережают свое время, но затем непреложно реализуются на практике. 4. *Гарант доверия.* Президент РК одинаково легко говорит с Востоком и Западом, он инициатор и организатор многих важных международных форматов: от ШОС до ОБСЕ, от СВМДА до ОИК. Именно Нурсултан Назарбаев силой своего международного авторитета обеспечил участие влиятельных политиков ЕС в переговорах «минского формата». К его спокойному голосу всегда внимательно прислушиваются во всех мировых столицах. 5. *Мудрый наставник.* «Образованное поколение – будущее страны», – так считает Н.Назарбаев. Елбасы много сил отдает воспитанию нового поколения руководителей, поддержанию культуры обучения РК на мировом уровне. Сильный лидер – это тот, который заведомо уверен в себе. Казахстанский Президент подбирает в свою команду сильных и энергичных людей, причем разных национальностей. В «команде Назарбаева» – не только одни казахи, там есть талантливые люди многих национальностей. Такой меритократический подход делает политическую философию Н.Назарбаева универсальной, пригодной для использования в любой стране мира. 6. *Харизматическая личность.* Нурсултан Назарбаев имеет редкий дар убеждения. Он способен максимально вовлекать людей, и уверено вести все общество к верной цели. В условиях высокой неопределенности и политического риска казахстанский Лидер создает четкий образ будущего. Для своей страны Нурсултан Назарбаев предложил общенациональную идею «Мәңгілік Ел» – матрицу базовых ценностей. Для мира – выдвинул концепцию G-Global и философию «нового евразийства». Как истинный Лидер, Н.Назарбаев дает людям главное – причастность к большому делу и веру в свои силы. 7. *Гражданин мира.* Политик мирового масштаба, Н. Назарбаев прекрасно понимает необходимость

встраивания в глобальный мир, но делает это на правах равного. По словам Н. Назарбаева, «одномерный мир» и «универсальная цивилизация» – это уже архаические утопии. Для казахстанского Лидера характерно признание одновременно и собственной уникальности и ценности других наций, культур. Модель лидерства Нурсултана Назарбаева дала РК исторический шанс стать успешным государством и полноправным фактором международной политики. Мы видим, что с каждым годом голос Казахстана и его Лидера в мировой политике звучит все весомей [3]. Тем самым Нурсултан Назарбаев стал подлинным эталоном современного глобального лидера, который сочетает в себе интеллектуальные инновации с традициями, авторитетом, житейской мудростью и здоровым прагматизмом. Мир вступил в новый век – это будет век Казахстана и эпоха Назарбаева.

Таким образом, Н.А. Назарбаев – человек-эпоха. Самое главное достоинство и кредо Главы государства заключается в его профессиональной способности и виртуозном умении доводить до логического завершения фундаментальные базовые реформы и преобразования. Елбасы обладает уникальным качеством политика: уметь слушать собеседника и впитывать все новое, что есть в мире, и в то же время доводить свою точку зрения и взгляд до каждого гражданина и человека.

Литература

1. Сулейменова М.Ж., Макалаков Т.Ж. Роль Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в становлении казахстанской государственности // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 5-3. – С. 510-514
2. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда, 2006 – 372 с.
3. Нигматулин Н. Феномен Назарбаева: миссия служения стране и народу // Казахстанская правда. – 2010. – 6 июля.
4. Видова О.И. Нурсултан Назарбаев: Портрет человека и политика. 2–е изд. доп. – М.: Дрофа, 2003. – 432 с.

ҒТАХР: 03.01.09

Г.А. Қызжанова

«Тұрлыханов атындағы орта мектеп-бақшысы» КММ № 65, Уржар ауданы, Ақжар ауылы

МЕКТЕПАЛДЫ БАЛАЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕУ

EDUCATION OF CHILDREN OF PRESCHOOL AGE ON THE BASIS OF NATIONAL VALUES

Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту болып табылады. Заман талабына сай жас ұрпақ тәрбиелеуде мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын қызметкерлер, тәрбиешілерге жауапты міндет жүктеледі. Бұл міндетті кең байтақ республикамыздың барлық мектепке дейінгі мекемелерде қызмет атқаратын мамандар абыроймен атқарып келеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық -педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс -әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді. [1] Танымдық белсенділік баланың психологиялық- денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.

Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек оқыту

үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады.

Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады. Осы мәселелерді қарастыра отырып Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш, еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең.[2]

Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қаланады. «Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті», - деп Жүсіп Баласағұни балалық кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен. Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу – бүгінгі күн талабы. Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекеті – ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстарымен, адамдармен, олардың еңбегімен, қарым – қатынастарымен танысады. Белгілі педагог А. С. Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы; "Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады – деген; " Біз балалардың ойнай жүріп, анасының, әкесінің барлық мамандық иелерінің қызметтерін атқарып жүретінін байқаймыз. Мектепке дейінгі кезең біз түсінгендей өмірдің тек алаңсыз кезеңі ғана емес, ересектерге олар тек киімі бүтін, қарны тоқ болса ойнап - күлуді білетін сияқты көрінеді. Барлап қарасақ балалар өмірінде де ересектер өміріндегідей күрделі, күрмеуі қиын, кейде тіпті шешілмейтін проблемалар көп және олар балаларды ренжуге, қапалануға мәжбүр етеді. Қиыншылықтармен күресуге, жеңе білуге, қуануға үйретеді. - Түрлі - түсті текшелерден үйді қалай салу керек? Ойыншықтарды өзара қалай бөлісеміз?- деген болмашы сұрақтарды өздері олар ересектер ше талқылап жатады. Сонымен мектепке дейінгі кезең – баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы демек адамгершілік ақыл – ой және басқа да қасиеттерінің ең маңызды кезеңі. Баланың мәдениетті сөйлей білуі үй ішінде, балабақшада, отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жан – жақты дамыта отырып тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыру. Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңде меңгертуге тиіспіз. [3]

Ұлы педагог К.Д. Ушинский:"Кімде кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой - өрісін қабілетін дамытуы тиіс “– деген. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс – әрекеттерін өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс – тәсілдері тиімді пайдалануы, оқу іс – әрекетін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды мақал – мәтелдерді, жұмбақтарды қолдануы балалардың қиялын шарықтатады. Білімді меңгерту үстінде баланың ойлау қабілеті ұштасады. Кішкентай балалар тез еліктегіш жан - жағына алаңдағыш келеді. Сөзді мәнерлеп айтуда болсын, балалар тәрбиешіге, үлкендерге еліктейді. Тіл дамыту, Көркем әдебиет оқу іс – әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез – құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді. Мен өз тәжірибемде балалар тілін дамытуда, ой – өрісін кеңейту мақсатында мына жобаларды негізге ала отырып жұмыс жасаудамын. – Тілді дұрыс меңгеру; – Ауыз екі сөйлей білу; – Көркемсөз үлгілерін үйрету және игерген білімдерін қолдана білу; – Сөздік қорын молайту; – Дыбыстарды анық айтуға үйрету Осы жобаларды меңгерген бала мектеп табалдырығын аттауға емін – еркін сөйлей алатын деңгейге жетеді. Мектеп жасына дейінгі бала көзбен көріп, таныған заттарды дұрыс қабыл, елестете алады. Сондықтан баламен сөйлескенде, әдеби шығармаларды оқығанда, оларға суреттер көрсетіп, әңгімелесу әсерлі болмақ. Шығарма мазмұнына немесе балалардың іс – әрекетіне, өмір табиғат құбылысына арналған көркем суреттер баланың сана – сезіміне, жүйелі сөйлеуге әсер етеді. Өмір құбылысын нақты көріп тануға жол ашады. Бала оқыған әңгіме, ертегі мазмұнын сурет арқылы тез қабылдап түсінеді. Сондықтан ертегі, әңгімелердің суреті айқын, шығарма мазмұнына сай болуын ескерген жөн. Баланың тілін, сана – сезімін жетілдіру, эстетикалық талғамын байытуда теледидар арқылы берілетін мультипликациялық фильмдерді көрсетіп әңгімелесу, оқылған шығармаға байланысты диафильмдер, компьютер қолдану пайдалы. Балаға слайд көрсету арқылы немесе теледидардан әр түрлі қызықты көрсетілімдерді көрсету қазіргі заманда өте қажет. Бала теледидар көріп отырғанда жан – жағындағылар

дауыстап сөйлеп, әңгімелесу болмауын ескерген жөн. Көріп не тыңдап отырғанда бала жақсы түсініп, қабылдайтын болуы керек. Сонымен бірге баладан алған әсерін айтып беруге үйретіп отыру қажет.[4]

Әдебиеттер

1. Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту. /А.Е.Алдабергенова. // Бала мен балабақша. – 2002. – № 1. – 9 бет.
2. Ф.Н. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» 100-108 беттер.2012
3. Қаженбаева А. – Бала танымын ойынмен дамыту 2002. – №1. – 9 бет.
4. Ф.Н. Жұмабекова. «Мектепке дейінгі педагогика» 100-108 беттер. 2012

ҒТАХР: 03.01.09

К.Р. Кустаева

Ш. Токжитов жалпы орта мектебі, Абай ауданы, Саржал ауылы

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕЛЕУ

EDUCATION OF PATRIOTISM ON THE BASIS OF NORADIC PEDAGOGICS

Қай заманда болмасын ұрпақ тәрбиесі әр мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек. Елімізде өмір сүріп жатқан жас ұрпақтың бойындағы ерлік пен елдік қасиеттің рухани негізі ол туған өлке, өскен жері мен халқының салт-дәстүрінен, ұлттық мәдени мұраларынан, сонау заманнан елі үшін жері үшін күрескен Едіге, Қарасай, Қабанбай, Наурызбай, Сұраншы батырлардың ерлік істерінен бастау алған.

Отансүйгіштік тәрбиенің басты мақсаты – еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысын қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеу.

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ел дамуының жарқын үлгісі туралы, болашақ тәрбиесі туралы тоқталып: *«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.»...* және *...«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні - бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана»* делінген.

Ұлттық жаңғыру – ұлттық санамен тығыз байланысты. Әл-Фараби бабамыздың тәрбие туралы: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы» деп айтқандай тәрбие балабақшадан басталуы тиіс. Сондықтан, саналы ұрпақ қалыптасуы үшін ұлттық тәрбиеден бастау алып, білім нәрімен сусындаған бала тәрбиесі қажет.

